

С. Қасқабасов, Р. Әлмұханова, Е. Раушанов, Қ. Қайырбай

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің  
қоғамдық-гуманитарлық  
бағытындағы 10-сыныбына  
арналған оқулық

# 10

*Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

Алматы



«Жазушы», 2019

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 84 Қаз-922  
Қ 17

**Шартты белгілер:**

 БІЛУ	 ТАЛДАУ
 ТҮСІНУ	 ЖИНАҚТАУ
 ҚОЛДАНУ	 БАҒАЛАУ
 <i>Артық болмас білгенің</i>	
 <i>Оқу сауаттылығы</i>	
 <i>Оқушы күнделігі</i>	
 <i>Сйталқы</i>	
 <i>Ғаламтор</i>	

**Қ 17 Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Қасқабасов С., Әлмұханова Р., Раушанов Е., Қайырбай Қ. – Алматы: «Жазушы», 2019. – 240 бет.

Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен әдеби шығармаларды ғана қамтиды.

ISBN 978-601-200-636-0

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 84 Қаз-922

© Қасқабасов С., Әлмұханова Р.,  
Раушанов Е., Қайырбай Қ., 2019  
© «Жазушы» баспасы, 2019  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүліктік құқықтары  
«Жазушы» баспасына тиесілі

ISBN 978-601-200-636-0

## АЛҒЫ СӨЗ

### Құрметті оқушылар!

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сынып бойынша ұсынылып отырған бұл оқулық өздерің үшін зор ықыласпен дайындалды. Өйткені сендер осы кезге дейін алған білімдерің бойынша дамып, тұлға ретінде қалыптасып келесіңдер. Ұсынылып отырған бұл оқулықтың «Өлең – сөздің патшасы» деп аталған бірінші бөлімінде дана Абай Құнанбайұлының шығармаларымен толығырақ таныстыруды мақсат еттік. Ал «Прозадағы көркем ой» деп аталған екінші бөлімде Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» және Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романдарымен таныс боласыңдар. «Аңызбен өрілген көркем ой» атты үшінші бөлімде Мұхтар Мағауиннің «Шақан-Шері» романын, Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесін, Ұлықбек Есдәулеттің «Біз түркілерміз» өлеңін оқи аласыңдар. «Заман, дәуір тұлғасы» аталған төртінші бөлімде Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романын, Шахимарден Құсайыновтың «Томирис» драмасын, Шерхан Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесін оқисыңдар. Өздерің байқап отырғандай, бұл оқулықтағы шығармалар әртүрлі жанрды қамтыған. Бұлардың бәрі қазақ әдебиеті үшін құнды. Бұл шығармалар ұлт тарихын бағалай білуге, болашағымызды қадірлеуге үйретеді. Сондықтан сендер айтары мол, тағылымды көркем туындылардың маңызын сезініп, ой-пікірлеріңді ұтымды жеткізу үшін оқу сауаттылығы және оқушы күнделігі енгізілді. Жазу арқылы өз ойыңды ұтымды жеткізе алатын боласыңдар.

Іске сәт, достар!

*Авторлар*

## I бөлім

# ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

---

---

Өлең – қай кезде де қадірлі. Өйткені өлеңде таза сезім, адал ой, биік азаматтық пайым тұнып тұрады. Өзгеге айта алмаған жан сырыңды өлеңмен бөлісесің. Бетіңе тура қарап, сені тыңдай алмаған адам не қоғам өлеңдеріңді оқып, сырыңды ұғуға тырысады. Бір адамға не айтарсың, ал өлеңмен мыңды тыңдата аласың. Сондықтан ұлы Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген.

Уақыт алға озып, қоғам дамыса да, өлеңнің қадірі арта түспесе, ешқашан кемімейді. Оның сыры мәлім, өлеңдегі көркем ой ақынның ерекше қабілет иесі екенін баяғыда-ақ мойындатқан. Ақындықты, тіпті, Құдайдың берген дарыны, сыйы деп те бағалайды. Сондықтан өлең – сөз патшасы, оның патшалығы мәңгілік өміршең.

### АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ (1845–1904)

Абай Құнанбайұлы (10/23.08.1845<sup>1</sup> – 5.07.1904) – ұлы ақын, композитор, философ, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

А.Құнанбайұлы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. Ол әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашқан. Он жасқа толған соң, үш жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқыды. Бұл медреседе дін сабақтары, негізінен, араб, парсы тілдерінде жүргізілген. Кейін осы тіл білгенінің арқасында Абай Құнанбайұлы шығыс ақындары-

---

<sup>1</sup> Абай Құнанбайұлының туған күнін кейбір басылым осылай екі санмен белгілейді. Ақынның туған күнін атап өтуде де әр өңір осы екі күннің бірін таңдаған. Мәселен, ақынның туған күні кейбір өңірлерде 10 тамызда, кей жерде 23 тамызда атап өтіледі. Мұның себебі бар: 1918 жылы 24 қаңтарда Кеңес үкіметі Батыс Еуропа күнтізбесіне ауысу туралы декретке қол қойды. Сол жылы 31 қаңтардан кейін бірден 14 ақпан деп есептелді, яғни арада 13 күн айырмашылық бар. Абай Құнанбайұлының және басқа да тұлғалардың, тарихи күндерді белгілеудегі екі түрлі жазылу осыған байланысты. Ақынның дүниеден өткен күні жаңа стиль бойынша берілді.

ның ертегі, қиссаларын сол тілдерде оқи алатын болды. Шығыстың атақты ақындары Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, т.б. шығармаларын ынтамен оқыды. Кейін Абай Семейдегі «Приходская школада» да қосымша оқып, орысша сауатын ашқан. Бірақ оқуын бұдан ары қарай жалғастыра алмады, өйткені әкесі Құнанбай оны өзінің қасына ертіп, әкімшілік жұмысқа үйреткісі келді. Сондықтан Абай он үш жасынан бастап ел ісіне араласа бастаған. Әкесінің қасында жүріп, елдегі қулық-сұмдықтарды байқайды, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті көреді, керітартпа жағдайларды сезеді. Елдегі халықтың жағдайын білген соң, болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады да, 1876–1878 жылдары Қоңыр Көкше еліне болыс болады. Бұл жылдары ол өз қолындағы билікті пайдаланып, әлсіздерге қорлық көрсеткендерді, ұрлық жасағандарды қатаң жазаға тартып, халық қамқоршысы болады. Оның әділеттілігі кейбіреулерге ұнамай, жала жабылып, Абай Құнанбайұлының үстінен арыздар жазылып, он жылға жаза кесіледі. Алайда Е.П. Михаэлистің көмегімен Семей ояздық судьясы П.В. Маковецкий арыздың жала екенін анықтап, Абайға бұл жаза қолданылған жоқ.



1885 жылы мамыр айында Семей губерниясына қарайтын би-болыстар бас қосқан төтенше съезд өтті. Осы съезде Абай Құнанбайұлы төбе би болып сайланып, оған «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» дайындау жүктелді. Бұл құжат Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архивінде сақтаулы.

Абай өлеңді он жасынан бастап жазғанмен, көбін өз атынан жарияламаған. Мысалы, «Болыс болдым, мінеки» өлеңіне ешкімді автор ретінде көрсетпеген. Ал «Жаздыгүн шілде болғанда» атты өлеңі 1886 жылы жазылған, 1889 жылы «Дала уәлаятының газеті» басылымында 17 ақпандағы санында жарық көрген. Абай Құнанбайұлы Көкбай атынан жариялаған өлеңдерін жинауды шәкірттеріне тек 1896 жылы ғана ескерткен.

Абай Құнанбайұлының тұңғыш библиографы – Кәкітай Ысқақұлы. Ол – Абай мұраларын тұңғыш бастырушы, 1909 жылы жарық көрген жинақтың шығуына тікелей атсалысқан. Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбаларының да Абай шығармаларының толық жетуіне үлкен көмегі болды. Оның қолжазбаларын басқа адамдар көшіріп, ақын өлеңдері ел арасына таралған. Сондықтан Абай Құнанбайұлы шығармаларының

мейлінше жақсы сақталып, бүгінгі күнге жетуіне Мүрсейіт Бікеұлының еңбегі зор.

Ақын айналасын өлеңге, білімге құштар жастар көп жиналған. Оларды «Абай шәкірттері» деп атайды. Ақынның өзіндік мектебі осылайша дамыған.

**Абай Құнанбайұлының шығармашылығы.** Абай – жаңашыл ақын. Оның шығармашылығында поэзияға да, прозаға да қосқан тың әдістері, ойлары маңызды. Абай Құнанбайұлының барлық шығармасы тек қана халыққа айтар асыл ойлар, өмірлік жол көрсету, ел ішіндегі жағдайларды түзетуді жанашырлықпен жеткізуімен әсерлі, көркемдік құндылығымен жоғары.

Абай Құнанбайұлы ақындық өнерді жоғары бағалаған. Сондықтан оның өзіне қойған талап-мақсаты да биік. Оның өлеңдерінде қоғамның, заманның суреті, шындығы бейнеленіп, үлкен ойшылдық танылады. Ақын шығармаларының ең басты сипаттары – жаңашылдық, шыншылдық, сыншылдық және сыршылдық. Шындықты суреттей отырып, сынайды, ойландырады. Ал лирикасыз, яғни көңіл күүді жеткізбейтін ақын болмайды.

«Лирик-ақын қоғам өмірінің шындығын өз көңіл күүін білдіру арқылы, өз сезім толқыныстары, ой-толғамдары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға бейнесі оны тебіренткен ой-сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, өртүрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады», – деген академик Зәки Ахметов<sup>1</sup>.

**«Сегіз аяқ» өлеңі.** Бұл өлең 1889 жылы жазылған. Әрқайсысы сегіз тармақты 25 шумақтан тұрады. «Сегіз аяқ» деген сөз өлең құрылысына байланысты шыққан, атап айтқанда, әр шумағы сегіз жолдан келіп қайырылып отыратын өзгеше жаңа түрмен жазылған.

Бұл өлеңіне Абай Құнанбайұлы өн де шығарған.

Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның,  
Мінездерін көргенде... –

деп, өз ренішін жеткізе отырып, қоғамдағы дертті сынайды. Бұл келеңсіздіктердің себебі:

<sup>1</sup> Ахметов З. Абайдың ақындық тұлғасы, суреткерлік шеберлігі / Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013, 156-бет.

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық,  
Аздырар адам баласын, –

деп, елдің берекесі кетіп, азып-тозып бара жатқанына күйінеді, түзету жолын іздеп, еңбек етуге үндейді, адал мал табуға кеңес береді. Осы өлеңі арқылы «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесен – істің бәрі бос», – деп, елді бірлікке, татулыққа шақырады.

**«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...»** – Абай Құнанбайұлының 1887 жылы жазған өлеңі. Өрқайсысының көлемі 4 тармақты 15 шумақтан тұрады.

Абайға дейін ақын және ақындықтың мақсат-мұраты туралы ешкім жырламаған еді. Алғаш осы өлеңде ақын шығармаларының қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін айтқан.

Абай осы шығармасында өлеңге қойылатын талап, шарттарды анықтаған. Ең бастысы, эстетикалық талап алға шығарылған. Шын жақсы өлеңді тек ердің ері, дана ғана туғызатыны айтылады. Жағымпаздықты сорлық деп бағалаған.

Сондай-ақ халықтың да ақындықты, өлеңді түсіне алатын деңгейде болуы керектігін де жазған. Оны «Сөз түзелді, сен де түзел» деген сөздері арқылы нақты айтқан.

Өлең он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған.

**«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...»** – Абай Құнанбайұлының 1886 жылы жазған өлеңі. Өрқайсысы 4 тармақты 11 шумақтан тұрады. Абай өмір сүрген заманның шындығын жазған, сол кездегі қазақ халқының екі жақты қыспаққа, яғни орыс патшалығының езгісі мен ел ішіндегі ру тартысының белең алған кезіндегі ахуалын арқау етеді. Өлеңді жазғанда, ақын 40 жастан асқан, өмірден түйгені мол адам болғандықтан, өз көзі көргендерін ашына жазады. Өрқилы ортаның, алуан түрлі адамның көңіл күйін бақылап, олардың жан дүниелеріне үңіледі. Абай Құнанбайұлының осы өлеңіне байланысты Мұхтар Әуезов: «Халқының қалың көпшілігі – орташа шаруаның жоқшысы, жаршысы бола бастайды», – деп тұжырым жасаған. Бұл өлеңді жанр жағынан саяси лирикадағы дидактикалық сатира деуге болады. Өйткені ақын сорақы сұмдықтарды қайраткерлікпен айтып, азаматтық үнін қосады. Елдегі сорақылықтарға ем іздеуші болғысы келеді. Осылайша қалың елін – қазағын ойлаған қайраткер Абай Құнанбайұлының азаматтық тұлғасы, қайраткерлік тұлғасы танылады.

**«Сабырсыз, арыс, еріншек...»** – Абай Құнанбайұлының 1887 жылы жазған сатиралық өлеңі. Көлемі – 85 жол. Бұл өлеңінде ақын ел ішіндегі түрлі зорлық-зомбылықтарды, мейірімсіздік пен қатыгездікті, әді-

летсіздікті, т.б. жағымсыз әрекеттерді әшкерелеп жазған. Сондықтан ел ішіндегі кейбіреулердің қолында билігі бар деп, зорлықшыларға арқа сүйеіп, ақыры, қолшоқпар болып жүргенін, бір-біріне айдап салып, ұрлықпен айналысып, адамгершілікті, дұрыстықты ұмытқан адамдарды сынайды.

**«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі туралы.** Бұл өлеңді Абай Құнанбайұлы 1886 жылы жазады. Көлемі – 30 жол. Бұл шығармасында ақын көкейіндегі өз жанын ауыртатын ойларды тұтас халыққа арнап жеткізген. Шығарманың өлеуметтік салмағы зор. Өйткені күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылған қазақтың ішкі жан дүниесін, ел ішіндегі жағымсыз жағдайларды шебер образ жасау арқылы суреттеген.

Өлең он бір буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Бұл өлең де алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі» атты жинақта басылды.

**«Болыс болдым, мінеки»** Абай Құнанбайұлының 1889 жылы жазған өлеңі. Көлемі – 148 жол. Бұл өлең кей жинақтарда «Күлембайға» деп те аталады. Ақын бұл шығармасында бар малын шашып, болыс болған пенденің өлеуметтік-психологиялық образын жасаған. Өлеңде бірнеше тұлға бар: болыс, ояз, ел. Шығарма бойынша бұл үш тұлғаның бастысы – болыс. Өлеңді бірнеше бөлікке бөлуге болады. Бірінші мағыналық бөлігінде жаңадан болыс болған адамның осы мансапқа жету жолы және сол кездегі көңіл күйі суреттелген. Дегеніне жетсе де, елге ояз келсе, мазасы қашатын болыстың жағдайы мәз емес екенін ақын шебер жеткізген. Ал өлеңнің мағыналық екінші бөлігінде болыстың съезд кезіндегі іс-әрекеттері мен ой-толғаныстары суреттелген. Өзін жақсы көрсетуге тырысқанымен, болыс та, ояз да халық билерінің қатал талабы бойынша істі әділ шешуге, иеленіп алған мал-мүліктің бәрін иелеріне қайтарып беруге мәжбүр.

Ал өлеңнің мағыналық үшінші бөлігінде съезд бітіп, ояз кеткеннен кейінгі болыстың халі суреттелген. Осылайша ақын ел басқарушының ісі мен ойларын толық ашқан.

Өлең 7–8 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Алғашқыда авторы көрсетілмей, «Болыс болды кей кісі» деген атаумен «Дала уәлаятының газетінде» 1889 жылы жарық көрген. Бұл өлеңнің авторы Абай Құнанбайұлы екенін алғаш танытып, газетке мақала жазған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

**«Лай суға май бітпес қой өткенге...»** – Абай Құнанбайұлының 1895 жылы жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады, көлемі 28 жол. Бұл өлең ақынның болашағынан үлкен үміт күткен баласы Әбдірахманның қайтыс болуына байланысты шығарылған. Өзімен ақылдасар, сырласар ұлынан айрылған әкенің жан дүниесінің қиналып жатқаны жеткізілген.

Өлең он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Бұл өлең де алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген.

Ақынның лирикалық өлеңдерін бірнеше түрге бөліп қарауға болады. Мысалы:

Жүрегім, нені сезесің,  
Сенен басқа жан жоқ па?  
Дүниені көңілім кезесің,  
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта! –

деп, көңіл күй лирикасының бір тамаша үлгісін көрсетеді, махаббат лирикасы да өз бағасын алған. Ал «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан», «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды», т.б. өлеңдері табиғаттың әсемдігін суреттеу үшін ғана емес, сонымен қатар сол замандағы ауылдың күнделікті тіршілігін боямасыз жеткізеді. Осылайша ақынның көңіл күйі азаматтық үнмен қабысып жатады. Шын мәнінде, шығармаларды жанрішілік түрлерге бөлу, бір жағынан, қиын, өйткені бір өлеңнің өзінде қат-қабат сипаттар табылып жатады. Мәселен, «Болыс болдым, мінеки» өлеңі – болыстың монологі ретінде жазылған. Ал «Мәз болады болысың» өлеңінде болыстың ешқандай іс-әрекеті жоқ, тек ол туралы баяндаушының мысқылымен әсерлі шыққан. «Болыс болдым, мінеки» мен «Мәз болады болысың» – екі өлеңде де адамның мінезі шеберлікпен суреттелген.

Абай Құнанбайұлы өзінің жеке авторлық өлеңдерін жазумен шектелмеген. Ақын шығармашылығы бірнеше саладан тұрады, яғни ол қазақтың фольклоры мен ауыз әдебиетін жақсы білген, Еуропа ақындарының шығармаларымен орыс тілі арқылы таныс болған, сондықтан неміс ақыны И.В. Гетенің, орыс ақындары – А.Пушкиннің «Евгений Онегин» романының үзінділерін, М.Лермонтовтың өз еліндегі әлеуметтік жағдай туралы жазған («Ой», «Асау той, тентек жиын, опыр-топыр») өлеңдерін, И.Крыловтың мысалдарын, т.б. аударған. Ақын шығармашылығының үшінші саласы – шығыстық сюжеттер. Арабтың «Мың бір түн» ертегісін білгендіктен, «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі» атты поэмаларды халқына ұсынды. Сондай-ақ дана ақын өзбек, әзербайжан, парсы ақындарының шығармаларымен де таныс болған.

Абай Құнанбайұлын аудармашы ретінде бағалағанда, ол ұсынған тәржіманың кейбірін бұл ауқымға сыйғызу қиын. Өйткені Абай Құнанбайұлы бір ақынның айтарын қайталаумен шектелмейді, өз идеяларын қосып, оны құлпыртып, жандандырып, жаңа дүние етіп ұсынған. Кейбір аудар-



Абай Құнанбайұлы ұлдары  
Ақылбай (сол жақта) және  
Тұрағұлмен (оң жақта) бірге

малардың түпкі авторы болса да, қазақ ақынының төл туындысы деп бағалауға тұрады. Негізі, фольклортану саласында дастан деп шығыс сюжеттеріне, яғни араб-парсы сюжеттеріне құрылған эпикалық шығармаларды атайды. Фольклор болғандықтан олардың ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарайтыны, сюжетінің ортақ негізден алынатыны белгілі. Бір кездері араб халқының «Мың бір түн» ертегісінің сюжеті негізінде жазылған Абай Құнанбайұлының шығармаларын дастан деушілер болды. Көлемді авторлық шығармаларды кейде дастан деп те атау өлі күнге дейін кездеседі. Бұл жағдайда оның дастан үлгісіне жақын болуы шарт. Ал Абай Құнанбайұлының «Ескендір» мен «Масғұты» дастаннан гөрі поэма жанрына тиесілі. Өйткені поэма авторлы болады, «Ескендір», «Масғұт» Абайдың идеясының арқасында дастан жанрының ауқымынан асып тұр.

Қай жанрда жазса да, қоғамға үн қосу – Абай Құнанбайұлының ең басты мақсаты. Сондықтан ол халықты елдікті сақтауға, өнер-білімге шақырады, осындайда кейде ащы айтатын сияқты әсер қалдырады. Алайда ақын сынап отырып, әуелі адамды, қоғамды түзеу керек екенін сезіндіреді. Демек ақынның айтатын сындары әр адам өзінің кемшілігін жойып, өз мүмкіндіктеріне сене алатын мықты адам болуы керек, солайша дүние кілті өзінде екеніне сендіру керек деген ойға жетелейді. Ал бұл даналық кемел адам қалыптастыруға қызмет етеді. Сондықтан Абай Құнанбайұлының сөздері еш уақытта маңызын жоймайды.

**Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығының зерттелуі.** Ақынды халыққа таныстыруда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, т.б. көп еңбек сіңірді. Абайдың көзі тірісінде ол туралы Әлихан Бөкейханов алғаш рет мақала жазған және оны орыс тілінде жария еткен. Атақты ғалым П.П. Семенов-Тянь-Шаньский мен академик В.И. Ламанский жарыққа шығарған «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты көп томдық кітап-

тың «Киргизский край» деп аталған 18-томы қазақ тарихына арналған. Бұл кітап 1903 жылы Петербургте басылып шықты. Осы кітапта Әлихан Бөкейханов қазақ халқының тарихы, алып жатқан территориясы мен руханияты туралы мақала жазды. Осы мақаласында Абай Құнанбайұлының поэзиясы ерекше екенін, орыс халқының ақындары – Александр Пушкиннің «Евгений Онегин» және Михаил Лермонтовтың шығармаларын жақсы аударғанын, Семей әншілерінің орындауында «Татьянаның хаты» атты әнді естігенін жазған. Кейін Абай Құнанбайұлы қайтыс болған соң, «Семипалатинский листок» атты газетке ақынның өмірбаянын жариялады. Ал 1907 жылы «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического Общества» деп аталатын кітапта Абай Құнанбайұлының өмірбаянын алғаш рет фотосуретімен жариялады. Осылайша Әлихан Бөкейханов – Абай Құнанбайұлы туралы жазған алғашқы қайраткер.

1909 жылы Ресейдің Санкт-Петербург қаласында Бораганский баспасынан Абай Құнанбайұлының шығармаларының жарық көруіне де атсалысқан Әлихан Бөкейханов. Ол Абайдың туысы Кәкітай Ысқақұлымен байланыста болған.

Ал Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде Абай Құнанбайұлы туралы «Қазақтың бас ақыны» деген мақала жазды. Осы «Қазақ» газетінің 1914 жылы 23 маусымдағы санында Міржақып Дулатұлы: «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі – қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. ...Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей», – деп жазды.

Халел Досмұхамедұлы 1922 жылы 1909 жылғы басылымды басшылыққа ала отырып, Абай Құнанбайұлының шығармаларын жарыққа шығарды. Алашорда қайраткері, ғалым Х.Досмұхамедұлы: «Абай – тек өлеңші емес, терең саналы адам. Философ. Жазған сөздерін түсінуге ой керек. ...Біз мәдениетті жұрт болсақ, Абайдың жүз бет өлеңіне мың бет жору (комментарий) жазылған болар еді. ...Надандығымыз кеміп, көзіміз ашылған сайын Абайдың қадірі де көтеріле бермекші»<sup>1</sup> – деп жазған. Абай Құнанбайұлы-

<sup>1</sup> Абай Құнанбайұлы. Таңдамалы өлеңдер. – Ташкент, 1922, 283–284-беттер.

ның 1909 жылғы жинағын басшылыққа алған дегенімізбен, қайта жариялау барысында Халел Досмұхамедұлының қосқан жаңалығы: ақынның өлеңдері бойынша 100 түсінік-анықтама жазған. Бұл – ғылыми жұмыс.

Мұхтар Әуезов өмірінің көбін Абай Құнанбайұлының өмір жолын, шығармашылығын зерттеумен өткізіп, «Абай жолы» атты төрт том роман-эпопея жазды.

Әкесі Құнанбай би, болыс болғаны үшін Абайдың насихатына кедергі болғысы келгендер болды. Бұл кеңестік дәуірдегі әсіресілтеу саясатының кесірінен еді, кейін Абайға деген көзқарас түзелді. Бүгінде Құнанбай Өскенбайұлының елге жасаған жақсылықтары кеңінен белгілі. Ал Абай Құнанбайұлының өмірбаяны мен шығармашылығы жан-жақты зерттелуін тоқтатқан жоқ. Сондықтан бүгінгі ұрпақ абайтанушылар: Зәки Ахметов, Серік Қирабаев, Сейіт Қасқабасов, Ахмет Жұбанов, Ғарифолла Есім, Мекемтас Мырзахметұлы, Қайым Мұхаметханов, т.б. зерттеулерімен еркін таныса алады.

Абай туралы әр дәуірде де зерттеулер жалғасын табады. Өйткені ақын мұралары әр ұрпақ үшін құрметті, маңызды.

Абай Құнанбайұлы – қазақтың мұңын мұңдап, болашағының жарқын болуын ойлаған, тура жолға бастаушы. Сондықтан хакім Абай деп атайды.



## СӨЗДІК

**Хакім** – дана, данышпан.

### **Адам аттары:**

**Маковецкий Петр Емельянович** – Семей қаласының бітістіруші судьясы, этнограф, қазақтардың дәстүрлі құқығын зерттеуші. Семейге жер аударылған Е.П. Михаэлис, т.б. достық қарым-қатынаста болған.

**Михаэлис Евгений Петрович** (1841–1913) – орыстың революционер-демократы. Ресейдегі саяси толқуларға қатысқаны үшін 1861 жылы Петропавл түрмесіне қамалып, кейін 1869 жылы Семейге ауысады. Мұнда Семей облыстық статистика басқармасының қызметіне іс жүргізушінің жәрдемшісі болып орналасқан. 1882 жылы қызмет бабымен Өскеменге ауысқан. Өмірінің соңына дейін ғылыми, ағартушылық қызметі Қазақстанмен байланысты. Абай Құнанбайұлы онымен 1870 жылдардың бас кезінде кітапханада танысқан. Е.П. Михаэлис Абайдың керемет қабілетін байқап, сыйластықпен жақын араласқан.

**Көркемдік әдіс** реализм және романтизм болып екі түрге бөлінеді. Абай Құнанбайұлының поэзиясында кең өріс алған әдіс – реализм. Бұл әдіс өмір шындығын шынайы әрі жан-жақты тануға көмектеседі. Қоғамда болып жатқан жағдайларды түсінуге, қарапайым адамдардың бейнесін жасауға бет бұру – реализм әдісі, яғни реалды тұрғыда жеткізуімен бағалы. Абай шығармаларында шыншылдық пен сыншылдық араласып келеді де, сыншыл реализм деген ұғым пайда болады. Абай Құнанбайұлының шығармаларында реализм де, сыншыл реализм де молынан кездеседі.

Махамбет Өтемісұлы өзінің күрескерлік ісінің ақтығына сенгендіктен, халық үшін билеуші топқа қарсы болғандықтан, оның толғауларында романтизм басым.

**Қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасуы** – әдеби тіл – әбден қалыптасқан, көпке ортақ нормасы бар тіл. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Кітаптар, газет-журналдар жарық көре бастады. Осы кезде қоғамның өсіп келе жатқан мәдени, рухани және эстетикалық мұқтажын өтеуде жалпыға ортақ сөйлеу тілін таңдау керек екенін Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, газет-журнал шығарған қайраткерлер, көрнекті тұлғалар түсінді. Орта Азия халықтарына ортақ, шартты түрде шағатай тілі (кейде кітаби тіл деп те атайды) деп аталған тілде діни сөздер, араб-парсы, татар тілдерінен енген сөздер көп болды және бұл тілдің қазақ ұлтын біріктіруші күші болмады. Сондықтан ұлттық прогрессивті ойшылдар қазақтың байырғы ауызша әдеби тілін (шешендік сөздер, жыраулар поэзиясы) таңдады және XIX ғасырдың екінші жартысында ұлттық жазба әдеби тілдің негізі қаланды. Байырғы ауызша әдеби тілден қазақ әдеби тілінің ерекшелігі – оның жазба сипатында, көпке ортақ түсінікті болуында. Абай Құнанбайұлы қазақтың байырғы көркем тілін қолдана отырып, ұлттық поэтикалық тілінің бұрынғы дәстүр-нормаларын жетілдіру, түрлендіру, кеңейту, жүйеге айналдыру сияқты суреткерлік міндеттерді өз мойнына артты, көріктеудің жаңа амалдары мен тың құралдарын ұсынды, өлең архитектурасы (құрылысы) мен фоникасына (мақамына, үніне) тың жаңалықтар қосты.

Абай шығармаларында араб, парсы сөздері кездеседі, бірақ олар өлең өлшемі, ойды дәл жеткізу үшін қолданылған. Мысалы, пәруардигер – парсы сөзі, өлең жолдарында Құдай, Алла, Тәңір деген синонимдер үйлеспей қалады. Ақын осыны ескерген (*Рәбиға Сыздықова*).

**Өлең** – қазақ тілінде өлең деген сөз термин ретінде бірнеше мағынада қолданылады. Біріншісі – ән өлең, ән салып, ән шырқап айтатын өлең, яғни музыкалық өнер мен сөз өнеріне ортақ туынды. Екіншісі – жеңіл ықшамды ғана әуенмен, мақаммен термелеп айтылатын сөздер, жырлар, яғни ауызша поэзияның туындысы. Қазақ поэзиясында соңғы кездерге дейін өлең, жырларды домбырамен әуендетіп, белгілі бір сарынға келтіріп айту орын алған. Үшіншісі – оқылатын, сөйлеп айтылатын, яғни жазба поэзияның туындысы, әр алуан лирикалық шығармалар. Сонымен қатар өлең деген сөзді кең мағынада алып, көлемі қысқалау келетін поэзиялық шығармалардың бәріне ортақ жалпылама атау ретінде қолдану да жиі кездеседі. Абай өлең деген сөзді көбінесе осы мағынада, яғни өлең сөз, поэзиялық шығарма деген мағынада қолданған (*Зәки Ахметов*).

Өлең – әдебиеттегі жеке жанр, ол – шағын көлемді поэзиялық шығарма.

**Тип** (грек. typos – үлгі) – шығармадағы кейіпкер жеке адамға тән әрекеттерді жеткізуші ғана емес, сонымен бірге образ арқылы шығармада баяндалатын дәуірдің, қоғамның сипатында танылады.

Абай Құнанбайұлының өлеңдерінде неше түрлі болыс, байлар бар, олардың образын толық көз алдымызға келтіре аламыз. Солардың бірі – «Өз малын өзінікі дей алмай, күндіз күлкі, түнде ұйқысы» бұзылған бай. Бұл – бір жағы, кәдімгі билеуші шенеуніктер, екінші жағынан, оны да бағынышты ететін басқарушылар бар, осы екі ортада өз малына өзі ие бола алмай, жапа шегіп жүрген бай бар.



### *Артық болмас білгенің*

Құнанбай Өскенбайұлы (1804–1886) – Абайдың әкесі, аға сұлтан, қоғам қайраткері. Оның әкесі Өскенбай Ырғызбайұлы Тобықты руын билеген беделді адам болған. Өскенбайдан басталған билікті оның ұрпағы 150 жыл бойы, кеңес өкіметі орнағанға дейін сақтаған. Оның сұлтан деп танылуы төре тұқымына қатысы жоқ.

Құнанбай Өскенбайұлы оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөлген. Өз ауылында қазақ балаларын оқыту үшін училище аспақ ниеті болып, шегара бастығына хат жазып, екі тілді, яғни қазақ және орыс тілдерін білетін мұғалім сұраған. Шегара бастығы екі тіл білетін мұғалім жоқ екенін айтып, уақытша тілмашты жібереді. Кейін «Ескі там» деген жерде мектеп ашып, онда орысша сауатты Ғабитхан Ғабдыназарұлы деген ноғайды мұғалім етіп жіберген. Осы мектепте оның өз балалары да алғашқы сауаттарын ашқан. Құнанбай балаларының кейін де жақсы білім алуларына жағдай жасаған.

1849 жылы Қарқаралыда мешіт салдырған, 1874–1875 жылдары Меккеге қажылыққа барған. Онда мұсылман елінен баратын адамдар үшін Тәкие үйін салғызған деп айтылады.

«ҚАЗАҚ» газеті – қазақ зиялыларының ұлттық газеті. Орынбор қаласында аптасына бір рет 1913–1918 жылдар аралығында шығып тұрған. Газеттің редакторы ұлтжанды азамат Ахмет Байтұрсынұлы болды. «Қазақ» газетінің жұмысына Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы, т.б. ұлт жанашырлары белсенді араласқан. Бұл газеттің 265 саны жарық көрген. Соның бәрінде де ұлт тағдырына жанашырлық танытқан өзекті мәселелер жарияланды.



«Дала уәлаятының газеті» – Ақмола, Семей, Жетісу облыстарын билеген дала өлкесінің генерал-губернаторлығының ресми басылымы. Ол Омбы қаласында 1888 жылдан 1902 жылға дейін қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді.



1. Абай туралы жазылған қандай көркем әдеби шығармаларды, өнер туындыларын білесіңдер?
2. Абайдың ақындығына алғаш ықпал еткен шығыс ақындары кімдер? Олар туралы не білесіңдер?
3. «Абай» киносын ғаламтордан көріп, өмір жолына шолу жасаңдар.



1. «Абай Құнанбайұлы – қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы» деген сөйлемдегі «реалистік жаңа жазба әдебиеттің негізін қалаушы» деген сөздердің мәнін түсіндіріңдер.

2. Абай ақындығының қайнар көздері дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Абай реализмі дегенді қалай түсінесіңдер? Оның сипаттары қандай?
4. Абайды не үшін «Қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы» дейміз?



1. Абайдың өмірі туралы не білесіңдер? Абай туралы білетін мәліметтеріңді пайдаланып, тірексызба құрастырыңдар.
2. Абайдың ғылым-білімге шақырған өлеңдерінің маңыздылығы туралы айтыңдар. Ақын өз өлеңдерінде бала тәрбиесіне қалай көңіл бөлген?



1. Қазақтың классикалық жазба поэзиясын әлемдік көркемдік деңгейге көтерудегі Абайдың тарихи еңбегі неден көрінеді?
2. Абайдың ақындық өнегесінің қазақ әдебиетінің кейінгі өкілдеріне қандай әсер-ықпалы болды?
3. Абайдың қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және қазақ өлеңіне енгізген жаңалықтарына талдау жасаңдар.



1. «Абайдың ақындық мектебі» дегенді қалай түсінесіңдер? Абайдың шәкірт тәрбиелеудегі, ұрпақ тәрбиелеудегі ұстаздық әрекеті туралы ой бөлісіңдер.
2. Абай Құнанбайұлы туралы білімдеріңді жинақтаңдар.

Не білемін?	Нені білдім?	Не білгім келеді?




1. Ахмет Байтұрсынұлының Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалауының себебі неде?
2. Абайдың классик ақын екенін дәлелдеп айтыңдар.

3. Абай өмірі мен шығармашылығын әңгімелеуде ақын туралы естеліктерді оқып, Абайдың қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және қазақ өлеңіне енгізген жаңалықтарының маңыздылығы жайлы пікір таластырыңдар.



### Ойталқы

Бұл сөзжұмбақты шешкенде, Абайдың көзі тірісінде орыс тілінде мақала жазған адамның аты анықталады. 6-сыныпта Шығыстың атақты ақындары туралы оқығандарыңды еске түсіріңдер.



- 1 – Абай Құнанбайұлының тұңғыш библиографы.
- 2 – «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің екінші атауы.
- 3 – Парсы халқының атақты ақыны.
- 4 – Абай Құнанбайұлы оқыған Семейдегі медресе.
- 5 – «Дала уәлаятының газетінде» Абай Құнанбайұлының өлеңі басқа адамның атынан жарық көрген.
- 6 – Әзербайжан халқының атақты ақыны.



### Ғаламтор

Ғаламтордан Абайдың өмірі туралы деректі фильм мен қарасөздері туралы хабарлармен танысыңдар. (<https://www.zharar.com/kz/film/2458-abay.html>)

## ӨЛЕҢДЕР

### СЕГІЗ АЯҚ<sup>1</sup>

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
    Шымырлап бойға жайылған;  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
    Тағыны жетіп-қайырған,  
        Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
        Сөйлеймін десең, өзің біл.

Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі  
    Өрнегін сендей сала алмас.  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
    Надандар бөһра ала алмас.  
        Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
        Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ  
    Күлкішіл кердең наданның;  
Көп айтса көнді,  
Жұрт айтса болды –  
    Әдеті надан адамның;  
        Бойда қайрат, ойда көз  
        Болмаған соң, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның,  
    Мінездерін көргенде;  
«Жігерлен, сілкін,  
Қайраттан, беркін!» –  
Деп насихат бергенде,

<sup>1</sup> Ақын шығармалары мына басылым бойынша берілді: Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. Т. 1. Өлеңдер мен поэмалар. – 304-б.

Ұятсыз, арыс салтынан  
Қалғып кетер артынан.

Аулаққа шықпай,  
Сыбырлап бұқпай,  
Мейірленбес еш сөзге;  
Пайдасыз тақыл –  
Байлаусыз ақыл,  
Атадан бала ойы өзге;  
Санасыз, ойсыз жарым ес,  
Өз ойында ар емес.

Тасыса өсек,  
Ысқыртса кесек,  
Құмардан әбден шыққаны;  
Күшілдек мақтан,  
Табытын қаққан  
Аңдығаны, баққаны;  
Ынсап, ұят, терең ой  
Ойлаған жан жоқ, жауып қой.

Болмасын кекшіл,  
Болсайшы көпшіл,  
Жан аямай кәсіп қыл;  
Орынсыз ыржаң,  
Болымсыз қылжаң  
Бола ма дәулет, нәсіп, бұл?  
Еңбек қылсаң ерінбей –  
Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде;  
Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мал тап,  
Қуансаң – қуан сол кезде.  
Біріңді, қазақ, бірің дос  
Көрмесең – істің бәрі бос.

Малыңды жауға,  
Басыңды дауға  
    Қор қылма, қорға, татулас;  
Өтірік, ұрлық,  
Үкімет, зорлық  
    Құрысын, көзің ашылмас;  
        Ұятың, арың оянсын,  
        Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық  
    Аздырар адам баласын.  
Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
    Қор болып, құрып барасың;  
        Өтірік шағым толды ғой,  
        Өкінер уақтың болды ғой.

Жұмыссыз сандал,  
Еріксіз малды ал  
    Деген кім бар сендерге?  
Құлықты көргіш,  
Сұмдықты білгіш  
    Табылар кісі жөндерге.  
        Үш-төрт жылғы әдетің  
        Өзіңе болар жендетің.

Ауырмай тәнім,  
Ауырды жаным,  
    Қаңғыртты, қысты басымды,  
Тарылды көкірек,  
Қысылды жүрек,  
    Ағызды сығып жасымды;  
        Сүйеніп күлкі, тоқтыққа,  
        Тартыпты өнер жоқтыққа.

Қайратым мәлім, –  
Келмейді өлім,

Мақсат – алыс, өмір – шақ,  
Өткен соң, базар,  
Қайтқан соң ажар,  
Не болады құр қожақ?!  
Кеш деп қайтар жол емес,  
Жол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,  
Жүз кісі сұмға  
Әлі жетер заман жоқ.  
Қадірлі басым,  
Қайратты жасым  
Айғаймен өтті, амал жоқ;  
Болмасқа болып қара тер,  
Қорлықпен өткен қу өмір.

Сөзуар, білгіш,  
Законшік, көргіш –  
Атанбақ – мақсат, мақтанбақ.  
Жасқанып, қорқып,  
Жорғалап, жортып  
Именсе елің, баптанбақ.  
Қарғағанын жер қылмақ.  
Алқағанын зор қылмақ.

Хош, қорықты елің,  
Қорқытқан сенің –  
Өнерің қайсы, айтып бер.  
Ел аңдып сені,  
Сен аңдып оны,  
Қылт еткізбей, бағып көр...  
Аңдыған ерде қала ма ар?

Көмексіз көзің,  
Бір жалғыз өзің  
Баға алмай, басың сандалар;  
Баурыңа тартқан,  
Сырыңды айтқан –

Сырласың сырт айналар;  
Ол қаны бұзық, ұры-қар  
Қапысын тауып сені алар.

Басы-көзі қан боп,  
Арқа-басы шаң боп,  
Және тұрып жылпылдап;  
Жығылып тұрып,  
Буыны құрып,  
Тағы қуып салпылдап.  
Абұйыр қайда, ар қайда?  
Өз басыңа не пайда?

Ит үрсе, бала  
Таяғын ала  
Қуады итпен кектесіп.  
Ұрысқансып: «ой» деп,  
«Ұят» деп, «қой» деп,  
Үлкендер тыяр: «тек» десіп.  
Оны білсең, мұның не?  
Мен де ұят іс қылдым де.

Білгенге жол бос,  
Болсайшы қол бос  
Талаптың дәмін татуға;  
Білмеген соқыр  
Қайғысыз отыр,  
Тамағы тойса жатуға.  
Не ол емес, бұл емес,  
Менің де күнім – күн емес.

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім.  
Құлағын салмас,  
Тіліңді алмас  
Көп наданнан түңілдім;

Екі кеме құйрығын  
Ұста, жетсін бұйрығың.

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым,  
    Онан да шықты жаңғырық,  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
    Көп іздедім қаңғырып...  
        Баяғы жартас – бір жартас,  
        Қаңқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,  
Аттысы шапты,  
    Қайрылып сөзді кім ұқсын;  
Іште дерт қалың,  
Ауыздан жалын –  
    Бұрқ етіп, көзден жас шықсын;  
        Күйдірген соң шыдатпай,  
        Қоя ма екен жылатпай?

Мамықтан төсек,  
Тастай боп кесек,  
    Жамбасқа батар, ұйқы жоқ;  
Сыбыр боп сөзі,  
Мәз болып өзі,  
    Ойланар елдің, сиқы жоқ.  
        Баяғы қулық, бір алдау,  
        Қысылған жерде – жанжал-дау.

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
    Жалғыздық көрер жерім жоқ;  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
    Сөзімді ұғар елім жоқ.  
        Моласындай бақсының  
        Жалғыз қалдым – тап шыным!



**Абұйыр** – абырой, абиыр, бедел.

**Бәһра** (парсы) – елірме, меңіреу, ақылсыз, есуас.

**Библиограф** – библиография – өмірбаяндық деректерді, шығармалар атауларын кәсіби тұрғыда түзуші, жүйелеуші.

**Законшік** (закон) – заңқой.

**Қиуадан** – алыс жер, қиян, шалғай.

**Тақыл** (көне) – амал, айла, әдіс.

**Ынсап** – нысап – тойымдық, қанағат.

### *Әдебиет теориясы*

«Сегіз аяқ» – қазақ өлеңіне Абай Құнанбайұлы қосқан шумақ өрнегі. Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлеңінің әр шумағы сегіз жолдан тұрады. Өлеңнің ырғақтық құрылысы өзгеше өрнектелген:

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған.  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған.  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл...

Шумақ бес буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесіп, араласуы негізінде түзілген. Төрт түрлі дыбыс үндестігіне негізделген үйлесім бар а-а-б-в-в-б-г-г. Мұнда 3 және 6-тармақтар алыстан байланысады да, қалған көршілес тармақтар өзара үйлеседі. Келте тармақтарда ұйқас екі буынды, ал ұзақ тармақтарда үш буынды болып келеді. «Сегіз аяқта» алдыңғы алты тармақ тезис келеді де, соңғы екі тармақта ақындық ой қорытылады.

«Сегіз аяқтың» өлшемін, шумақтық өрнегін Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, тағы басқа ақындар өз өлеңдерінде қолданды.

*(Академик Зәки Ахметов)*



1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Өлеңнің идеясы арқылы мазмұнын терең түсініңдер.
2. «Сегіз аяқ» атанған өлеңнің ерекшелігі неде?
3. Өлеңді ғаламтордан тыңдап, өздеріңе ұнаған шумақтарды жаттап, әнін үйреніп алыңдар.



1. Ақын сынына іліккен кімдер? Өлең жолдарынан дәлелдендер.
2. Ақын кімдердің ісіне күйініп дерттенеді?
3. Өлеңнің мазмұны, көркемдік ерекшеліктері мен құрылымы, жаңалықтары жайында айтып беріңдер.
4. «Сегіз аяқ» өлеңінің өлшемін, шумақтық өрнегін қай ақындар өз өлеңдерінде пайдаланған?
5. *«Екі кеме құйрығын  
Ұста, жетсін бұйрығың»*, – деген жолдарды қалай түсінесіңдер? Бұл жолдар қай мақалға сәйкес келеді?



1. Ақынның гуманизм үшін күрескен өз бейнесі мен насихат, кеңесі өлеңде қалай көрінеді?
2. Ақынның күйінішпен айтқан сөздері қандай?
3. Өлеңді оқығанда жадымызда жатталып қалатындай тармақтар бар ма? «Сегіз аяқ» өлеңінде нақыл сөзге айналған жолдарды теріп жазыңдар. Өлең тармақтарында халық мақал-мәтелдерімен сәйкес келетін жерлер бар ма?
4. *Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде*, – деген жолдардағы айтылған ойға көзқарасың қандай?



1. Өлеңнің өздеріңе ұнаған, күшті әсер еткен тұстарын айтыңдар. Неліктен ұнады, әсер етті?
2. Өлеңнің композициялық құрылымын анықтап, кестені толтырыңдар:

№	Өлең жолдарынан мысалдар
1.	Қызыл тілдің күш-қүдіреті
2.	Қауым надандығын сынай отырып күйінуі
3.	Халыққа айтқан насихат кеңесі
4.	Арпалыс, азаппен өткізген өміріне өкініші
5.	Тағы да көп наданды, законшіктерді, ұры-қарыны сынау
6.	Көңіл күйдегі дерт

3. Заман құбылыстарын, қоғам өмірінің шындықтарын түгел қамтып сипаттаудағы ақын көзқарасы қандай?



1. «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісі бойынша жағымды және жағымсыз қылықтар туралы заманауи өлең құрастырып көріңдер.
2. «Сегіз аяқ» пен хрестоматияда берілген «Бойы бұлғаң» өлеңдерін өзара салыстырып, шумақ, бунақ, буын өлшеміндегі ұқсастық пен өзгешеліктерін дәлелдеңдер.
3. «Сегіз аяқ» өлеңімен идеялық мазмұны жағынан жақын келетін басқа қандай өлеңдерін білесіңдер? Салыстыру жасаңдар.
4. *Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ,* – деп айтқанымен, Абайдың өзін бақсының айдаладағы жалғыз моласындай сезінуінің себебі не?
5. Ақын осынша психологиялық күйініш пен қасіретке, дертке кім үшін түсті, сонда Абай кім болғаны?
6. Абай мен Лермонтов өлеңдеріндегі айтылған ойлардың үндестігін салыстырыңдар.

## 7. Абайдың жастарға айтқан ақыл-кеңестерінен қандай ой түйдіңдер?



1. Ақын феодалдық қоғам адамдарына тән келеңсіз мінездерді өлеңде қандай сөздермен берген? Ақын пікірі бойынша, осындай ұнамсыз нәрселерді не тудырады?
2. Абай адам мінезінің қандай болғанын тілейді?
3. Бүгінгі заман адамдарына тән адамгершілік пен моральдық қасиеттердің Абай арман еткен адам мінезімен байланыстығы бар ма? Осы сұрақ бойынша ток-шоу ұйымдастырыңдар.
4. *«Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мал тап,  
Қуансаң – қуан сол кезде»* деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.
5. Өлеңнің идеясы арқылы өмірдің шындығы көрінетін жағдайларды жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби сын жазыңдар. Төменде көрсетілген үлгіні пайдалана отырып, дамытып, толық сын жасаңдар немесе өз нұсқаларыңды ұсыныңдар. Ақын көтерген мәселелер бүгінгі заманда өзектілігін жойды деуге бола ма? Өз еліміздегі және адамзатқа ортақ құндылықтар туралы ойланыңдар. Талдау қорытындысын қазіргі заманмен байланыстырып, шешім ұсыныңдар.  
*Үлгі:* Абай Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңі 1889 жылы жазылғаны белгілі. Осы кезге дейін бір ғасырдан артық уақыт өтіпті. Біздің әдеби сын өлеңнің идеясы ескірген жоқ па деген мәселеге арналады. «Сегіз аяқ» өлеңінде ақынның көтерген мәселелері: ...



### Оқу сауаттылығы

- 1) Абай Құнанбайұлы «Сегіз аяқ» өлеңінде:

*Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым,  
Онан да шықты жаңғырық,  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып...  
Баяғы жартас – бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас, – деген.*

*Сұрақ:* «Баяғы жартас – бір жартас» дегенді қандай жағдайда айтады?

- a) Жартас – тіп-тік биік тастар, географиялық нысан ретінде айтқаны.
- b) Жартастар өзгермейді, олар бірқалыпта тұрады, соны айтқаны.
- c) Ақын биік жерді іздегенін айтқаны.
- d) Надандарға сөзі өтпей, оларды өзгерте алмағанда айтылады.

2) *Басы-көзі қан боп,  
Арқа-басы шаң боп  
Және тұрып жылпылдап.  
Жығылып тұрып,  
Буыны құрып,  
Тағы қуып, салпылдап.  
Абұйыр қайда, ар қайда?  
Өз басыңа не пайда?*

*Сұрақ:* Өз сөзінің синонимі қандай?

- a) Өз басыңа дегені өз басыңа дегені болу керек.
- b) Өз араб тілінен енген сөз, ол қадірлі, сыйлы деген мағынаны білдіреді.
- c) Өрқайсыңа деген мағынада айтылуы мүмкін.
- d) Ұят қайда дегені болуы мүмкін.

3) *Қайратым мәлім, –  
Келмейді әлім,  
Мақсат алыс, өмір – шақ.  
Өткен соң базар,  
Қайтқан соң ажар,  
Не болады құр қожақ?*

*Сұрақ:* Осы үзіндіде айтылған шақ және қожақ сөздері нені білдіреді?

Олар бір-бірімен байланысты ма?

- a) Шақ деп мезгілді білдіреді, қожақ кір деген сөз.
- b) Өмір шақ – өлшеулі ғұмыр, ал қожақ сөзі кірқожаалақ деген мағына үшін айтылған.
- c) Өмір шақ, өйткені өлшеулі ғұмыр, ал қожақ тек ұйқас үшін алынған.
- d) Өмір шақтап беріледі, яғни өлшеулі ғұмыр, ал қожақ қожақтап, қоқаңдап, шошаңдап дегендей мағына үшін алынған.

## ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі хаят, хадис – сөздің басы,  
Қосарлы бөйіт мысал келді арасы.  
Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің Құтпа оқыған ғұламасы,  
Мүнәжәт уәлилердің зар наласы.  
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,  
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,  
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.

Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,  
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап.  
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,  
Былжырақ көрінеді солар даңдақ.

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,  
Өншейін күн өткізбек әңгімеге  
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,  
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.  
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,  
Жіберсем, өкпелеме, көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,  
Өркім жүр алар жердің ебін қамдап.  
Мақтан қуған, малқұмар нені ұға алсын,  
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап,  
Қусың десе, қуанып жүр алшаңдап.  
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,  
Елдің байын еліртіп «жау мұңдалап».

Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап –  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.  
Терең ой, терең ғылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.



**Дандақ** – бос, мәнсіз сөз.

**Құтпа** – мешітте жұма намазының алдында арабша оқылатын қысқаша уағыз.

Ол уағыз түрлі тақырыпқа арналуы мүмкін.

**Хадис** (араб) – Мұхаммед пайғамбардың істеген істері немесе ұйғарған мәлімдемелерін көзі көрген кісілердің сөзімен жеткен әңгімелер.

**Хаят** (араб) – аят – Құран сүрелерінің бір шумағы тәрізді бөлігі.

**Уәли** (араб) – дос; әулие.



1. Абай неге «Өлең – сөздің патшасы» деп аса жоғары баға беріп, үлкен өнер деп таниды?
2. Өлеңді оқығанда не түсіндіңдер? Абай бұл өлеңді не үшін жазды деп ойлайсыңдар? Өлеңде көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашыңдар.



1. Абайдың түсінігінде нағыз ақын және нағыз өлең қандай болуы керек?
2. Ақындыққа, өлеңге қандай талаптар қояды? Сенің түсінігінде өлең қандай болуы керек? Осы сұрақтарды негізге ала отырып, поэзиядағы ұлттық құндылықтарымызды әлем әдебиетімен салыстыра талдаңдар.



1. Ақындықтың қадірін кетірушілер кімдер? Абай оларға қандай сын тағады? Абай сынаған бұрынғы ақындардың кемшіліктері қандай?
2. Абай «Қазаққа өлең деген бір қадірсіз» деп неге айтқан?
3. Ынсап, ар, ұят, намыс, сабыр, талап деген қасиеттерге түсінік беріңдер.
4. Абай өз өлеңінде араб, парсы сөздерін не үшін қолданғанын анықтай отырып, өлең жолдары негізінде қазіргі таңдағы тіліміздегі өзекті мәселелермен байланыстыра «Мен Абайша жырлаймын» тақырыбында өлең жазып көріңдер.



1. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп айтуының мәні неде?
2. «Егер сөз түзелсе, онда ...» Қазіргі тыңдаушы туралы өз ойларыңды жалғастырыңдар.

3. Ақын ойларының бүгінгі күні өзектілігіне өзіндік пікір қосып, әңгіме жазыңдар.
4. Өлеңдегі көркемдегіш құралдарды тауып, мысал келтіріңдер. «Өлең – сөздің патшасы», «іші – алтын, сырты – күміс» сөздеріндегі көркемдікті, бейнелі ойды, жаңашылдықты қалай дәлелдеуге болады?
5. Әдебиет теориясы бойынша өлеңнің құрылысындағы ерекшеліктерге кешенді талдау жасаңдар (өлең түрі, ұйқасы, буын, бунақ, тармақ, шумақ түрлері бойынша).



1. Абайдың қазақ өлеңінің құрылысына енгізген жаңалықтары қандай? Мысал келтіріңдер.
2. Өлең шумақтары бойынша төмендегі кестені толтырыңдар.

Абай өлеңге қандай жаңа шарттар қояды?	<ul style="list-style-type: none"> <li>• _____</li> <li>• _____</li> <li>• _____</li> </ul>
Абай ескі биді, ақындарды не үшін сынайды?	<ul style="list-style-type: none"> <li>• _____</li> <li>• _____</li> <li>• _____</li> </ul>
Абай өзінің алдына қандай мақсаттар қояды?	<ul style="list-style-type: none"> <li>• _____</li> <li>• _____</li> <li>• _____</li> </ul>

3. *Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы,* – деген үзіндіде ақын қандай өзекті мәселені көтереді, ұлттық тіліміздің әлемдік тілмен қандай үндестігі бар?



1. Қазақтың классикалық жазба әдебиетін әлемдік көркемдік деңгейге көтерудегі Абайдың тарихи еңбегі неден көрінеді? Абайды не себепті әдебиетіміздің дамуына жаңа бағыт берді деп ойлайсыңдар?
2. Ахмет Байтұрсынұлының Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалауына қандай негіз болды?
3. Өлең туралы ойлары, оған қойылатын талаптар туралы ойлары басқа қандай өлеңдерінде жалғасады?

4. Абайдың «Сөз тазалығына» деген көзқарасы қандай? Сендер қазіргі кезде қазақ тілінің тазалығына қандай мән бересіңдер? «Тіл – ұлттың жаны» тақырыбында жалпыадамзаттық тұрғыдан талдай отырып, әдеби эссе жазыңдар.
5. Өлеңдегі көтерілген мәселелердің жаңашылдығына, өзектілігіне сыни тұрғыдан баға беріңдер.



## Оқу сауаттылығы

- 1) Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

*Сұрақ:* «Қиыннан қиыстыру» деген нені білдіреді?

- Қиындықты жеңу дегенді білдіреді.
- Әдемі сөйлеу дегенді білдіреді.
- Сөзді үйлестіріп айта білу
- Қию деген сөзбен байланысты болуы мүмкін.

- 2) Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

*Сұрақ:* «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы» деген не?

- Көп сөзге салынбау туралы айтқаны.
- Артық сөзге салынбау туралы айтқаны.
- Тілді шұбарламай, бір тілде таза сөйлеу керек дегені.
- Тыныс белгілеріне қатысты айтуы мүмкін.

- 3) Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

*Сұрақ:* «Іші алтын, сырты күміс сөз» дегенде нені айтқан?

- Қиын сөздерді тауып айтатын адамдар туралы.
- Тура сөйлейтін адамдарды айтқаны.
- Шешен сөйлейтін, жылы сөздермен адам жүрегіне жол табатын адамдарды айтқаны.
- Әшекейді ұнататын адамдарды айтқаны.

## КӨҢІЛІМ ҚАЙТТЫ ДОСТАН ДА, ДҮШПАННАН ДА

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жанда?  
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,  
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,  
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.  
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,  
Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,  
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.  
Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ  
Мейір қанып, мөз болып қуанарлық.

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,  
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.  
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,  
Ызаменен ыржиып күле алмай жүр.

Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,  
Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.  
Ел аулақта күш айтқан, топта танған,  
Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,  
«Ел азды» деп надандар мұңаймай жүр.  
Ала жылан, аш бақа күпілдектер,  
Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр.

Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр,  
О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр.  
Қарсылық күнде қылған телі-тентек,  
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.

Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,  
Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр.  
Құда-тамыр, дос-жаран, қатын-балаң –  
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр.

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,  
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.  
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бөрі,  
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

Жетілтіп жаз жайлауға қона алмай жүр,  
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.  
Қыс қыстауың – қып-қызыл ол бір пәле,  
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,  
Сұрамсақтар нөпісін тыя алмай жүр.  
Сәлем – борыш, сөз – құлық болғаннан соң,  
Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?



1. Ақын көңілі кімдерден қалды? Олар қандай жандар?
2. Ақынның көңіліндегі мақсаты не еді?



1. Ақын оларға қандай қасиеттерді ұсынады?
2. Ақын елді азғырушыларды қандай бейнелі сөзбен сынайды? Елді азғырушылардың бейнесі неге бізді жиренте түседі?
3. Ақынның көңілі қайтқан адамдарын өлең жолдарынан тауып, тізіп жазыңдар.



1. Көз алдындағы келеңсіз жандардың ісін айтуға келгенде болымсыз мағыналы етістікке «жүр» деген көмекші етістікті тіркеп бірыңғай ұйқас жасауын қалай бағалайсыңдар?
2. Бұл өлеңде қандай заман көрінісі сипатталады?



1. «Ала жылан, аш бақа күпілдектер» деген сөздердің сендерге әсері қандай?
2. Өлеңде ұлттық мүддемізге сай келмейтін қандай іс-әрекеттер көрінеді?
3. Абай сынаған адам мінездері бүгінгі күнде кездесе ме?



1. Ақынның арман ететіні қандай жан?
2. Қазақ қоғамындағы әділетсіздік, алуан түрлі адамдардың психологиясын қалай суреттеген?



1. Өлеңде айтылған ойлардың бүгінгі күнмен қандай үндестігі бар?
2. Абай өлеңінде сыналған жайлар неге бүгінгі күнде де түзелмеген?
3. Ақын армандаған адамдар мінезін көрсетіңдер.
4. «Досынан да, дұшпанынан да көңілі қалған Абайдың жалғыз қалу себебі неде?» деген тақырыпта сын мақала жазыңдар. Сын мақаланы төменде көрсетілген үлгі бойынша бастап, ары қарай өздерің жалғастырыңдар. Талдау барысында қазақ ақыны ғана емес, орыс ақыны М.Лермонтов шығармаларында да халықтың әлеуметтік жағдайы суреттелгенін ескере отырып, қазіргі заманмен байланыстырып, шешім ұсыныңдар.

*Үлгі:* Абай Құнанбайұлы – сыршыл ақын. Өзі өмір сүрген қоғамның келеңсіздіктерінен ол айналасында ешкім қалмаған күйде жалғыз қалды деуге бола ма? Жалғыздық туралы айту ақынның «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деген өлеңінде ғана емес, «Сегіз аяқ» өлеңінің соңындағы «Жалғыз қалдым – тап шыным!» дегені ойландырады. Сонда ақын Абай, шын мәнінде, доссыз қалды ма? Оның досы жоқ па? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін ақынның өлеңдеріндегі идеяларды түсіну керек. Ақын өмір сүрген заманның қандай болғанын ойлайық. XIX ғасырдың екінші жартысы – орыс патшалығының қазаққа саяси қысымы күшейген уақыт және бұл қитұрқы саясатты кейбіреулерге шеншекпен, марапат беру арқылы елдегі жағдайды ушықтырды. Өйткені марапаттарға алданып, елдегі болыстар, шенділер пендешілікпен елдің әлеуметтік, психологиялық жағдайын нашарлатты. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деген өлеңнен елді жайлаған көптеген жағымсыз жағдайды көре аламыз. Атап айтқанда, ...

5. Ақынның көңілі қайтқан адамдары жайлы сызбаны толтырыңдар.

Ақын көңілі қалған жағдайлар	Өлең жолдарынан үзінділер	Сенің көзқарасың	Ақынның көңіліндегі мақсаты
Пайда үшін жолдас болу			
Ұрлық-қарлық			
Саудагердің тірлігі			
Естілер мен епсіздердің ісі			
Құда-тамыр, дос-жарандардың қалпы			
Телі менен тентектер әрекеті			



## Оқу сауаттылығы

- 1) Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жанда?  
Алыс-жақын қазақтың бөрін көрдім,  
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

*Сұрақ:* «Көңілім қайтты» деген не?

- Қайтыс болды деп адамға қатысты айтылады.
- Көңіл толқын сияқты, сондай толқымалы жағдайды айтқаны.
- Көңіл қайту ренжу дегенді білдіреді.
- Көңіл күйге қатысты айтылған.

- 2) Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр,  
О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр.  
Қарсылық күнде қылған телі-тентек,  
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.

*Сұрақ:* Телі-тентек деп қандай адамды айтады?

- Телі деп бірге өскендерді айтады.
- Егіздерді айтатын сияқты.
- Есер, сотқар дегені.
- Бір туғандарды айтқаны шығар.

- 3) Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,  
Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр.  
Құда-тамыр, дос-жаран, қатын-балаң –  
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр.

*Сұрақ:* Қарындас деген сөз қай мағынады қолданылған?

- Жігіттің жасы кіші қыз бауыры қарындас деп айтылады.
- Қыздарды айтқаны.
- Әйел адамдарды айтқаны.
- Қарындас, яғни бір қарыннан, бір жатырдан шыққан адам деп, жалпы туыстас адамдарды айтқаны.

## САБЫРСЫЗ, АРСЫЗ, ЕРІНШЕК

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсеқызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін,  
Алты бақан алауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған міндейді  
Ол – арсыздық белгісі.  
Ұятсынбай, ойланбай,  
Қой дегенге тіл алмай,  
Іс қылмай ма ол кісі  
Бір-ақ секіріп шығам деп,  
Бір-ақ қарғып түсем деп,  
Мертігеді, жатады.  
Ұрлықпен мал табам деп,  
Егессе ауыл шабам деп,  
Сүйтіп құдай атады.  
Бұл нең десе, біреуге  
Жоқ нәрсені шатады.  
Құтылам деп ісінен,  
Берін көріп кісіден,  
Шығынға әбден батады.  
Бұл болмаса онысы,  
Аударылып қонысы,  
Алыстан дәм татады.  
Қызмет қылып мал таппай,  
Ғылым оқып ой таппай,  
Құр үйінде жатады.  
Ел қыдырып ас ішіп,  
Еркек арын сатады.  
Бала-шаға, ұрғашы  
Үйде жаурап қатады.  
Еңбегі жоқ еркесіп,  
Бір шолақпен серкесіп,  
Пысық деген ант шықты.  
Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып,

Жүз құбылған салт шықты.  
Пысық кім деп сұрасаң –  
Қалаға шапса дем алмай,  
Өтірік арыз көп берсе,  
Көргендерден ұялмай.  
Сыбырдан басқа сыры жоқ,  
Шаруаға қыры жоқ,  
Өтірік, өсек, мақтанға  
Ағып тұрса бейне су.  
Ат-шапаннан кем көрмес,  
Біреу атын қойса «қу».  
Қу нәпсісін тыя алмай,  
Атым шығып жүрсін деп,  
Берекеге қас болса,  
Желіктірген айтаққа,  
Арақ ішпей мас болса.  
Ел тыныш болса азады,  
Ерігіп өле жазады.  
Үйде отырса салбырап,  
Түзге шықса албырап,  
Кісіні көрсе қылжаңдап,  
Қалжыңшылсып ыржаңдап.  
Өз үйінде қипаңдап,  
Кісі үйінде күй таңдап,  
Ақылы бар кісіні  
Айбаттайды, даттайды.  
Ауқаты бар туғанды  
Қайырсыз ит деп жаттайды.  
Мал мен бақтың дұшпаны,  
Кеселді пысық көбейді,  
Күшік иттей үріп жүр,  
Кісіден кеммін демейді.  
Қу тілменен құтыртып,  
Кетер бір күн отыртып,  
Қызмет қылған кісісін  
Құрытуға таяйды.

Қылып жүрген өнері:  
Харекеті – әрекет.  
Өзі оңбаған антұрған  
Кімге ойлайды берекет?  
Кімді ұялып аяйды?  
Расы жоқ сөзінің,  
Ырысы жоқ өзінің,

Өңкей жалған мақтанмен  
Шынның бетін бояйды.  
Бұл сөзімде жалған жоқ,  
Айтылмай сөз қалған жоқ,  
Абайлаңыз, байқаңыз –  
Елдің жайы солай-ды.




1. Өлеңнен не түсіндіңдер? Өлеңдегі ақынның негізгі айтар ойы қандай?
2. Өлеңдегі көтерілген мәселеде ұлтымызда кездесетін қандай қасиеттер бар?



1. Абай өз заманындағы ел адамдарының қандай мінез, іс-қылықтарын ерекше залалды деп қатты сынайды?
2. Ақынның адам мінез-құлқын сөз ететін тағы қандай өлеңдерін білесіңдер?



1. Абай сынға алған мінез-құлықтарды топтап жазыңдар.



2. Абай бұл өлеңді қандай мақсатпен жазған?



1. Өлеңдегі елдің сорына біткен қу мен сұм адамдардың жиіркенішті бейнелерін тізбелеп жазыңдар.
2. Абайдың сөз қолданысы мен олардың қызметі туралы өлең үзінділерінен теріп жазыңдар.



1. Өлеңде айтылған ойлардың бүгінгі күнмен қандай үндестігі бар?
2. Осы кемшіліктерді түзеудің жолы қандай?
3. Осы жағымсыз іс-әрекет, мінез-құлықтарға қарсы қандай жағымды мінез-құлықтарды қояды?



1. Елдің сорына біткен қу мен сұм адамдардың жиіркенішті бейнелеріне өлең жолдарынан мысал келтіріп, сызбаны толтырыңдар.

Қу мен сұм адамдар							
Сабырсыз, арыс		Еріншек, жалқау		Пәлеқор, парақор		Күншіл, өсекші, өтірікші	
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

2. Өлең жолдарынан мысалдар келтіру арқылы дәлелдей отырып, сызбаны толтырыңдар.

Абай қандай мәселелерді көтеріп отыр?	
Өлеңнен өмір шындығы қалай көрінеді?	
Қандай заманның көрінісі сипатталады?	
Қазіргі заманда сондай адамдар бар ма?	

3. *Бұл сөзімде жалған жоқ,  
Айтылмай сөз қалған жоқ,  
Абайлаңыз, байқаңыз –  
Елдің жайы солай-ды,* – деп Абай ел жағдайын қынжыла жырлайды, Абай көтерген мәселелер қазіргі заманда кездесе ме? Сыни тұрғыдан баға беріңдер.
4. «Адам болам десеңіз» атты тақырыпта эссе жазыңдар.



- 1) Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсеқызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін,  
Алты бақан алауыз.

*Сұрақ:* «Алты бақан ала ауыз» деген нені білдіреді?

- a) Алтыбақан – ұлттық ойын, сол үшін байланыс сөз ретінде айтқаны.
- b) Ала ауыз деп өсек айтатын адамды айтуы мүмкін.
- c) Ала ауыз деп бірлігі жоқ, ынтымағы жоқ жағдайды айтқаны.
- d) Ала ауыз деген болмайды.

- 2) Ел қыдырып ас ішіп,  
Еркек арын сатады.  
Бала-шаға, ұрғашы  
Үйде жаурап қатады.  
Еңбегі жоқ еркесіп,  
Бір шолақпен серкесіп,  
Пысық деген ант шықты.

*Сұрақ:* «Бір шолақпен серкесіп» дегеннің мағынасы не?

- a) Шолақ деп қасқырды айтады.
- b) Шолақ деп ешкіге қатысты айтады.
- c) Қолы сынып, қысқа болып қалған адамды айтқаны.
- d) Пысықсынған біреумен дегенді айтқаны, яғни қу адамды айтқаны.

- 3) Расы жоқ сөзінің,  
Ырысы жоқ өзінің,  
Өңкей жалған мақтанмен  
Шынның бетін бояйды.

*Сұрақ:* «Ырысы жоқ өзінің» дегеннің мағынасы не?

- a) Шын сөзі жоқ дегені.
- b) Өтірік айтады дегені.
- c) Ырыс – береке, бақ, несібе, шындығы жоқ адамда бұл жақсы нәрселердің болмайтынын айтқаны.
- d) Қу адамды айтқаны.

## ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.  
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?  
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.  
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.  
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,  
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.  
Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?  
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұлтың,  
Оның да алған жоқ па Құдай құлқын?  
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.  
Баста ми, қолда малға талас қылған,  
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың.  
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,  
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?  
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,  
Қыр артылмас болған соң мінсе қырқын.  
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,  
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың,  
Ұғындырар кісіге кез келгенде,  
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?



1. Өлеңдегі жинақы бейне кім?
2. Ақын феодалдық дәуірге тән соншама кемшіліктерді неге тізіп айтады? Оларды түзету жолдарын көрсетіңдер.



1. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінің идеясы қандай?
2. Абай неліктен «Қалың елім, қазағым» деп қинала сөйлейді?
3. Ақын халқының кемшіліктерін қалай көрсетеді?



1. Осы өлеңді оқығанда біздің жадымызда ұялап қалатын қандай сөздер бар?
2. *Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың,* – деген жолдардағы айтылған ойға көзқарасың қандай? Ақын кейіпкерінің күндіз күлкі, түнде ұйқысының бұзылу себебі неде?
3. Өз таңдауларың бойынша Абай өлеңдерін жаттап алыңдар.



1. Ақын халықтың қандай мінезді болуын тілейді? Сызбаны толтырыңдар.



2. Ақынның «өз қолыңнан ырқың кеткен соң, өздеріңді түзелер дей алмаймын» деп күмәндануының себебін түсіндіріңдер.
3. Өлең тармақтарындағы *бұртың, қылпың, жыртың* деген сөздердің қолданылу ерекшелігіне назар аударып, өлеңнің көркемдік сипатын ашатын сөздерді теріп жазыңдар. Олар өлеңде қандай қызмет атқарып тұр?



1. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңіндегі «Бас-басына би болған өңкей қиқым» деген сөздің мағынасын анықтап, қандай жағдайда қолдануға болатынын ойлаңдар. Қазіргі заманда мұндай сөз айтылуы мүмкін бе? Осы сұрақтар бойынша ой жинақтап, пікірлесу ұйымдастырыңдар.
2. Абай сынаған бұрынғы заман адамы мен бүгінгі заман адамдарын салыстырып, Венн диаграммасын толтырыңдар.

3. Өлеңде ақынның азаматтық үні қалай көрінеді?



1. Абайдың ойларының бүгінгі күнгі өзектілігі қандай?
2. Абай неге «Менің де күнім күн емес» деп мұңаяды?
3. *Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың,* – деген жолдарда айтылған ойларды қазіргі кезеңмен байланыстыра отырып, сыни пікір жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

- 1) Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.  
*Сұрақ:* Аузымен орақ ору деп нені айтады?
  - a) Өз сөзінен қайтпайтын адамды айтқаны.
  - b) Көп сөйлеп, бірақ түк шаруа бітірмейтін адамды айтқаны.
  - c) Мақалдап сөйлейтін адамды айтқаны.
  - d) Тура сөзді, өткір айтатын адамды айтқаны.
- 2) Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?  
*Сұрақ:* Осы үзіндідегі қиқым сөзі нені білдіреді?
  - a) Қиқым – матаның ұсақ бөлшегі.
  - b) Өңкей қиқым – матаның майда бөлшегі.
  - c) Қиқым қоқым деген сөзді білдіреді.
  - d) Өркім өз-өзін бастық сияқты сезінеді, бірақ олар, шын мәнінде, ұсақ адамдар дегені.
- 3) Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың,  
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,  
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?  
*Сұрақ:* Шырқың, қыртың деген сөздердің синонимдерін анықтаңдар.
  - a) Шырқың кетті – берекең кетті, қыртың – қырт, мылжың.
  - b) Шырқың түрің бұзылды дегені, қыртың – ауруың дегені.
  - c) Шырқың – сөзің, қыртың – қырық дегені.
  - d) Шырқың шамаң бұзылды дегені, қыртың қисық дегені болуы мүмкін.

## БОЛЫС БОЛДЫМ, МІНЕКИ

Болыс болдым, мінеки,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта жал  
Қалмады елге тығындап.  
Сүйтсе-дағы елімді  
Ұстай алмадым мығымдап.  
Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.  
Сыяз бар десе, жүрегім  
Орнықпайды суылдап.  
Сыртқыларға сыр бермей,  
Құр күлемін жымындап.

Жай жүргенде бір күні,  
Атшабар келді лепілдеп:  
«Ояз шықты, сыяз бар»,  
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.  
Сасып қалдым, күн тығыз,  
Жүрек кетті лүпілдеп.  
Тың тұяқ күнім сүйтсе де,  
Қарбаңдадым өкімдеп.  
Старшын, биді жиғыздым:  
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,  
«Ат жарамды, үй жақсы  
Болсын, бөрің күтін» деп.  
Қайраттанып халқыма  
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:  
«Құдай қосса, жұртымның  
Ақтармын осы жол сүтін» деп,  
Қайраттысып, қамқорсып,  
Сайманымды бүтіндеп.

Оңашада оязға  
Мақтамаймын елімді,  
Өз еліме айтамын:

«Бергенім жоқ, – деп, – белімді».  
Мақтанамын кісімсіп,  
Оязға сөзім сенімді.  
«Көрсеттім» деймін, ымдаймын  
Кәдік қылар жерімді.  
Сөз көбейді, ұлғайды...

Қазақты жеген қайратты «ер»,  
Ұрынды да берінді.  
Әрлі-берлі тартысып,  
Ісі арамы жеңілді.  
Алқыны күшті асаулар  
Ноқтаға басы керілді.  
Үлкен-кіші ақының  
Бәрі сөз боп терілді.  
Қайрауы жеткен қатты би  
Қайрылып нетсін көңілді.  
Өз малым деп қойған мал  
Иесіне берілді.  
Ақылы жандар қамалап,  
Кептірді сонда ерінді.  
Арызшылар көбейді,..  
Қайтсін байғұс демейді.

Бір кептірмей терімді,  
Күн батқанша шабамын  
Әрлі-берлі далпылдап.  
Етек кеткен жайылып...  
Оязға жетсін деген боп,  
Боқтап жүрмін барқылдап.  
Кейбіреуге таяғым  
Тиіп те кетті бартылдап.  
Пысықтың көбі бұғып жүр,  
Беттесе алмай шаңқылдап.  
Ашылып омырау, күн ыстық,  
Қойын кетті алқылдап.  
Елі жөнді болыстар

Мақтанып жүр тарқылдап,  
Күлкісі жақсы қарқылдап,  
Үні бөлек сартылдап.  
Сөйлесе кетсе бір жерде,  
Ағыны қатты аңқылдап.  
Оязға кірсе, өзгеден  
Мерейі үстем жарқылдап.  
Елің бұзық болған соң,  
Ояз жатыр шартылдап.  
Табаныңнан тозасың,  
Құр жүгіріп тарпылдап.

Антұрғанмын өзім де,  
Бір мінезбен өтпеймін.  
Момындық күшті екенін  
Көрсем-дағы, күтпеймін.  
Сыяздан соң елімді  
Қысып алып кетпеймін...  
Мықтыға не қып беттеймін?  
Жуанды қойып, жуасты  
Біраз ғана шеттеймін.  
Ояз бардағы қылықты  
Ояз жоқта етпеймін.  
Кәкір-шүкір, көр-жерді  
Пайда көріп ептеймін.  
Мынау арам, тентек деп,  
Еш кісіні теппеймін.  
Өзімдік бол деп ел жиып,  
Құрастырып, септеймін.  
Бұзақының бүлігін  
«Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін.  
Сүйегім жасық, буын бос,  
Біраз ғана айлам бар.  
Айлам құрсын, білемін –  
Болыстықтың жолы тар.  
Қайтіп көмек болады  
Антұрған өңкей ұры-қар?  
Көргенім әлгі, ойлашы,  
Ұят, намыс, қалды ма ар?

Ендігі сайлау болғанда,  
Түсе ме деп тағы шар,  
Бұл күніме бір күні  
Боламын ғой деймін зар.  
Ақыл айтар туғандар,  
Бұл сөзімді ойлаңдар.  
Кәтелешке көбейді,  
Сөгіс естіп, тозды ажар.  
Мынау елді ұстарлық  
Кісі емеспін, кел, құтқар!  
Қолдан келмес қорлыққа  
Неге болдым мұнша іңкәр?  
Ел жайылды, жетпей ме,  
Оязға да бір хабар?

Тағы бүйтіп кеттің деп  
Қозғау салар, қолға алар.  
Қатты қысым қылған соң,  
Басым сотқа айналар.  
Кірлі болып түскен соң,  
Көрген күнім не болар?  
Өзіне мәлім, тентектер  
Өз бетімен не табар?  
Қағаз берер, қарманар,  
Аяғында сандалар.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,  
Ұлық жолы тарайды.  
Өтірік берген қағаздың  
Алды-артына қарайды.  
Өз қағазы өз көзін  
Жоғалтуға жарайды.  
Тауып алып жалғанын,  
Қылмысыңды санайды.  
Өзі залым зақұншік  
Танып алды талайды,  
Көрмей тұрып құсамын  
Темір көзді сарайды.



**Қом** – түйеге ерттейтін ер.

**Сыяз** – съезд.

**Ылау** (лау) – айдаушы, ылау тартушы; лаушы.

**Кәдік қылу** – сезікті күмән, күдік.

**Шар түсу** – сайлауға түсу, дауыс жинауға байланысты айтылған.

**Кәтелешке** – каталажка (орыс) – түрме, айып орны.

**Тың тұяқ күн** – әлді, қуатты, ширақ.

### *Әдебиет теориясы*

**Портрет** – көркем әдебиетте кейіпкерлердің түр-түсін, кескін-келбетін, жүріс-тұрысын суреттеушілік. Ал психологиялық портрет жасау арқылы ол кейіпкердің жан дүниесін, көңіл күйін бейнелеп жеткізеді.

**Сатира** – бастан-аяқ күлкілі жағдайларға негізделіп, сықақтық тілмен, әшкерелейтін жағымсыз кейіпкерлері бар шығармалардың әдеби жанры.

**Сарказм** – ащы мысқылмен, өткір ашу, ыза кекпен жазылады, ашық түрде әшкерелеу үшін қолданылатын суреттеу тәсілі. Абай Құнанбайұлының «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың» өлеңдері сарказммен жазылған сатира.



1. Абай өмір сүрген ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ел билеуде қандай өзгерістер, қандай әкімшілік жүйелер болды?
2. «Болыс болдым, мінеки» өлеңінде не айтылған? Өлең кімге арналған?
3. Өлеңдегі көтерілген мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан қазіргі уақытпен салыстыра талдау жасаңдар.



1. Ақын кім үшін және не үшін күйзеледі?
2. Өлеңде болыс бейнесі қалай жасалған? Өлең неге монолог түрінде жазылған?
3. Болыс бейнесін неге типтік бейне дейміз?
4. Өлеңде кейіпкердің психологиялық портреті қалай жасалған?



1. Жанталасқан екіжүзді болыстың соншама әсерлі, жанды, сан құбылмалы мінез-машығының көз алдымызға келе қалуына өлеңдегі қандай сөздердің әсері бар?
2. Болыстың өз аузымен оның қандай мінез-құлқын, іс-әрекеттерін айтып қызады?
3. Өлең жолдары бойынша жоспар құрыңдар.
4. Өлеңде қазақ ұлтына тән қандай іс-әрекеттер айтылады?
5. Өлеңдегі көтерілген мәселеге талдау жасау арқылы пікір алмасып, әңгіме құрастырыңдар.



1. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінде замана шындығы қалай ашылған?
2. Заман шындығын осылай дәл суреттеуде ақын қандай шеберлік танытты және ақын кімдерден үлгі алды?
3. *Күпілдеп, өкімдеп, тығындап, мығымдап, жымыңдап, далпылдап, жалпылдап, барқылдап, бартылдап* т.б. қимылды білдіретін үндесе ұйқасып келген сөздердің болыс сезімі мен көңіл күйін білдірудегі көркемдік рөлі қандай? Осы сөздер арқылы болыстың бет-пішіндік портретін жасап көріңдер.
4. Осы өлеңдегі Абайдың жаңадан тапқан өте ұтымды, шебер әдісі қандай?
5. Өлеңде қандай көркемдік тәсілдер қолданылған? Өлең лириканың қай түріне жатады? Болыстың қорқатын «темір көзді сарайы» не? Не үшін қорқады?
6. Болыстың айқын танылатын қырлары қандай? Болыстың портретін, іс-әрекеті мен мінез-құлқын сипаттап жазып, кестені толтырыңдар:

Болыстың ел басқару сиқы	Ояз келгенге дейінгі әбігері	Ояз келген кездегі жанталас	Ояз кеткеннен кейінгі қылығы	Болашағына сенімсіз болыстың күдігі



1. «Болыс болдым, мінеки» деген сөзден қандай көңіл күйді аңғаруға болады? Кейіннен неге басқа көңіл күйге ауысып кетеді?

2. Болыстың жағымсыз қылықтарына ақынның қарсы қояр идеясы қандай?
3. «Болыс болдым, мінеки» өлеңін «Мәз болады болысың» өлеңімен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіңдер.

«Болыс болдым,  
мінеки» өлеңі

Ұқсастықтары мен  
айырмашылықтары

«Мәз болады  
болысың» өлеңі

4. Өлең жолдары бойынша «Бес жолды өлең» әдісін пайдаланыңдар.
- 1) Зат есім. Кім?
  - 2) Сын есім. Қандай?
  - 3) Етістік. Не істейді?
  - 4) Сөз тіркесі.
  - 5) Синоним.



1. Ақын ойын бүгінгі күнмен байланыстыра отырып, «Өкім бол, халқыңа жақын бол» деген тақырыпта эссе жазыңдар.
2. Бұрынғы ел басқару жүйесі мен қазіргі жүйеге салыстыру жасаңдар.

Бұрынғы  
ел басқару жүйесі

Айырмашы-  
лықтары

Қазіргі  
ел басқару жүйесі

3. *Мынау елді ұстарлық  
Кісі емесін, кел, құтқар!  
Қолдан келмес қорлыққа  
Неге болдым мұнша іңкәр?* – деген жолдарға қандай пікір білдіресіңдер, қандай ұсыныс, кеңес бересіңдер?



## Оқу сауаттылығы

- 1) Болыс болдым, мінеки,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта жал  
Қалмады елге тығындап.
- Сұрақ:* «Түйеде қом, атта жал қалмау» деген нені білдіреді?
- а) Бар малды шашқанын айтқаны.

- b) Қом – түйенің майы, жал – аттың желкесінде өскен қалың қыл. Түйеде қом, атта жал қалмаса, малдары арықтап қалғаны.
- c) Малдары ауру болғанын айтқаны.
- d) Жұттың келгенін айтқаны.

- 2) Сүйтсе-дағы елімді  
Ұстай алмадым мығымдап.  
Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.

*Сұрақ:* «Бас изеймін шыбындап» дегеннің мағынасы не?

- a) Шыбын туралы айтқаны.
- b) Өзінен күштілер айтса, соған бас шұлғып, қоштауды айтқаны.
- c) Еш нәрсені сезбейтінін айтқаны.
- d) Өзінің ауру сияқты екенін айтқаны.

- 3) Оңашада оязға  
Мақтамаймын елімді,  
Өз еліме айтамын:  
«Бергенім жоқ, – деп, – белімді».  
Мақтанамын кісімсіп,  
Оязға сөзім сенімді.  
«Көрсеттім» деймін, ымдаймын  
Кәдік қылар жерімді.

*Сұрақ:* Қандай адамның сипаты танылады?

- a) Екіжүзді.
- b) Оязды жақсы көретін адам.
- c) Елін жақсы көретін адам.
- d) Елді жарылқаушы.

## ЛАЙ СУҒА МАЙ БІТПЕС ҚОЙ ӨТКЕНГЕ

Лай суға май бітпес қой өткенге,  
Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.  
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Берген бе Тәңірім саған өзге туыс?  
Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.  
Шарықтап шартараптан көңіл сорлы  
Таппаған бір тиянақ не еткен қуыс?

Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңірі,  
Өзіне құмар қылған оның әмірі.  
Халлаққам мақлұқ ақылы жете алмайды,  
Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі.

Өзгені ақыл ойға қондырады,  
Біле алмай бір Тәңіріні болдырады.  
Талып ұйықтап, көзіңді ашысымен,  
Талпынып тағы да ойлап зор қылады.

Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,  
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.  
Ақылдың жетпегені арман емес,  
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген, халық қылған ол лә мәкан  
Түп иесін көксемей бола ма екен?  
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,  
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,  
Иілтіп, екі басын ұстаған Хақ.  
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,  
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.



**Дәңгі** (араб) – дінсіз.

**Лә мекән** (араб) – мекенсіз, тұрағы жоқ.

**Мақлұқ** – жан-жануар, жәндік.

**Халлаққам** (араб) – Жаратушы.



1. Бұл өлеңнен не түсіндіңдер? Өлеңнің мазмұны не туралы?
3. «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі қалай жазылды, не себеп болды?



1. Өлең неге «Лай суға май бітпес қой өткенге» деп аталған?
2. Өлеңде ақынның ішкі сезім сыры, сенім-нанымы қалай суреттелген?
3. «*Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,  
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ*» деген жолдарда қандай кеңес береді?



1. Бұл өлеңнің Әбдірахман өлімімен қандай байланысы бар?
2. Бұл өлеңдегі автордың Құдайға, дінге, өмірге көзқарасы қандай? Діни сөздердің қолданылуына назар аударыңдар.



1. Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің идеялық-мазмұндық, тарихи құндылығы мен көркемдік ерекшелігіне талдау жасаңдар.
2. Ақынның Әбдірахманның қазасына арнаған өлеңдерін оқып, «Лай суға май бітпес қой өткенге» шығармасы бойынша ортақ ойларды тауып, көркемдік құралдарды анықтаңдар.



1. Ақын неге «*Берген бе Тәңірім саған өзге туыс?*» деп мұңданады? Ақын неге көңілінің жайлауынан ел көшкендей болып құлазиды?
2. Абайдың осы өлеңінде айтылған ойлардың Ясауидің көзқарастарымен қандай сәйкестіктері бар?

3. Бұл өлеңнен ұлттың қандай бейнесі көрінеді?  
4. Бұл өлеңдегі толғандырған мәселелер сендерге қандай ой туғызады?



1. *Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ел көшкен бе?*  
Бұл шумақтардағы айтылған ойларға өз көзқарастарыңды білдіріңдер.
2. «Абай өлеңдерінің халықтық сипаты», «Абай поэзиясындағы кірме сөздердің қолданысы» деген екі тақырыптың бірін таңдап, сыни пікірлесу ұйымдастырыңдар. Дебат болу үшін алдымен нақты бір мәселені таңдау қажет. Төменде үлгі ретінде сұрақтар ұсынылды.

*Үлгі:* 1) «Абай өлеңдерінің халықтық сипаты» деген тақырып бойынша: шығармалардағы халықтық сипат деген не? Әуелі осыны анықтап алуымыз керек. Елдегі саяси-әлеуметтік ахуалды арқау етіп, бұқараның жағдайын баяндайтын шығармалар халықтық сипатта деп бағаланады. Абай Құнанбайұлының шығармалары осы талапқа сай ма? Оның өзі бай баласы, әкесі бүкіл бір руды билеген атақты болыс, сонда халықтың әлсіз буыны – кедейдің сөзін сөйлей ала ма? Әлде халықтық деген ұғымда бұдан да басқа мағыналық кең түсінік бар ма? Ақын шығармаларынан мұны қалай байқауға болады?

2) «Абай поэзиясындағы кірме сөздердің қолданысы» деген тақырып бойынша: шығармаларда әдеби тіл, яғни көпке ортақ әдеби норма сақталуы тиіс, демек өзге тілдерден енген сөздер болмауы керек. Ал ақын поэзиясында бір емес, бірнеше тілден енген сөздер бар. Оқулықта берілген сөздіктің көмегімен осы сөздердің қолданысын талдап көруге болады. Қолданылған кірме сөздердің орнына қазақ тіліндегі баламасын қойып, сараптама жүргізуге болады. Мәселен, ...



## *Оқу сауаттылығы*

- 1) Лай суға май бітпес қой өткенге,  
Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.  
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

*Сұрақ:* Лай суға май бітпес қой өткенге деген нені білдіреді?

- а) Лай – таза емес, былғаныш су, сондықтан оған май тұрмайды деген.
- б) Лай – таза су емес, одан қой өтпейді, сондықтан лай және май сөздері ұйқас үшін ғана алынған.
- с) Лай суға май бітпейді, өйткені лай – таза емес, ал май – құнарлылықтың бір белгісі. Лас жерде құнарлы ештеңе болмайды деп, ақын өзінің көңіл күйін бейнелі жеткізген.
- д) Лай су – тұнық су, май бітпейді, өйткені судың бетіне май тұрмайды, ол ерімейді, соны айтқаны.
- 2) Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,  
Сонда да оны ойламай, қоя алмаймын.
- Сұрақ:* Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын деп, нені айтқан?
- а) Шек – шегара, көңілге шегара қоймайды.
- б) Шек шектеу деген мағынаны білдіреді.
- с) Шек таразыға салып өлшеу деген оймен үндес.
- д) Шек келтірмеу – күмән келтірмеу, шүбәлі оймен үндес, күдік келтірмеу туралы айтқаны.



## Ғаламтор

Ғаламтордан Абай Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» әнін тыңдаңдар.



## Артық болмас білгенің

**«Абай» энциклопедиясы** – елімізде тұңғыш жарық көрген атаулы энциклопедия 1995 жылы «Қазақ энциклопедиясы» мен «Атамұра» баспаларының ұйымдастыруымен шықты. Бұл басылымда ақын шығармалары; ол шығармалардағы кейіпкерлер; Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдар, Абай өскен орта, ақын шығармалары жарық көрген басылымдар, географиялық атаулар, т.б. жан-жақты мәліметтер қамтылған.

Бүгінде Мұхтар Әуезов, Жамбыл Жабаев, т.б. арнаулы энциклопедиялар жарық көріп, қазақтың даңқты тұлғаларын танытуда маңызды.

## ҚАРАСӨЗДЕР

Абай Құнанбайұлының қарасөздері 1890–1898 жылдары жазылған.

Бұл қарасөздердің жалпы саны – қырық бес. Айтар ойдың ширақ болуына қарай олар көлем жағынан бірдей емес. Сондай-ақ жанры жағынан алғанда, әңгіме, повесть не роман емес. Бұл қарасөздер – ұлы Абайдың өзі тапқан көркем прозаның ерекше түрі. Оларда айтылатын әңгімелерде сюжет жоқ, бірақ көркем ойды ұлылықпен жеткізе білген. Бұлардың бәрін Абай өз халқымен оңаша сөйлесіп отырғандай, сырласқандай етіп жазғандықтан әр қарасөзінің маңызы зор. Өйткені бұл қарасөздерде адамның бүкіл халыққа ортақ асыл ойлар жазылған.

Қарасөз – бұл жай, қарапайым, қарабайыр деген емес, қазақта қара сөзі екі сипатта айтылатынын ескергенде, Абай Құнанбайұлының қарасөзі қара шаңырақ сөзіндегі қара сөзіне берілетін үлкен деген мағынамен астарлас, мазмұндас екені белгілі болады. Абай Құнанбайұлының әр сөзіндегі халыққа деген жанашырлық, ақыл – осының бәрі бұл қарасөздердің даналықпен жазылғанын мойындатады.

**Он жетінші қарасөздің мақсаты** – Абай Құнанбайұлының өмірлік ұстанған бағыты – адамгершілікке, білімге үндеу, адалдыққа баулу. Ол өз ойын бейнелі, көркем әдіспен жеткізу үшін адамның жақсы қасиеттері – қайрат, ақыл, жүрек – үшеуін айтыстырып, ғылымның алдына төрелікке келгендей етіп жазған. Адам өмірінде жетістіктерге қол жеткізгісі келсе, міндетті түрде қайрат керек. Қайратсыз адам – күш-жігерсіз адам, ол ештеңеге қол жеткізе алмайды. Ал ақыл болмаса, адам жақсы мен жаманды, зиянды мен пайдалыны қалай айырмақшы, ендеше адам үшін ақыл да маңызды. Ақылсыз адамға білім-ғылым дарымайды. Бірақ жүрек соқпаса, адам өмір сүре алмайды. Адамға ар-ұятты танытатын – жүрек. Адам жүрек қалауын таңдайды. Сол таңдауы мақсатын орындау керек, сол үшін қайрат керек. Сол қайрат белгілі бір мақсатқа бағытталуы керек, сонда ақыл да өз пайдасын береді. Осындай бір-біріне байланыстылық болғанын ақын көрнекті оймен мағыналы жеткізген. Бұл үшеуін айтыстырғандай етіп жазған ақынның айтары – қайрат, ақыл, жүрек – үшеуінің бірлігі, ынтымағы болуы керек.

**Отыз екінші қарасөз** отыз бірінші қарасөздің жалғасы сияқты жазылған. Отыз бірінші қарасөз – ақынның педагогтік, ұстаздың ойларының жемісі. Мұнда ақын естіп-білгенді есте сақтау тәсілдерін санамалап көрсетеді. Ал отыз екінші сөзде шын мерейленіп, ықылас-жігерін арнаған адам ғана ғылымға жетеді, кейін сол еңбегінің рақатын көретінін жазған.

Мұнда да ғылым-білім үйренудегі талаптарды санамалап көрсетеді. Анық мақсат, ойласа білу, пікірлесе білу, уайымсыз салғырттықтан ада болу, ғылым-ақылды сақтайтын мінез болуы керек деп, нақты атаған.

**Отыз үшінші сөзде** Абай қолы өнерлі адамды әулие санайтынын, бір ғана малға сеніп отыра бермеу керектігін, өнерлі болуға жұмыстану керек екенін жазған. Өйткені мал – байлық – бір жұттық, ол мәңгі болмайды. Ал өнер – мәңгілік. Осы ойды айта келе, өнер үйренуге тосқауыл болып жүрген кеселдерді атап көрсетеді. Олар: талапсыздық, еріншектік, тамыршылдық.

Абай Құнанбайұлының қарасөздері Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жетті.

### ОН ЖЕТІНШІ ҚАРАСӨЗ

Қайрат, ақыл, жүрек – үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәметке жетпейтұғынын; әуел, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкөрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті. Онан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында, қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым,

мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Сонда ғылым бұ үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты: – Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті.

– Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан Тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені – сен; екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиіреніп, үйден қуып шығарады.

– Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді.

Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.



1. «Он жетінші қарасөзінің» негізгі идеясы, ой түйіні неде?
2. Абайдың қарасөздерінің стиліне (тақырыбына, мағынасына, тіліне) назар аударыңдар.
3. Қарасөз қандай стильде жазылған?



1. Қайрат, ақыл, жүрек не жөнінде таласты? Олардың әрқайсысы өз істерін қалай дәлелдеді? Олар неге ғылымға жүгінді? Ғылымның пікірімен келісесіңдер ме? Егер сен ғылымның орнында болсаң, қандай төрелік айтар едің?
2. Ғаламтордан Абайдың қарасөздерін тыңдап, ақыл, қайрат, жүрек сөздеріне түсінік беріп көріңдер.



1. «Ақыл», «Қайрат», «Жүрек», «Ғылым» топтарына бөлініп, берілген тапсырмаларды орындаңдар.



I топ: Шығарма мазмұнын рөлдерге бөліп, қысқаша баяндаңдар.

II топ: Мінездеме беріңдер:

Ақыл	Қайрат	Жүрек	Ғылым

III топ: Шығармаға сатылай кешенді талдау жасаңдар.

IV топ: Өңгіме оқиғасын өмірмен байланыстырыңдар.



1. «Ғақлия», «ғибадат», «ахирет», «нәфсі» сөздерінің анықтамасын сөздіктен тауып, мағынасын анықтаңдар.
2. Абайдың «Он жетінші қарасөзіне» қандай тақырып қояр едіңдер?
3. Сыныпта қайрат, ақыл, жүрек және ғылым рөлінде оқушыларды сөйлетіп, олармен сұхбаттасу ұйымдастырыңдар.



1. «Он жетінші қарасөзін» қай өлеңімен үндестірер едің?
2. Абайдың «Он жетінші қарасөзіндегі» қайрат, ақыл, жүрек, ғылым туралы ойларын бұған дейінгі шығармаларында айтқан ойларымен салыстырыңдар.

Ақыл	Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек.	.....
Қайрат	Қайрат пен ақыл жол табар, Қашқанға да, қуғанға.	.....
Жүрек	Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.	.....
Ғылым	Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба.	.....

3. Қарасөздегі көтерілген мәселеге өзіндік пікіріңді білдіріп, әңгіме не өлең жазыңдар.



1. «Он жетінші қарасөзде» ғылым соңғы сөзді айтып, шешім шығарғанда неге кітаптың айтқан сөзіне сүйенеді?
2. Абайдың қарасөздерінің ізімен өздеріңнің бір қарасөздеріңді жазып көріңдер.
3. *«Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта. Құдай тағала қалпыға әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы»*, – деген пікірдің қазіргі таңда да маңызын жоймағандығы туралы сыни тұрғыдан бағасын беріңдер.



### Оқу сауаттылығы

1) Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында, қор болады.

**Сұрақ:** Рақым деген не?

- a) Пайғамбардың аты болуы мүмкін.
- b) Әулиенің аты болуы мүмкін.
- c) Араб тілінен енген сөз, түсініксіз.
- d) Мейірім, шапағат, қайырым.

2) – Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан Тәңірі де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады.

**Сұрақ:** Абай Құнанбайұлы амал да айла деп, неге екі бөлек нәрсе сияқты айтқан?

- a) Айла деген сөз де, амал деген сөз де бір мағынаны береді.
- b) Айлакер деген сөзбен алып қарағанда, айла амалдан бөлек, бірақ бір сөз ретінде де қолдануға болатын сияқты.
- c) Амалын тапты деген сөз бар, ал айласын тапты дегенде, сәл басқаша мағына шығады, демек бұл сөздер бір мәнде емес. Амалын тапты – жолын тапты, бұл қолданыста қулық жоқ дегенді білдіреді. Ал айламен жол тапты дегенде, қулық іске қосылған. Екі сөздің айырмасы осылай анықталады.
- d) Тәсіл деген бір мағынаны береді. Бірақ не үшін жеке айтқанын түсіну қиын.

3) Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам – сол.

*Сұрақ:* «Табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам – сол» деген сөздердің мағынасын қандай?

a) Топырақпен көз сұртпейді, сондықтан қате айтылған.

b) Топырақты жалаң аяқ баспайды, қате айтылған.

c) Бұрынғы заманда әулие немесе ерекше қадірлеген адамдардың, туыстардың аяғы тиген жерлер де қасиетті деп ойлаған. Сондықтан ғылым айтқан жақсы қасиеттерді бойына жинаған адамның әр ісі үлгілі, Абай Құнанбайұлы бейнелі түрде осылай айтқан.

d) Табанда топырақ болмайды, қате айтылған.

### ОТЫЗ ЕКІНШІ ҚАРАСӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуел білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек. Оларды білмей, іздегенмен табылмас.

Әуелі – білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп іздемекке керек. Анық үшін білім – ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат хұзур хасил болады. Сол рақат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленеді, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бақасқа бола үйренбе, азырақ бақас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бақас адамды түземек түгіл, бұзады. Аның себебі әрбір бақасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бақас қылмайды, жеңбек үшін бақас қылады. Ондай бақас хасудшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды. Бәлкім азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адамды шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады.

Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық, мақтаншақтық, хүсідшілік бойын жеңсе, ондай кісі адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза, екіншісі – мұхафаза. Бұл екі қуатты зорайту жәһатінде болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе! Әуел – Құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны ол. Ар бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсекызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын!



## СӨЗДІК

**Бақас** – бәсекелес, бақталас.

**Ғурур** (араб) – менмендік, ірілік.

**Дәһрі** (араб) – дінсіздік, еркін ой.

**Жәһат** (араб) – күш жұмсау, тырысу, талап қылу.

**Жәһатінде** – барлық күшті жұмсау, тырысу.

**Зинһар** (парсы) – қалайда, әйтеуір.

**Мұлахаза** (араб) – ойласу, пікір алысу.

**Мұхафаза** (араб) – сақтау, қорғау.

**Тамыр** – дос деген мағынада.

**Хұзур хасил** – тыныштық, рақатшылық.

**Хүсідшілік** (араб) – күндеу, күндеушілік.

**Хирслану** (араб) – ашқарақтану, қомағайлану.




1. Абай Құнанбайұлы жазған қарасөз қай жанрға тиесілі? Бұл қарасөздердің ерекшелігі, сипаты не?
2. Абай өнерлі адамдарды кімдер деп санайды?
3. Абай нені білу керек дейді?



1. Ғылым-білім үйренуге Абай қандай шарттар қояды?
2. «Отыз екінші қарасөзді» жазудағы мақсат не? Қандай ақыл айтылған?
3. Қарасөзде айтылған ойлардың бүгінгі өмірмен байланысы бар ма?



1. 6-сыныпта Абай Құнанбайұлының қай қарасөздерін оқыдыңдар, еске түсіріңдер.
2. Абайдың ғылым-білім туралы өлеңдерін оқып, олардың «Отыз үшінші қарасөзбен» байланыстылығына мән беріңдер.
3. Заман өткен сайын адамшылығымыз түзеліп бара ма, әлде бұзылып бара жатыр ма? Біз бойымызда қандай асыл қасиеттерді жойдық, керісінше қандай асыл қасиеттерді дамыттық?



4. Абайдың қарасөздеріне тақырыптық тұрғыда талдау жасаңдар.
5. Ақынның қандай ой түйіндері мен нақыл сөздері өздеріңе ерекше ұнады?
6. Әлем әдебиетіндегі осы тектес (Конфуций, т.б.) шығармалармен қарасөздегі құнды пікірлердің үндестігін талдап, «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез» деген тақырыпта ойтолғау жазыңдар.



1. Абайдың қарасөзіндегі идеяның өмір шындығымен байланысын айқындандар.

2. Абайдың білім-ғылымды үйренуге қоятын талаптарына талдау жасап, кестені толтырыңдар.

Талаптар	Талдау
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	

3. Білім-ғылымды тез үйренудің жолы қандай? Қазіргі заман талабына сәйкес сендер қандай жолдар ұсынар едіңдер?
4. Бесінші талапта айтылған төрт кесел қандай? Олар басқа қай қарасөздерде айтылған?
6. Осы қарасөзге қандай тақырып қояр едіңдер?



1. Абайдың қарасөздерді жазғандағы негізгі мақсаты қандай? Оларды тақырыптық-мазмұндық тұрғыда қалай топтастыруға болады?
2. «Отыз екінші қарасөздегі» «Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?» деген сөзге қатысты өз ойларыңды айтыңдар. Бұл сөз жастар үшін қаншалықты маңызды екенін айтып, сыныпта пікірталас (дебат) ұйымдастырыңдар.
3. Абайдың «Отыз екінші қарасөзінің» маңызы қандай?
4. Абай қарасөздеріндегі философиялық ойлар, оның ұлттық дүниетанымымен сәйкестігі туралы айтыңдар.



1. Абайдың қарасөздерінің тәлім-тәрбиелік сипаты қандай? Қарасөздерінің тәрбиелік мәні неде деп ойлайсыңдар? Абайдың қарасөздерінен қандай тәлімдік ой түйдіңдер?
2. Абайдың қарасөздеріндегі ақыл-өнеге, өсиет, адамгершілік мәселелерінің оның өлеңдерімен үндестігі жөнінде әңгімелесіп, көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беріңдер.
3. «Абайдың даналық сөзі – ақылдың көзі» деген идеясын жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазыңдар.



- 1) Әуелі – білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп, іздемекке керек. Оны үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет деп білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат хұзур хасил болады.

*Сұрақ:* «Бір ғана білмектіктің өзін дәулет деп білсең» дегендегі дәулет сөзі нені білдіреді?

- Дәулет – байлық, қазына. Білмектік деген сөзбен қатысы жоқ.
- Дәулет – ырыс, олжа, сондықтан білмеген бір нәрсені біліп алсаң, ол саған пайда, олжа деген мағынада айтылған.
- Білмектік – білмеу деген сөз, дәулет деген сөзбен байланысы жоқ.
- Дәулет – адам аты.

- 2) Егер дін көңілің өзге нәрседі болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеңнің мейірімі секілді болады.

*Сұрақ:* Осы үзіндіде айтылған дін көңілің деген қолданыстың дәстүрлі дінге қатысы бар ма?

- Көңілің ислам дінінен басқада болса дегені.
- Дінді сақта дегені.
- Көңіліңде дін болсын дегені.
- Шын ынтық-ықылас қойған көңілің дегені.

- 3) Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін!

*Сұрақ:* «Садаға кеткір!» деген қолданыс «жарамады, татымады» деген мағынаны білдіреді, осыны ескеріп, Абай Құнанбайұлының сөзінің мәнін анықтаңдар. Тура жолдағы жүз адамды шатастырушы жақсы ма, әлде бір қисық ойдағы адамды түзеткен адам жақсы ма?

- Жүз кісіні шатастырған адамға деген ренішпен айтылған, яғни ол бір адам болса да, теріс жолдағыны түзеткен адамға татымайды.
- «Садаға кеткір!» құрбандық шалуға байланысты, сондықтан бұл жағдайда адамның қатысы жоқ.
- «Садаға кетсін» деген жай айтылған сөз.
- Әркім өз ойындағысымен жүреді, сондықтан еш қатысы жоқ сияқты.

## ОТЫЗ ҮШІНШІ ҚАРАСӨЗ

Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол. Бірақ Құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.

Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «Маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

Үшінші – «Дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «Ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде, «Маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп, мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

Төртінші – тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті, жетпесе, өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «Жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап, қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен? Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?



1. Қарасөзде қандай мәселелер айтылады?
2. Бұл қарасөзінде қандай жақсы іс-әрекетті үлгі етеді?
3. Қандай жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді?



1. Қарасөзде сыналған мал табудың теріс жолдары туралы әңгімелесіп, қарасөздегі көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан талқылаңдар.
2. Қарасөз бойынша жақсы адам болу жайлы айтқан ақыл-кеңестерін ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыра әңгімелендер.



1. Өнерлі адамның бойында болатын кеселдердің зардаптарын көрсетіңдер.

**Талапсыздық** : \_\_\_\_\_

**Еріншектік** : \_\_\_\_\_

**Алдауға салыну** : \_\_\_\_\_

**Тамыршылдық** : \_\_\_\_\_

2. Төменде берілген сөйлемдердің мағынасына талдау жасаңдар:
  - а) Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек.
  - ә) Мал жұтайды, өнер жұтамайды.
  - б) Ерінбей істей беру керек.
  - в) Маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін.
  - г) Тамыршылдау келеді.
  - ғ) Қазақтың баласының өзі алдағыш келеді.



1. Қарасөзге қандай тақырып қоюға болады?
2. «Отыз үшінші қарасөзде» айтылған ойлар Абайдың басқа қандай шығармаларымен сәйкес келеді?
3. Осы қарасөзде қандай ойлар афоризмге айналған? Нақыл сөздерді танып жазып алыңдар.
4. Абай Құнанбайұлының қарасөздеріндегі тірек сөздерді кесте бойынша жазыңдар. Олардың қалайша тірек сөзі бола алатынын талдау арқылы түсіндіріңдер.

Шығарманың аты	Тірек сөздер
Он жетінші қарасөз	
Отыз екінші қарасөз	
Отыз үшінші қарасөз	



1. Қарасөзде айтылған ойлардың қандай өлеңдерімен үндестігі бар?
2. Мал табу мен баю жайындағы әлемдік шығармалармен Абай қарасөзін салыстыра талдап, өзекті мәселелердің рухани құндылығына баға беріңдер.



1. Қарасөзде айтылған ойлардың бүгінгі күнгі өзектілігі қандай?
2. «Қарасөздегі Абай айтқан мінездер қазаққа ғана тән бе, жоқ жалпы адамзат баласында осындай мінездер кездесе ме?» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.
3. «Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?», – деген Абайдың сұрағына жауап бере отырып, әдеби сын жазыңдар.



## Оқу сауаттылығы

- 1) Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол.

**Сұрақ:** «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген нені білдіреді?

- a) Жұт туралы айтқаны.
  - b) Малды қадірлеу керек дегені.
  - c) Мал түрлі себептермен азаяды.
  - d) Мал жұтқа ұшырайды, әртүрлі жағдайда шығын болады. Ал өнер мәңгілік дегені.
- 2) Екінші – ерінбей, істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

**Сұрақ:** «малға бөгу» деген не? Салдау-салғырттыққа салыну» деген не?

- a) Малға байыған адам сияқты дегені. Салдау деген сөзді салғырттыққа салынумен бірге алып қарағанда, оның кербез адам сияқты жүретінін айтқаны.
- b) Бөгу ботқаға қатысты айтылады, сондықтан малға қатысы жоқ. Салдау дегені сал ауруы сияқты дегені болуы мүмкін.
- c) Бөгу – бөгеу, бөгет жасау; салдау салғырт деген сөзбен мағыналас.
- d) Малы көбейген адам сияқты дегені; салдау – сал ауруына шалдыққан дегені.

## ПОЭМА

«Ескендір» поэмасының басты кейіпкері – әлемдегі ұлы қолбасшылардың бірі саналатын III Александр Македонский. Оның әлемді жаулауға деген құлшынысы зор болған, ол ойы, негізі, орындалғаны тарихтан белгілі. Есімі бүкіл әлемге жайылған. Азиялықтар оны Ескендір Зұлқарнайын деген, Ескендір – Александр деген сөздің шығыс тілдеріне үндестірілген түрі. Ескендірдің әлемді жаулап, қолбасшылық қабілеті аңыз болғандықтан, мұның өзін халық бекер емес, оның жаратылысы ерекше деп ойлаған. Сондықтан оның басында екі мүйізі бар деп ойлап, аңыздар шығарған. Зұлқарнайын деген сөз қос мүйізді дегенді білдіреді. Қазақ тілінде «Мүйіз шықты ма?» деген сөзді осындай жағдайлармен байланысты, «Дегеніңе жетіп, мәртебең асып тұр ма?» деген оймен айту әлі күнге дейін сақталған.

Ескендір Зұлқарнайын туралы шығыстың көп ақыны жазған. Атап айтқанда, өзербайжанның ұлы ақыны Низами, өзбек халқының данасы Науаи, т.б. Дегенмен Абай Құнанбайұлы олардың ойларын қайталамайды, өйткені оның жаулаушылық саясатын қолдамайды. Абай басшы, жалпы адам баласы тойымсыз болмау керек, қанағатты білу керек деген ой білдіріп, гуманистік ойын осы поэма арқылы паш етеді.

Абай Құнанбайұлы Ескендір туралы қайдан оқып білді деген сауалға ғалымдар бірнеше ой айтқан. Ал академик Сейіт Қасқабасов Абай ежелгі кітаптарда жазылған сюжетті орыс тілі арқылы білген деп жазды.

«Ескендір» поэмасы он бір, он екі буынды қара өлең үлгісімен жазылған.

«Ескендір» поэмасының жазылған жылы белгісіз. Ал «Масфұт» 1887 жылы жазылған. Екі поэма да алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі» атты жинақта басылды. Ал «Өзім өңгімесі» аяқталмай қалған.

## ЕСКЕНДІР

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?  
Македония шаһары – оған мекен.  
Филипп патша баласы, ер көңілді,  
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды,  
Жасы өрең жиырма бірге толды.  
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге  
Көз алартып қарады оңды-солды.

Сұмдықпен ғаскер жиып қаруланды,  
Жақын жерге жау болды, тұра аттанды.  
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,  
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.

Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,  
Дарияның суындай қандар ақты.  
Шапқан елдің бәрін де бодан қылып,  
Өкіметін қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,  
Алған сайын көңілі бір тоймады.  
Араны барған сайын қатты ашылып,  
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

Қан ішер қаһарлы хан ашуы көп,  
Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп.  
Сол күнде қошеметші айтады екен,  
Ханның ханы, патшаның патшасы деп.

Атағы талай жерге оның жетті,  
Жердің жүзін алуға талап етті.  
Есепсіз әскер ертіп, жарақтанып,  
Есіткен елдеріне жүріп кетті.

Алдынан шыға алмады ешкім мұның,  
Бәрін де алды, қорқытты жолдағының.  
Жан шықпады алдынан, тоқтауы жоқ,  
Жер жүзін жеке билеп алмақшының.

Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті,  
Алып жүрген суының бәрін ішті.  
Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп,  
Басына Құдай салды қиын істі.

Сандалды сар далада су таба алмай,  
Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?  
Қызметкердің бәрін де өлтірмекші  
Болыпты, шөлдегенге шыдай алмай.

Мысалы, астындағы ат о дағы ұшты,  
Ескендір де атының жалын құшты.  
Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге  
Патшаның ат үстінде көзі түсті.

Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,  
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.  
Түсе сала Ескендір басты қойды,  
Ішсе, суы өзгеше, төтті тым-ақ.

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,  
Сол суға балықты алды бір жудырып.  
Исі, дәмі өзгеше болып кетті,  
Таң қалды мұның бәрін суға жорып.

Ескендір қолына айтты: «Бұл неткен су?  
Бәрің де ішіп, бұл суға бетіңді жу!  
Бір бай елден осы су шыққан шығар,  
Өрлеп барып, үстіне тігелік ту.

Бұл салқын, төтті суға қаныңыздар,  
Шақ келер маған жан жоқ наныңыздар.  
Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп,  
Талқан қылып шаһарын алыңыздар!».

Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,  
Шаһарына жеткенше дамыл көрмей.  
Көкпеңбек темір киген өңкей батыр  
Тарттырып жөнеледі сырнай-керней.

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,  
Судың басы бір құзар шатқа кірді.  
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,  
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,  
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды.  
Аша алмады қақпаны, үміт үзді,  
Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды.

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,  
Келмей ме тоқтаусыздың бөрі даңғой?  
Дел-сал болып бөрі де қайта шықты,  
Алысып әл келмесін байқаған ғой.

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,  
Ашуланып қақпаға жетіп барды.  
Қақпаны дүбірлетіп қағып-қағып:  
– Қақпаны аш! – деп барынша айғай салды.

Қақпаның ар жағынан біреу келді,  
Күзетшісі сол екен, дыбыс берді.  
– Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,  
Бұл – Құдайға бастайтын қақпа, – деді.

– Білмесең, мен Ескендір патша деген,  
Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген.  
Қақпанды аш, хабарыңды айт, білдір маған,  
Қорлығым өзім тауып, көз көрмеген.

– Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,  
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!  
Іші тар, көре алмастың біреуі – сен,  
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

– Талпынған талаппенен мен де бір ер,  
Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер.  
Ең болмаса, халқыма көрсетейін,  
Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер.

Қақпадан лақтырды бір орамал,  
Сыйым – осы, падиша, мынаны ал!  
Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер,  
Апар-дағы ойланып, көзіңді сал!

Орамалды қуанып қолына алды,  
Сый алдым деп халқына қайта салды.  
Қараса, ішінде бір қу сүйек,  
Бұл не еткен мазағы деп аң-таң қалды.

Ашуланып, сыйына болды кекті,  
– Ең болмаса, білмеді сый бермекті.  
– Осы менің теңім бе? – деп ақырып,  
Лақтырып жіберді сол сүйекті.

Жолдасы Аристотель ақылы мол,  
Лақтырған сүйекті алады сол.  
Ханға айтты: «Қасиет бар бұл сүйекте,  
Көзіңе көрсетейін, хабардар бол».

Сол күнде Аристотель жеке дара,  
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:  
– Таразыны әпкел де, сүйекті сал,  
Бір жағына алтын сап, өлшеп қара!

Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,  
Таразыны құрдыртып, ортаға алды.  
Қанша алтынды күміс пен салса-дағы,  
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды,  
Бар қаруын алтынға қоса салды.  
Енді қайтер екен деп қарап еді,  
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды.

Аристотель хакімге патша келді:  
– Мына сүйек қазынаның бәрін жеңді.  
Бұл сүйекті басарлық, нәрсе бар ма?  
Ақылыңмен ойланып тапшы! – деді.

Хакім жерден топырақ алып барды,  
Бір уыстап сүйекке шаша салды.  
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,  
Сүйек басы жоғары шығып қалды.

Ескендір мұны көріп аз тұрады,  
Хакімді аулақ жерге шақырады.

– Таң қаларлық іс болды мұның өзі,  
Мәнісін айтып берші, – деп сұрады.

– Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға.  
Тоя ма адам көзі мың мен санға?  
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,  
Өлсе, тояр, көзіне құм құйғанда.

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,  
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?  
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні  
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:  
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.  
Сый сұрадың, бергені – бір қу сүйек,  
Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат!

Ойлап-ойлап патшаның мойны түсті,  
Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.  
Бекерлік екен менің бұл ісім деп,  
Қолын алып, жұртына қайта көшті.

Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,  
Мұны бір өзге сөздің бірі деме.  
Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,  
Тоймас көзің толар деп қайғы жеме.

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,  
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!  
Ұятың мен арыңды малға сатып,  
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,  
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп,  
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,  
Антұрғаннан Құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,  
Бойыңа өлшеп сөйлесең,нең құрайды?  
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,  
Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?!

### *Әдебиет теориясы*

**Нәзира, нәзирагөйлік** (араб тілінен –жауап, ұқсау мағынасында) – Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби дәстүр.

Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буын, тағы бір ақын қайталайтын дәстүр болған. Мысалы, «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархад–Шырын», «Ескендір» тақырыбын бірінен соң бірі қайталап жазған классиктер бар. Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғы ақынның жазғанын қайталамайды, ол баяндаған негізгі оқиғаны сюжет желісі етсе де, өз еркімен өзгертіп, тың дүние ұсынады. Сол себепті бір тақырыптың әр ақында қайталануы аударма деп қабылданбауы тиіс. Шығыс поэзиясы бұған «нәзира» деген атау берген.

Абай Құнанбайұлының поэмалары осы нәзира дәстүрімен өмірге келген. Ол шығыс халықтарының аңыздарынан тараған «Масфұтты» да, өзге ұлттың ақындары жырлаған «Ескендірді» де жақсы білген. Бірақ оларды қайталамай, өз халқына маңызды болатындай етіп ұсынған.

**Поэма** (грек. роіема – туынды, шығарма деген мағынада) – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма.

Абай Құнанбайұлының үш поэмасы бар. «Ескендір», «Масфұт» және «Өзім әңгімесі». Ақынның үшінші поэмасы аяқталмай қалған.



1. «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» Ескендір туралы сендер де білесіңдер ме?
2. Әлемнің қай қаламгерлері Ескендір туралы шығармалар жазған?



1. «Ескендір» поэмасының сюжеті қайдан алынған?
2. Абайдың поэмалар жазудағы шеберлігі қандай?
3. Шығыс сюжеті дегенді қалай түсінесіңдер? Оны Абай поэмалары негізінде түсіндіріп, шығыс сюжетін қалай пайдаланғанын айтыңдар.

4. Абай поэмаларының тақырыптық жағынан басқа шығармалардан айырмашылығы неде?



1. Тарихта болған Александр Македонский туралы ізденіп, мәлімет дайындаңдар, кестені толтырыңдар:

Тарихтағы Александр Македонский	Поэмадағы Ескендір

2. Поэmanın соңы қандай шумақтармен аяқталады? Поэmanın қорытындысынан ақынның алдына қойған мақсаттарын аңғаруға бола ма? Олар қай өлеңдерінде айтылған?
3. Поэмадан туатын ойларға қандай мақал-мәтелдер сәйкес келеді?
4. Хрестоматиядан «Масғұт» поэмасын оқыңдар.



1. Поэmanın композициялық құрылымын жасаңдар.

№	Поэmanın композициялық элементтері	Композициялық жоспар	Суреттеу тәсілі	Поэmanın тілі (мысалдар келтіру)
1	Оқиғаның басталуы			
2.	Оқиғаның байланысы			
3	Оқиғаның дамуы			
4	Оқиғаның шиеленісуі			
5	Оқиғаның шарықтау шегі			
6	Оқиғаның шешімі			

2. Әдебиет теориясы бойынша поэмаға талдау жасаңдар.
3. Поэмада әділдік пен жауыздық қалай суреттеледі? Екі кейіпкердің диалогінен әділдік пен жауыздық идеясының бетпе-бет келуін, жауыздықтың даналық пен ақиқат алдында бас иген жерін тауып, талдау жасаңдар.
4. Поэмадағы менмендік, жауыздық сияқты ұнамсыз мінездерден аулақ болуды Абай қай өлеңдерінде сөз етеді?



1. «Ескендір» поэмасының тарихи және көркемдік құндылығын саралап, тұжырым ретінде жазыңдар.
2. Поэmanın философиялық түйіні неде, негізгі идеясы қандай?
3. Ескендір бейнесін салыстырмалы түрде сипаттаңдар:

Ескендір	Аристотель
Қандай адамдар? Не істеген?	

4. «Ескендір» поэмасын Низами поэмасымен салыстыра талдаңдар.
5. Адамның көз сүйегін беру арқылы Абайдың қандай көзқарасы байқалады? Жауыздық пен әділдік бетпе-бет келу арқылы қайсысы жеңіске жетеді? Ақын мақсаты неде? Дебат ұйымдастырыңдар. (Жақтаушылар мен даттаушылар)



1. «Поэмадағы адамның көз сүйегі – әділдіктің символы» атты тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.
2. Поэманы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанымен салыстыра отырып, «Мемлекетті басқаратын адам қандай болуы керек?» деген тақырыпта әдеби сын жазыңдар.



## Оқу сауаттылығы

- 1) «Ескендір» поэмасында:  
*Мақтанасың біреуге мақтасын деп,  
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп,  
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,  
Антұрғаннан Құдайым сақтасын деп», – жазылған.*  
Сұрақ: Шаужайымнан деген сөздің мағынасы не? Абай Құнанбайұлы оны қай мағынада қолданған?
  - a) етегіме жабыспа деген, тура мағынасында айтылған.
  - b) атыма жабыспа деген, тура мағынада айтылған.
  - c) шаужай – аттың шылбыры мен тізгінінің түйіскен жері, кедергі жасама дегенді айту үшін ауыспалы мағынада айтқан.
  - d) аяғыма жабыспа деген, тура мағынада айтқаны.

- 2) – Талпынған талаппенен мен де бір ер,  
Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер.  
Ең болмаса, халқыма көрсетейін,  
Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер.

*Сұрақ:* «Кездей келді көрмеген жер» дегеннің мағынасы не?

- a) Кез – мата, сондықтан байланыс жоқ.
  - b) Кездей мата сияқты өлшей беруге болатын зат сияқты айтқаны.
  - c) Кездей келді, яғни кез болды, көрмеген жерді көрудің сәті келді деген.
  - d) Көздей дегені шығар.
- 3) – Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға,  
Тоя ма адам көзі мың мен санға?  
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,  
Өлсе, тояр, көзіне құм құйғанда.

*Сұрақ:* жеміт көз дегенді қай мағынада айтқан?

- a) Жеміт көз – көзі нашар көретін адам.
- b) Жемтік көз қанағаты жоқ, тойымсыз адамды айтқаны.
- c) Түстерді ажырата алмайтын адамды айтқаны болуы мүмкін.
- d) Жемтік көз көзінің қарашығы жоқ болуы мүмкін.



### *Оқушы күнделігі*

*Егер сендерге Ескендірдің орнында біраз уақыт болу мүмкіндігі берілсе, не істер едіңдер? Өз ойларыңды жазыңдар.*



### *Артық болмас білгенің*

Қазақ арасына тараған Ескендір жайындағы шығармалардың сюжеті үш түрлі болатын. Бірінші сюжеті мынадай: Ескендір патшаның басында мүйізі бар. Мүйізі бар екенін ешкімге білдірмеу үшін ол шашын алдырған кісілердің бәрін өлтіріп отырған. Сондай шаштараздың ішінен біреу тірі қалады. Күндердің бір күнінде әлгі шаштараз құпиясын жасыра алмай, құдыққа барып: «Ескендірдің мүйізі бар!» – деп айқайлайды. Құдықтан қамыс өсіп шығады да, желмен шайқалып, ән салады. Сөйтсе, қамыстан шыққан дыбыс «Ескендірдің мүйізі бар!» деген сөз болады да, елге тарап кетеді. Әрине, фольклор болғандықтан, бұл сюжет әр нұсқада айтылады. Мысалы, Ескендірдің мүйізі кейде есек құлағы болып келеді немесе мүйізін жария етуші қамыстан жасалған сыбызғы деп айтылады, я болмаса, оның мүйізі қасиетті болған деп те баяндалады.

*(Академик Сейіт Қасқабасов.*

*Жаназық. – Астана: Аударма, 2002, 557-бет)*

## I бөлім БОЙЫНША ТЕСТ

### ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ

1. Абай Құнанбайұлының өлеңдері қай кезге дейін «Көкбай сөздері» деген атаумен жарияланған?
  - A) 1896 жылы
  - B) 1883 жылы
  - C) 1904 жылы
  - D) 1889 жылы
  - E) 1888 жылы
2. Абай Құнанбайұлы қай жылдары болыс болған?
  - A) 1875–1878 жылдары
  - B) 1876–1878 жылдары
  - C) 1888–1904 жылдары
  - D) 1845–1904 жылдары
  - E) 1898–1904 жылдары
3. *Біріңді, қазақ, бірің дос,  
Көрмесең – істің бәрі бос.*  
Бұл Абай Құнанбайұлының қай өлеңінде жазылған?
  - A) «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым»
  - B) «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»
  - C) «Сегіз аяқ»
  - D) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» .
  - E) «Лай суға май бітпес қой өткенге»
4. Абай Құнанбайұлының қай поэмасы аяқталмай қалған?
  - A) «Ескендір»
  - B) «Масғұт»
  - C) «Көзімнің қарасы»
  - D) «Айттым сәлем, Қаламқас»
  - E) «Өзім әңгімесі»
5. Абай Құнанбайұлы туралы мақала, кітап жазған, алғаш рет фотосуретін жариялаған тұлғаларды танып, олардың еңбектерімен сәйкестендіріңдер.

- 1) Ахмет Байтұрсынұлы 1) «Абай жолы» романы
- 2) Мұхтар Әуезов 2) «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы»ның 18-томында «Киргизский край» деген атаумен 1903 жылы Санкт-Петербургда басылып шыққан мақаланы орыс тілінде жазған және фотосын жариялаған.
- 3) Әлихан Бөкейханов 3) «Қазақтың бас ақыны» деген мақаланы «Қазақ» газетінде жариялаған.
- 4) Кәкітай Ысқақұлы 4) Абай Құнанбайұлының тұңғыш библиографы, ақынның тұңғыш жинағын 1909 жылы жарыққа шығарған.
- 5) Міржақып Дулатұлы 5) «Қазақ» газетіне ақынның қайтыс болғанына он жыл толуына орай мақала жазған.

- a) 1-2; 2-3; 3-1; 4-4; 5-5  
b) 1- 3; 2-1; 3-4; 4-5; 5-2  
c) 1-4; 2-3; 3-2; 4-1; 5-5  
d) 1- 1; 2-2; 3-3; 4-4; 5-5  
e) 1-3; 2-1; 3-2; 4-4; 5-5

**6. «Ескендір» поэмасында қолданылған символдарды табыңдар.**

- A) Ескендір, Аристотель  
B) Бұлақ, балық  
C) Көз сүйегі, қақпа  
D) Қару, таразы  
E) Шөл дала, құзар шат

**7. Абай Құнанбайұлының «Ескендір», Масғұт» поэмалары алғаш рет қай жылы жарық көрді?**

- A) 1845  
B) 1904  
C) 1909  
D) 1889  
E) 1905

**8. Абай Құнанбайұлының тұңғыш библиографы кім?**

- A) Мүрсейіт Бікеұлы
- B) Көкбай Жанатайұлы
- C) Кәкітай Ысқақұлы
- D) Ақылбай Абайұлы
- E) Әбдірахман Абайұлы

**9. Абай Құнанбайұлының шығармаларын хронология бойынша сәйкестендіріңдер.**

- |                           |  |
|---------------------------|--|
| 1) 1886 жылы              | A) «Көңілім қайтты достан да,<br>дұшпаннан да» |
| 2) 1887 жылы              | B) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»         |
| 3) 1895 жылы              | C) «Лай суға май бітпес қой өткенге»           |
| 4) 1889 жылы              | D) «Болыс болдым, мінеки»                      |
| 5) Жазылған жылы белгісіз | E) «Ескендір»                                  |

- a) 1a, 2b, 3c, 4d, 5e
- b) 1c, 2a, 3b, 4e, 5d
- c) 1b, 2d, 3a, 4c, 5e
- d) 1e, 2a, 3d, 4b, 5e
- e) 1a, 2b, 3c, 4d, 5e

**10. Абай Құнанбайұлының «Болыс болдым, мінеки» өлеңі «Дала уәлаятының газеті» басылымында қай жылы жарық көрген?**

- A) 1885 жылы
- B) 1889 жылы
- C) 1883 жылы
- D) 1884 жылы
- E) 1886 жылы

## II бөлім

# ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ

---

---

Проза – қара сөздің қоймасы. Ол өлең емес десек те, сөз шебері алдыңнан шықса, ерекше қабілеті мойындатпай қоймайды. Өйткені ол жай, көп сөздің бірі болып қалмайды. Шығармалар неше том болса да, сөз бен ойдың тұңғыығына тартылып, бөлек әлемді сезінуге болады. Айтарыңды небір көрікті ойлармен көркемдеп, астарлы сөздің құпиясымен таңдандырады, ой салады. Сендердің азамат болып қалыптасуларыңа да әсер ете алады. Шын таланттың әр шығармасын оқыған сайын рухани жан дүниелерің байып, қоғамдағы өз орындарыңды табуларыңа көмектеседі. Сендер де айтулы азамат болуларың керек. Көркем сөз осы мақсаттарыңа жетуге көмектеседі. Міне, сондықтан бейнелі сөздің шеберлері проза саласында да қадірлі, қастерлі.



**ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ**  
(1889–1931)

**Жүсіпбек Аймауытов** 1889 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында кедей отбасында дүниеге келген. Қазақтың белгілі ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровпен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлымен аталас. 15 жасқа келгенше ол ауыл молдасынан оқиды, кейін өзі де бала оқытады. 1907 жылы Баянауылда орыс мектебінде, кейін ауыл шаруашылығы саласы бойынша оқытатын мектепте оқиды. 1911 жылы Керекуге (Павлодар) қаласына келіп, екі класты орыс-қазақ мектебінде, сосын интернатта білім алып, 1914–1919 жылдар аралығында Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып, білім алады. Бұл семинарияда Мұхтар Әуезовпен, Қаныш Сәтбаевпен танысады, бірге оқиды. Бұл кезеңде ол өлең, мақалалар жазумен айналыса бастайды,

ұлттық мәселені көтерген Алашорданың қызметіне тілектес болады. «Абай» журналын, «Сарыарқа» газетін шығаруға атсалысады.

Кеңес өкіметі орнаған соң 1920 жылы Коммунистік партияның қатарына кіреді, бірақ 1922 жылы одан шығады. 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, кейін «Қазақ тілі» газетінің редакторы болған. Сол кездегі саяси жағдайдың тұрақты болмауы оның бір жерде орнықты қызмет етуіне мүмкіндік бермеді. Сол себепті ол 1922 жылдан Қарқаралыдағы мектепте, кейін Орынборда, Ташкентте халық ағарту институтында, араға уақыт салып, осы қаладағы әскери мектепте, ал 1926–1929 жылдар аралығында Шымкенттегі педагогикалық техникумда директор болған. 1929 жылы Қазақстан астанасы Қызылордаға ауысқанда, «Еңбекші қазақ» газетіне қызмет істеуге барған. Бірақ осы жылы 14 мамырда «революцияға қарсы жасырын ұйым мүшесі» деген жаламен ұсталып, 1931 жылы 21 сәуірде Мәскеудегі Бутырька түрмесінде атылды.

**Поэзиясы.** Жүсіпбек Аймауытов шығармашылық жолын өлеңмен бастаған. 1917 жылы «Сарыарқа сәлемі» атты өлеңі «Сарыарқа» газетінде жарық көрді. Сол жылы «Жазушыларға», «Отағасы», «Ұршық», «Ах-ха-халау» өлеңдері «Алаш» газетінде, ал 1918 жылы «Көшу», «Ұран», «Әскер марсельезасы» атты өлеңдері «Абай» журналында жарияланған. Кейінгі жылдары «Жәмила» (1920), «Тұңғыық түпсіз аспанда» (1926), «Нұр күйі» (1929) атты поэмалар жарық көрді. Ақын өз дәуірінің жыршысы ретінде «Ленинге», «Қазақстанның 6 жасқа толған күніне арналған ұран өлең» деген тақырыпта шығармалар жазды.

**Прозасы.** Жүсіпбек Аймауытовтың проза саласындағы еңбектері біршама. Оның «Қартқожа» және «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» атты повесі, «Әнші» әңгімесі, т.б. белгілі.

Жазушының туындылары елдегі жағдайды, адамдардың тағдырларын реалистік сипатта суреттеді. Осылайша Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалары қазақ ұлттық роман жанрын қалыптастырып, оның дамуына ықпал жасады.

«Қартқожа» романы 1926 жылы Қызылорда қаласында жарық көрді. Бұл шығармада жазушы қазақ ауылындағы бір аласапыран кезеңді боямасыз жеткізген. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басталуы мен оның 1917 жылы Ақпан революциясына ұласуы, қазақ жерінде «Алашорда» үкіметінің құрылуы мен ақ әскерлердің большевиктерге қарсы күресі, Қазан төңкерісі, азамат соғысы – осының бәрі романның сюжетіне негізгі арқау болған.

«Жүсіпбек реализмі ел тіршілігінің, халық тұрмысының жалпыға ортақ қиындығын жұмсартпай, оның ұнамды-ұнамсыз жақтарын кең сурет-

теуіне негізделеді. Қартқожаның көтерілісшілер ортасында болған кездегі көргендері, жасақтың жиналып, тау арасында босқа жатқан күн көрісі, жалпы көшпелі елдің бейжай, берекесіз тіршілігін еске салады»<sup>1</sup>, – деп жазған академик Серік Қирабаев.

«Қартқожа» романының прототипі – Қартқожа өмірде болған адам. Романның соңында Омбыда солдат болып, елге келген Қартқожа: «Сөз емес, іс керек. Жоғалсын бас қамы! Құрысын надандық! Жасасын жұртшылық! Жасасын елге еңбек қылған ерлер!» – деп ұрандайды. Расында да, өмірдегі Қартқожа да бала оқытып, пайдалы қызмет қылуды ойлаған. Романның белгілі болатындай, ол Алашорданың мүшелерімен, халықтың қамын ойлаған басқа да тұлғалармен араласқан, соның да әсері бар, өмірдегі шын Қартқожа 1937 жылы жазықсыздан жазалы болып, қаза болды. Бүгінде одан тараған ұрпақтары белгілі.

Ал «Күнікейдің жазығы» атты повесі 1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналында жарық көрді. Бұл туындының тақырыбы – әйел тағдыры. Мұнда да ел жағдайы, тіршілік боямасыз суреттелген.

«Өнші» атты шығармасы 1925 жылы өңгіме жанрында жазылған. Бұл кейіпкердің прототипі – қазақтың атақты өншісі, Парижде домбырамен өн салған Әміре Қашаубаев.

**Жүсіпбек Аймауытовтың драматургиясы.** Жазушының бұл саладағы шығармаларындағы басты тақырып – ел азаттығы. Ол бұл шығармаларында азаматтардың елге қорған болуын жақтап, әйелдердің бас бостандығын қорғайды. Мысалы, «Рабиға» пьесасында мал берген қойшы шалға тұрмысқа шыққан Рабиға деген жас әйелдің өмірі арқау болған. Жазушы оның қиын жағдайын жеткізуші болып қана қоймайды, пьесаның соңын Рабиғаның: «Кел, қазақтың күң қыздары, қол ұстасып, бостандық тұрмысқа жетейік!» – деген сөздерімен аяқтап, ұран тастайды.

«Мансапқорлар», «Ел қорғаны», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз» атты пьесаларында да кейіпкер арқылы таптық теңсіздіктен құтылып, жаңа өмірге деген сенімді жеткізеді.

**«Ақбілек» романы туралы.** XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазушылар қазақ қыздарының тағдырын кең тұрғыда азаматтық ұстаныммен жазуға құлаш ұрды. Оның дәлелі – Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», т.б.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы кейіпкерлер жүйесі айқын жіктелген. Мұнда кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы ала-

<sup>1</sup> Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повесть, өңгімелер, пьесалар (Құраст.: М.Атымов, Қ.Керейқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989, 9-бет).

сапыран кезеңдегі қазақ аулындағы жағдай баяндалған. Сондықтан сол тарихи кезеңде болған жағдайда адамдардың типтері анықталған. Ақбілек бейнесі арқылы бүкіл қазақ қызының тағдыры, жаңа өмірді, азаттықты аңсауы, қиындыққа мойымауы, т.б. ізгі қасиеттер жинақталған. Ақбілек – сұлу, сонымен қатар ақылды. Ол өзінің ақылының арқасында өлімнен аман қалады.

Жаңа қоғамның орнауы барысын суреттеген шығармада бірнеше типтегі кейіпкерлер көрінеді. Адамгершілігі жоқ, тар ойлы Мұқаш пен екіжүзді, жылпос Жылтыр типтері шынайы шыққан. Сонымен бірге ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде орын алған жағдай суреттелгендіктен, қоғамдағы өзгерістер әсерімен жаңа сападағы жастар типі де сомдалған. Ақбілектің достары осылайша айқындалған.

Романда оқиға екі арнада өрбиді. Бірінде жаңа заманға аяқ басқан елдегі жағдайлар суреттеліп жатса, екінші арнада Ақбілектің жан-дүниесі шығарманы ширатады.

«Ақбілек» романы 1927 жылы «Әйел теңдігі» журналында жарық көрді. Еліміз тәуелсіздік алып, жазықсыз жапа шеккендер ақталған соң, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалары туған халқымызбен қайта қауышты.

**Менің ұстазым – Жүсіпбек Аймауытов. Маған жазуды үйреткен, қалай жазудың үлгісін көрсеткен Жүсіпбек еді.<sup>1</sup>**

*(Ғабит Мүсірепов)*

## **АҚБІЛЕК<sup>2</sup>**

### **Бірінші бөлім**

Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманьың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгеінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар. Алтай, Күршім – не заманнан қалың Найман мекені...

Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлі алқалаған – ақ ауылды Алтай елі...

<sup>1</sup> Тұрысбек Р. Жүсіпбек Аймауытұлының өсемдік өлемі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003, 3-бет.

<sup>2</sup> Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. – 328 б.

Өлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұраңдасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса – есің кетіп, сұңқыл қақса – шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді. Кеп онда емес-ау, жарандар! Бер қарандар, құлағың сал! Тыңдаушылар анталаса, кеп құрайын бір тамаша. Ертегі емес, ертеде емес, ұзын да емес, келте де емес, қарапайым қара сөзбен бір әңгіме шертейін. Қысыр сөзді қысқартайын, әңгімеге жол тартайын. Өлең сөзге олақ едім, күйлі емес деп қомсынбаңдар.

Сол Алтайдың бөктерінде жам жолменен жандамайлап ала ат мінген жалғыз адам келе жатыр бейсауат. Көтегейті – Күршім жақ, бет алысы – Қаракем шаты...

Ала ат мінген терең шаттың дәл аузына аттанғанда, алақ-жұлақ қаранды да, тоқтады. Тар ауызда тас тасалап, сұр шекпенді, бесатарлы біреу жатыр бас бағып. Өлгі шекпен ала аттыны көре сала, ақ орамал көтерді, ала ат мінген оны көріп, ақ тымағын көтерді. Сөйтті-дағы ала ат мінген қапсағаймен ат жетелеп, асып кетті әрі қарай...

Мамырбайдың малайлары қора жамап, пешін қалап, үйін сылап болған еді. Мамырбайдың бәйбішесі маң-маң басып, малайларға киіз үйін қағып-сілкіп, жинатқызып жүрген еді. Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – жалғыз қызы алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, ақ көйлегін көлбеңдетіп, қызыл-жасыл көрпелерін қағып, үйге өкелген еді. Қасындағы қыздарына қабақ шытып, қаңқыл етіп, дауысы сыңқыл-сыңқыл етіп:

- Көзім тартып тұрғаны несі? – деп, бір бұраңдап қойған еді...
- Жай тартады да... қуанарсың... қай көзің?..
- Қуанар ем сол көзім, – деді бітті, кім елеген ондайды?..

Күн батпай-ақ, көз барында манағы айтқан терең шаттан іннен шыққан қасқырларша, шұбап шықты төрт атты. Оның бірі – манағы айтқан, өзің көрген ала атты. Енді үшеуі: қалпағы бар, мылтығы бар, қылышы бар, көк шекпенді, қоқаңдаған, қоқиланған жат адам. Сол төрт атты шаттан шығып, ылдифа түсе, өкшелерін қадады. Қадап еді, ат пысқырды, ауыздығын қарш-қарш шайнап, есілді. Есілді де, екпіндетіп, үңгірдегі бір ауылға келді саусылдап. Келе тарс-тұрс. Үріктірді, бөріктірді, елдің апшысын қуырды:

– Тап атты!.. Мылтық қолда, қамшы жонда, ат таппасқа әдді не? Атты да алды, шідерді де алды, жүгенді де алды, кілем, көрпе, қоржын, шалбар... – бөрі кетті.

- Төре... тақсыр...

– Ой, Құдай-ай!..

Шайды алдына жаңа қойып, «Біссміләні» келтіргені сол еді, Мамырбайдың бір малайы жетіп келді еңтігіп:

– Келіп қалды!

– Кім, кім?

– Көкпең-көк...

– О кім?

– Өңшең орыс! Мамырбайдың мұршасы:

– Жина, ұмтыл, қаш, тығыл! – деуге ғана келді. Дастарқан мен шай қалды жайрап, жиюсыз шыны аяқ қалды күйреп, Мамырбай күрс-күрс, бір есікке, бір төрге... жаушы-жалам, бөйбіше де, қыз да жоқ. Сыртқы есікке жетер-жетпесте Мамырбайдың кеудесі үңірейген үш мылтықтың аузына тірелді. Бай шалқалап, мұрттай ұшты. Мылтық дүмі, қылыштың қырымен айдап шығарылған ауылдың еркек біткені басын қорғап, борсаңдап, Мамырбайдың еттігіне отағасын бас қыла қамады да, сыртынан қара құлып салынды. Аузында күбір-күбір «Сұбқан», аяғы жыбыр-жыбыр еңкең қағып, қораны орағытып бөйбіше келе жатыр еді, орыс алдынан тап болды.

– Қайдан келесің?

– Мына... мына, – дей беріп еді.

– Мә, саған мына-мына! – деп, білеуітпен ащы айғай басына қабат тигенде, көзінің оты жарқ етті. Жаулық кетті жапырылып, ауыз кетті опырылып.

– Тап деген соң, тап қызды! Кімнің қызын, Жасаған?!

– Сенікі қыз, сенікі.

– Қызым жоқ, ойбай!..

– Қыз бар! Табасын! Орыс қадалып, білеутін зулатты. Бөйбіше қадалып, «Қызым жоқ» деп бажылдап, өтірікті саулатты.

– Өзім табам, – деп, орыс жүгіріп ала жөнелді. Үш орыс қолдарына шырақтан алып, қораны, үйді, тезекті, шұқырды, жүкті, пішенді – бірін қоймай, найзаларымен піскілең тінтіп жүр. Зым-зия, Ақбілек жоқ. «Орыстар келіп қалды» дегенде, бөйбіше теріскейдегі кішкене есіктен ештеп шығып, жер бауырлап, бүкеңдеп, Ақбілегін жетелеп, бір апанға апарып: «Тырп етпей жат!» деп кеткен. Қыз табылмай, сандалып, долданып қайтқан үш орыс бөйбішені терезе алдына етпетінен басып, жиырма бес қамшы соқты. Үні шықса, Ақбілегінің жаны қабат шығады ғой, құшырлана тістеніп, ышқына ыңқылдағаннан басқа дыбыс бермеді. Желге, күнге тигізбей, аялап өсірген жалғызын «көпірге» қорлыққа қиғаннан өлгені артық емес пе? Түнерген түнде абайсыз ауыл абалаған ит даусына айналды. Ауылдан

бажылдаған, балдырлаған жат үн шықты. Бір тайпа ауыл – үш мылтықтың албастысы басып, түншықты. Үрейлі ауылды торып, екі ат жетелеп, ойқастап, құлағын түріп, түсі жаман, ойы қараңғы бір адам жүр. Ауылдан бажыл шыққанда, әлгі адам бір тұрып, бір жүріп, ауылға таман ұмтылды. Ұмтылып еді, астындағы жануар қорс етіп, лоқып қалды. Аяғын үзеңгіден ештеп сырғытып, сыбдырын ұрлап, жұмсақ шөпті жапыра басып, жерге түсті. Атын артқы қасына қайқита қаңтарып, қыл шылбырмен тұқырта тас қылып ұстап, үш атты матастырды да, қотанға кіретін епті қасқырша бүкеңдеп адымдады. Қарауытқан қара жамылған ауылдың иті ұлып тұр. Бес-алты адым аттады ма, жоқ па, әлде шөптің сыбдырындай судыр еткен – аяқасты қарауытқан шұқыр болды. Шұқыр түбінде бірдеңе ағараңдаған тәрізді, қимыл етті.

- Ағатай-ай! – деді біреу ышқына сыбырлап.
- Ақбілекпісің? – деді әлгі адам біліп қойғандай.
- Мен едім, құтқар, ағатай, – деп, апанның ернеуіне таман өрмелеп еді.
- Құтқарам. Бұқ. Жата тұр, – деді де, қазақ қалбалаңдап жоқ болды.

Екі қолы алдына созулы Ақбілек қалшыып қалды...

Күбір-күбір адам дауысы естілген тәрізденді. Ақбілектің жүрегі зырқ ете түсті. Зырқ етпей қайтсін, тықыр шықты... Өйткені ажалдай түсі суық саудыраған үш адам келіп қалды. Бала қамаған лаққа ұқсап, апанды айнала жүгіріп, өкпесін соққан торғайдай торға ілінді. Сонда да есінен танбады:

– Апатай-ай! – деген жан даусы таудың басына барып шақ еткендей болды. Мейірімсіз темір қолдар алып ұрып, аузын басып жатса да, қолды кейін сермеп, басын жұлқып, үзіліп, өзеуреген ащы айғайы апатайының құлағына сап етті. Жолына шойын тағалағандай апасы сіресіп қалса да, елемей, шыңғырған дауысқа қарай үкідей ұшып келеді. Қызын бүркітше бүріп, іліп жатқан екі орысты анасы екпінімен келіп, итеріп тастап, балапанын басқан ана құстай, баласын бас салды. Олай сүйреп, бұлай жұлқып, қызды анасының құшағынан ала алмаған соң, орыстар мылтық дүмін жұмсады. Жанына мылтық батқанда, анасы қызын тастай беріп, алыса кетті. Апыр-шұпыр екі орысты екі алып ұрып, бірінің үстіне бірін білектеп жатқанда, үшінші орыс тайқып, шегіне берді. Босанысымен қашуға оңтайланған Ақбілек апанның ернеуіне жете түсіп, анасының қалып бара жатқанын көріп, қайта апанға түскенде, анасы қызына қарсы ұмтылды. Сол кезде бос қалған орыс анасын жауырын ортадан басып салды.

– Алла! – деп, ана құлады. Үш орыс қызды көтеріп, ойбайлатып алды да жөнелді...

## БЕКБОЛАТ

Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуіне шығып тұр. Атым – Бекболат...

Әкем айттырған Жаманбаланың шотпақ қара қызын менсінбей, Мамырбайдың Ақбілегін елден таңдап айттырып едім. Малжанды соққан екен, малымды түгел алмай, есік көрсетпеймін деп, көнбей қойды. Бойжеткен қалыңдығым тұрғанда, қарап жатайын ба, жасырын барам деп, кісі жіберіп алып, «Өзі біледі» деген соң, бүгін жолыққалы келе жатыр едім... Ауылға таяна бергенде.., бір мезетте «Апатайлаған» Ақбілектің, одан мылтықтың даусын, аттың дүбірін есіткен соң, дөтім шыдамай, не де болса, қолында өлейін деп, қуып бердім. Қараңдаған екі аттыға жаңа жете бергенде, оң иығымнан оқ сап ете түскенде, көзім қарауытып, басым айналып кетті. Не болғанымды білмедім... Асыл жарым, екі көзің жаудырап, орысқа қор боп кеттің-ау!..

## ӘПЕСЕР

...Орыс сияқты жері мол, қолтығы кең жұрттың қол астына қарағанына қазақ төубе қылу керек қой... Қазақ зөбірің тиді деп, бізді айыптайды... қазақ әскер болып, қазақ әскері орыс елінің ішінде жатса, маңайына зөбірі тимес пе еді?.. Кешегі Жетісу майданында мұжық қалаларын алғанда, қазақ әскері қандай қылды?..

Қазақ жеріне келейік деп келгеніміз жоқ. Ресейде төңкеріс болып, патшаны түсірген соң, өзара, екі жарылып, ел билегенге таласқан соң, үкіметті қара жұмысшы мен қара солдатты жоқтаған большевиктер алып кеткен соң, біздер, орыстың шын ұлдары құл-құтанға бағынбаймыз деп, соғысып, жеңіліп, қашып келіп отырмыз...

Біз өзір тіріміз. Тіршілік деген – арпалысып күнелту деген сөз. Ендеше біз тіршілік қып жүрміз. Бізді қазақ айыптаса, білмегеннен айыптайды.

## МҰҚАШ

Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сұр жігітпін. Жасым 35-те. Әкем – Тойбазар, өзім Мұқаш болғалы аузым асқа, ауым атқа жарыған емес. Ес біле есікте жүрдім. Ө дегенде, құны жоқ, былық, сараң, жаман Төлеубай дегеннің қозысын бақтым...

Он беске келгенше Шаманбайдың қойын бақтым, о бір Құдайдың атқаны! Өліп бара жатырмын десең, қойға бір тайын мінгізбейді...

Қалай Бөдіғұлдың жылқысын бақтым, солай көзім ашыла бастады... Жылқы бақтым – кісі болдым...

Жылқы жұттан кейін, енді есікте жүргім келмеді, не де болса, алыс жерді де бір көрейін деп, пароходқа жұмыс қылуға жалдандым. Ертіс ағып, Өскемен, Зайсан, Семей сияқты қалаларды көрдім. Азын-аулақ орыстың тілін де үйрендім. Орыспен араласып, орыс тілін үйренген соң, кеудеме нан піскендей, өзіме өзім әлдеқандай көріндім. Өзім бір тұрған заңмын. Орыспен де, қазақпен де сөйлесе кетем. Елде жүрсем де, қалаға барсам да, өлмейтін тәріздімін...

Жалғыз кемдігім: қағаз танымайтыным ғой. Мендейлер толып жатыр ғой. Өттең, дүние! Қолым хат білсе, Күршім өзенін теріс ағызар ма едім, әлде қайтер ем... Ақтар қашып, қызылдар келіп, қала-қалаға орнады. Балшабай деген бар, кедейдің пайдасын сөйлейді, Балшабайға жазылған кісіні ауылнай қылады, болыс қояды, қолына мылтық береді, «панимаешь», мылтық береді..., мұны да бір байқайық, кім біледі, мен де бірдемеге жарап кетермін деп, бардым да, жәшейкеге жазылып, бесатарды мойынға салып шыға келдім...

Сайлау кезінде, болыс болайын деп тұрған кезімде, менің үстімнен жазылған қағаздарды жинап, Мамырбайдың баласы кеңсеге тапсырыпты... Мамырбайдың ұлы! Әй, тірі болсам, бір қылармын деп, кете бардым. Мылтықтан айрылдым. Елге келген соң, ауыл-ауылдан мал, киіз, төсек-орын, ыдыс-сайман алып жүрген ақтардың адамына жолығып, іш пікірім ішімде соларға кісі болдым. Олар маған жақсы қыз тауып бер деді. Ойыма Мамырбайдың Ақбілегі сап ете түсті. Ағасының қылғанын алдына келтіретін маған да күн туды...

\* \* \*

Алыс-жұлыс, ауыр күйік, аттың соққысымен Ақбілектің сілесі қатып, аттан түсіргенде, өлген адамша сылқ ете түскен. Ақбілек есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың басын бүріп, киіз жапқан кішкене қоста өңшең сейген, бырқыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде жатыр. Оң қолын Ақбілектің үстіне артып, қақ қасында бетінен түгі шыққан, шашы дудыраған, істік мұрын жирен орыс жатыр... Өңі-түсі екенін біле алмай, көзі алас ұрып, қостың ішін сипай сүзіп шықты да, түндегі оқиға есіне түскенде, қайнап шыққан бұлақтың көзіндей жасы мөлтілдеп, жылап ағып қоя берді...

Ақбілек үстінде жатқан ашалы, ауыр қолды ақырын сырғытып қойды да, сыбдырсыз басын көтеріп, жер қорқақ болған ботадай, аяғын аңдап басып, сығалап қарап, жапсарды ашып, тысқа шықты...

Талдың тасасына түсейін деп, шеткі қостың артынан жаңа аса беріп еді, қос даласында мылтығын сүйеніп, қақиып тұрған бір орыс жалт қарап:

– Стой! – деп ақырып қалды. Дауыс жер астынан шыққандай, селк етіп, зәресі зәндемге кетті. Жығылып барып, оңалды. Сөйткенше болмады, артынан бір орыс жүгіріп келіп, құшақтай көтеріп, қосқа ала жөнелді, Ақбілектің көзі шарасынан шықты... Алып келген манағы қолын артып жатқан жирен орыс екен. Ақбілекті аш белінен жібермей қысып, бетіне аузын ала ұмтылып еді, Ақбілек теріс қарап, бұлқынып, сүйгізбеді...

Жирен орыс беліндегі алтыатарын алып, құлағын қайырып, бірдемесін басып, бұрап, шыртылдатып айналдыра бастағанда, Ақбілек өзімді атып тастар ма екен деп, жүрегі сескенейін деді. Жан шіркін көзге тағы бір елестеп өтті. Бірақ атқан жоқ, мылтығын қайтадан қабына салып қойды. Сөйткенше болмады, киімдері сымдай, белдерін қылмита буынған, қылыштарын асынған екі орыс сып етіп кіріп келді, қақиып тұра қалып, жирен орысқа келте-келте бірдеме айтты. Жирен орыс бір-ақ ауыз жауап қайырды да, үн-түн жоқ киіне бастады. Киінді де, Ақбілекті қолынан тартып тұрғызып, қостан алып шықты. Ақбілек енді бірдеме қылады екен деп, жүрегі дүрсілдеп барады. Шықса, көп орыс қос маңында топ-топ сөйлесіп тұр. Қызды алып, бұлар шыққанын көріп, өзгелер де қозғалып, лек-лек болып, тал жаққа қарай аяңдады. «Енді ажалым жетті ғой, – деп, Ақбілекте зәре жоқ. – Бәрі жиылып атып, қалай өлгенімді тамаша қылғалы жүр ме? Өлде бұлардың басқа заңы бар ма? Басқа бірдеңе істегелі жүр ме?..

Үш орыс шығып, анадай жазаңқайға барып тұрысқан кезде, жирен орыс Ақбілекті бауырына қысып, аузынан құшырлана үш сүйіп, қасына екі орысты ертіп, анау үш орысқа таман барды. Алтау болды. Алтаудың бірі топқа қарап, бірдеңе айтты. Топтан қысқа ғана жауап естілді. Өлгі өзінің жирен орысы мен манағы қара мұрт біріне-бірі таянып, бірдеңе десті де, аяқтарын нығарлай басып, екеуі екі жаққа қарай жөнелді, сүзisetін қошқарларша екеуі біріне-бірі қарама-қарсы тұра қалды. Сол кезде қалған төрт орыс кейін шегініп, біреуі қолын көтеріп: «Раз, два, три!» деп қалуы-ақ мұң екен, алтыатарларын қолына ұстасып тұрған екі қошқар басып-басып жіберді. Түгін бұрқ етті. Орыстар тұра ұмтылды. Ақбілек енді не болар екен деп, ар жағында тұрғанда, мына жағынан қара мұрт орыс жүгіріп келіп, құшақтай алды. Өлген жирен орысты көп солдат алып

кетті. Ақбілекті белінен құшақтап, сүйемелеп, қара мұрт қосқа әкелді. Өзіне таласып, екі орыс бірін-бірі өлтіргенін Ақбілек сонда білді. Бірақ төбелесіп өлтіріспей, алыстан атып өлтіріскеніне түсіне алмады...

\* \* \*

Түндегі айқай-сүрен, аласапыранда Мұқаштың қолында жетектеулі – екі ат, ойында – аман құтылу, көзге түспеу ғана бар еді. Аттарды, нәрсені, қызды аман-есен орыстарға әкелін тапсырып, «Мукашке, молодец!» дегізіп... Мамырбайдың баласына егесіп, қарындасын орысқа шығарып беріп, оп-оңай кек ала қоймақ еді..

Тегі, мен өлерімді білмейтін ақымақ шығармын. Әйтпесе, елді осынша шабыншылыққа ұшыратып, осынша қан қақсатып, зарлатып, қарғыс алып, жексұрын болғанда, қайда сыям, қалай тіршілік етем деп ойладым ба екен? Осының бәрін істегіп жүрген мен екенімді білсе, білмей тұра ма, ел мені тірі қойғаны ма?.. Қой, мен жынданған екенмін. Мені сайтан азғырған екен... Бірақ енді істі түзетуге бола ма? Болмайды: шынымды айтсам да, басымнан асып кетті. Елдің менен жауыз дұшпаны, арам сүт емген, арамза ұлы болуы мүмкін емес...

Түндегі уақиғадан кейін ел не жайлы болды екен? Мамырбай отағасы не күйде отыр екен?.. Әлден уақытта жатып-жатып, есін жинаған еркектер ештеп басын көтеріп, бірте-бірте қыбырлап.. өзгелерін дыбыстап шақырып, қатын-қалаш ышқынып, шуласып, балалар енесіне табысқан қозыдай жамырасып, әкелерін, ерлерін, ағаларын іздеуге кірісті...

– Бәйбіше қайда? Ақбілек қайда? – деп, көзі шарасынан шығып, Мамырбай отағасы күрс-күрс етті. – Ойбай-ау! Олар қайда? Көргеміз жоқ... – десіп таңданып, олай да, бұлай да жүгірісті. Бір мезгілде өкірген сиырдай қараңғы түнді күңіретіп, қатындардың дауысы баж ете түсті. Жан шошырлық бажылға дір етпеген жүрек қалмады. Сөйтсе, апанда теңкиіп, серейіп жатқан бәйбішенің үстінен шыққан екен. Ақбілек ұшты-күйлі жоқ, алып кетті ғой. Мамырбай өгіздей өкірді, сылқ етіп отыра кетті.

Ауыл қойдай маңырап, қозыдай шулап жатқанда, дүрсілдеткен атты кісінің тықырын шеттегілердің құлағы шалып қалды.

– Атты-атты! – дегенде, су жүрек боп қалған жұрт ішін тартқан дауылдай кенет басыла қалды да, сонша болмады, қайтадан дәуірлей, бажылдай, күңіреніп кетті. Ол келген қазақ екен.

– Немене?

– Бәйбішені атып кетті. Ақбілекті алып кетті.

– Ойбай! Бекболатты да атып кетті.

– Күйеуді ме?

– Е!

– О қайдан жолығып?..

– Мына жақтан құс салып келе жатқан емес пе? Ойбайлаған әйелдің дауысы шыққан соң, қуа жөнелгенімізде...

– Өлі ме, тірі ме?

– Әзір тірі, кім білсін... Бекболатты жақын ауылға апарып, жарасын таып, жолдастары жан-жаққа шапқан екен. Сол шапқыншының бірі осы екен...

Ертеңінде маңайдағы ел жиылып, бәйбішені көмісті, «Сабыр етіңіз, бұл да бір уақыт шығар...» десіп, Мамырбайға тоқтау, көңіл айтысқан болды. «Қаза шығын... қайырын тілеңіз!» деген болмаса, Ақбілекті ауызға алуға бір адамның тілі бармады. Өйткені ол жара атын атауға – адамның аузы жиренетін жара еді, ол жалғыз Мамырбайға емес, бәріне де намыс, қорлық, масқаралық еді. Жаназаға жиналған адам о жер, бұ жерде топталысып отырғанда, бұл оқиға жайынан неше түрлі бал ашып, аңыз қылысты. Біреулер:

– Тегі, ақсақалға азуын басқан біреу басып берді ғой. Өйтпесе, қиядағы ауылға келетін реті жоқ қой... – десіп, өз басынан ақыл шықпайтын қошаметшілер: – Рас айтасыз, әйел іздесе, қара шат маңында да ел бар емес пе?..

– Ақсақалға ондай өшті-қасты кім бар екен?..

Ақсақалдың өшті-қасты кісілерін қылға тізіп, он, он беске апарып, біреу үйдеп, біреу бүйдеп жорығанмен, байлаулы түйін шықпады.

Жұрт жаназадан тарап, ай-жай болған соң, сол күні бейсауат жүріп, ат қинаған кім екен деп, әркім-ақ сұрастырып, құлағын түре бастады... «Ел құлағы – елу» ғой, суық жүрісті адам білінбей не тұрсын? Сұрастырып, қағып келгенде, осының бәрін қылып жүрген Мұқаш екені кешікпей-ақ ашылды...

Ел болып Мұқашқа шұқшиды. Бұған не қылу керек? Қалай кек алу керек?.. Тап бермек түгіл, маңына да жолай алмады. Оған себеп мынау еді. Бәйбіше мен қызынан айрылғалы Мамырбай отағасы ертеңгі шайын ішкен соң, төбе басына шығып, жер шұқып отыра беруші еді. Бір күні төбе басында отырғанда, Сүлеймен ауыл жағынан тымағының құлағы қалқаңдап, түсе қалды. Амандықтан кейін:

– ... Ойбай, үлкен оқиға боп қалды!

– Немене, жаным?

– Құдай оңдап елдің көзі бір ашылды...

– Не бопты, Мұқаш па?

– Жоқ, ойбай...

– Ал айтшы!

– Таудағы білеуіттерді қызылдар тып-типыл ұстап өкеліпті.

– Қалайша? Ақбілек қайда қалыпты?

– Ақбілектен хабар жоқ... Әйтеуір, түгел қолға түсіпті. – Оны сұрадыңдар ма? Кім келді? – Тұрқұлақ ауылынан Телтайдың Қарақұлы келді. Қызылдар сол ауылда бекініп жатқанда, Мұқаш ақтарды алдап, үстіне алып келсе, қызылдар тарпа бас салады. Сасқанынан атысуға да мұршасы келмей қапты. Бұл иттеріңнің өзі бізге мықты боп жүргені болмаса, қысылған кезде түк емес екен ғой.

– Мұқаш оларды қалай алдап жүр?

– Есебін тапқан-дағы, ол иттің өзі айлакер, жанкешті неме екен... – Бұл сұмның арам ойы осы екен ғой. Япырым-ай, Ақбілек не болды екен, ә? Одан хабар біле алмаған екенсің...

Мамырбай шатқаяқтап, орнынан тұрып, аяғын апыраңдай басып, еңтігіп үйіне қарай жөнелді. Ауылдың кісілерін дереу жиғызып алып, Ақбілекті іздетуге бес кісі аттандырды. Бұлар шабуылдап, ауыл-ауылдан, кез келген кісіден сұрау салып жүре тұрсын, оған дейін Ақбілектен хабар берейік. Әуелгі кезде Ақбілек қолға түскен құралайдай, екі көзі мөлдіреп, көп ит анталаған күшіктей құнысып, маңайындағы жанның бәрін жан алғыштай көріп, үркіп, елегізіп жүрсе де, анасын, ауылын ойлап, аузына дәм салмай, аштан қатып, бүк түсіп көрсе де, әрі-беріден соң, шыбын жаны түскір, шыдатпады, мезгілсіз де алмады. Өмір шіркін неден сонша тәтті болды екен!.. Ақбілек бірте-бірте тұтқынға еті өлгендей, бойын үйреткендей болды...

Бір күні қас қарайған кезде орыстар бір жаққа баратындай қару-жарақтарын қамдап, мылтықтарын сытырлатып, оқтап, ер-тоқымдарын салдырлатып, балдырлап сөйлеп, аттарын ерттеп, әбігерлене бастады. Қара мұртпен екеуі тоғай аралап келгені жаңа еді. Ақбілек қосқа кіріп, солдат көрпесінің үстіне шынтақтап, уһлеп, аулы есіне түсіп, босаға жақтағы қара астауға көзі түсіп жатыр еді. Даладағы олай-бұлай жүгірісіп, ат ерттесіп, әр жерде күбірлескен көп орыстарға қара мұрт барып, бірталай сөйлесті. Қабағы түсіп, түсі сұрланып, қайтып келді де, о да мылтықтарын сүртіп, оқшантайларына оқ толтырып, киім, ер-тоқымдарын жинап, қамдануға кірісті. Ақбілек басын көтеріп алып, «Қайда барасың?» дегендей қара мұртқа тандана, үрейлене қарады. Қара мұрт көзінің қырымен қарап қалса да, көрмеген кісі тәрізденіп, төмен қарап, күйбеңдей берді. Бір мезгілде тысқа шығып кетіп, тілмәшін алып келді: – Біз соғысқа барамыз, сен қайтесің? – деді Ақбілекке. Ақбілек көзі бажырайып, не дерін білмей

сасып қалды. – Қайда болғың келеді? – деп тағы сұрағанда, Ақбілек мойнын өнтек қисайтып, бұғағын бұлтитып, жалынған, назданған дауыспен:

– Аулыма қайтармайсыз ба?.. – деді. Қара мұрт басын шайқады... – Бізбен бірге жүргің келмей ме? – деді.

– Соғысқа ма? – деді Ақбілек еңсесін бүкшитіп.

– Соғысқа, – деді қара мұрт иегін бір қағып. Ақбілек басын шайқап:

– Ендеше, мені осында-ақ тастап кетіңіз, – деді.

– Түнде жалғыз өзің қорықпайсың ба?

– Қорықсам да, қалайын... сіздер қайтып келмейсіздер ме? – деді жұлып алғандай... Қара мұрт отырды, «Жүре бер» дегендей тілмәшқа бас изеді. Төмен қарап, маңдай терісін үш саусағымен уқалап біраз отырған соң, оң қолын сілкіп қалып, ұшып түрегелді де, өз кеудесін өзі түртіп-түртіп, Ақбілекке қолын ұсынды: «Жүр» дегені. Ақбілек жып-жылдам түрегелді. Қара мұрт Ақбілекті қолтығынан ұстап, қостан шықты да, оң жақтағы бұлақтың бұтасына қарай алып жүрді...

Шеткі шоқ талдан асып, көп тал мен арадағы алаңқайға барғанда, қара мұрт тоқтады... «Осылай тұр!» дегендей екі иығынан басып қалды, бесалты адымдай жерге барып, тұра қалды. Алтыатарын алып, Ақбілекке кезене бергенде, Ақбілек шаңқ етіп, безілдеп, кезеулі мылтыққа қарсы тұра жүгірді. Қара мұрттың кезенген қолы сылқ етті. Алтыатары жерге түсіп кетті.

– Мені неге атасың? Не жазығым бар еді? Ағатай-ай! Не қылдым?.. – деп, Ақбілек зарланып, жылап, өне бойы қалшылдап, қара мұрттың мойнынан құшып, аймалап сүймесін бе?.. Қара мұрт... Ақбілекті қосқа қайта алып жүрді. Қосқа келген соң, тілмәшін шақырып алып, айтқаны:

– Мен сені сүйдім, сен үшін жанымды қидым, өзімнен кейін өзгенің сүйгенін қаламаймын, – деді. Ақбілектің іші мұздай боп кетті. «Ой, жасаған!.. Өнеугіден бері ерлі-байлы кісідей боп жүріп, кетер күні өлтіріп кетем дегені неткен өзімшілдік, неткен тас бауырлық, неткен қанішерлік...! Өзгені жан екен десейші! Аяу деген болсайшы...» деген ойлар дереу сап ете түсті де, дереу айла тапқысы келді:

– Мені өлтірме! Қасықтай қанымды қи! Мен саған тағы керек болмасымды қайдан білесің? Мен түсімде саған еріп, қалаға барып жүр едім. Сен бұл жолдан аман-есен қайтарсың, еліңе аман барарсың... – деді. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген мәтел өте-мөте өлімге бара жатқан адамға жылы тисе керек. Қара мұрт Ақбілектің әлгі сөзін ырым көріп, сенді де, «Айтқаның келсін» дегендей, аузынан сүйді. Сам жамырап, ел орынға отырған кезде орыстар бастығының ақырып қалған даусымен қаздай шұбырып, асудың тар аузына қарай арқандай созылды.

Ақбілек... «Құтқарғаның шын ба, Жасаған?» дегендей, арттарынан топырақ шашып, қарасы өшкен соң: «Уһ!» – деп, демін бір алып, төңірегіне көз салды...

Түн түнереді. Ақбілек үрейленеді... Жасаған-ай! Таң да атар ма екен! Бір мезгілде орман жақтан бір үрейлі дауыс шыққан секілденді.. Ақбілек елегізи бастады. Манадан бері жалмауыздай көріп отырған үңірейген қосқа жалма-жан кіріп кетті. Ауылда қой күзетіп жүргенде, қасқырдың ұлығанын әлденеше естіген: әлгі дауыс соған ұқсайды. Апы-рым-ай! Қасқыр келер ме?.. Онда қайтем?.. «Қорыққанға қос көрінген» шығар деп жориды. Өзіне қайрат бергісі келеді, оған да болмайды. Ұлыған дауыс анық толастап бара жатады да, тағы да естіледі. Бара-бара ұлу молайды... Ақбілектің қолы өзінен-өзі қостың бір сырығын суырып алады. Құлаш төс жарардай қайың сойылша, сойылшаны қос қолдап бауырына таман қысып қояды, бір ұшы қостың сыртында. Қасқыр келсе, қару қылмақшы...

Өлден уақытта арсалаңдап бір аш қасқыр Ақбілек отырған қостың аузына келіп қалды. Ақбілектің жан даусы түнді тіліп жібергендей шыр ете түсті, қасқыр біткен жарық беріп, көздері жалт етіп, тістері сақ етіп, оқшырайып тұра қалды. Қасқырлар ырсылдап, күрілдесіп, бураша шабынып тұрып алды. Ақбілек қасқырлардың қарсы шабатынын білгендей, жалма-жан жан ұшырып, қостан атып шығып, «Қараңғыда көзім жоқ...» деген балаша айнала дөңгеленіп, айғайды салып, ағашын сермей берді...

Ақбілек әбден алқынды, аласұрды, жұлқынды, әлі құруға таянды. «Енді жығылдым ғой, енді талайды ғой, енді ауызды салды ғой, енді жеді ғой...» деген кезде, Ақбілектің аяғы астынан бірдеңе жылт ете түсті. Қасқырлар жалт берді. Манағы, іңірде шай қайнатқан оттың көзі әлі сөне қойған жоқ екен. Ақбілек алас ұрып жүргенде, аяғымен шашып жіберген екен. Қасқырлар отты көріп, жалт берген екен... От сөніп қалса, Ақбілектің өмірі де сөнетін еді. Отты тапқан адамның анасынан айналсаң, болмас па? «Заула, отым, заула! Мазда, отым, мазда! Қорқақ аңдар, тілсіз жаулар! Қаш, маңыма жолама! Күйдіремін, өртеймін!» – дегендей, Ақбілек от төңірігіне сыйынып, таң атқанша маздатып, жаны аман қалды...

Сары далада сары уайым жамылып, Ақбілек келеді толарсағы бұлтылдап... Әне, алыста безек қағып, бір бозторғай тұр шырылдап...

– Бұл байғұсқа не болды? – деп, жетіп келсе қасына – қалың шөпте жатыр екен білектей бір сұр жылан... Бозторғайды аяп кетті Ақбілек. Сұр жыланды сойылшамен салды келіп қақ бастан. Жауыз басы астына кеп, солаң ете дүрс етті...

Торғайдың жауын мен өлтірдім, менің жауымды да біреу өлтіреді екен деп, бұл оқиғаны өзінше жақсылыққа жорыды. Соны ойлап келе жатқанда, бір дөңестің астынан ағараңдаған бір шошақай нәрсе қылт ете түсті. Ақбілек сасып қалды, бұғып отыра қойды. Отырып еді, көрінбей кетті. Түрегелуге орыс болар ма деп қорқып, отыруға тағы дәті шыдамай, не екенін білгісі кеп барады... Орыста мұндай нәрсе жоқ еді ғой деп ойлауы-ақ мұң екен – шошақай жуандады: бас болды, көдімгі дуананың басы. Әнеки, қолындағы асасы да шошаң етті.

– Әй, дуана! – деген сөз аузынан қалай шығып, қалай қойғанын Ақбілек өзі де білмей қалды...

Тани кетті Ақбілек: етегін кірмен зерлеген, төбесін үкі сәндеген басында найза ақ тақия, қолында шөңгіші асасы, асасының он бойы шығыршық, кепшік, сылдырмақ, ұшы қозы жауырын, мойнында хұсыр тасбысы, танауы таңқиған, омырауы аңқиған, кеңірдегі сорайған, жіліншігі сидиған, саусақтары сыпсиган, үркек малша оқшиған, бес тал сақалы шоқшиған, шынжау етті, шың бетті, жағына пышақ жанитын, бір көргеннен танитын Іскендір екен көдімгі. Іскендірің кім? Ақбілекке зияны тимес пе? Ендеше ол аяңдап Ақбілекке жеткенше, Іскендірдің қандай адам екенін айтып көрейін...

Іскендірде үй жоқ. Кез келген үй – оған үй. Тау-тас, сай-сала, ескі мола – бәрі де оған үй. Онда ел де жоқ. Оның елі – дүйім қазақ. Онда мал да жоқ. Тұрған күйі әлгі өзіңіз көрген. Ол дүние жинамайды. Ақша берсең, кез келген ауылдың балаларын жарыстырады да, бөйге үлестіреді. Іскендір дорба салмайды, ірімшік, құртыңды алмайды, оған қолма-қол ішетін тамақ берсең, болғаны... Тана моншағын, үкісін сұрасаң, Іскендір бере салады. Бірақ қыз, келіншектерден өзі де сұрап алады. Іскендір өтірік айтуды, кісі алдауды білмейді, адам баласына жамандық ойламайды. Үлкенді «Әке», «Аға» деп тұрады... бала біткенді «Балақайым» дейді, кісіге өмірі қатты сөз айтпайды. Өзін ренжіткен адамға да түк демейді, тек басын шайқайды...

Дуана Ақбілекке жетіп келіп:

– А, балақайым, алақайым, шырақайым... Қайдан келесің? – деп, басын сипады. Ақбілек не дерін білмей күмілжіп, міңгірлеп қалды. – Дуана-еке, мен... мен... Мамырбай ақсақалдың... – дей беріп еді. Орыстардың алып кеткенін айтуды ұят көрді, үндемеудің тағы жөні жоқ, қалайда бірдеңе айту керек болды. Маңдайын сипап, көзін жыпылықтатып, төмен қарап: – Мен Мамырбай ақсақалдың баласы едім... ауылымнан адасып... ауылымды таба алмай жүрмін... – деді. Дуана қалай, неғып адасып жүргенін сұрамады: – Е, балақайым, адасып қалдың ба?.. Мамырбай, Мамыр-

бай, Тәуірбай, Сауырбай... білем, білем... алып барайын, бағып қарайын, жолға салайын, – деп, қолынан жетелей бастады. Қайдан неғып келе жатқанын сұрамағанына Ақбілек қуанып, еріп жүре берді. Дуана сол қолымен Ақбілекті жетелеп, оң қолындағы асасын жыбырлата тіреп, қара ағаштай қатқан аяқтары қаздаңдап, қатты аяңға басты. Анда-санда: «Ө, балақайым, ө, балақайым! Көзі мөлдіреп, табаны үлбіреп, қарны ашып, қаны қашып қалған екен ғой...», – деп жыбырлатып, тақпақтап қояды... Түрпідей сүйел саусақтары Ақбілектің білезігінен мықтап ұстап алыпты. Үйіне қазір алып бара қоятындай-ақ, емпеңдей басып келеді... Бір мезгілде Ақбілек сүрініп кетті:

– Дуана-еке, кішкене жайырақ жүрсеңіз... – деді.

– Ө, шаршадың ба, балақайым? – деп, қолын қоя беріп, жайырақ аяңдады. Өйтсе де, ...әудем жерге бармай-ақ, Ақбілекті тағы артына тастап кетті. Дуананы сөзбен тежегелі Ақбілек:

– Дуана-еке, ауыл алыс па? – деп сұрады. Дуана:

– А, – деп тоқтай қап, – жетеміз, жетеміз, – деді. Дуана тағы озып кетті. Ақбілек шаршауға айналды, бірақ шаршадым деуге ұялады. Тағы да сөзбен бөгейін деп:

– Дуана! – деп бір дауыстады. Бұл жолы Ақбілек бұл маңайда әскер баржоғын сұрады.

Дуана: – Ө, әскер ме? Нан жауғырлар, бар ғой, бар ғой, – деп жыбырлатып жөнді жауап айтпады. Жауабына жарымай, Ақбілек өз ауылының қай тұста екенін сұрады. Дуана:

– Анау көрінген тұмсықтың астында болады, – деп, көгерген тауды нұсқады. Ақбілек аулына бүгін жете алмасына көзі жетті...

Күн еңкейіп, намаздыгер болды. Ақбілектің қарны ашты, қажыды. Аяғын кебіс соғып, қажап тастады... Ақбілек жүруге жарамайтынын білдірді.

– Ө, балақайым, көзің мөлдіреп, табаның үлдіреп... шаршап қалдың ба? А, балақайымды арқалап алайын. Кел, міне ғой! – деп, алдына келіп, арқасын тосты. Ақбілек мінерін де, мінбесін де білмей, аз отырды. Үлкен еркектің мойнына дардай басымен мінуді ұят көрді... Бірақ дуана: «Міне ғой, міне ғой», – деп, күтіп отыр. Ел алыс, жүруге әлі жоқ. Амалсыздан орнынан тұрып, бір тамсанып, күрсінді де, екі қолын ептеп дуананың мойнына апарды. Денесін тигізуге өзінен-өзі жиіркенді. Мойнына қолы баруы-ақ мұң екен, шөлкес аттай адуын дуана: «Яу, пірім!» – деп, көтеріп түрегелді. Ақбілектің салбырап тұрған екі аяғын екі қолымен икемдеп, қысып алып, асасын Ақбілекке ұстатып, бір лықынып қалды да, әлуетті дуана адымдай жөнелді. Ақбілек дуанаға аттай мініп келе жатқанына кү-

лерін де, жыларын да білмеді. Өйтсе де, көңілі жайланайын деді. Өйткені ол орыстың өңгеріп алып қашқанын да көрді ғой. Онда оның алды да, арты да қараңғы көр еді ғой. Онда адам болам деген үміт жоқ, қорлыққа да, зорлыққа да, өлімге де, ұятқа да басын байлаған еді. Енді оның мініп келе жатқаны – адам баласына қиянаты жоқ, әулие дуана. Оның келе жатқан беті – аулы, әкесі. Әкесін көреді, құшақтап көріседі, апасына Құран оқытады, әкесін апасындай болып күтеді. Бірақ өзін-өзі қалай жұбатса да, жүрегінің басында түйіртпектеліп бір зілді нәрсе жатыр, ол түйіртпектелген нәрсе арқандаған аттай, қуаныштың құлашын жаздырмайды.., езуі ғана жымығандай болады. Бет-аузы, көзі күлмейді..

Бір-екі өрге келгенде, дуана Ақбілекті арқасынан түсіріп, дем алды, құрысқан белін қайқайып жазып, қунақ жылқыша сілкінді. Ақбілек өзі жүрейін десе де, дуана болмай, тағы арқалап алды. Бімырт жабыла ит дауысы естілді. Ақбілек қуанып кетті.

– Ауылға жақындадық қой! – деді.

– Жақындадық, балақайым, жақындадық! – деп, дуана Ақбілекті тағы бір лықытып жауырынына таман шығарды. Сүт пісірім болған жоқ, тезек иісі жұпар иісіндей Ақбілектің мұрнын жарған кезде:

– Келдік, дуана-еке! Енді өзім жүрейін, – деді.

– Ө, балақайым, өлі бірталай жер бар, – деп, дуана түсірмеді. Ақбілектің мұрны қоңырсыған сүттің иісін сезгенде, дуана тоқтады.

– Осы төмпейдің астында ауыл бар, – деді. Ақбілек түсті...

Ақбілек қай үйге барарын білмеді, дағдарып келе жатыр еді, дуана:

– Анау үйге барайық! – деп, адырдың бауырындағы үлкен қораны нұсқады. Ақбілек: – Ол кімдікі? Дуана: – Мұсабайдікі. Ақбілек: – Мына жақын үйге барсақ қайтеді? – деді. Өйткені Мұсабай ауқаттырақ адам екенін білетін. Ақбілек тәуірлеу үйге барғысы келмеді. Тәуірлеу үйдің қатын-қалашы да таңырқайды, әркім көр-жерді сұрап, мазасын алады.. Одан да барысымен сусын ішіп, жантая кететін кедейдікі жақсы болар деп ойлады. Және осы күйсіз қалпында тәуір үйге бас сұғуға қорланды. «Не бетіммен барам?» деген ой келді. Ақбілек: Жақын үйге барсақ қайтеді? – дегенде, дуана тұрып: – Бұл үйлер жарлы ғой, қонақ асыға зарлы ғой, қарның ашып қалды ғой... – деп жыбырлатты.

– Жарлы боп неғылсын... Бір сусын жұтып, жантая кеткендей жер табылса, болад та, – деп, Ақбілек тағы айтты... Ақбілектің бетін білген соң, дуана да таласқан жоқ:

– Ө, балақайым! Мейлің, мейлің, – деп, жақын үйге бұрылды. Дуана бұрылған кезде Ақбілек етегінен тартып:

– Сіз бұл үйге менің кім екенімді айтпай-ақ қойыңыз. Тезек теріп жүріп, адасып кеткен екен, тауып алдым дей салыңыз, – деді. Дуана Ақбілекке оқшия қарап:

– Әй, балақайым! Өтірік айтқан жарай ма? Өтірікші Алланың дұшпаны ғой, – деп, аяндай берді. Сүмелек сары ит дуананың сылдыраған асасын естіп, одан барып қоқиған тақиясын көрген соң, «Енді жатудың жөні болмас» дегендей, дауысы қарлығып, алды бір бөлек, арты бір бөлек қираңдап үрді. О кезде қара сиырдың астынан сауыс жыртық тері шалбары тылтиған қатын шелегімен қабат түрегеліп, қисайған кір кимешегінің милығына сұқ қолын жүгіртіп, көзін сығырайтып, бір аяғын ілгері салып:

– Кет былай, кет былай! – деді. Дуана асасымен артын жайқап, таяна беріп:

– Әй, шеше, құдайы мейман боламыз, – деді. Қатын жауап бермей жатып, дуананың артын ала тоқтаған Ақбілекке қарай мойнын созып, бір тамсанды да:

– Мынау неғылған бала? – деп сұрады. Дуана байыз тауып тұра алмай: – Жата-жастана естірсіз. Рұқсат па? – деді.

– Ойбай-ау! Ана байдікі тұрғанда... Біздің қонақ күткендей не жайымыз бар... – дей бергенде, Ақбілек те ілгері таман бір аттап:

– Жеңгей, шалап берсеңіз де, ырзамыз. Сіздікін қалап келдік, – деді. – Ойбай, қарағым-ау! Қалап келсеңіздер енді... амалым бар ма... айран-шалапты бөліп ұрттарсыңдар, – деп, қатын Ақбілектің нәуетек даусын естіген соң, әрі іші жылып, әрі таңырқанып, «қонамыз» дегенге әлдеқандай боп қалды.

– Ендеше үйге кіріңіздер! – деп, көң-күлімсі сасыған тапал қорасына қарай бастады...

...Ақбілек арт жағын сипалап, бұрышта жатқан шекпен бе, шалбар ма, кім білсін, әйтеуір, бір үйіндіге басын қойып, шапанын жамылып, жантая бастады. Ақбілек жантайған кезде дуана сырылып, орын беріп, қозғала-қозғала, тысқа шығып кетті. Ақбілектің жатып қалғанын көрген соң, қатын да қораға шықты. Содан арғысын Ақбілек білген жоқ, өбден талығып келген сорлы сусын жұтып, басы жерге тиген соң, дамыл алып, қата қапты. Қатын даладағы дуананы айналдырып, «Мамырбайдың қызы» деген соң: «Ә!» деп, іші сезе қойды. Дығырдай Мамырбайдың қызын бір жұтым шалаппен жатқызуды жөн көрмей, «саулы бозінгеннен» бір қылым ұн сұрап алғалы және үйіне Мамырбайдың қызы қонып отырғанын айтқалы, дереу сол үй жаққа жөнелді. «Саулы бозінген» дегенге түйе екен деп қалмаңыз. Түйеден кісі ұн сұрай ма?... Бұл өзі Мұсабайдың қатыны еді...

Көрші қатын сипаңдап, босаға жақта тұрғанын көріп, Бозінген маңызданып, қасын бір керіп:

– Күмсінай, жай жүрсің бе? – деді.

– Жай емес... Бір жұмыспен... – деп, Күмсінай бір жамбастап сырғып, Бозінгеннің қасына келді. Бозінген әлдебір қызық өсек айтады екен деп, кимешегін желкесіне қарай бір тартып, жампаңдап, құлағын таяй берді. Күмсінай сыбыр етті. Бозінген:

– Ө, қойшы! – деп, басын көтеріп алып:

– Жалғыз отыр ма? – деп, мылтық ататын кісіше бұғып, тағы күбір-лесті... Күмсінайға қайталатып бір аяқ ұн салып берді. Беріп жатып:

– Өзім де барам, – деді. Күмсінай:

– Барғанмен көре алмассыз, ұйықтап қалды, – деп еді, ол сөз Бозінгеннің құлағына бит шаққандай құрлы кірген жоқ, қол-аяғы жерге тимей, шошалада сүт пісіріп жатқан қара кемпірге барып, көзін ашып-жұмып, естіген хабарын айтты. Ауылды қыдырып жүріп, бірталай жанды құлақтандырған соң, қасына екі қыз, бір қатын ертіп, енді Бозінген Күмсінайдікіне тартты...

Түнде шайға оятқанда, Ақбілек тұрмай, жатып қалған. Таңертең Ақбілек көзін ашса – ұй толған кісі. Оң жағына қараса, немере ағасы Өмір отыр.

– Қарағым-ай! – деп, Өмір кемсеңдеп, құшағын жайды.

– Ағажан-ай! – дегеннен басқа аузына сөз түспей, ағасын бас салып, сол қылдап ағыл-тегіл жылады. Ауылынан келген екі жігіт бірінен соң бірі көрісіп, кеңкілдеп, Күмсінайдың жаман үйін басына көтерді...

*(Жалғасы бар)*



## СӨЗДІК

**Әлуетті** – күш, потенциал

**Білеуіт** – жау мағынасында айтылған.

**Бір қылым ұн** – бір тамақ жасайтын ұн.

**Дығырдай** – соқталдай, мықты.

**Жазаңқай** – ашық жер

**Жәшейке** (орыс) – ячейка – ұйым

**Нәуетек** – әлсіз, ақсаусақ

**Шынжау** – арық

## Әдебиет теориясы

Әдебиетте үш тек бар, олар: эпос, лирика, драма деп бөлінеді. Эпостық текке поэзия мен проза жатады. Бұл арада эпос – жыр деген сөздің де синонимі ретінде қолданылатынын ұмытпау керек. Ал әдеби текке қатысты айтылғанда, ол баяндайтын деген мағынада алынған, осы мағынада ол іштей жанрлық түрлерге: роман, повесть, әңгіме деп бөлінеді.

**Роман** – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кейіпкер бейнесін сол өзі өмір сүрген уақыт ауқымында жан-жақты суреттейтін прозалық көлемді шығарма.

**Повесть** – көлемі шағындау, бірақ әңгімеге қарағанда, одан ұзақтау, романға жақын прозалық шығармалар. Повесть терминін қазақ тіліне аудару мақсатында кейде хикаят деп те жазады. Бұл атау шартты түрде, романнан бөлектеу мақсатында алынған атау. Өйткені хикаят жанр ретінде, негізі, фольклорда да бар.


**Әңгіме** – оқиғаны баяндап айтуға негізделген прозалық шығарма. Әңгімеде оқиғаның бас-аяғы жинақы, көлемі шағын, бір оқиғаға ғана байланысты айтылады. Қазақ әдебиетінде авторлық әңгімені алғаш болып жазған Ыбырай Алтынсарин.

**Драма** – сахнаға арналған, оқиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығарма.



1. Ж.Аймауытов кім? Оның қандай өлеңдерін білесіңдер? Ж.Аймауытов өнерінің тағы басқа қандай қырлары бар?
2. Ж.Аймауытовтың қандай прозалық шығармалары бар? Олар қамтыған тақырыптар қай кезеңді бейнелейді?
3. Ж.Аймауытовтың қазақ көркем прозасын қалыптастырудағы қаламгерлік еңбегі қандай?
4. «Уақыт тізбегі» әдісі бойынша шығарма сюжетіндегі маңызды оқиғаларды еске түсіріп, кестені толтырыңдар.

### «УАҚЫТ ТІЗБЕГІ» ӘДІСІ



5. Ақбілектің өмірі жолындағы даму сатыларын анықтап, ұлттық мүдде тұрғысынан өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



1. Романда «Ертістің оң қабағында – Семей, солында – Алаш қаласы» делінген. Қазіргі Қазақстан картасында Алаш қаласы жоқ, сонда бұл қай тарихи оқиғадан хабар береді?
2. Романдағы әлеуметтік мәселелер жайлы төмендегі сызбаны толтырыңдар.

Әлеуметтік тартыстар	Тарихи оқиғалар	Тап күресі	Ел мүддесі

3. Романды жазудағы жазушы мақсаты неде? Романның басты мәселелерін «Қашан? Қайда? Қандай?» деген сұрақтарды қоя отырып, шығарма мазмұнын терең түсініңдер.
4. Ақбілек өміріндегі Бекболат пен Балташтың рөлі қандай? Романда ұлттық құндылықтарымыздың қандай көріністері суреттеледі?



1. Хрестоматиядан романның жалғасын оқып, шығарманың идеясын анықтаңдар.
2. Роман кіріспесінің ертегілердегі сияқты ұйқасқан сөздермен ақ өлең түрінде басталуынан нені аңғаруға болады?
3. Автор романды не себепті табиғат көрінісін суреттеуден бастайды, бұл суреттеудің Ақбілек психологиясына қандай қатысы бар?
4. Автор Ақбілекке Дуананы кезіктіреді, неге әкесі тауып алмады?
5. Қазақтың бас араздығынан кек туатыны қай көрініс арқылы сипатталған?
6. Ақбілек, Жамал, Шұға мен Ұлпанның бейнелерін салыстырып, Венн диаграммасын толтырыңдар.




7. Ақбілек пен Жамалдың аналарының бейнелерін жинақтап, айырмашылықтары мен ұқсастықтарына салыстыра талдау жасаңдар.

Ақбілектің  
анасы

Айырмашылықтары  
мен ұқсастықтары

Жамалдың  
анасы

8. Ананың балаға деген махаббаты қандай оқиғамен байланысты көрінеді? «Қызын бүркітше бүріп жатқан екі орысты анасы екпінмен келіп итеріп тастап, балапанын басқан ана құстай баласын бас салды» деген көріністің аяғы немен тынды? Ана бейнесін топтастырыңдар.



9. Ақбілек басындағы психологизмді, оның өмір шындығымен байланысын және шындыққа қаншалықты жанасатыны жөнінде сыныпта талқылаңдар.

Тұтқынға түскен сорлы қыздың жан дүниесіндегі сезім	
Сол кездегі тарихи жағдайлардың Ақбілек тағдырымен байланысы	
Ақбілектің орыс офицерінен кейінгі тағдыры	
Ақбілектің өмір сүруге деген ұмтылысы	
Ақбілектің бақытты ғұмыры	

10. «Егер мен автор болсам...» Романдағы көтерілген мәселеге байланысты әдеби эссе жазыңдар.



1. «Ақбілек» романының қазақ психологиялық прозасының бастауы екенін талдаулар арқылы дәлелдендер.
2. «Ақбілек» романында образ жасауда қандай көркемдік құралдар, әдеби тәсілдер қолданылған?

3. «Ақбілек» романында саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты кейіпкерлердің сана-сезімі қалай өзгереді?
4. Келген салт аттылардың бірден Мамырбайдың үйіне келуінен нені аңғардыңдар?
5. Ақбілектің көзінің тартуы нені аңғартады? Халқымыздың қандай ырымдары, наным-сенімдері бейнеленген?
6. Романның бас кейіпкері Ақбілек қандай мінез, іс-әрекеттерімен көрінеді? Ақбілек бейнесін, оның жасалу жолын талдаңдар. Ақбілекке ұқсас қандай кейіпкерлерді білесің?
6. Роман кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Ақбілек	: _____
Мамырбай	: _____
Бекболат	: _____
Мұқаш	: _____
Балташ	: _____
Орыс офицері	: _____
Ұрқия	: _____

7. Қара мүрт қандай адам? Онда махаббат сезімі бар ма?
8. Бекболаттың сүйген қызынан бас тартуы туралы не ойлайсың? Әкесінің қызын үйінен қуып жібергені дұрыс па? Болған оқиғаға Ақбілек кінәлі ме?
9. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

10. Авторлық идеяның тарихи шындықпен байланысын анықтаңдар.



1. «Ақбілек» романының тақырыбы, идеялық мазмұны нені көрсетеді?
2. Ж.Аймауытов жиі қолданатын әдеби тәсілдердің бірі – кейіпкерлердің өзін-өзі сипаттауына шығармадан үзінді келтіріңдер. Олар кейіпкер бейнесін ашуда қандай рөл атқарып тұр?
3. Жазушының тіл шеберлігі мен көркемдік сипаты қалай суреттелгені туралы кластер жасаңдар.
4. Жазушы оқиғаны неге қасқырмен байланыстырады? Осыған ұқсас көріністерді басқа қандай шығармадан кездестірдіңдер? Қазақ әдебиетіндегі және әлем әдебиетіндегі шығармалармен салыстырыңдар.
5. Неліктен Ақбілек тағдырын ұлт тағдырына балаймыз? «Ақбілек» романы – ұлт тағдыры» деген пікірді талқылап, романды төменгі сыныптарда оқылған шығармалармен («Бақытсыз Жамал», «Шұғаның белгісі», «Ұлпан») салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.



1. «Бүгінгі Ақбілекке сырымды айтсам деп едім» деген тақырыптың жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беріп, әдеби эссе жазыңдар.
2. Ақбілекке қарап бұрынғы қазақ қыздары қандай болды деп ойлайсыңдар? Қазіргі қазақ қыздары қандай? Дебат ұйымдастырыңдар.
3. *«Ақбілек – сол кездегі қазақ қыздарының ғана емес, ғасырлар бойы отарлық тепкіден көз ашпаған қазақ халқының жиынтық бейнесіне айналған. Сондықтан да «Ақбілек» қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орын алатын шығарма»* деген пікірге сүйене отырып, әдеби сын жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

- 1) Әсіресе, бір үкірдай дегені жаман болады. Әкемнің бар малын сол айдатып алып, сымпидық та қалдық. Не мал жоқ, не үй жоқ, не тамыр-таным жоқ, *жаппаның* астында жаттық. Көрген күнімізді Құдай итке бермесін.

Сұрақ: Жаппа деген не?

- a) Шұңқыр
- b) Ор

- с) Уық үстіне киіз жабылып не екі керегенің басын біріктіріп, үстін туырлықпен жапқан баспана, лашық.  
d) Қора

2) – Тап атты!... Мылтық қолда, қамшы жонда, ат таппасқа, әдді не? Атты да алды, шідерді де алды, жүгенді де алды, кілем, көрпе, қоржын, шалбар... – бөрі кетті.

*Сұрақ:* Әдді сөзінің мағынасы не?

- a) Барлық керегі бар деген сөз.  
b) Әдді – амалың, шамаң бар ма дегені. Мылтық бар, қамшы бар, енді ат таппайтын жөнің жоқ деген мағынада айтылған.  
c) Айтарға сөзің жоқ дегені.  
d) Әділдік осы дегені.

3) Арада бес жыл өтті. Ертіс – үлкен өзен. Өре басы Қытайдан келеді. Екі қабағы ызғындай ел. Ызғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің, сауда-кәсіптің отарба, откеменің тоғысатын кіндігі, қара шаңырағы – Семей.

*Сұрақ:* Ызғындай деген сөздің мағынасы не?

- a) Шалқу деген мағынада айтылған.  
b) Толқынға қатысты айтылған.  
c) Ызғындай – қалың ел, көп адамды айтқаны.  
d) Ызғын деген руды айтуы мүмкін.



## *Артық болмас білгенің*



Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі



## *Ғаламтор*

Ғаламтордан жазушыға арналған хабарларды тауып, қараңдар. Жазушы туралы ақпараттарыңды жинап, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ**  
(1939–2015)

Әбекең – әлемдік өркениеттің ортақ қазынасына олжа салған суреткер. Көркем ойдың, көркем әдебиеттің көсемсөзге жол берген тұсында ол ел-жұртына үлгі беретін үрдіске қол артып, уақыт мінберіне көтерілді. Ағынан жарылды, адалынан сөйледі.

Әлі де қоғам мен қауымды толғандырған келелі мәселелерде кең толғар пайым қажет болғанда, қаламына қайраткер сөз ұштап, шынайы пікірі мен шырайлы бөтуасын жайып салады. Жұртының мүддесі үшін жазары таусылмаған жазушы болу да бір бақыт қой. Шіркін-ай, осындай қазақ көбірек болса екен деп тілеймін!

*(Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті  
Н.Ә. Назарбаевтың Әбіш Кекілбайұлының  
70 жасқа толған мерейтойында айтқан сөзінен)*



Әбіш Кекілбайұлы Кекілбаев 1939 жылы 6 желтоқсанда Маңғыстау облысы Оңды ауылында дүниеге келген. Ол – көрнекті жазушы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Халық жазушысы (1992), Қазақстанның Еңбек Ері (2009), Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім (1995), «Тарлан» (2003), т.б. сыйлықтардың иегері.

Әбіш Кекілбаев 1962 жылы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Кейін «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеттерінде әдеби қызметкер болып еңбек еткен. «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор,

Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінде мәдениет бөлімінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі, ҚР Мәдениет министрінің орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы, «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, т.б. көптеген үлкен қызметтер атқарды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, Мемлекеттік кеңесші, Парламент Мәжілісінің депутаты, Мемлекеттік хатшы, Қазақстан Республикасы Парламенті сенатының депутаты, т.б. лауазымдарды атқарды.

**Шығармашылығы. Поэзиялық шығармалары.** Ә.Кекілбаевтың алғашқы кітабы – «Алтын шуақ» деп аталған өлеңдер жинағы 1962 жылы жарық көрді. Ол өзінің тырнақалды туындыларында ХХ ғасырда қазақ халқының басынан түскен ауыртпалықты жаза білді. 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына майданға кетіп, өз отбасына оралмаған жауынгер көп болды. Әбіш Кекілбайұлының да шаңырағы осындай ауыртпалықты өз мойындарымен көтерді. Ол жастай жетім қалды және өз аулындағы осындай қаралы үйлерді көріп өсті. Сол себепті оның алғашқы жинағына енген өлеңдер соғыс қасіретінің зардабын бейнелі сөзбен өлеңмен жеткізуге, сыршыл сезімге арналды. «Алтын шуақ» жинағында «Сол жылдар өлі жадымда», «Танктер», «Әйел күлкісі», «Біздің бала шағымыз», «Қарындасым Нұрғайша» «Жүректе өлі жатыр мұң» өлеңдері осы соғыстың зардабын жеткізген.

Әбіш Кекілбаевтың екінші поэзиялық жинағы «Дүние ғапыл» деп аталған, ол 1999 жылы жарық көрген, яғни ол осы кезге дейін өлеңнен қол үзбеген.

Оның азаматтық ұстанымы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне де өлең арнауынан айқын көрінеді.

Шыдай алмай шайқалтты шаңырақ,  
Майыстырып тіреу қылған бақанды.  
Желтоқсанның желі сапты аңырап,  
Бұрын-соңды естілмеген мақамды, –

деуі кеңестік қыспаққа түскен елдің намыс отын жанып, алаңға шығуын суреттеген азаматтық үн қосу деп бағаланады.

**Прозалық шығармалары. Әңгімелері мен повестері.** Әбіш Кекілбайұлының қай шығармасы болса да, қазақ әдебиетінің рухани қорына айналған. Оның проза саласындағы алғашқы кітабы «Бір шөкім бұлт» 1966 жылы, ал «Дала балладалары» 1968 жылы жарық көрді.

«Күй» повесі соңғы аталған жинаққа еніп, сол кезде жұртшылыққа кең тарады. Атақты Абыл күйшінің рухына арналған бұл туынды күй өнерінің құдіретін паш етеді. Шығарманы оқи отырып, күйді кім тартты, ол кімнен үйренді, оны алғашқы болып шығарған иесі кім еді деген сауалдарға жауап іздегенде, тұтқынға түскен қазақ күйшінің күйі екені белгілі болады. Сол күй зорлықшының жанына тыныштық бермейді, бұл – күйдің құдіреті, қазақ күйшісінің рухы.

Мұндағы күй құдіреті музыкалық өнер ретінде ғана табындырған жоқ, оны «Мынау жалба-жұлба тұтқын баяғыда Дәулетжаны тартқан салқын сазды қайдан біледі? О да тап осындай әлдекімді ақылға иліктіре алмай, таусыла күңіренбеуші ме еді? Апырау, Жөнейіт мықты еді ғой. Ай бойы аза тұтып отырғанда, алқымына жас тығылған кезі бар ма еді? Тап осы қазір бұл осынша неге жасып, неге жуасып отыр» дегізген. Қазаққа дұшпандық қылған Жөнейіт, бәрібір, жеңімпаз болған жоқ. Өз ауылында оның бар мен жоғы бір есеп болды. Түсінде күйшіні көреді, оны құтқарғысы келеді. Өйткені өзінікі дұрыс емес, ол оны санасымен түсінсе де, жұрт көзінше осалдық танытып алам ба деп қорқып, өз-өзіне қарсы шықты. Ақыры, «андаған аңдушы көздерге алжасқан боп көрінгісі келмейді». Бірақ, сөйтсе де, өмірінің ақыры адам аяғандай болды, алжыды. Демек, қазақтың рухы жеңіп тұр. Енді ол, тіпті, ұйықтауға да қорықты. Жарық дүниеде мұндасы жалғыз сол күйші еді, түсінде оны тірілей көрмек түгіл, қу бас болған сүйегінен қорқып, күңіренген үннен қашты. Оянды, бірақ ояу болса да, Жөнейіт жанын қорғай алмады. Оның түбіне қазаққа жасаған қорлығы жетті.

Күйші монологі арқылы автор «Тәңірінің тегін жері мен тегін ауасына таласып, қырылып бара жатқан мынау жұмыр басты пенделердің босқа арамтер болып жүргенін де айт» деп, адами құндылықтарды алға шығарады. Қоғамның дамуы ма, тозуы ма, қалай болса да, адай мен айладыр болып, немесе қазақ пен түрікмен болып, бір кезде қырғи-қабақ болғанымызбен, ежелден түбіміз бір, бұл күнде Құранымыз бір дегенді мойында-тып, ақсақалдар арқылы бітімнің болғанын да айтып, татулыққа үндейді.

Әбіш Кекілбаев әлем әдебиетінде алғаш болып мәңгүрт мәселесін осы «Күй» повесінде көтерді. Мәңгүрт деп өзінің кім екенін де, ата-бабасының да кім екенін, қайдан келгенін де ұмытқан адамды айтады. Бұрын жаулық ойлаған адам тұтқынның шашын тақырлап алып, басына жаңа сойылған түйенің қарнын кигізген, жалаң басқа кигізілген қарын ол адамның басына жабысып қалады. Кейін шаш өскенде, ол адамның миына қарай кетеді. Адам жаны шыдамайтын қорлықтың зардабынан тұтқын, ақыры, ақыл-есінен адасып, өзінің кім екенін, қай жақтан келгенін, әке-шешесін де есіне түсіре алмайтын күйге түседі. «Күй» шығармасындағы тұтқын қазақты Жөнейіт мәңгүрт қылған, алайда қазақ күйшінің санасы түбегейлі жойылмаған еді. Осы образ арқылы жазушы тек күй құдіретін ғана айтып қойған жоқ, сонымен бірге қазақтағы елдік рухтың өлмегенін білдірген.

«Ханша-дария хикаясы» 1968 жылы жазылған. Бұл шығармада жарты әлемді бір өзі билегісі келген Шыңғыс ханның бейнесі сомдалған. Мұндағы сюжет Шыңғыс ханның көрген түсі арқылы өрбітілген.

Бұлардан басқа Әбіш Кекілбайұлының «Аш бөрі», «Көлденең көк атты», «Соңғы аялдама», «Міне, керемет», «Тасбақаның шөбі», т.б. әңгімелері бар.

«Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984) романдар циклі үшін жазушы Абай атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

**Романдары.** Бұл жанрда жазушының еңбегі жемісті. Соның бірі – «Аңыздың ақыры». Ол әуелі «Махаббат мұнарасы» деген атпен 1971 жылы жарық көрген. Роман «Қызыл алма», «Мұнара», «Махаббат», «Аңыздың ақыры» атты бөлімдерден тұрады.

Жазушы адам қолымен жасағанын мойнымен көтеруі керек деген ұстанымды алға тартады. Демек бұл шығармада Өмірші өзі зұлымдық жасаған адамдар оның алдынан қайта кездесті, оның жасағаны көзден тасада қалмады. Ал мұнара тек Кіші ханымның оған деген сезімін емес, шебер өнерінің мықтылығы ретінде адамдарға ой салады. Адамдар Өміршіге тәуелді болған соң, оған иілуге мәжбүр болса, Жаппар шебер оның алдында тік отыра береді, ал ол салған мұнара – жансыз нәрсе болғанмен, күн өткен сайын жарқырай береді, яғни өнер өлмейді. Жазушының осы шығарма жазудағы мақсаты мен идеясын жеткізуде мұнара шынайы өнердің мәңгілік екенін айғақтауға, ал Жаппардың бейнесі ар тазалығын сомдаған символдық кейіпкер болып шыққан.

Жазушының қай-қай шығармасы да әдеби қауымның жоғары бағасын алды, ойға ой қосты, сұрақтар тудырды. Солардың бірінде «Аңыздың ақыры» қалай жазылды?» деген сауал болған. «Аңыздың ақырының» жазылуына Ақсақ Темірге қатысты Еуропа мемлекеттерінің елшілерінің жазбалары келтірілген деректердің пайдаланылғаны рас. Бірақ романда нақты Ақсақ Темірдің емес, сол замандағы шығыс деспотының, дәлірек айтқанда, деспотизмнің<sup>1</sup> жиынтық бейнесін жасауды мақсат тұттым», – деп жазған<sup>2</sup>.

Әбіш Кекілбайұлы аудармашылықпен де айналысты. Ол орыс жазушылары Л.Н. Толстойдың, А.Чеховтың, И.Буниннің, француз жазушысы Г.Мопассанның, норвег драматургі Г.Ибсеннің бірнеше шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Немістің «Фольк ун-Вельт» кітап баспасы жүргізген сауалнама хаттамасында Әбіш Кекілбаевтың есімі «XX ғасырдың таңдаулы жазушылары» атты тізіміне енген. Ол кеңестік кезеңде одақтық деңгейдегі ұйымдарда, қазылар алқасында беделді мүше болған.

Еліміз тәуелсіздік алған кезде «Абылай хан» драмасын жазды, ол М.Әуезов атындағы Қазақ драма театрында сахналанып, ұлтымыздың рухын асқақтатты.

Бүгінде жазушының көп томдық шығармалар жинағы да бірнеше рет жарық көрді.

<sup>1</sup> Деспотизм – еш нәрсемен санаспайтын, озбырлық жасайтын әкімшілік құрылыс.

<sup>2</sup> Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, – Т.3. –1999. 443-бет.

## АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ

(Роман. Ықшамдалған)

### Бірінші бөлім

#### ҚЫЗЫЛ АЛМА

Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұңқыр лезде қайта толады. Алдындағы оқ бойы озық өңшең құла ат мінген күзет сарбаздарынан тау-тау шағылдың беткейінде шашырап қалып жатқан көп із көзді ашып-жұмғанша-ақ ғайып болады. Сусыма құм баянсыздықтың тылсым құдіретін танытқысы келгендей, құп-қу жүзіне жолап кеткен сәл таңбаны жалмап жұтып жатыр.

Өмірші ұлы шөлге келгелі бері оппа құмның осы бір обыр мінезінен назарын қанша алып қашса да, құтыла алмай-ақ қойды. Сары ала күйменің ішінде сусылдақ құмаққа шашасын қаптырып, малтыға жорғалап келе жатқан көп аттың тұншыға шыққан жапа-тармағай дүсірін тыңдай-тыңдай мезі боп кетіп, тұсындағы селдір пердені ысырып, сыртқа қарады-ақ – көзіне ылғи сол түседі.

Шаңылтақ көктем. Қыста қар көріп жарымаған жабырқаңқы шөл көзінді қажытады....

## II

Өмірші жорықтың жеңіспен аяқталғанына той өткізді.

Той екі айға созылды. Ол өткен ашық алаң тағы да қаңырап бос қалды. Екі ай бойы той тойлаған байтақ, шаһар қайтадан үйреншікті тіршілігіне көшті. Әбден қапысыз сайрандап, құмарларынан шыққан жұрттың бәрі қунақ.

Тек Өміршінің ғана шаршағаны тармаған. Ол той өткен күннің ертеңіне шаһардың шыға беріс сыртындағы оңаша сарайға көшіп алған-ды. Ол ішіне күн түспейтін қалың бақтың қақ ортасындағы биік төбенің басында-ды. Салтанаты өзге сарайлардың ешқайсысынан кем болмаса да, онда ешкімді қабылдамайтын. Сарай тұрған төбенің жан-жағындағы бақ та тау қойнауларындағы табиғи тоғайдай өз бетімен өскен-ді. Оның ішіндегі еліктер мен тотылар да, өзге бақтардағыдай қолға үйретілмеген, жабайы; адам көрінсе анадайдан қаша жөнеледі.

Мұнда келгенде Әмірші өзге сарайлардағыдай қақырайып, тақта отырмайды. Көбіне-көп сарайды шырқ айнала қоршаған тоған судан көпірмен өтіп, күні бойы бақ ішін аралайды. Қасына жолдас та ертпейді. Бұл баққа үй ішінен басқа сарай адамдарынан ешкім жіберілмейді. Бірақ олар да мұнда тек өз рұқсатымен ғана аттайды. Ол көбіне-көп кішкене немерелерін осында шақырып ап, күні бойы бірге қыдыратын да, кешқұрым күймеге отырғызып, бәйбішесіне қайыратын-ды.

Бұл жолы мұнда немерелерін де алдыртпады. Жолығатын шаруа бар еді деп, бәйбішесі адам жіберген екен, кейінірек сөйлесерміз деп, қабылдамай қойды. Ұзақ жорық, одан кейінгі той-томалақтың ырду-дырдуы өбден қалжыратқан. Қазір ешкімді көргісі келмейді...

Ол бұлаққа беттегенде, төңіректегі сақшылар мен сарай қызметкерлері де көзге көрінбей, жымып береді. Әмірші оңаша тұма бұлақ басында ұзақ отырады...

Міне, бүгін де ол көп ұзамай, тағы да атқа қонатын келесі жорығы туралы ойланғалы келіп еді, есіне қайдағы бір алма сап ете қалды.

Сол бір білінер-білінбес жіп-жіңішке пышақ дағы түскен нарт қызыл алма кеше бұның алдынан қайтқанды, жаңа тамақ үстінде қызметші әйел алтын табаққа салып, тағы әкеліпті.

Ол өзге алмалар жетпегендей, тап соны ұстай апты. Арасын ашып қарап еді, бұлаңдап құрт шықты. Қызметшілерінің алдында мінез шақырып жатпайтын; байқамаған боп, табаққа қоя салды.

Қызметші әйел қайта алып кетті. Ол қатуланып отырса да, қызметшінің бұл ағаттығын кешірген болды, лықсып келе қалған ашуын жасырған болды.

Бірақ мұның қиырдан шалып отыратын қырағы көзі қызметші әйелдің жұқа ернін жымқыра тістеп алғанынан басқа, жүзінен не жүріс-тұрысынан ешқандай қысылған-қымтырылған мінез байқамады. Қызметші әйелдердің иба сақтаған боп, еріндерін тістеп, жымып күліп жүретіндері қашанғы әдеттері емес пе! Сонда қызметші әйел Әміршінің алдында әлгіндей ыңғайсыз жағдайға ұшырағанына түк қысылмағаны ма? Әлде дастарқан үстіне өзге тағамдар мен ыдыс-аяқтарды қойып, күйбеңдеп жүріп, көрмей қалды ма екен? Қызметші түгілі уәзірлер де, қол басылары да, тіпті, өз балалары алдына келгенде, бауырларын жаза алмай, бүгежектесі тұрмай ма? Ендеше бейшара әйелге не жорық; ол, тіпті, әміршінің жүзіне қарауға, не істеп, не қойғанын аңдып отыруға жүрегі дауалайды дейсің бе; әлгіндей-әлгіндейді, тіпті, байқамайтын да болар.

Өміршінің кейде қарауындағылардың оп-оңай нәрсеге қайтіп ақылдары жетпейтініне қайран қалатыны бар. Артынан өзі байыптап ойлап-ойлап, онысының бекер екеніне көзі жетеді...

Бұрын қызметшілеріне назарын тіктемеуші еді, бұ жолы тінте қарады. Тайсала қоятын қызметші әйел көрінбейді.

Сонда қалай, мына әйел манағы құрт шыққан алманы әлгіге дейін көрмеген, білмеген болғаны ма? Көрсен бұдан нағып қысылмайды?..

Есік жабылған соң барып, дастарқанға қарады. Көзі қақ алдында жатқан манағы нарт қызыл алмаға түсті. Бұл жолы пышақпен кесілген сызығы ақсып айқын көрінеді. Өзін өзге тағамдардан бөлектеп, оқшау қойыпты.

Әлгі әйел бәрін біледі екен!

Жастығының қасында тұрған қоңырауға қолының қалай тиіп кеткенін білмей де қалды.

Есіктен басын иіп, тағзым етіп, қызметші әйел қайта көрінді.

Бұл өне бойын зіркілдетіп алып бара жатқан ашуды жасыруға бар күшін салып бақты. Қапелімде босағада мүләйімсіп тұрған әйелге не дерін де білмей қалды.

– Мына алманы осындағы бақтан үздіңдер ме?

– Жоқ, тақсыр ием, сізге әдейі Ұлы ханым жіберіпті.

– Бара бер!

Қызметші әйел жалт бұрыла бергенде, жымқыра тістеген езуінен жымыған күлкі қылаң берді...

«...Ұлы ханым жіберді».

Балаларынан қандай мінез шығуы мүмкін... Жаман айтпай, жақсы жоқ деп, көзі жұмыла қалса, орнына кім болатынын әлдеқашан өз аузынан айтып қойған-ды. Мұрагерінен әзір сұрқия ой шыға қоюы мүмкін емес...

Жалма-жан терезе алдынан кетіп, хауызға беттеді. Біртүрлі өзінің ояу екенін, әлде ұйқысырап жатқанын анықтап білгісі келген кісідей, бөлменің ішінен түк қалдырмай, тінте қарады. Тәрде бос жатқан төсегін көрді. Бет алдын хауыздағы судың мұздай лебі жалап өткендей болды. Алтын жалатқан жіңішке түтіктің аузына қолын апарып еді, әлдеқандай, ту тереңнен жыланша ирелеңдеп шығып жатқан мөлдір сұйық саусағын шағып алды.

Ол бойын жиып ала қойды.

– Апыр-ай, сонда әлгі қызыл алма...

Сонда бәйбішенің жорамалы Кіші ханымға бағышталған болды...

Егер сонша сарылып сағынбаса, мана күндіз, өз көзімен көріп, тамсанып қайтқандай тамаша мұнара салдырып қояр ма еді? Аспандай қараған асқақ мұнараның өне бойы толы махаббат табы емес пе еді... Махаббат...

Жаңа бір жол тауып ап, адымы енді жазыла бастаған ойы кенет ұшпа құзға қайта кеп тірелгендей, әлгі бір «махаббат» деген сөзге ілініп тұрды да қалды.

Иә, көк мұнараның өне бойынан өліп-өшкен махаббатты тану қиын емес. Бірден көзге ұрып тұр. Бірақ сол кімнің кімге махаббаты? Көк мұнара алыс жорықтағы еріне ынтыға қол созған сағынышты жар ма, жоқ алыстан қол созған ғашық жүректі мен мұңдалап қасына шақырған сиқыр сұлу ма, қайсысы? Мана бұл қасынан көзі қиып кете алмай, көп қараған жоқ па еді, сонда сиқыр мұнара өзіне тартып тұрмап па еді? Сонда оны салған шебер нені бейнелеген болды? Алыстағы жарын күткен сағынышты бейнелесе, қасына барғанда, асқақтап аспанға қарап жатып алатыны несі, сөл алыстасаң болды, қайтадан өзіне баурап, қараған көздің шырқ айналып шыға алмайтыны қалай? Жоқ, жоқ, шебер мұнараны салдырған ханымның алыс жорықтағы жарына деген пейілін емес, өзінің ханымға деген көңілін бейнелеген... Өліп-өшкен махаббатын бейнелеген... Иә, солай. Көк мұнараның сиқырына ол енді түсінді...

Енді бұған қолмен ұстатқандай даусыз айғақ керек. Айғақкерді табу да оп-оңай. Жай-жапсарды бөйбішесінен сұраса, о да айтып береді. Бағанағы күтуші әйелден сұраса, о да айтып береді. Тіпті, азбан құлдардың білуі де өбден мүмкін. Ал бірден-бірі білетін кісі – бас шебер. Бұлардың қайсысын шақырып сұрағаны дұрыс. Ендігі гөп сонда?..

Өмірші тағы да маңдайын ұстап, ойланып қалды...

Өмірші сол орнында мелшиіп тұрды да қалды.

## *Екінші бөлім*

### **МҰНАРА**

#### **I**

...Рамазан айының төрті күні дәл осы арада Өмірші мешіттің ірге тасының қалай қаланып жатқанын өз көзімен көріп тұрды. Бірақ бұның анайда көп нөкердің ішінде тұрған Өміршіге бұрылып қарап алуға жігері жетпеді. Екі кісі алма-кезек алып беріп тұрған қыш кірпішті тұқшыңдап қалай берді. Олардың қиюының қалай келіп жатқанына да жөнді зер салған жоқ...

Содан бері төрт ай өтті. Бес жүз кісі тауда тас шығарып жатты. Екі жүз кісі оны сол арадан жылтыратып өңдеді. Арба жеккен тоқсан бес піл тасып тұрды... Төрт ай бойы таңертең күн көтеріле сары күйме медресе ауласына келіп кіреді де, күн бата ат мінген қалың нөкердің ортасында сарай жаққа қайтып бара жатады. Төрт ай бойы естігені: «Әне, анда өзі қарап отыр!»

Мешіттің біткеніне үш күн болды. Ішінде әрқайсысының биіктігі жеті құлаштан асатын тастан қашалған төрт жүз сексен баған бар. Өміршінің денсаулығына дұға оқып, жорықтарына бата беретін бұл мешітте бәрі алтын, бәрі мәрмәр...

## II

...Өмірші жорыққа аттанып кеткелі де екі жылдың жүзі боп қалды. Хан қайтып келгенде, өз бұйрығының орындалғанын көрсін деп, бас шебер де қатты асығып жүр. Күнде ертемен елдің алдымен кеп, шеберлердің жұмысын көріп кетеді. Қазір де, өне, жеңіл күймесін есік алдына доғарып, тас қаланып жатқан жабық бастырманың астына кірді. Күндегідей жолындағы тас қалаушылардың қасына тоқтап, тіл қатыспастан бірден түпке қарай аяндады. Әлде тағы да бір шұғыл шаруа шықты ма екен? Кімге беттеп келеді? Алдын кес-кестеп әрлі-берлі тас тасып жүргендерге назар салған жоқ. Тартып келеді. Қайда жетіп тоқтар екен? Міне, мұның қасына таяп қалды. Тоқтамай өте шығатын шығар. Жоқ, бұрылды... Иә, түп-тура өзіне беттеді. Қасына келді. Үюлі жатқан қыш тастардың үстіне аяғын салып, тіл қатты.

– Жаппар, таста...

Бұл не дегені? Жаппар оның бетіне қарады.

– Жүр, сарайға барамыз. Сені бас уәзір шақыртып жатыр.

Бас шебердің солқылдақ жеңіл арбасы бас уәзір отырған ақ сарайдың қақпасының алдына кеп тоқтады. Есік ашқан сақшылардың ара-арасымен, алдына түсіп ап, асыға аяңдап бара жатқан бас шебердің соңынан ере берді. Сарайдың сап-салқын, саңғыраған әлденеше бөлмелерінен өтіп, ақыры, бір самаладай көкшіл бөлмеде қақ ортадағы дөңгелек хауыздың төр жағында ағаш сәкіде отырған бас уәзірдің де алдына жетті. Ол тағзым еткен сәлемін қабыл алды да, бұның бас-аяғына ұзақ тесіле қарап отырды: бір қауым уақыт өткен соң, не де болса, айтайын деп, төуекелге бел буғандай, аузын аша беріп, тағы да сүзіле қарап қойды. Сосын бас шебер жаққа бұрылып:

– Неге шақыртқанымды айтып па едің? – деп сұрады.

– Жоқ, тақсыр, – деп, бас шебер тағы да тағзым етті.

– Ендеше, Жаппар ұста, Кіші ханым жорықтағы Ұлы Өмірші елге оралғанда көз қуансын деп, мұнара тұрғызбақшы. Соны сізге салдырмақпыз, – деді де, бас уәзір тостағандай көзін бір төңкеріп қойды. Кімге болса да, басын төмен салып жіберіп, иегінің астынан жоғары қарай бажайлап бір шолып шығатын бас уәзірдің әдеті болса керек.

Оның тесіле қалған бадырақ көзіне тік қарауға қаймыққандай Жаппар ұста иіліп, тағзым етті.

Бас уәзір ішіп-жеп бара жатқан бадырақ көзін тағы да бір рет шыр көбелек айналдырып алды да, назарын енді Жаппардың екі иығынан асыра есік жаққа қарап:

– Ұқтыңыз ғой, – дей салды.

Даусы біртүрлі салғырт шыққандай болды.

Жаппар бұған не деу керек дегендей бас шеберге көз тастап еді, ол уәзірдің не дегенін атымен естімеген кісіше, меңірейіп тұра берді.

Жаппар бас шебердің бейтарап жүзіне аңтарыла қарап біраз тұрды да, бас уәзірдің өзінен жауап тосып отырғаны ойына түсіп, асыға-үсіге:

– Ұқтым, – дей салды.

Содан Жаппар қазықты қайда қағарын білмей, бір ай жүрді. Байтақ шаһардың ішінде бармаған, біресе жердің топырағына, біресе маңайдағы үйлерге жалтақ-жалтақ қарап, басын сипап, тұрмаған жері қалмады.

Ақыры, ол мінген арба Кіші ханым тұратын бақтың түстік жағындағы оңашалау алаңқайдан келіп бір-ақ шықты.

Ескілікті обаның орны қаланың былайғы табанынан біршама биік сияқты. Топырағы да не кебіртік, не майда ұлпа емес, қатқақтау. Ертеңгі күні мұнараны шөгере-шөгере еңсесін түсіріп тастамайтындай. Тым бір қиын бұру шет те, бықынажай орталық та емес. Жан-жағы ашық. Шаһардағы аты шулы мешіт-медреселер мен хан сарайлары да бұл арадан біраз жер. Төңірегінде көрушінің көзі мен көңілін бұрып әкететіндей ештеңе жоқ, оңаша. Терістік қапталында Кіші ханымның сарайы ғана бар. О да көк мәуеден көрінбейді.

Не де болса, тәуекел деп, қазықты сол араға қақты...

...Жаппарда тыным жоқ, болашақ мұнара тұратын обалықты біресе ана жағынан қарап, біресе мына жағынан қарап шапқылады да жүрді.

Бір күндері қырық құл жер бетіне қайта шықты, олар қазған шұңқырға енді Жаппар түсті. Шыжыған шілде күнінде жер асты қанша рақат көрінгенмен, бір-екі күннен кейін одан да жалықты. Жарыққа, жер бетіне құлшынды...

Күн санап сатылап биіктей түскен мұнарамен бірге о да жер бетінен, кірпіш тасып, балшық илеп, күйбеңдеп жүрген көп құлдан алыстай берді.

Енді мұнара шаһардың таяу жердегі үйлерінен бой асыра бастады. Жақын махаллалардың тап-тар көшелері мен аядай аулаларындағы қимыл-қыбырдың бәрі көз алдында. Жатаған үйлердің ара-арасындағы әрлі-берлі шұбап жатқан қара ноқаттар – есек мінген, не жаяу кетіп бара жатқан көшедегі жұрт мың сан сүрлеуге түсіп ап, әрлі-берлі жөңкіліп жатқан әлдеқандай кішкене мақұлқаттар секілді. Олардың көзге әзер шалынатын құрдым қарасы да, ерсілі-қарсылы сендей сапырылысқан мәнсіз қозғалыстары да кісі күлерліктей. Әсіресе, базар маңы құмырсқаның илеуінен бір аумайды. Әншейінде арасында жүргенде қызығатын қызылды-жасыл дүниелер де мынадай зеңгір биіктен қарағанда құнсыз, қызықсыз, тіпті көзге де ілікпейді.

Осы бір ұсақтықты, мәнсіз абыр-сабырды адамдар өздеріне – өздері қасақана ойлап шығарғандай. Мынау ұлан-асыр шалқар болмыста әрқайсысы алды-алдына шалқайып жүруге жер жетпегендей бір-біріне соқтыға-қақтыға жөңкілетін өне біреу сүрлеулерді, кеңістікті кеңірдегінен алып қылғындыратын жолбарыстай көріп, төрт жағынан төрт тас жақтаумен қоршап, қыспаққа алып тұратын өне бір тас табыттарды тауып алышты, сондай бірінен-бірі аумайтын тас қорапшалар арасында, сұрықсыз сұрқай илеуде біріне-бірі соқтығып, құмырсқаша құжынап жүріп, бір-бірімен атақ таластырып, әлек болады. Осынау мәнсіз илеу біріне-бірі соқтыққан құмырсқаларын да мәңгіртіп жібергендей. Әйтпесе, мынау ұлан-асыр кеңістікте бет-бетіне бытырап жүрмес пе еді, сонда олардың әрқайсысын жеке-жеке қуып жүріп өлтіретін кім бар дейсің? Ал мынандай быжынап жатқан илеуді бір жайпап кетуге қай жау қызықпайды?! Өзге илеулерді аямай таптап жүрген атақты билеуші өз илеуін жылдан-жылға құжыната түсуде. Тап осы салып жатқан мұнарасының қажеті қанша... Көлденең көк аттының көзіне түртіп, екі аяқтылардың тағы бір илеуі бар деп жау шақыруға ма... Әлде, мынандай қапас илеуге жуымандар, маң түзден айрылмаңдар деп ел үркітерге ме... Неге керек?.. Не үшін керек?.. Оны өзі де білмейді. Былтыр бадырақ көз бас уәзірден тапсырма алды да, кірісіп кетті. Сонау мәуе бақтың ішінде, әлдебір түкпірде бұған қарап отырған Кіші ханымға керек болды дейді. Оның мынандай тас үйікке неге сонша құмар бола қалғанын ит біліп пе?..

Бәлкім, жер кіндігін тесіп шыққан мына мұнара, адамдардың әлгіндей асқақ дәмесі ғана емес, анау аяғының астындағы былқ етпес көнбіс қара жердің сонау тас төбеден еміне төнген көк аспанға емірене созған білегі шығар. Қолындағы қыш кірпіш күні кеше сонау төменде көк есектің тұяғына жаншылып жатқан көк тиындық құны жоқ топырақ емес пе еді

тәйірі... Енді, міне, ол бұның білегінен әлдебір сиқыр қақтай сорып шығарып жатқан күшпен қосылып, жайдауыт бедерсіздіктен көлденең көзді өзіне алаңдатпай қоймайтын биік нысанаға, ешкім ескермейтін мағынасыз ұнтақтан назарыңды көкке сүйрер маңғаз мұнараға айналмады ма?

Быттыр алғаш қазық қаққанда, ол ескі обаның төбесіндегі көк ніл әуеге қанша телміріп қарағанмен, көз алдынан қазір-ақ бір-бір ұшып жоғалатын алдамшы елестен басқа ештеңе көре алмаған-ды. Әлгінде ғана алдында аспанмен таласып тұрып алған сиқыр мұнара көзін уқалап ап, енді бір қарағанда, жер жұтқандай жым-жылас жоғалып кеткен-ді. Бірақ бүйірін тышқан тесіп тастаған бұжыр төмpekтің төбесінде көз алдында көлбеңдеп тұрып алған, қазір ғайып болатын сол бір алдамшы елесті шындыққа, көргеннің көз жауын алатын көрікті көк мұнараға айналдыруға болатынын ол баяғыда-ақ білген-ді.

Одан бері де сегіз жылдың жүзі ауыпты...

Алда келе жатқан әкесі үндемейді, ауық-ауық кілт тоқтап, ылғи өрге қарай емпеңдей беріп, пысытқан киіздей қап-қатты боп ұйып қалған белін жазып, екі бүйірін таянып, біраз тұрып алады да, бір күрсініп қойып, қайта жүреді.

Тек көк есектің ғана іші пыспайды. Серек құлағын қалқитып жығып ап, басын көтермей жорғалай береді...

Ал анадай жерде артта келе жатқан ендір қара жігіт, он жеті жасар Жаппардың осы сапардан әлдеқашан іші пысқан-ды.

Қыс бойы төсек тартып жатқан әкесі наурызда басын көтерді. Аяқ астынан қайрат біткендей, көздей жерін жыртты, тырмалады, дән септі...

Соның бәрін үнсіз істеп, үнсіз бітірді де, балаларын жиып, Жаппардан басқаларының қайсысы қандай шаруа істейтінін айтты.

Араға көп уақыт салмай, Жаппарды ертіп, жолға шықты...

Құмырашының қайдан келгені де жұмбақ. Бір суық күзде бейсаубат керуенге ілесіп келді де, қалып қойды. Ешкімге дін ашпайтын дәу қара кісі саз балшыққа жан бітіретін шебер екен. Көп ұзамай, өз күнін өзі көріп кетті...

Жаппар көзбояушы көрсететін көп сиқырды көріп отырғандай, әкесінің балағын тізесінен асыра түріп қойған жалаңаш балтырындағы бұлт-бұлт ойнаған бұлшық етке, қарсы алдында ауада зыр көбелек жүгірген жұмбақ шеңберге міз бақпай қадалған шебердің суық жанарына аңтарыла қарайды...

Көп ұзамай, әкесі шарыққа бұның өзін отырғызды...

Жаппар шын шеберді шыңдайтын өзгенің көзі екенін сол әкесінің ертеден қара кешке міз бақпай қараған мір жанарынан ұқты...

Бала осынау шұқшима кәсіптен қанша шаршағанмен, зеріккен жоқ. Күніне бір құпиясы шығып тұрады да, құныға түсті.

Әкесі баласын қиын кәсіптен ө дегенде зеріктіріп алмайын дегендей, ауық-ауық дүкенін апта бойы ашпай, бой жаздырып алады. Ондайда бала әрі-беріден соң, қол бос жүрістен іші пысып, дүкенге, шарыққа асығады.

Көп ұзамай, қыстаққа Жаппардың қолынан шыққан құмыралар да тарай бастады. Алғаш рет ол өз қолынан шыққан құмырамен суға бара жатқан қызды көргенде, дарияға жеткенше, анадайдан соңынан ерді де отырды. Қыз талдырмаш денесі бұралаңдап, бұның қолынан шыққан қыш құмыраны суға толтырады да, май топырақты имене басып, қыстаққа қайта бет түзегенде, манадан бері қыр соңынан қалмай еріп келе жатқан бала шебер жақын тұрған дуалдың тасасына зып береді, қыз неге еріп келе жатқанымды біліп қоя ма деп қысылады...

Қазір қыстақта Жаппардың қолынан шыққан құмырасы жоқ үй кемдекем.

Енді, міне, әкесі аяқ астынан алыс жолға шығып, бұл білмейтін беймәлім бір жерге ертіп келеді...

Көк есек құдды құрдымға сіңіп бара жатқандай... Әуелі әншейін көлбеуіт басталған ойпат күрт тереңдей түсті. Әкесі қара түлейдің қақ ортасына кеуделеп енуге дәті бармай, көз ұшынан ернек көрініп тұратындай жерге барғасын, есегін сексеуілге байлады. Жаппарды жиырма қадамдай аулаққа алып шықты...

Сосын ұйысқан сексеуілдің қалыңдау жеріне жетектеп апарып, бұталардың арасындағы анадай жердегі кемер ернек еміс-еміс көрінетін оймақтай саңылаудан көзіңді аударма деп тапсырды.

– Қашан өзім келгенше, қыбыр етпе...

Әкесі кес-кестеп тұрып алған сексеуіл бұталарын қолымен көтеріп, басқа бір жаққа жылыстай берді...

Бір уақытта мимырт жүрістен әбден қалжырап қалған өне бойы дел-сал тартып, кірпігі ілініп барады екен, жалма-жан көзін ашып ала қойды.

Дәл маңдай алдындағы селдір саңылаудан әлдене бұлаңытқандай болды. Жаппар көзін уқалап, қайта қарады. Түйелі адам. Басына дағарадай қып сәлде орап алған біреу бұлар тығылып жатқан түлейді алыстан орағыта шолып, астындағы сала мойын қызыл нарды борбайлатып, қызылға қарай желіп барады. Ашамайының басына ілулі томпиған әлдене бұлғаң-бұлғаң етеді. Шамасы – сусын болса керек. Жаппар таңдайы кеуіп, қатты шөлдегенін енді байқады. Анау жолаушыны тоқтатып, сусын сұраса қайтеді. Кенет әкесінің «Өзім келгенше, қыбыр етпе» дегені есіне түсті. Басы зеңіп,

ернекті жағалап, бірте-бірте қашықтап бара жатқан бейсаубат жолаушының соңынан көзін алмай, қатты да қалды. Енді байқады – түйе үстіндегі сөлделі адамның оң қолында ылдырмақ-шылдырмақ тағылған ақ таяғы бар екен... Диуана... Алба-жұлба, осындай жандар оқтын-оқтын бұлардың қыстағына да соғып кетіп тұратын-ды.

Жаппарға анау диуана да дәл қазір бұлардың қыстағына кетіп бара жатқандай көрінді. Көңілі әлденеге құлазып сала берді. Жалғыз түйелі алыстай-алыстай, ақыры, көз ұшынан ғайып болды.

Жаппар басы зеңіп бара жатқан соң, маңдайына сексеуілдің түбінен мұздай сыз топырақ алып басты.

Шағылдардың тасасына барып күн батты. Жаппардың алдындағы селдір саңылау бұлыңғыр тартты. Көп ұзамай, қара түлейді шыр айнала ымырт қоршады.

Кешкі ымырт қара түлейдің ішіне еруге дауаламай, ернек басына іркіліп тұрып қалғандай...

Бірақ дүсір күшейе түсті. Бір үйір аң қалың жынысты сарт-сұрт жапырып, жағаласып ойнақ салғандай.

Жаппардың тамағы кеуіп қалды. Қары талғасын құшағындағы қу томардан қолын ажыратайын десе, жаны кеткен саусақтары сіресіп қапты.

Дүсір кеуделеп біраз жерге дейін келді де, кейін қайтты. Бұның сірескен саусақтары сонда барып жазылды, бойын түзеп алған сексеуіл бұтасы өзге бұталарға соқтығып, болмашы сыбдыр етті. Бірақ Жаппарға соның өзі таудан тас құлағандай үрейлі естілді...

Бұл біраздан соң жарық пен қараңғылықтың астасқан жерінен қаз қатар қаңтарулы тұрған көп атты көзі шалды. Отқа жақын жердегі аттардың ерінің басына ілулі қынаптар түнгі алаудың шұғыласы түскенде жарқ-жүрқ ете қалады.

Жаппар олардың не қылған адамдар екенін біле алмай аң-таң. Елсіз түзде түн ішінде бейсаубат қару асынып жүргеніне қарағанда, қорқынышты адамдар.

Бағана әкесі, бөлкім, осылардан қорықты ма екен? Керуен тонайтын қарақшылар болады деуші еді – әлде солар ма? Олардан сонда немді тартып алады деп қорқады?

Жаппар ернек басында қаннен-қаперсіз лапылдап от жағып отырған көп адамға үрейлене қарады...

От қасында сенделіп жүргендерге мүлги қарап отырып, ұйықтап кетіпті.

Бір уақта әлдекім иығынан тартқылады. Оянып кетсе – әкесі. Ол мұны ымдап: «Соңымнан ер», – деді. Екеуі бағана сексеуілге арқандап кеткен

есегіне келді. Сосын әкесі есегін жетектеп, мана өздері құлаған өкпе тұстағы ернекке тартты...

Түнде түлей ішінде от жаққан да солар болып шықты. Әкесінің Ұлы Құмнан шығатын жол-соқпақтардың қай-қайсысында да бейсаубат жолаушыларды тергеп-тексеріп, торып жүретін қарулы сақшылардың қаһарына ұшырап қалмас үшін, қалың түлей ішіне әдейі түнегеніне Жаппар енді түсінді. Бірақ ол осыншама қалың қол анау салтанатты сары ала көш жыра-жықпылы, ұры-қарысы көп түлей маңынан қауіпсіз өтсін деп, алдарынан әдейі жіберілгенін, ал әлгі сары ала шатыр ішінде Әміршінің жас әйелі Кіші ханым кетіп бара жатқанын онда білген жоқ-ты.

Бұның бәрін ол әкесі Байтақ шаһардың әр жер-әр жерінен төбеге салған қисық-қисық жиде ағаштарының тұқылынан басқа ештеңе көзге түспейтін, сарғыш саз топырақпен жымпитып майлап тастаған төпене үйер мен кесек дуалдар қоршаған тап-тар ирек көшені шарлай-шарлай жүріп, өзер тауып түскен үйінің сөзуар иесінің аузынан шай үстінде естіген-ді.

Ол осы күнгі жатқан үйінің қожасы Ахмет бай болатын. Ахмет әуелі бұның әкесін тани алмай, біраз тұрды. Есік ашып қарсы алған жуан қара кісінің майға бөгіп жылтырап көрінетін қысыңқы көзі көпке дейін сығырайып, ашылмай қойды.

Әкесі:

– Ахмет саудагер, ұмытып қалғансыз ба? Мен Ортөбедегі құмырашымын ғой. Сауда жасап барғаныңызда, біздің үйге талай қонып едіңіз. Байтақ шаһарға келсең, біздікіне түс деп, өзіңіз айтқан соң, әдейі іздеп келіп тұрмын, – деп, жөнін айтты.

Қожайын мейманның өңін енді шырамытқандай, екі қолын қусырып, омырауына апарды. Қақпасын ашты.

Ол қонақтарын өзі бастап алып жүрді. Алдарына түсіп ап, емпендеп келеді. Оңаша бөлмеде үш еркек боп шай ішті. Саудагер шай үстінде ескі танысы – бұның әкесіне естіп білген бар хабарын жайып салды.

– Мен мына баламды әкелдім. Көзімнің тірісінде сіздің қолыңызға жеткізейін дедім. Аңада біздің қыстаққа соғып, кеткен бір дәруіштен хан шаһарда жаңа мешіт салдырам деп, жан-жақтан шебер жинап жатыр деп естігем. Баламды соған іліктір, – деді әкесі.

Ахмет шаһарда хан орданың адамдарынан басқаның бәрін танитын болып шықты. Базардағы күйкентайдың күркесіндей тар дүкенде өткен-кеткенге бақырып-шақырып отырған төрт-бес саудагермен көк шай үстінде сөйлесіп көріп еді, бас-аяғы бір аптаның ішінде ортөбелік әкелі-балалы қос құмырашы жаңа мешітті салып жатқан көп құрылысшының санатына

қосылып шыға келді. Жаңа мешіт енді-енді бой көтере бастағанда, әкесі үйреншікті сырқаты ұстап жатып қалды.

Әкесімен екі ай бірге істеген бала шебер көгілдір мешіттің күншығыс жағындағы көк мұнараға алғаш рет бір өзі шығарда қатты қобалжыды. Күннен-күнге биіктей түскен мұнаның басында жетім торғайдай жан-жағына алақтап отырған бала шебер көлденең біреудің кезі түссе, именіп бұғып қалады. Тас төбеден тесірейіп тұрып ап, ілбіп, жылжып болмайтын бедірейген күн көзі тұсау бойы көтерілгеннен қашан ұясына барып қонақтағанша жас шебер жан-жағына алақтаумен болады...

Күні бойы шоқ басқандай тыпыршумен болатын Жаппар бір күні кешке жұмыстан қайтса, әкесі әл үстінде жатыр екен. Есіктен бұл көрінгенде, қолын созып, қасына шақырды. Екі көзі жасқа толып, қиналып жатқан әкесінің жүзін де дұрыстап көре алмады. Бөлме іші су түбіне айналғандай, төңірегіндегінің бәрі алашабырланып, бұлдырап көрінеді; еміс-еміс бозартқан бірдеңелер әрлі-берлі тербеліп жүр, тек қарсы алдындағы өнтек ағарып көрінетін біреу ғана су түбіне шөгіп, жабысып қалған бір парақ қағаздай, қыбырсыз. Сырылдаңқырап шыққан көмескі дауыс енді-енді еміс-еміс естіле бере, өшіп қалды. Манадан бері бұның қолынан тас қып жабысып алған қатқыл қол кенет сылқ түсіп кетті.

Әкесін жерлеген соң, мынау бейтаныс шаһарда жападан-жалғыз қалды. Әкесінің өлер алдында не дегенін де дұрыстап ұға алмады. Басы жоқ, аяғы жоқ «Кетпе» деген бір ауыз сөзі ғана құлағында. Енді жаңа салынып жатқан көк мешіттің шығыс бетіндегі мұнаның тас төбесіне қонып ап, бір тас қаланған сайын мойнын созып, қарсы алдына бір қарап алады да, басқа ештеңеге алаңдамайды...

Көкшіл аспан мынау құжынажай шаһардың үстінде аунап алғысы келгендей, шалқасынан түсе сұлапты. Көкжиекті, бұл баяғыда әкесі екеуі келген сар даланы, көзіне бір іліктірмей, ол мұнара да біткен-ді...

Жаппар алдындағы әйелдің адам екенін, жоқ қос боп көрінген әншейін елес екенін анықтап білгісі келгендей, назарын тіктеп, тінте қарады...

Сонда барып көрді – мұнара түбінде үш-төрт күйме түр екен. Өлгі аппақ перде ыстықтан әбден күл өңденіп кеткен саз топырақта жел көтеріп, ұшып бара жатқан құстың мамығындай боп ағараңдап, қаз қатар тізіле қалған күймелерге қарай беттеді. Соңында бір шоғыр адам. Солардың бірі топтан бөлініп жүгіріп барып, қақ ортадағы көк жібек перде тіккен күйменің есігін ашты. Екі сарғыш перде жамылған әйел әлгі әйелдің екі қолтығынан демеп, күймеге отырғызды. Қызметші әйелдер қолтығынан демегенде, ақ желең перде бір-ақ желп ете қалды да, астындағы жарық жалғаннан тү-

гел жасырын жанды әлдекімнің өзәзіл жанары көріп қалмасын дегендей, қайта қымтай қойды. Тыпыршып тұрған жарау аттар ағызып ала жөнелді. Күйменің терезесіндегі көк жібек перде желмен ойнап бара жатты.

Шебер соңына селдір тозаң ертіп, зулап бара жатқан күймелерден көз айырмай қадалды да қалды. Күймелі керуен анадай жердегі Кіші ханым тұратын сарайдың баққа көмілген биік қорғанына кіріп, жоқ болды. Жаңа қасында болған әйелдің кім екенін ол енді барып аңғарды.

Дүние күндегі байырғы кейпінен айрылып, қайдағы бір бұлдыр елеске айналып кеткендей. Төңірегіндегінің бәрін буалдыр мұнарға көміп, ымырт орнап келе жатты. Ол мұнара басынан сүлесөк түсті...

Мұнараның анадайдан айбар шашып айбындап тұрғанын да, не көрген адам қолтығына қысып кеткісі келгеніндей қып, құр әншейін қуыршақ болып жұтынып тұрғанын да қаламайды. Көрген жан тамсанып қана қоймай, төңірдің әлдебір жұмбағының шешуін табуын тапса да, есіне дәл анық түсіре алмай, айран-асыр қалып арманда аттанатындай қып әшекейлегісі келеді. Көз алдына өнеугүні күйменің терезесінен желмен ойнап бара жатқан желбірек шәйі көлең ете қалды.

Жаппар көктен іздегені жерден табылғандай қуанып кетті. Бұл мұнара да тап сондай жеп-жеңіл, тап сондай ойнақы болуға тиісті. Мұнараны көрген жан қапелімде әлдебір арудың сонау зеңгір аспандағы ақ періштелердің біріне ұмсына созған ақ білегі екен деп қаласың. Тіпті, ертең Әмірші алыс жорығынан қажып оралғанда да, алдынан әлдекім білегін көтеріп, күтіп тұрғандай көрінсін.

«Дереу дермене іздетіп, қаңбақ өртетіп, ніл бояу жасайтын күл әзірлеуім керек», – деп түйді шебер.

Мұнараның қалған жерін көп ұзатпай, қалап бітіргісі, көңіліне аяқ астында ұялай қалған арманын жүзеге асыруға тезірек кірісіп кеткісі келді...

Көк мұнара күн орнынан ауған сайын әр алуан кейіпке көшіп, құбылады да тұрады. Қараған жан соның бәріне қайран қалады. Бірақ оның сиқыры неде екенін біле алмайды...

Ханымның күнбе-күн сәскеде нөкерін ертіп серуендейтін кезі де жақындап келеді. Жаппар сол күнді асыға күтті. Ақыры, оған да жетті. Қызыл ала шәйі ұстағандай ұлпа желек астынан үлбіреген көйлек киген бір топ әйел шыға келді. Шыға келді де, аяқтарына жем түскендей, тоқтап қалды... Көк мұнарадан көздерін алмай, аңыра қарап тұрып қалды. Қап, бәлем, солай ма екен!.. Жаппар өз-өзінен масаттанып, мырс ете қалды. Көмейіне қайтқан өштің бе, әлде көкірегіне сыймай бара жатқан көл-көсір қуаныштың ба, бір толқыны лықсып, көзінің алды мұнартып кетті. Көк

мұнара күннен-күнге өсе түсті. Бірақ сарай жақ шеті кетіп тұр. Жаппар сол кетіктен хан бағына қарап телміреді де отырады. Ертең-ақ көзінен бір-бір ұшатын әсем көріністі қимағандай, әлгі кетікті бітегісі келмейді. Оны бітесе, хан бағында хор қыздарынша асыр салып ойнаған қырық сұлу да біржолата ғайып болады...

Ол бір тәуекелге бел буды. Қашан жендет ай балтасымен келіп айдап әкеткенше, мұнарадан түспейді де, мына кетікті бітемейді де.

Біраздан соң Жаппардың көңіліне не қашқанын түсініп қалғандай, бас шебер мұнараның басына өзі шықты. Өміршінің ұлы жорықтан қайтып келе жатқан хабарын айтты. Оған дейін мұнараны бітіріп, айналасын айнадай қып тазартып қоюы керек. Жүргіншілердің айтуы бойынша, бұл салған мұнара сонау Ұлы Құмнан шыға бере-ақ, көзге түсетін көрінеді. Өмірші ертең жеңіспен оралған тойында жорықта көзге түскен баһадүрларымен бірге бұған да асыл тарту тартатын шығар; бұдан кейін бұл салған мұнараның лақабы аспан астына түгел тарайды.

Жаппар бас шебердің не айтып тұрғанын естімеген жанша меңірейіп тұра берді. Сөзінің зая кетіп жатқанын сезген шебер әңгімесін кілт доғарып, әріптесінің жүзіне қарап еді, талайдың қас-қабағын аңдып қалған өккі көзі жас жігіттің өзгенің бәрін ұмыттыратын бір аңсар сезімнің құшағында тұрғанын біле қойды. Ол Жаппардың ой атаулыдан атымен ада, тұнжыр жанары тесіле қарап қалған жаққа көз тастап еді, ту-ту төменде, өз бағындағы жасыл алаңқайда нөкерін ертіп, мұнараға қарап тұрған ханымды көрді.

Бас шебер ләм-мим деместен, төмен түсіп кетті.

Өміршінің елге оралып келе жатқан лақабы күннен-күнге күшейе түсті. Жаппар тұратын махалла халқының да, мұнара салысып жатқан мұның серіктерінің де аузындағы хабар – тек сол ғана. Бірақ Жаппар соның ешқайсысын да құлағына ілмегендей.

Күнде төсектерінен тұра сап, жаңа мұнараға бір қарап алып, дастарқанға отыратын Байтақ шаһардың тұрғындары баяғы сол бітелмеген кетікті көреді.

Бірақ жендет балтасының суық жүзін өңі түгілі түсінде де көргісі келмейтін пақырлар көңілдеріне қашқан сұрқия ойды отыз тістен сыртқа шығаруға батылдары бармай, іштерінен тынып жүр.

Оны сезбейтін тек Жаппар ғана болса керек, тіпті, Ханым-екеш Ханым да шаһар тұрғындарының көңілінде не жатқанын естімей-ақ білген түрі бар. Өмірші алдынан хабаршы аттанатын күні таңертеңгілік Ханым сарайынан екі күйме зулап шыға келді де, мұнараға беттеді.

Оны мұнара басында тұрған Жаппардың да көзі шалып қалған-ды. Өлден соң ту-ту алыстан, мынау өзі қолдан өріп шығарған зынданның түбінен тық-тық басқан аяқ дыбысы естілді. Екі адам қатар сыймайтын, тек жалғыз адам ғана көтерілетін тас сатымен әлдекім жоғары өрмелеп келеді. Жігіт өз жүрегінің дүрсілі сол тырс-тырс басқан жұмбақ аяқтың тырсылымен бір мезгілде жарыса шығып тұрғанын байқады. Ханым сарайына көз салып еді – жасыл алаңқай қаңырап бос жатыр...

Жаппар ту сырты мүп-мұздай боп қоя берсе де, қобалжыған жоқ. Бірақ мұнараның басына асай-мұсайын асынып, Мүңкір-Нөңкірдің өзі көтеріліп келе жатқандай өне бойын иненің ұшындай дызылдатып бара жатқан әрі өткір, әрі сұп-суық бір тосын сезім билеп алды. Бірақ ажалын абыржымай тосқан, өмірден үмітін біржолата үзген жандай, тырп етпей, сабыр жиып, қасқая тосып тұр.

Аяғының астындағы қарауытып жатқан қараңғы үңгірден көзін алған жоқ. Аяқ дыбысы бірте-бірте күшейіп барады. Жаппардың өне бойы сіресе, қатая түсті. Тіпті, бұлшық еттерінің өзі тас түйін боп, біржола қатып қалғандай. Жүйке-жүйкесінің бәрі ширығып алған.

Аяғының астындағы қап-қара үңгірден әлдене жалт ете түседі. Әрине, жендеттің балтасы. Қатыгез Әміршінің алдынан кетік мұнара салып, қарсы алуға кімнің дәті шыдайды? Қазір айтқан тілді алмаған қыршаңқы бұның басын айбалтамен қағып тастап, мұнараның қалған шаруасын бас шеберге бігіртеді.

Жаппар аяғының астындағы аран қуыстан көзін көтере алар емес...

Аяқ дыбысы таяп қалды. Сіресіп тұрған мойны кенет хан бағына қарай кілт бұрылды. «Жендетін жіберсе де, өзі көзіме бір көрінсе екен»...

Әлдене сұп-суық боп жарқ ете қалды. Бірақ жендеттің балтасының жарқылы сияқты емес. Бет алдын әлдене ағараңдап желпіп өтті де, әлгінде ғана мұның жанарын жарқылымен мұз боп қарыған меруерт жүзікті лезде көлештеп тастады. «Иә, өзі келді... Рас, өзі...»

Қарсы алдында, дәл баяғы алғашқы көргендегісіндей боп, ханымның өзі тұр. Сол баяғы ақ желең көйлегі, басында да сол баяғы ақ селдір перде... Жоғарырақ көтерілсе, жел ұшырып әкетердей, сатының ақырғы басқышына жете бере, тоқтай қапты. Сол баяғы қымсына күлімдеген нәркес жанары. Шиідей албыраған етті екі ерін... Бұл таң атқалы өне бойын сірестіре сығып тұрған темір құрсау аяқ астында омырылып түскендей, тұра ұмтылды.

Ханым мұның ұрт қимылынан шошып қалғандай кері ыршып кетті.

Шебер әлгі қимылынан ұялып қап, кілт кідірді. Өзіне мөлдірей қараған сұлу әйелге байыптап қарап еді – үлбіреп тұрған уыз жас... Бұдан әрі үрке, әрі әлденеге қымсынып, біртүрлі қиыла қарайтын сияқты. Баяғыда Зүһра да дәл осылай біртүрлі үрке соқтап, бірақ кері де серіппей, жәудірей қарап еді ғой... Мынау да тап солай. Қақ маңдайдағы бармақтай нарт лағылы мен үстіндегі желеңі ғана өзге. Дәл осы қазір көкейіндегіні ашып айтпаса, бұ да Зүһра құсап, ендігері бұған жоқ. Қазір-ақ көзінен бір-бір ұшады... Сосын жүрегінің дәл тұсына әлдекім ине шаншып қойғандай мәңгі бақи қадалатын да жүретін тымырсық өкініштен құтыла алмайды.

Жаппар әлдене дегісі кеп тамағын кенеп еді, бөрібір, даусы шықпады. Ханым телміре қарап тұр...

Мұнара уәделі уақытта бітті. Алыс жорықтан оралған Өміршінің алдынан күнге шағылысып, күлімдеп тұрды.

Жаппар мұнараны Өміршінің әдейі арнап келіп көргенін, таңырқап ұзақ тұрғанын, қатты сүйсініп аттанғанын түгел естіген. Бірақ сарайдан хабар болмаған.

Бір күні талма сәскеде әдейі шабарман кеп, сарайға жүр дегенде, Жаппар алдында сый-сияпат күтіп тұрмағанын бірден біле қойған-ды. Ол қара көлеңкелеу хан сарайдың қақ ортасында хауыздың қасында күшігендей боп, бүрісіп отырған қара сұр кісінің індете қараған шегір жанарынан ештеңе бүгіп қала алмады.

*(Жалғасы бар)*



## СӨЗДІК

**Абажа** – ағаш тақтайшалардан құралып, былғарымен, киізбен қапталған, беті жұқа қаңылтырмен әшекейленген үй жиһазы.

**Оқа** – жібек және зер жіптермен өрнектелген тоқылған көмкерме.

**Ихрам** – Меккеге қажыға барғанда киетін киім.

**Мүңкір-Нәңкір** – діни ұғым бойынша, адам өлген соң, қабірде сұрақ-жауап алатын екі періште.

**Тәбәрік** – ұзақ өмір сүрген адамдардың көзі тірі кезінде немесе ол қайтқан кезде ырымдап алатын нәрсе.

**Қағба** – мұсылмандар құлшылық ететін аса қастерлі орын, Меккедегі қасиетті мешітте орналасқан.

**Үрт** – кенет.



## Артық болмас білгенің

«Қандай шығарма да – белгілі бір суреткердің көркемдік түйсігінде бейнеленген нақты тарихи шындықтың көрінісі», «Көркем шығармашылық – ешқашан еңбек жеңілдетуді мойындамайтын жалғыз сала. Оның үстіне бағыны тірілтуден асқан тауқымет болуы мүмкін емес. Ол жолда кездесетін қиыншылықтарды санап шығудың өзі қиын. Бірақ тарихи тақырыпта жазатын жазушылардың альпинистерге тән бір мінезі болуы керек. Олар да өзінің жеткізіп болмас нысанасына бір мысқал жақындаған сайын жаны неғұрлым қинала түскенмен, тәуекелі солғұрлым арта түсетін болса қажет.

(Әбіш Кекілбайұлы. *Он екі томдық шығармалар жинағы.*  
– Алматы: Өлке. – Т. 3. – 1999. 441-бет)



1. Әбіш Кекілбайұлы туралы не білесіңдер?
2. Оның қандай шығармаларын оқыдыңдар?
3. Автор шығармаларын қандай тақырыптарда жазады?



1. «Аңыздың ақыры» романының желісіне қандай аңыз арқау болған?
2. «Аңыздың ақыры» романының алғашқы аты қандай? Романда қандай мәселелер көтерілген?
3. Көк мұнара туралы аңыздағы мұнара ненің символы? Ол неге ерекше, неге әдемі болып шықты?



1. Бас кейіпкердің атының Жаппар болуы нені аңғартады?
2. Романның тараулары бойынша негізгі оқиғалар желісін жазыңдар:

«Қызыл алма»	
«Мұнара»	
«Махаббат»	
«Аңыздың ақыры»	

3. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелдендер
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	



1. Ұлы ханым беріп жіберген құрты бар алма ненің белгісі?
2. Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Әмірші	Кіші ханым	Жас шебер

3. Авторлық идеяның тарихи шындықпен байланысын анықтаңдар.
4. Романдағы Жаппар мінезі мен әміршінің іс-әрекеттері жайында КӨМҚ талдауын жүргізіңдер.



1. Мұнара не үшін салынды? Кіші ханымның Әміршіге деген махаббатының белгісі ме, әлде шебердің кіші ханымға махаббатының белгісі ме?

2. Романдағы Өмірші бейнесін Абайдың «Ескендір» поэмасындағы Ескендірмен салыстырыңдар.

Өмірші

Ұқсастықтары

Ескендір



1. Жаппар биік мұнара басынан жердегі тіршілік етіп жатқан адамдар өміріне қалай баға берді? Оның осы ойларынан нені аңғаруға болады?
2. Романды Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романымен салыстыра талдап, тарихи және көркемдік құндылықтарына баға беріңдер.
3. *«...Тарихи тақырыпта жазатын жазушылардың альпинистерге тән бір мінезі болуы керек. Олар да өзінің жеткізіп болмас нысанасына бір мысқал жақындаған сайын жаны неғұрлым қинала түскенмен, тәуекелі соғұрлым арта түсетіні болса керек»* деген сөзінен нені аңғаруға болады? Сыни пікір жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

1) Өмірші ұлы шөлге келгелі бері оппа құмның осы бір обыр мінезінен назарын қанша алып қашса да, құтыла алмай-ақ қойды. Сары ала күйменің ішінде сусылдақ құмаққа шашасын қаптырып, малтыға жорғалап келе жатқан көп аттың тұншыға шыққан жапа-тармағай дүсірін тыңдай-тыңдай, мезі боп кетіп, тұсындағы селдір пердені ысырып, сыртқа қарады-ақ – көзіне ылғи сол түседі.

*Сұрақ:* Оппа құм деген қандай болады?

- a) Обадан қалған топырақ дегені болуы мүмкін.
  - b) Оппа қар болады, ал құммен байланысты айтқанда, адамды, малды тартып кететіндей мол құм дегені.
  - c) Сусылдақ құм дегені болу керек.
  - d) Жол жүруге жеңіл құм дегені болуы керек.
- 2) Өміршінің елге оралып келе жатқан лақабы күннен-күнге күшейе түсті. Жаппар тұратын махалла халқының да, мұнара салысып жатқан мұның серіктерінің де аузындағы хабар – тек сол ғана. Бірақ Жаппар соның ешқайсысын да құлағына ілмегендей.

*Сұрақ:* Лақабы, махалла деген сөздер қандай мағынада қолданылған?

- a) Лақап – псевдоним, махалла – қаланың бір бөлігі, шағын аудан деген мағынада.

- b) Лақап – дақырт, яғни Өміршінің келе жатыр деген хабарын айтқаны. Махалла – Жаппар тұратын қаланың бір ауданы.  
c) Лақап – өгірік, махалла – қаланың бір бөлігі.  
d) Лақап – бүркеншік есім, махалла – қала деген сөз.

3) «Ахмет шаһарда хан орданың адамдарынан басқаның бәрін танитын болып шықты. Базардағы күйкентайдың күркесіндей тар дүкенде өткен-кеткенге бақырып-шақырып отырған төрт-бес саудагермен көк шай үстінде сөйлесіп көріп еді, бас-аяғы бір аптаның ішінде ортөбелік әкелі-балалы қос құмырашы жаңа мешітті салып жатқан көп құрылысшының санатына қосылып шыға келді».

*Сұрақ:* Күйкентайдың күркесіндей деген нені білдіреді?

- a) құс сияқты әдемі  
b) күркенің бір түрі  
c) күйкентай – кішкентай құс, соның ұясындай кішкентай деп теңеу.  
d) шалаш сияқты



### *Оқушы күнделігі*

*Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры» романындағы Өмірші бейнесі қандай ой қалдырды? Өз әсерлеріңді, пайымдарыңды жазыңдар.*



### *Ғаламтор*

Ғаламтордан жазушыға арналған хабарларды тауып, қараңдар. Жазушы туралы ақпараттарыңды жинап, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.



### *Артық болмас білгенің*

«Қазақстанның Еңбек Ері» Алтын жұлдызы – еліміздің экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық дамуына қосқан аса үздік жетістіктері үшін беріледі. Бұл атаққа ие болған адамдарға айрықша белгі – Алтын жұлдыз және «Отан» ордені қоса тапсырылады.

## II бөлім БОЙЫНША ТЕСТ

### ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ

**1. «Ақбілек» романындағы Ұрқия кім? Мағиша кім?**

- A) Ұрқия – Ақбілектің жеңгесі, ол – Төлегеннің әйелі. Мағиша – естек қызы.
- B) Ұрқия – Мамырбайдың қарындасы, Мағиша – Ақбілектің жеңгесі.
- C) Ұрқия – Өмірдің әйелі. Өмір – Мамырбайдың немере інісі. Мағиша – Ақбілектің ағасы Төлегеннің әйелі.
- D) Ұрқия – Тәуірбайдың келіні, Мағиша – Өмірдің әйелі.
- E) Ұрқия – Ақбілектің туған жеңгесі, Төлегеннің әйелі, Мағиша – таныс әйел

**2. «Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сұр жігітпін. Жасым 35-те. Әкем – Той-базар, өзім ... болғалы аузым асқа, ауым атқа жарыған емес. Ес біле есікте жүрдім. Ә дегенде құны жоқ, былық, сараң, жаман Төлеубай дегеннің қозысын бақтым».**

**Көп нүктенің орнына кейіпкерді анықтап жазыңдар.**

- A) Бекболат
  - B) Ескендір
  - C) Мұқаш
  - D) Жаппар
  - E) Қажікен
- 3. «... түсінде Мекке-Мединеге барып: «Хақ тағала, қай қызметіңе де өзірмін», – деп айқай салады, «Тек жұртқа жасаған мейірімінді маған да қия гөр», – деп, екі етек боп жалынып келеді. Бірақ тірсегінен қағып өтіп, шыркөбелек үйіріліп, шыр айнала қашып жүрген Қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған, бөрібір, жеткізер емес». Бұл үзінді қай шығармадан алынған? Түс көрген кейіпкерді табыңдар.**
- A) «Ақбілек», Мұқаш
  - B) «Отыз екінші қарасөз», Абай
  - C) «Ақбілек», Мамырбай
  - D) «Аңыздың ақыры», Өмірші
  - E) «Аңыздың ақыры», құмырашы

- 
4. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы алғаш рет қай жылы, қай журналда жарық көрді?
- A) 1889, «Дала уәлаятының газеті»
  - B) 1915, «Айқап»
  - C) 1913, «Қазақ» газеті
  - D) 1927, «Әйел теңдігі»
  - E) 1922, «Сана» журнал
5. Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры» романы алғашқыда қалай аталды?
- A) «Аңыздың ақыры»
  - B) «Мұнара»
  - C) «Махаббат мұнарасы»
  - D) «Шебер»
  - E) «Бір уыс топырақ»
6. Жүсіпбек Аймауытов өмір сүрген жылдарды көрсетіңдер.
- A) 1884 – 1938
  - B) 1895 – 1937
  - C) 1889 – 1931
  - D) 1885 – 1930
  - E) 1889 – 1938
7. Әбіш Кекілбайұлының өмір сүрген жылдарын көрсетіңдер.
- A) 1935 – 2014
  - B) 1893 – 1935
  - C) 1939 – 2015
  - D) 1940 – 2015
  - E) 1935 – 2015
8. 1931 жылы 21 сәуірде Мәскеудің Бутырька түрмесінде кім атылды?
- A) Ахмет Байтұрсынұлы
  - B) Міржақып Дулатұлы
  - C) Ақбілек
  - D) Мұқаш
  - E) Жүсіпбек Аймауытов

9. Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы», «Қартқожа» романдары және «Әнші» әңгімесі қай жылдары жарық көрді? Жауаптарды сәйкестендіріңдер. Жылдарды шығармалардың берілу тәртібі бойынша анықтаңдар.

- |                     |  |
|---------------------|--|
| 1) 1925, 1926, 1927 | A) «Әнші», «Қартқожа», «Күнікейдің жазығы» |
| 2) 1928, 1926, 1925 | B) «Күнікейдің жазығы», «Қартқожа», «Әнші» |
| 3) 1926, 1925, 1927 | C) «Әнші», «Қартқожа», «Күнікейдің жазығы» |
| 4) 1926, 1927, 1928 | D) «Әнші», «Қартқожа», «Күнікейдің жазығы» |
| 5) 1925, 1927, 1928 | E) «Күнікейдің жазығы», «Қартқожа», «Әнші» |

- a) 1A
- b) 2B
- c) 3C
- d) 4D
- e) 5E

10. Мына жоқтауды қай кейіпкер айтқан?

*Жылқы ішінде Шұбарым,  
Жібектен таққан тұмарың.  
Әлпештеген жан анам,  
Тарқамай қалды-ау құмарым.*

*Есіктің алды қазған жар,  
Жар жағалай қаз қонар.  
Жан апамнан айрылып,  
Ішімде қалың қайғым бар...*

- A) Кіші ханым
- B) Шебер
- C) Ақбілек
- D) Сара
- E) Ұрқия

### III бөлім

## АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМ СӨЗ

---

---

Халық қай кезде де өз заманының мықты тұлғаларын ұрпақтарға аңыз арқылы үлгі етеді. Мұндайда «Жаманның аты шықпас» дегеннің дұрыстығына көз жеткізесің. Аңыз тек жақсының атын өміршең етеді. Ұрпақтарға үлгі ете отырып, ол тұлғалардың есімін өшірмейді, сонымен бірге оның жасаған игі істердің насихатын да арттырып отырады.

Аңыз адам өмір сүрген дәуірлердің бәрінде де болған. Бүгінге жеткен аңыздардың кейіпкерлері – сонау алыс ғасырларда өмір сүрген кәдімгі адамдар. Бірақ олардың есімдері аңызға қосылған себепті мәңгілікке сақталады. Көркем сөз шеберлері сол бағзы замандардан айтылған аңыздарды өздерінің көркем ойларымен әрлеп, оның жасампаздығын тағы да арттыра түседі. Аңыздардағы көркем сөз, көркем ой аңызға арқау болған тұлғалардың өмірлік жалғастығын жасайды.



**Мұхтар МАҒАУИН**  
(1940 жылы туған)

Мұхтар Мұқанұлы Мағауин 1940 жылы 2 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданында дүниеге келген. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, «Жазушы», «Жалын», т.б. баспаларда басшылық қызметтер атқарған. 1964 жылы тұңғыш әңгімесі «Кешқұрым» деген атаумен «Жұлдыз» журналында жарияланған.

Мұхтар Мағауин ғылыми зерттеулермен де айналысқан. «Қобыз сарыны» деп аталған зерттеу еңбектерінде XV–XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулардың шығармашылығы туралы жазған. Осы еңбектің нәтижесінде ол «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» атты ақын-жыраулар шығармаларының антологияларын құрастырып,

жарыққа шығарған. Таңдаулы әңгімелері мен повестері бірқатар шет тілдеріне аударылған.

Мұхтар Мағауин – Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1984), Қазақстанның халық жазушысы (1996), Түркияның «Түркі дүниесіне қызмет» халықаралық сыйлығының (1997), «Тарлан» сыйлығының лауреаты (2002), т.б. атақтары бар көрнекті жазушы.

Мұхтар Мағауин бүгінде шет елде тұрады.

**«Мұхтар Мағауин – дағдарыс тығырығына қамалған әдебиетіміздің одан әрі дамуына жаңа қарқын бітіруге тырысқан алпысыншы жылдардағы серпілісте айрықша көзге түсіп, сол қарқынын әлі күнге үдетпесе, бөсеңдетпей, жанқиярлық танытып келе жатқан кесек тұлғамыз. Оның бүгінгі де, ертеңгі де оқырмандар алдында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Қадым замандар тақырыбына алғаш қадам тартқан ғалым ретінде ұлттық көркем ойдың ең кемел күштерінің төл тарихымыздың кенде зерделеніп келе жатқан кезеңдерін көрсетуге жаппай жұмылуына түрткі болды. Өзі де сол бәйгеде озып шыға алған жүлделі жүйрік».**

*(Әбіш Кекілбайұлы)*

## **ШАҚАН-ШЕРІ<sup>1</sup>**

*(Роман. БІҚШАМДАЛҒАН)*

### **БАСТАУ**

**немесе эпилогқа кіріспе**

Жел қаққан қоңырқай. Момақан. Тек салқын ұшқын атқан жанары ғана өжет кейіп, ер мінезін танытқандай. Байсалды кеңдік бар. Қайратына, қажырына сенген, ешкімге ырық бермеген асау жанның салқам бітімі. Бірақ бұл – оң жағынан қарағанда ғана. Сол жақтан... Сол жақ бетте – самайдан иекке түскен бұжыр-тыжыр, терең, үш қатар тыртық. Қиығы кеміс, ызалы шегір көз шапыраштана түйіледі. Ұрты да жырық. Аппақ, өткір, сойдақ тісі жарқырап тұр. Адам шошырлық. Қарсы алдынан қарағанда, адам шошырлық. Әйтсе де, құбыжық емес. Өзгеше тұрпатты пенде.

<sup>1</sup> Мағауин М. Шақан-Шері: және басқа шығармалар. 1983–1991. – Алматы: Жазушы, 1993. 448 б.

Тұтқынның ерекше болмысы жанар мен жарақатта, тіпті, арбиған сау-сақ, бұлшықты мойын, кең иық, зор кеуделі еңсегей бойда ғана емес-ті. Киімі, киімінде еді ғажап ерекшелік. Тарғыл сары. Қызғылтым реңді сары тарғыл жолбарыс терісі. Үстінде қара жолағы еңдей пішілген, түгі тусырылған жолбарыс жақты. Қайың бұтақ түймелері ағытылған ашық өңірінен іштегі қамзол, кеудедегі көйлекке дейін жыртқыштың терісінен тігілгені көрінеді. Бұттағы шалбар да жолбарыс жонынан. Аяқта – тықыр түк, күлгін сары пұшпақтан құралған жұмсақ байпақ; қылтадан орай жүндес, жағал таспамен тартып қойыпты. Басына киген, екі иықты бүркей жапқан мол пішімді тарғыл шұбар далбайдың омырауға түскен қос құлағы да пұшпақ екен, ұзындығы шынашақтай, имек, өткір, қоңыр қошқыл тырнақтар тізіле саудырап тұр. Тұтқынның жанкешті, жыртқыш кейпін айғақтай түскендей.

– Бас киіміңді алу керек, – деді тарғыл жігіттің кеудесінен ғана келетін, орысша киінген, тақиялы, шәрке тілмаш.

– Мәртебелі төреге құлдық ұру керек!..

Тұтқын сонда ғана төрде – сырмақ не кілем үстінде емес, жұкаяқ сияқты, бірақ арқалығы бар биік орындық үстінде, малдас құрып емес, тізеден бүгілген сирағы салбырап, өзіне сынай, тексере, бөлкім, таңырқай қарап отырған төреге бет бұрды. Шашы ерапайсыз өсіп кеткен екен, түйенің шудасындай, иығына түседі. Бірақ сабалақ емес, майлап, сөндеп, артына қайыра тарап қойған. Бет-аузы түгел түк. Мұрты оқтаудай, сақалы күйектей. Арасынан аузы әрең көрінеді. Қалың сақал-мұрт та, ұзын шаш та сап-сары. Төренің өзі де сары шабдар. Өңі ғана емес, киімі де. Екі иық – алтынды желегі саудыраған, оқалы, алақандай тақта. Омырау – сары алашынжыр, тіпті, домалақ түймелерге дейін сары.

Төре шегір көзін сығырайта жылмиып, орнынан көтерілді. Ернін жымырып, қысқа, қан-сөлсіз, бозғыл саусақтарын уқалаған қалпы қадала қарап, тұрып алды. Содан соң екі қолын артына айқастырды. Құдды шабынған жолбарыс.

– Мәртебелі төреге бас ию керек! Шәпкені... мынаны далой қылу керек! – деді тілмаш жолбарыстан ыққан қанденше қыңсылап, тұтқынды шыр көбелек айнала шәуілдеп... Бейшара.

Тұтқын далбайын желкесіне ысырды.

– Төреге иіліп сәлем беру керек! Құлдық ұру керек! – деді тілмаш үздіге сыбырлап.

Тұтқын сөз мәнісін ұқпағандай, тілмаштың бетіне аңыра қарап, аз бөгелді. Содан соң шапыраш көзі жыпылықтап, жарақат бет қатқан көндей

жиырыла тыржиды да, сойдақ тістер ырсия ашылып, ар жағынан жөтелге ұқсас, қарлығыңқы үн шықты.

– Həoу-у-унн! Huу-a-абб! Хуу-ha-a-a-бб!

Шәрке тілмаш кеудеден ұрғандай қалталақтай шегініп, төрдегі, тіксіне таңырқаған, аңыра бөгеліп қалған төресінің аяғына бір-ақ жеткен. Шиби-ген саусақтары дір-дір егіп, жанқалтасын қарманды. Орамал іздеген екен. Шұбалта суырып, екі-ақ елі қырыс-тырыс маңдайын сүртінген.

Төре тез оңалды. Әуелі басын шайқаған. Қырындай шегініп, тілмаштан аулақтаған. Мұртын сылап, қадала қарап, аз бөгелген. Содан соң мекі-реніп зорлана күлген.

– Хо-хо-хо! Ху-ху-ху... У...

Шәрке тілмаш жаңғырыға қостады.

– Хо... ху... у...

Төре шытынай түйіліп еді. Лоқсығын қайта жұтқан тілмаш қалтия қалды. Иығы қушиып, көзі төмендей, мүсәпір, пұшайман кепке түсті.

Бетінде күлкі ізі қайта көрінген, бірақ жанарындағы ызбар тарқамаған төре балағы бұратыла, сықырлай басып, тұтқынның сол жағына шықты. Тесіле қарап, бет-аузындағы жарақат ізін байыптады. Содан соң сыртынан айналды. Оң жағынан қарады. Көңіл қояр ештеңе таппады. Қарсы алдына шықты. Тұтқынның киімінің үлгісін, баға-нарқын анықтағысы келгендей, үңіле бере, кекжие серпілді де, иек астынан, жанарға жанар қадап, тіке қарады. Бірақ арбаспады. Түйіле жемірген қалпы аз тұрып, еріне күрсінді.

– М-мм, да! – деді таңдайын тақ еткізіп.

– Так точно, Ваше Высокоблагородие! – деді аяқ астынан шыға келген, қайта тірілген тілмаш.

Төре самарқау қимылмен тұтқынның кеудесіне сұқ саусағын тіреді.

– Сен ким? Человек-жюльбарс?

– Так точно, Ввве! – деді мүлде күш алған тілмаш шарылдай ышқынып. Айбарлы төре дәл осы сәтте ақырды.

– Малчааты!

Тілмаш қазықтай қағылған. Кеміс иегі ғана дір-дір етеді.

– Тттт... ввв...

Сұқ саусақ кеудеге бата түсті. Найза тырнақ жалаңаш денеге қадалғандай.

Төбеден алақанмен салып қалса ғой, ауыз омыртқасы опырылар еді. Бірақ тұтқынның кеудесінде ыза да, кек те жоқ. Бағзыда ат үстінде, кейін аңшы соқпағында беттеспеген. Ең бастысы – аң емес, адам. Және жүйкесі берік, жүрегі қатты адам. Әсіресе, шәрке тілмашқа ақырғаны ұнаған. Тұт-

қын бет-аузы шалбарлана жымыды. Жымыып күлгені тыржиып мазақтағанға ұқсас екенін білетін. Өмбе бас изеді.

Кері шегініп, төренің быртық, боп-боз, сүйкімсіз саусағынан алыстады да, қолын кеудесіне басты.

– Шақан-Шері! Мені жолбарыс жүректі Шақан деп атайды бүкіл Жетісу. Шақан-Шері – менің атым.

– Мм-м, да! – деді төре тағы да тамсанып. Тұтқынның бас-аяғына бажайлай қарады да, манадан бері бүрісіп, сүлбірейіп тұрған тілмашқа иек қақты.

Қайтадан жан біткен, қайтадан кісі қалпына енген тілмаш түкірігіне шашала шөлдүрлеп, ұғындырып жатыр. Өрине, жолбарыс жүрек Шақанның кім екенін. Жаңа қалада бұрын да талай болғанын. Бұл жолы дәл іргедегі ата-бабасының зиратына тауап ете келгенін. Өзін ұстағанда, мылтығы, қаруы бола тұра, ешқандай қарсылық жасамағанын. Ақтығын. Заңға залалы, кісіге қастығы жоғын. Екі-үш ауыз сөз. Ашық, айқын.

Бірақ сөз аяғы созылып бара жатты. Сөз аяғы созылған сайын төренің өңі бұзыла берді. Төренің өңі бұзылған сайын тілмаш та нығарлана, жалдана түсті. Төре сазбет ызбар тауып еді. Тілмаш түкірігіне шашала қылқынып, тұтқынға бұрылды.

– Сен... сен – бунтовщик! – деді шарылдай бақырып. – Сен Кенисарыға қосылған! Сен Садыққа шпион болған! Сен Его Высокоблагородиеге покушение ойлаған!

Қазақ. Қазақша сөйлеген сияқты. Бунтопшысы не, Кинасара, Садығы кім? Пөкешен ойлағаны қалай?

– Теперь не уйдешь! Не уйдешь! – дейді тілмаш алақанын уқалай, жайнаң қағып. – Сен Көкбелесте болғансың, свидетель бар, ол көрген, сен қашқан! – А то мылтықты қайдан алған? Сен верный сын отечества хорунжий Жантайды атқан! Вот гнида! Вот шакал!

Кенет бөрін ұқты. Мынау... кемиек, талпақ танау, тайқы маңдай – көрден қайта шыққан Жалтақ Жантай ғой! Өзінің аталас туысы. Сасық шибөрі... Анау – сары ала жолбарыс. Кәдімгі көп жыртқыштың бірі емес. Кісі жейтін жалмауызы. Жалмауыз жүрген жер жемтіксіз болмайды. Шибөрінің де тамағы тоқ. Қазір екеуі бірігіп, қараусыз, панасыз жалғыз жаяуды алып жейді.

Денесі дір етті. Өзінің кім екені есіне түскен. Жан адамға кеудесін бастырмаған Шақан! Жыртқыш атаулыға жасындай тиген Шері! Ер туған, ерлікпен күн кешкен жолбарыс жүрек батыр!

– Нугха-угх! Уггх! Наоңгх-хх... Угххх...

Жолбарыстың жүрек тітірентер айбатты арылы қалт тынды. Жыртқыш кейіпті, жыртқыш дауысты тарғыл тұтқын өңі қызара көгеріп, зілдене безірейген зор денелі, сары ала төреге бір, қуара қалтырап есі шыққан лақ теке тілмашқа бір қарады да, кенет қарқылдай күліп қоя берді.

– Ха-ха-ха-ха!.. Хе-хе-хе-хе!.. Хи-хи-хи-хи!..

Әлде төреге, әлде тілмашқа саусағын шошайтады да, күледі, саусағын шошайтады да, күледі. Әуелгі, өкіре ышқынған жабайы арылдан өзгеше, табиғи болғанымен, ыза кекесінге толы ғаламат күлкі. Адамның төбе шашы тік тұрар үрейлі күлкі.

Күлкі. Арыл. Күлкі...

Бәрі күлкіден басталған. Әйелдің ерке, назды күлкісі. Баланың қамсыз, шат күлкісі. Осы, бірі жүрек қытықтар, бірі көңіл марқайтар, қия тасты жарып аққан бұлақ сыңғырлы қос күлкіні тұманды шатқалдан лықи төгілген сел жаңғырықты дүлей арыл өшірген. Бар қызығын, өткенін, болашағын мұзарт құздан құлаған ақтүтек көшкін көмген.

– Нугха-угх! Наоуңгх-х!..

Бәрі де жолбарыстың жүрек шайқар алапат арылынан басталған.

## I тарау

### ҚАМЫСТАҒЫ ҮЙ

#### 1

Қоңыр түндік ауыр ысырылып, өрең ашылғанда, жез құрсаулы қара шаңырақтан ұйыған сүттей қою жарықпен қоса ақтарыла төгілген салқын, таза ауа жиһазы шамалы, жасауы шағын, бірақ кең өрі еңселі, төрт қанат киіз үй ішіне серпінді леп әкелген. Аязды, тымық таң. Бозғыл сары аспан шексіз биік, кіршіксіз таза көрінеді.

– Шашадан қар жауыпты, – деді киіз есікті серпе ашып, сырттан құшағын толтыра қамыс сүйрей кірген Ажар. – Жер-дүние аппақ.

– Алақай, – деді кішкентай Сәмен көйлегі шелтиіп, тұлымы жалбырап атып тұрып. – Сонар, қансонар! Ауға шығамыз!.. Ухх.., – деді сосын тітіркеніп, – суық.

Төрді – төсек үстін қаптай жабылған киіз астына қайтадан сүңгіп кетті.

– Қазір от жағамыз, құлыншақ, – деді Ажар. – Көкесі, сен тұра ғой, – деді сосын, шаңыраққа қарап, бұйығып жатқан күйеуіне.

Бір-бірден алып, тізелей опырып, қамыс сындыра бастады. Түбі үйде, басы шұбатылып далада, есік сыртында жатыр. Оқтаудай жуан, үш құлаш, төрт құлаш нар қамыс.

– Қандай жақсы!.. – деді Шақан керіле есінеп. – Қоқаңдаған, дікіндеген ешкім жоқ. Тып-тыныш. Дұрыс болды, өңшең шуылдақтан бөліне көшкенім. Рақат. Иен қамыс, кең дала... А, бөйбіше, ат қайда, түйе қайда?

– Құдай кедейлікті маңдайыңа жазған, – деді Ажар зілсіз. – Аңшы атамның екі үйір жылқы, бір келе түйесінен қалғаны – қара бура мен кер жорға ат еді, оның өзін сәскеде сұрадың...

Қамысы қандай зор бұл Қапшағайдың... «Жансызда қамыс үлкен» деген рас-ау... Енді Ажар тезек теріп, шөмшек жинап, бейнеттенбейді. Саусақтары сондай епті. Сытыр-бытыр... сытыр-бытыр...

– Менің малым – құмда өрген киік, қырда жортқан құлан, – деді Шақан.

– Тұр сол арқандаған жерде, қамыстың ығында, – деді Ажар жаңағы сөзін сабақтап. – Өлгінде, түндік ашуға шыққанда, көрдім.

– Бұлар да соныға бөгіп, қондансын, – деді Шақан. – Қасқыр жоқ сияқты ғой бұл жақта.

– Ой, Алла-ай, жаңа жұртқа қонғанда, тым құрыса, алыстан ұлыған бөрі үні естілуші еді. Тып-тыныш. Сауысқанның сарқылының өзі құлақ жарады. Біртүрлі елегізіп, ұйықтай алмадым. Жалғыздыққа мал екеш мал да тосырқайды екен, мен үйден шыққанда, қу жорға даладан оқыранып, қара бура мойнын созып, шыр айналды...

– Бөрі жақсы, – деді Шақан. – Өте дұрыс болды, қайрылмай тартып кеткенім. Өзім би, өзім қожа. Атам көрмеген қорлыққа мен неге көнем? Атам кимеген ноқтаға неге мен бас сұғам? Дұрыс. Бөрі дұрыс.

– Қайдам? – деді Ажар күрсініп. – Төңірек түгел қамыс... Тоғайдан қалың...

– Жалғыздық қиын саған, – деді Шақан қаптама киізді төмен ысырып, басын көтеріп. – Биылғы қысты өткерейік. Жаз шыға... Жаз шыға Жалайырға – нағашыларыма барам. Қырық серкешімді алам. Сонан соң саған серік болатын «оймақ ауыз, қиғаш қас»... қалай еді, әлгі, Сүйінбай ақын айтатын жырда...

– Жезтырнақ сұлу! – деді Ажар сыңғырлай күліп. Түбіт шөлісін шешіп тастап, қолына көсеу алды да, қамыстың бозғыл күлін ысырып, ошақ басын тазарта бастады. – Алыстан іздеп қайтесің, төрем, осы меңіреу ішінен қалың бермей-ақ, табамыз. Қорқам... – деді сосын тітіркеніп. – Осы үйді бір құбыжық торуылдап жүрген сияқты болады да тұрады.

– Жезтырнақ құрығалы қашан бұ өңірден, – деді Шақан жайбарақат. – Бірден бас салмайды, әуелі бейбіт келіп, от басын барлап, бақылап кетеді екен. Содан соң ғана бұқпалап, қайта оралады. Баяғыда Өтеген батыр өлтіріпті дейді ғой сондай жезтырнақты. Елге жайлы қоныс қарап, Жиделі-Байсынды іздеп шыққан сапарында. Кешегі Ағыбай батыр да кездесіпті. Бірақ онікі басқаша. Көзге түрткісіз қараңғы түнде, сабалақ жауын астында, қалың орман ішінде жалғызаяқ жолмен келе жатса, астындағы Ақ-Ылақ ат ысқырып, тұра қалады...

– Ищан! – деді Ажар тітіркеніп. – Баланы қорқытасың...

Бала қалың киіз астында, неше қабат жылы сеңсең көрпе арасында бұйғып жатыр. Естіген жоқ...

– «Қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен»... – деді Шақан әндетіп. – Құлыншақ, сырттан қамыстың үлпек қуын сындырып әкелші... «Қырғауылы қызыл екен...» – Әндеткен бойы керегені жағалай тұтқан қалың киіздің басына ілінген ауыр белдікті алды. Оң жағында бүйрекше пішімді, үлкен, күмісті кісе, ортада құты, сол жағында ауыр селебе салынған сүйекті қын, салақтаған оқшантай мен жез жиекті дөңдөку. Дөңдөкуден шақпақ пен оттығын суырды. Беті жалпақ, жұмырша ақ тас, жапырақтай ғана, қызғылтым жолақты күрең тас... Шақан оттықты жанып жіберіп еді, алыс көкжиектен көрінген найзағайдай, көкшіл сары от жарқылдады, ізінше ышқына өкірген үн естілді.

Жалт бұрылған Шақанды қақ маңдайдан жасын ұрған. Маңдайдан ұрған жасын өне бойын көктей тесіп өткен. Төбе шашын үйтіп, қолқа-жүрегін суырып, іші-бауырын талқандап, қара табанға темір қазық болып қағылған. Айқайлауға даусы шықпады, ұмтылуға, әлденендей қимыл жасауға аяқ, қолы ырық бермеді. Дем тартуға да дәрмені жетпей, бақырайып қатқан да қалған. Есіктен тайдай сары тарғыл мысық сұғынып тұр екен. «Жолбарыс!...» Құлағы жылмиған, езуі ақсиып, шегір көздерінен көкшіл ұшқын атқан жолбарыс босағадан аттаған қалпы, басын болмашы шайқап, сөл кідірді де, салқау басып, көлденеңдей кірді. Ала жыландай шиырылған ұзын құйрығымен қос бүйірін кезек соғып, құныса тағандап, ышқына өксіді.

– Наоу-у-уңғх-х!...

Ошақ пен есік арасында, таудай жолбарыстың қарсы алдында қалқиып тұрған құртақандай Сәмен шыр ете түсті. Сол мезетте қоқсыған күл басында бір тізерлеген күйі мелшиіп қалған Ажар да баж еткен. Шұбар шері дір жиырылды да, жаңағыдан әлдеқайда қорқынышты үнмен айбаттана ақырды.

– Ху-у-һа-а-абб!.. Уҫһа-уҫх! Уҫх-хх!..

Төрде, түскиізге арқасы жабысып, үнсіз, тілсіз қатып қалған Шақанға от шаша қарап, атылуға ыңғайланғандай, жер бауырлап шөге бере, кенет лып көтерілді де, кішкентай саусақтары тарбия, екі қолымен бетін көлегейлей кері шегінген Сәменді тышқан ұстаған мысықтай іле тартып, етпетінен түсірді. Оң аяғымен белінен баса домалатып, ышқына арылдаған қалпы кері шегінді...

Алдымен әйел ес жиды.

– Ойбай, Шақан!.. Құрыдық! Құрыдық! Жолбарыс! Сәмен! Сәмен!...

Адырайған, қан толған көзінен бұршақтай жас ағып, сүріне тұрды да, далаға ұмтылды. Қолында көсеу. Шақан сонда ғана сүмдықтың бар салмағын санасымен ұққандай, абалақтап жан-жағын қарманды...

Жолбарыс ұзамапты. Өудем жерде, Сәменді көтере тістеген қалпы, тышқан алған мысықтай, жоны күдірейіп, көлденеңдей шұбалып тұр.

Безектей шыңғырған баланың аяқ-қолы тырбаң-тырбаң етеді. Шақанның жан даусы сонда ғана шықты.

– Сәмен!.. Құлыншақ!.. – Селебесін білеп, табаны жерге тимей, тұра жүгірген.

– Ажар! Ажар!.. Тоқта! – деді келер мезетте еңтіге айқайлап.

Ажар тоқтамады. Жолбарысқа жақындап қалған. Көсеуін көтере қоқақтап, ышқына бақырады.

– Кет! Кет, пәлекет! Кет! Таста! Таста!..

Тарғыл шері адамның айбарынан ыққандай бұға бере, шегіншектеді де, бөксесімен қырындай айналып, бетін бері бұрды. Ширатылған құйрығымен қос бүйірін кезек қамшылап, төрттағандай бүкшиді де, езуінен арылдады. Содан соң сылқ еткізіп баланы тастай салған. Етпеттей түскен, бет-аузын қан жапқан құртақандай бала сары тарғыл денесімен жарты дүниені жауып тұрған жыртқыштың алдынан еңбектей қашты. Жер сүзе жығылып, шатқаяқтай көтерілді. Екі-үш аттап барып, қайтадан тоңқалаң асты.

Жолбарыс балаға қараған да жоқ. Аспанды тітірете гүр еткен де, бұл кезде есік пен төрдей келіп қалған әйелдің басына бір-ақ қарғыған. Ажар үнсіз, тілсіз, бүктетіле құлады... басын кекжите қараған Шақанға. Таяқ тастам жерге келген, бар сүмдықты көз алдынан өткерген Шақанға. Содан соң шегіншектей тағандады. Үлкен, доп-домалақ, шегір көздері от ұшқындай шапыраштанып, арқа жүндері кірпі түктене тікірейіп, жер бауырлай құнысты. Болмашы ғана иірілген құйрығының ұшы дір-дір етеді. Келер мезетте...

Келер мезетте Шақан өзінің шырқырап қашып бара жатқанын аңдады. Күпсек қарда әлдебір түбіршекке соғылып, омақаса жығылған. Сары дию үстіме міне түсер деп, басып қорғалай берген. Жоқ. Сары дию артта, арқан бойы жерде, жаңа ғана өзі төбесін ойып, мойнын үзген жемінің үстінен аса күдірейіп, гүрілдей өкіріп тұр екен...

Жыртқыштың үрейлі, қатқыл үнімен жалғас, әлсіз, бірақ одан әлдеқайда қорқынышты дауыс жетті құлағына.

– Көке-е!.. һөөө... Ө-ө-ө!..

Жалғыз ұлы, бес жасар кішкентай Сәмен. Тәлтіректей басып, сүріне етпеттеп, әлдеқайда қашқысы келеді. Тырбаңдап, еңбектей қашып барады. Жолбарыстың ар жағында. Аулаққа қарай.

Шақан атып тұрды. Қолы бос екен. Қарымсыз селебе де жоқ. Үйде біл-телі қара мылтық бар. Бірақ үйден жолбарыс жақын. Ал бала... тіпті, жақын... Жолбарысқа. Жүгіру керек. Мылтық... бала...

Жолбарыс Шақанның ойлануына, ес жиып, дөт бекітуіне қарап тұрған жоқ. Өліктің үстінен аттап, бері қарай жүре бере, қалт бөгелді. Алғашқы жемін тастамас әдеті ме, әлде дәрменсіз әкеден көмек тілеген сәби даусы өзіне тартты ма, кері бұрылды да, екі-ақ қарғып, жан даусы шыға, шырқыраған баланы іліп алды.

Бойындағы бар үрей сап болған, дәл осы сәтте өлім, тек қана өлім тілеген Шақан ақыра ұмтылды. Жолбарыс назар аударған да жоқ. Бұрынғыдан да кішірейіп кеткен, жансыз салақтаған құртақандай сәбиді қапсыра тістеген қалпы орғи жүгіртіп, көз көрімге ұзады да, артына бұрылып, қиғаштай бере, аз бөгелді. Келер сәтте түйе бойламас қалың қамыс ішіне кіріп, жоқ болды.

\* \* \*

Арада апта өтпей, Қапшағайды өрлей, Іленің сол жағасына орнаған барлық ауылға, Алатауды көбелеген Түрген, Талғар, Алматы, Қаскелең бойындағы елге сұмдық хабар тарады.

Кісі етін ғана жейтін жалмауыз жолбарыс шығыпты!

Шақан дейтін жалғыз үйлі аңшының әйелі мен бес баласын қатарынан жепті! Біреу, екеу емес, үйірлі жолбарыс. Тегіс жалмауыз!

Бұл Шақан ешкімге бас имеген ер жігіт екен. Ер болмас қисыны жоқ. Кеше Саурық батырдың үзеңгісін ұстаған, Алмалы сайдағы қанды ұрыста қаза тапқан Масақ мергеннің жалғыз ұлы!

О сұм заман! Жолбарыстың жалғыз-жарым малға шапқанын естуші едік, адам аулағанын кім көрген!

Ер туған азамат тегіс қан жұтып өлген соң, ит-құс та басынды...

Даланың тағысы тұрыпты, өз ішіндегі бөктергі мен күйкентай самұрыққа жем тасығанын қайтерсің. Ербиіп атқа мінбеген Жалтақ Жантай ақ патшаның сенімді нөкері болып шықты... Сол Жантай екен, жаңағы Шақанның қыстауына қала түсірген. Жерін тартып алып, малын талауға салған. Аруақты атадан туған ер жігіт топқа қайран, оққа қалқан таба алмай, қорлық пен зорлыққа да төзбей, қылышын сүйреткен қысты Іленің етегіндегі қалың қамыс ішінде өткермек болып, ауа көшеді ғой. Сөйтсе, Шақан қонған қамыс – үйірлі жолбарыстың жатағы екен.

Бұдан ары әңгіме әлденеше тармаққа бөлінетін... Қайсысы шын, қайсы лақап – біліп болмайды, анығы – күні кеше ғана ер танылған Масақ мергеннің жалғыз ұлы – дұшпаннан тепкі көріп, иенге ығысқан Шақан тілсіз тағының талауына түскен.

Алдымен Алатаудың етегіндегі ата жұрты жеткен.

\* \* \*

Садақты, найзалы, сойыл, шоқпарлы қырық шақты кісі. Қаралы үйге ат қойып келді. Өлдіге балаған бауырлары тірі болып, Құдайға мың шүкір төубе айтқан, қазаның артына қайыр тілескен, өз бастарын да қатерге байлап, жолбарысқа шыққан.

Шақан әуелде өкпе айтпады, кейін ризашылық танытпады. Тұнжыраған да отырған. Жібімеген. Жібімеген қалпы қаралы қоныста, қалың қамыста жалғыз өзі қала берген. «Балам мен әйелімнің жылын күтем...»...

Ұзамай Іленің арғы бетінен ана жұрты жеткен. Түйе тіркеп, құр ат қосақтаған, қаншама қоржын бөктерген, қарулы жиырма жігіт... Шақанның еңсесі жазылмады, көңілі сейілмеді. «Еркексің ғой, Шақан, есіңді жи!» – Нағашының соңғы сөзі осы еді... Шақан айғыз-айғыз қоңыр бұлтты кірлеуіт аспанға қарады. «Мен.. мен қорқар ештеңе қалған жоқ!»

\* \* \*

...Елден аулақтап, иенге шыққалы, аптап жазда жастыққа басы тимей, тоғай тінтіп, қамыс сүзіп, құм кешіп, қақаған қыста қар астына түнеп, мұз үстіне от жағып, тынымсыз із кескелі, бөріше бой түзеп, жолбарысша жалғыз жортқалы қаншама заман? Күн, ай, есебін білмейді, жыл санамайды. Тәңірінің төрт мезгілі онсыз да алмасып жатады. Күн мен түн тынымсыз кезектеседі. Бөрі де адам еркінен тыс...

Шақан өз жолын білетін. Қапшағайдан Құйғанға дейін Іленің екі жағасын, Топар, Қара өзек, Жиделі аталатын үлкенді-кішілі тарамдарын тегіс сүзіп шықты. Аумағы айшылық Көкше теңізді қыс, жаз демей, барлық түбек, қойнауын тінтіп, екі мәрте айналып өтті. Өлі талай сүзбек, талай айналмақ. Өйткені Шақанның өз есебі бар еді. Ай, күн есебі емес. Мал, жан есебі емес. Жолбарыс есебі...

Балқаштың сыртында – Арқа бетте бес-алтау. Шығыста – Алакөл атырабында, Лепсі, Ақсу өзендерінің етегінде оншақты. Берірек – Қаратал аңғарында екі-үшеу. Қайда барсаң, сыңсыған қазақ, қаптаған жылқы мен қой.

Жолбарыс түгілі бөрі бой тасалар жер қалмағандай. Тек Іленің етегі ғана. Қоныстан тысқары емес. Бірақ тоғайы бітік, қамысы тұтас. Өрі жазға қарай, ел қан жайлау – салқын самалды Көкжотаға шығып кеткенде, мүлде иен қалады. Сондықтан да көп. Өлде қырық, елу. Өлде жетпіс, сексен. Жүзден асып кетуі де мүмкін. Көп. Бірақ сансыз емес. Сансыз болған. Ел өскен сайын азая берген. Енді, міне. Көп болса, жүз. Бұл – тірі жолбарыстың есебі. Өлі жолбарыс – ата-бабасы нешеме ықылым заманнан бері соғып алған тарғыл тағы емес, тек өзі осы жолға түскеннен бері өзі ғана аулап, терісін сыпырған жолбарыс саны нақты – осымен отыз бес. Үлкенді-кішілі шөнжіктерімен қосып санаса, екі есе.

Отыз бес. Өзі тілеп отыз бес мәрте ажалмен беттесіпті. Отыз бесінде де жеңіп шығыпты... Ал ажалға бас байлаған жанкешті қимылға нәр берген – өшпенділік еді.

*(Жалғасы бар)*



## СӨЗДІК

**Бөктергі** – сұңқарлар тұқымдас жыртқыш құс.

**Далбай** – ер адамдардың жаз, күз, көктемде киетін тымақ тәрізді бас киімі.

**Дәндәку** – дәстүрлі белбездің құрамдас бөлігі, от тұтатуға арналған заттар салатын шағын қалта.

**Ерапайсыз** – әбден, шамадан тыс, тым.

**Жанкешті** – өлген-тірілгеніне қарамай, жанын салу, жанын аямау.

**Жым** – жолбарыстың ізі.

**Зау** – биік, үлкен.

**Келе** – бір келе түйе – бір үйір түйе.

**Көбелеу** – бір жерге үю.

**Көзі атыздай болу** – үрейі ұшып, қорқу.

**Кісе** – күміс, жез үзбелермен безендіріп, қалташалар салынған жалпақ былғары белбеу.

**Қаншыр** – арыстанның ұрғашысы.

**Қараған** – бұршақ тұқымдасына жататын бұта (ағаш).

**Қаралы үйге ат қойып келу** – ұлттық дәстүрде адамы өлген үйге «Ой, бауырымдап» дауыс салып келу, бұл қайғыға ортақ болуды білдіреді. Бұрын ауыл арасы қашық, қаралы хабарды естіген соң, атпен жүргендіктен, атпен келу деп те айтылады.

**Қасап** – мал, жануарды сою.

**Қияс** – бұл жерде: қыңыр, қисық, қиқар деген мағынада қолданылған.

**Мәуріт** – мезгіл.

**Мұзарт** – биік шың.

**Салқау** – баяу, сылбыр, шабан.

**Сауға** – соғыстан түскен олжадан не ауланған аңнан берілетін сый.

**Саяқ** – шетте жүру, оңаша.

**Селебе** – ұшы үшкір, өткір пышақ.

**Сеңсең** – марқайған қозының қырқылмаған, өскелең жүндес терісі.

**Сырттан** – тұқымы жақсы.

**Тауап ету** – 1) құлшылық ету; 2) қадір тұту.

**Шөкесінен жығылу** – шөкелеу – тізерлеу.

**Шөмшек** – ағаштың қиқымы, шырпысы.

**Ішпек** – ер тоқымның астына салатын қалың киіз.

### **Жер атауы:**

**Сібірге – Якут өлкесіне** – Ресейдің құрамдас бөлігі, Сібірдің солтүстік-шығысында орналасқан. 1992 жылдан бері Саха (Якутия) Республикасы.

**Көкше теңіз** – Балқаш көлі.



1. Мұхтар Мағауиннің өмірі мен шығармашылығы туралы не білесіңдер? Қандай шығармаларын оқыдыңдар?
2. Мұхтар Мағауин қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге қандай еңбектерімен үлес қосқан?
3. Жолбарыстың қандай аң екендігіне, оның ерекшеліктеріне биология пәнінен оқығандарың бойынша жауап беріңдер.
4. Жолбарыс туралы қандай аңыздар, ертегілерді және оған қатысты қандай сөздер мен сөз тіркестерін білесіңдер?



1. «Шақан-Шері» романының оқиғасы не туралы?
2. Романды неге «Шақан-Шері» деп атады? Шері сөзінің астарында қандай мағына жатыр?
3. Шақан-Шерінің тағдыры қалай аяқталды?
4. Адамдардың жолбарыспен шайқасуы туралы тағы қандай шығармаларда жазылған?



1. Шақан-Шері неліктен жолбарыс атаулыны қырып жоюға ант етті? Жолбарыстарды қырғаны үшін Шақан-Шеріні кінәлі деп санауға бола ма?
2. Жолбарыстың өшпенділікке, жауыздыққа баруына кімдер кінәлі?
3. «Адам азғанда аң қайтпек?» деген сөйлемдегі ойды жалғастырыңдар.
4. Шығармадағы жолбарыс ненің символы ретінде суреттелген?
5. Шақан-Шеріге мінездеме беріңдер.
6. Шақан-Шері мен жолбарыс тағдырларынан қандай ұқсастық байқадыңдар?
7. *«Сол жақ бетте – самайдан иекке тұскен бұжыр-тыжыр, терең, үш қатар тыртық. Қиығы кеміс, ызалы шегір көз шапыраштан түйіледі. Ұрты да жырық. Аппақ, өткір, сойдақ тісі жарқырап тұр. Адам шошырлық. Қарсы алдынан қарағанда, адам шошырлық».* Үзіндіде кімнің/ненің бейнесі суреттелген?
8. Шығармада кездесетін жер-су атауларына мән беріңдер.



1. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелдендер
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

2. «Шақан-Шері» романының идеясы мен тақырыбының бүгінгі күнмен байланысы бар ма?
3. Шақан-Шері бейнесінің астарынан қандай күрескер тұлғалардың бейнесі көрінеді?
4. Атабек ақсақалдың ғибратты сөздерінен кейін Шақан-Шері қандай шешімге келді? Шығармадан шешім шығарар кездегі Шақан-Шерінің монологін тауып оқыңдар.



1. Романнан қандай қорытынды шығаруға болады? Осы шығарма арқылы автор не айтқысы келді, нені үйреткісі келеді?
2. «Шақан-Шері» романының ұлттық әдебиетіміздегі алатын орны мен жетістігі қандай?
3. «Жолбарыспен жекпе-жекке шыққан ер жүрек халық ешкімнің алдында тізе бүкпейді» деген сөйлемде айтылған ойды қалай түсінер едіңдер?
4. Құба мергеннің адам мен хайуанның айырмашылығы туралы айтқан сөздерінен қандай ой түйдіңдер?
5. Роман оқиғасына байланысты «Сенімділік межелігі» әдісін қолданып, төмендегі тапсырманы орындаңдар.



1. Егер сен автордың орнында болсаң, онда шығарманы қалай жалғастырып, қалай аяқтар едің? Қандай оқиғаларды қосар едің?
2. «Жетісудың ең соңғы жолбарысы 1940 жылы оққа ұшыпты дейтін нақты дерек келтіріледі». Жолбарысты біздің жерімізге қайта өкелуге бола ма? Қандай ұсыныс, пікірлер айтар едіңдер?
3. Жолбарыс туралы ертегі, аңыздар, сөз тіркестерін пайдалана отырып, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты ерлер» деген тақырыпта эссе жазыңдар.



1) Бір жетім емген саяқ көк тай бар еді. Түн ортасында ғой деймін. Тіпті, шет кегіпті. Қайырайын деп, жүре беріп едім.. сап-сары сапалақ... көзі тура шоқтай жанады, шайтанның отындай жап-жасыл... Оқтай атылғанда... бейшара тай шөкесінен жығылды. Ат үстінен қалай түсіп қалмағанымды, өзім де білмеймін.

**Сұрақ:** Саяқ және шөкесінен жығылу деген сөздердің өзара байланысы бар ма?

a) Саяқ ерке дегені болуы керек. Шөкесінен жығылу омақаса құлау дегенді айту үшін қолданылған.

b) Саяқ асау деген сөз болу керек. Шөкесінен жығылу құлау дегенді білдіреді.

c) Саяқ деп ешкімге көнбейтін малды айтатын болу керек. Шөкесінен жығылу құлау дегенді білдіреді.

d) Саяқ деп өз алдына бөлек жүруді айтады. Шөкесінен жығылу – тізесін бүгіп, жатып қалу, етпетінен жату.

2) Аулаққа, жолбарыс жылқы жыққан қалың қопаға қарай тұра шаппақ ыңғай танытқан.

– Әй, әй... – деді Шақан қолын ербеңдетіп. – Өзің қорқақтың ішіндегі есері екенсің. Әй, ана жем үстіндегі жолбарыс күндіз-түнге қарамайды, алып түсіп жүрмесін!

**Сұрақ:** Қалың қопа деген не?

a) Қопа – қоға, құрақ көп өскен жер.

b) Ін туралы айтқаны.

c) Қалың орманға қарай шапты дегені.

d) Ағашы көп жерді айтқаны.

3) Өндіріштен енген көк сүңгі қара қабырғаны жарып шыққан екен дейді. Сонда жолбарыс, кейінгілер асыра айтпаса, Жәкем шірен толғап тұрған найзаның қайың сабын қарш шайнап тастап, батырдың өзіне бас салған екен дейді-ау. Текетірес алыса кеткенде, арыстан Жәкем шерінің екпініне шыдамай, шалқалай жығылыпты. Жолбарыс үстіне қона түскенде, көтере тұрған екен. Көтере тұрғаны – денесіне зақым келмеген.

**Сұрақ:** Өндіріш деген не? Текетірес деген не? Текетіресте жолбарыс жеңді ме, әлде Жауқашар батыр, Жәкең жеңді ме?

- а) Үйдің қабырғасына қатысты айтылған. Жолбарыс жеңген.  
б) Өндірішек – жұтқыншақтан басталатын өңештің бойы, алқым. Тегегірес – қатты ерегісіп, бір-бірін жеңе алмау. Жауқашар батыр жеңген. Ол, ақырында, жолбарысты көтеріп тұрғаны айтылған.  
с) Өндірішек бауырға жақын жер болу керек. Жолбарыс жеңген.  
д) Тұмсықтан кіргенді айтқан сияқты. Жауқашар батыр жеңген.



### *Оқушы күнделігі*

*Мұхтар Мағауиннің «Шақан-Шері» романын оқығаннан кейін қандай әсерде болдыңдар? Шақанның кекшілдігін намыс деп бағалауға бола ма? Жаралы жолбарыстың адамдарға шабуылын сендер қалай бағалайсыңдар? Табиғаттағы теңдік дегенді қалай түсінесіңдер? Осы туралы ойларыңды жазыңдар.*



### *Фалаитор*

Жазушыға арналған хабарларды тауып, қараңдар. «Baq.kz» хабарлауынша, «Шақан-Шері» сюжеті бойынша Голливуд кино түсірмекші. Бұл фильм қай жерде, қай елде түсірілуі керек, басты рольде кімді көргілерің келеді? Америкадағы Голливуд пен қазақ жерінің ерекшеліктеріне де мән беріп, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.



### *Артық болмас білгенің*

Жолбарыстың 9 түрі белгілі, алайда XXI ғасырға соның тек 6 түрі ғана жеткен. Сан жағынан айтқанда, әлемде небәрі 4000–6500 ғана. Сондықтан жолбарыс халықаралық «Қызыл кітапқа» XX ғасырда енгізілген. Оны аулауға әлем бойынша тыйым салынған.

Қазақстанда «Тұран жолбарысы» (кейде «Каспий жолбарысы» деп аталатын) түрі болған. Бірақ, өкінішке орай, ол бүгінде жоқ.

Біздің елімізде жолбарыстардың көбірек мекендеген жері – Сырдария өзені мен Арал теңізінің бойы, одан кейін Балқаш көлі мен Іле өзенінің аумағы.



## ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ (1928–2008)

Шыңғыс Төрөқұлұлы Айтматов 1928 жылы 12 желтоқсанда Қырғыз Республикасы Талас ауданындағы Шекер деген ауылда дүниеге келген, ұлты – қырғыз. Ол Қырғызстанның халық жазушысы (1968), Қырғыз Ғылым академиясының (1974), Еуропа Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері (1978) атанған. Проза жанрында және киносценарий, драматургия, аударма, т.б. салаларда еңбек еткен. Шығармаларын қырғыз және орыс тілдерінде жазған.

«Өшім» деп аталған тұңғыш әңгімесі 1952 жылы жарық көрген. Кейін «Аспалы көпір» (1956), «Бетпе-бет» (1957), т.б. әңгімелері жарық көрді. Шыңғыс Айтматовты әлемге танытқан – «Жәмила» повесі (1958). Оның шығармаларының бәрі дерлік қазақ тіліне аударылған. Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекеті» 1980 жылы жазылды. Ш.Айтматов үш мәрте КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған (1968, 1977, 1983).

Жазушының бұлардан басқа да еңбектері мол. Атап айтқанда, «Тау мен дала хикаялары» (1963), «Қош бол, Гүлсары» (1967), «Ақ кеме» (1970), «Ерте қайтқан тырналар» (1975), «Жанпида» (1986), «Кассандра таңбасы» (1995), т.б.

«Ана – Жер-ана» спектаклінде қырғыз халқының Ұлы Отан соғысы кезіндегі қайсарлықпен жасаған еңбектері айтылған. Оны Толғанай есімді ананың образы арқылы жеткізген. М.О. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында «Ана – Жер-ана» қойылымы жиі сахналанады.

Шыңғыс Айтматов қазақ жазушыларымен ұдайы тығыз байланыста болған. «Шынарым менің, шырайлым менің» «Боранды бекет», Қазақ жазушысы Қалтай Мұхаметжановпен бірігіп жазған «Көктөбедегі кездесу» пьесасы еліміздің барлық сахналарында қойылды. Мұхтар Шахановпен бірігіп «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабын (1997), «Сократты еске алу түні немесе миғұла терісі үстіндегі сот» атты пьесасын жазған. Ол 1998 жылы Қазақстанда Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында қойылды.

Шыңғыс Айтматовтың шығармалары жиырмадан астам кинофильмге арқау болды. Атап айтқанда, оның «Қызыл алма», «Алғашқы ұстаз», т.б. телеарналар арқылы кең насихатталды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Шыңғыс Айтматовқа 1993 жылы Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын тапсырды.

Атағы әлемге таралған көрнекті жазушы 2008 жылы 10 маусымда Германияның Нюрнберг қаласында өмірден өтті. Зираты – Бішкек маңындағы Ата-бейітте.

## АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ<sup>1</sup>

(Повесть. Басы)

Бұл суретті мен әлі салып бітірген жоқпын. Сондықтан оның қалай болып шығарын күн бұрын айту да қиын. Күнде таң сәріден тұрып, бұрын әр кезде жасаған түрлі вариант-этюдтарды қайтадан екі-үш рет қарап шығамын да, елең-алаңдағы тыныштықта әрі-бері жүріп, тынымсыз ойланамын. Жоқ, мен әлі ойдағыны тапқан жоқпын, істің бәрі алда. Бұл сурет әзірге көңілдегі тілек, жүректе толқыған, қан тамырында жүрген елес, үміт, қиял ғана...

Бітірмей жатып, болашақ туынды жөнінде күн бұрын жария салуды әуел бастан жаратпайтынмын, әбес көретінмін. Қызғаншақтық емес бұл, әрине. Бесіктегі нәрестенің кім боларын алдын ала кім біледі. Бірақ бұл сапар, өздеріңіз көріп тұрғандай, мен ол әдетімнен танып, бітуге жақын шығармамды ортаға салып, ол жөнінде әңгіме қозғамақпын. Бұлай етпеске менің шарам да жоқ. Неге десеңіз, жалғыз менің ғана күшім жетпейді. Маған түрткі салып, қиялымды қозғаған бұл оқиға кеудеме сыяр да емес. Мен оны сурет арқылы шашау шығармай, жұртқа жеткізсем деген үміттемін. Осыған көпшілік қауым ақылын қосып, тілегін айтса екен деймін. Ал шығарма көптің демінен жаратылған жалындай, қандарыңыздан қан, күштеріңізден күш қосып беріңіздер. Мен бұл жұмыс туралы сіздерге міндетті түрде айтып беруге тиістімін.

\* \* \*

Біздің ауыл Ақ-Жар тауының етегінде орналасқан, онан әрі қарай сілемдене сұлаған Қаратауға дейін – ирелеңдеген өзен аққан, темір жол тарылған қазақтың сары даласы.

Ауылдың жоғарғы жағындағы адырда мен бала кезден білетін екі зәулім терек болатын. Бұл егіз терек қазір де сол жерде. Қашан қарамасаң да,

<sup>1</sup> Айтматов Шыңғыс. Шығармалары. – Алматы, Атамұра, 2005.

ауылға қай тұстан келмесең де, бөрінен бұрын төбе басында бой түзеген осы биік теректер көзге бұрын шалынады. Неге екенін білмеймін, әлде балалық әсердің күші ме, я болмаса, суретшілік кәсібіне байланысты ма, әйтеуір, станциядан түсіп, шатқалдан шыға, ауылға қарай беттегенде, сол адырда баяғы қос терек мөуелеп өсіп тұр ма екен деп, тағатсыздықпен сол жаққа қараймын. Ертерек ауылға жетіп, тезірек төбе басына шығып, қос терекке иіліп сәлем беріп, мауқым басылғанша, олардың сыбдырлаған үнін тыңдасам деп әрдайым аңсаймын. Талай бақтар бар, бірақ бұл теректердің бір естен кетпес қасиеті – олардың үні мүлде басқа, бейне тілі бар тәрізді. Күні-түні тынбай, әрдайым жапырақтары дірілдеп, шайқалған бұтақтары айқара құшақтаса, теректер сан алуан үнге салып шуылдайды. Бірде жиекке соққан ерке толқындай естілер-естілмес қана сыбдырлап, бірде – тым-тырыс, ойға шомып, сағынышты санаға батқандай әлденеге мұңдана күрсініп, жұлқынған жел бұлттарды айдап, бұтақтарын қасарыса игенде, теректер тіресе, өжет қарсыласып, «Бізді жыға алмайсың» дегендей, өршелене, қаһарлана түседі.

Кейін ес кіріп, етек жиғанда, мен бұл теректердің сырын түсіндім. Биікте, жан-жағы жалаңаш төбеде өскендіктен, бұлар әр кез желдің өтінде болып, ауаның әрбір қозғалысына жауап қайтарып, әлгіндей толассыз шуылдап, мүлде басқаша бір үн қатуының себебі де сондықтан екен. Дегенмен менің бұл топшылап тапқаным балалық қиялымның алғашқы әсерін жоя алмады. Сол кездегі түйгенім, сезінгенім қазір де көңілімнен кетпей, маған бұл теректер осы күнге дейін қандай да бір киелі нәрседей сырлы, жанды сияқты көрінеді. Бұл теректердің түбінде менің өмірімнің ең бір сиқырлы шағы қалғандай, ойға алған сайын барлығын бастан есіме түсіргім келеді.

Оқудан тараған жазғы мезгілде біз бір топ бала балапан ұстаймыз деп осы жерге келетінбіз. Біздің шұрқыраған үнімізге разы болғандай, төбе басында кербез керіле жайқалған алып теректер әдетінше жапырақтарын жай ғана сыбдырлатып, бізді өзінің саялы көлеңкесімен қарсы алатын. Сонда күстабан, жарғақ алақан біз, тентектер, теректерге мысықша асылып шыға бастағанда, шу көтерген көгіршіндер жаны қалмай, шыр-шыр ететін. Оған болатын біз бе! Бұтақтан бұтаққа өрмелей, бір мезетте құстар ұшқан биікте алдымыздан ашыла қалған дүниенің көрінісіне таң қалып, бөріміз демімізді ішімізге тартып, үн шығармай, бұтақ-бұтаққа жабысып, аламыз деген бұлбұлдың балапандарын ұмытып кететін едік. Біз ең үлкен үй деп есептейтін колхоздың ат қорасы теректің басынан тебінгідей-ақ көрініп, ал енді ауылдан төмен, әлдеқайда мұнартқан жазықтықтың сон-

шалық шексіз екеніне, әрі тағы неше алуан жерлер, басқа тағы сан алуан күмістенген өзендер бар екеніне таңдана қарап, әлемнің шеті-шегі осы ма, я болмаса онан әрі осындай аспан, осындай бұлт, осындай жер бар ма деп ойға бататынбыз. Осы сәтте ызыңдаған жел әуені құлаққа шалынып, оған ілесе бір үнмен сыбдырлаған жапырақтар, көз көрмеген көгілдір алыстықта небір тамашалар, небір қызықтар бар дегендей тамылжыған күй тартып, бетті еркелете сипар еді. Жүрегім жарылып кеткендей дүрсілдеп, қос теректің шуылын қиялға батып тыңдайтынмын. Көз алдыма ертегілердегідей неше түрлі ғажайыптарды елестетсем де, сонда бір-ақ нәрсені ойламаппын. Бұл теректерді кім отырғызды, қандай тілек, қандай үмітпен өсірді екен дегенді ойыма да алмаппын.

Осы теректер өскен жерді ауылдағылар неге екені белгісіз «Дүйсеннің мектебі» деп атайтын. Кенет бір мал іздеп қалғанда: «Ой, пәленше, менің торы құнанымды көрдің бе?» – десе, онда анау тоқтай қалып: «Анау Дүйсеннің мектебінде жылқы жүр, сол жақтан іздеп көр», – деп, жүріп кететін. Үлкендерге еліктеп біз де: «Жүр кеттік, Дүйсеннің мектебіне, терекке шығамыз», – дейтінбіз.

Бір кезде осы төбенің басында мектеп болған екен. Біз оның орнын да көрмей қалдық, бірақ қос теректі төбенің аты ел аузында бұрынғысынша келе жатыр. Бұл мектептің орнын бала кезде бірнеше рет іздеп те көрдім, кейінірек: «Неге Дүйсеннің мектебі?» «Ол қай Дүйсен?» деп, қариялардан сұрастырғанда, олар менің бұл сұрауыма енжар, болмашы нәрсе дегендей, қол сілтеп, немқұрайлы жауап берді:

«Ие, осы жүрген ақсақ қой, Дүйсен. Кешегі сұрапылдан кейін, ана төбенің басында бір жаман там болатын, Дүйсен комсомол болдым деп, сонда мектеп ашып, бала оқытқан. Мектеп дейтін аты ғана болатын. О да бір өзінше қызық дәуір еді ғой, Құдай салмасын, үзеңгіге аяғы тигеннің бөрі өзінше мықты боп, әркім білгенін істейтін. Дүйсен де сонда бір ойына келгенін істеп баққан. Қазір ол жаман тамның орны да жоқ, бір жақсысы – аты жоқ төбе еді, «Дүйсеннің мектебі» болып аталып кетті»...

Дүйсен деген кісіні мен онша жөнді білмейтінмін. Бойы серейген, бүркіт қабақ, салауатты адам сияқты көрінетін. Оның үйі өзеннің арғы бетіндегі екінші бригаданың көшесінде еді. Мен ауылда жүргенімде, Дүйсен колхоздың мұрабы болып, қанжығасына етектей кетпенді байлап алып, істен шығып қалған, өзіндей қалжыраған мәстекті мініп, кейде біздің көшені басып өтетін. Кейін почта жұмысына ауысып кетті дегенді есіткенім бар-ды. Бірақ әңгіме басқада. Ол кезде менің комсомол жөнінде түсінігім қазіргіден мүлде бөлек болатын. Іске мықты, сөзге берік, жалқау-арамта-

мақтарды газетке әшкерелеп жазатын ауыл жігіттерінің ең мықтысы болар деп ойлайтынмын. Ал енді жаңағы сақалы бурыл тартқан қарапайым кісі, шабан атын шу-шулеген сияғымен өз заманында қалайша комсомол болып, тіпті, қара танымай жатып, балаларды қалайша оқытып, қайтіп мұғалім болғанын ешбір көз алдыма елестете алмадым. Шынын айтсам, ауылдағы көп лақаптың бірі болар деп, мен бұл сөзге пәлендей сенген де жоқпын. Бақсам, «Дүйсеннің мектебі» дегеннің өз алдына тарихы бар екен, мен оны күтпеген жерден жақында ғана білдім.

Өткен күзде маған колхоздан телеграмма келді. Екі жыл бойы біздің колхоз өз күшімен жаңа мектеп салып жатқан болатын. Мектептің үйі жаңа ғана бітіп, ауылдастар мені оның ашылуына шақырған екен. Мұндай қуанышты күні жерлестеріммен бірге болайын деп, дереу жолға шықтым. Сурет салу үшін ауылға, тіпті, үш-төрт күн бұрын бардым. Қаладан шақырылғандардан енді академик Сүлейменова келеді деп, күтіп отыр екен. Ол кісі мұнда бір-екі күн аялдап, осы жерден поезға мініп, Москваға жүріп кетеді екен десіп жатты. Академик Сүлейменованың келетінін естіп, мен қатты қуандым. Бұл дүйім жұртқа белгілі білімпаз әйел біздің ауылдан екенін, жас кезінде қалаға кетіп, кейін ғалым болғанын бұрын естіп жүргенмін. Ал енді өзімен қалада таныстым. Мен көргенде, Алтынай Сүлейменова шашына ақ кірген, толық келген, елулерге таянып қалған адам екен. Университетте кафедра меңгеріп, философиядан лекция оқып, академияда істеп, оның үстіне әртүрлі қоғамдық жұмыстармен шетелдерге барып келіп жүрген ауылдас апаның жайбарақат отырып, хал сұрасуға шамасы келмей жүрді, бірақ ұшырасқан сайын, мейлі жиналыста, мейлі күтпеген жерден көшеде кездесе қалғанда, біздің ауылдың амандығын сұрап, менің творчеством жөнінде қысқа болса да, пікірін айтпай қалған емес. Мен бұл кісінің қарапайымдылығына, адамгершілігіне ішім жылып, бір күні ішім-дегіні бүге алмай, оған былай дедім:

– Апа, ауыл жаққа барып, ел-жұртпен дидактасып қайтсаңыз қайтеді? Сізді сыртыңыздан бөрі мақтан етеді екен, бірақ көпшілігі танымайды. Атақты ғалым қызымыз ауылын менсінбей жүр ме деген сөздер де бар.

– Бұл айтқаның дұрыс, інім, – деп, Алтынай Сүлейменова күрсініп қойды. – Ауылды өзім де көптен бері аңсап жүрмін. Бармағаным талай уақыт өтті. Ауылда пәлендей туыстарым жоқ. Бірақ ел деген туыс, елден ұлық туыс болмайды. Сөзсіз барамын, қолым босаса болды, барамын... Туған жерді сағындым...

Академик Сүлейменова ол күні кешігіңкіреп келді. Мектептің салтанатты ашылуына дәл оның машинасы көшеге тоқтағанда, жиналысқа келген

жұрттың бәрі алдынан шығып, танығаны да, танымағаны да, кәрі-жасы қалмай, тегіс жүз көрсетіп, қол алысты. Алтынай Сүлейменова мұндайды күтпеген болуы керек, қуанғанынан не істерін білмей, көпшілікке қол қусыра, иіліп жүріп отырып, залдағы президиумнан орын алды. Бұндай салтанаттардың шетелдерде талайын көрген Алтынай Сүлейменова бұл сапар көзіне жас алып отырды. Жиналыстың аяғында пионерлер оның мойнына қызыл галстук байлап, гүл беріп, жаңа мектептің құрмет кітабына оның атын бірінші етіп жазды. Оқушылардың көңілді ойынынан кейін, кешке таман біз бір топ мұғалімдер, ауыл активтері болып, мектеп директорының үйінде қонақта болдық.

Мұнда да Алтынай Сүлейменованың келгеніне сүйсінген жұрт оны кілем төселген төрге отырғызып, қолынан келгенінше құрметтеп, сыйлап жатыр. Үлкен дастарқанның жиегінде жайнап отырғандар гу-гу сөйлесіп, .. шай ішіліп жатқан кезде, қолына бір уыс газет-журнал ұстаған жас жігіт есіктен кіріп келді де, үй иесіне он шақты телеграмманы ұсынып, қол қойып беріңіз деп, аялдады. Бұрынғы оқушылардан келген құттықтау телеграммалар қолдан-қолға өтіп жатқанда, әлдекім сөз арасында:

– Ой, мұны Дүйсен шал алып келді ме? – деп сұрап қалды.

– Ие, – деді жігіт. – Жиналысқа жеткізіп үлгірейін деп, атын қансорпа қылып келген екен, кешігіп қалдым деп, өкініп жатыр.

– Ой, түс де оған аттан, үйге кірсін! – деді үй иесі қолын бұлғап.

Жігіт шығып кеткенде, маған жанаса отырған Алтынай Сүлейменованың өңі қуара түсіп, әлдене есіне келгендей, менен:

– Әй, қайсы Дүйсен, кімді айтып жатыр? – деп сұрап қалды.

– Колхоздың почташысы, апа, – дедім мен, – Дүйсен деген ақсақалды танытын ба едіңіз?

Ие дегендей басын изеп, Алтынай Сүлейменова бір нәрсе айтайын деді ме, орнынан тұруға ұмтыла беріп еді, соның арасында терезенің алдынан салт атты қораны дүбірлетіп өте шықты. Үйге кіріп келген жігіт:

– Түсіңіз деп едім, тіпті, болмай қойды ағай, – деді. – Жұрттың хатын таратамын деп, жүріп кетті.

– Қайтесің соны, кете берсін, – отырғандардың ішінен біреу жаратпағандай қолын сілтеді, – ол шалдың отырар жері бұл емес.

– О, Дүйсен дегенді білмейсіздер, ол заңмен ғана жүретін адам, қызметін бітірмейінше, еш жерге бұрылмайды, – деді екінші біреу алдыңғыны толықтырып. «Мейлі ендеше, ештеңе емес» дегендей үй иесі де басын изеп қойды.

Сөйткенше төрде отырған ауылдағы қадірменді адамдардың бірі сусын құйылған рюмкесін қолына алып, сөз бастап кетті:

– Жолдастар, бір кезде біз «әліпті» таяқ деп білмейтін Дүйсеннің мектебінде де оқыдық қой.

Ол бұл сөзге таң қалғандай, күле сөйлеп, басын шайқады. – Қазір сол бір кез есіме түсіп жатыр.

– Ой, тоба десеңші!

– Рас, рас! – десті басқалар.

– Ой, Дүйсенің бар болсын. Соны да мұғалім, оқытушы, ұстаз деп те жүріпсіз ғой!

Қарқылдаған күлкілер басылған сәтте әлгі кісі сөзін әрі жалғай түсті:

– Міне, енді алдымыз елге даңқы жайылған академик болып, кейінгіміз жоғарғы, орта білімі бар жұрт болдық. Ауылымызда бүгін жаңа орта мектеп аштық. Басқасын айтып не қылайын, заманның қалай өзгергені осының өзінен-ақ көрініп тұрған жоқ па?..

Бұл сөздерді отырған жұрт жаппай қолдады. Тек қана Алтынай Сүлейменова ернін тістеп, қызара түсті...

– Сіз неге көңілсіз отырсыз, апа? – дедім мен.

– Жәй әншейін, інім, – Алтынай Сүлейменова екі-үш рет сағатына қарап, басқа ештеңе айтқан жоқ.

Қонақтар далаға дем алғалы шыққанда, Алтынай Сүлейменованың елден бөлініп, сонау төбе басында жайқалған қос терекке қарап, ойға шомып тұрғанын көріп, жанына жақын бардым.

Ұясына жақындап, күзгі даланың сұрғылт шетіне иек артқан күннің алтын нұры биікте тұрған теректердің құзар ұшына бірде тиіп, бірде тимей, құбылып тұр екен.

– Қайран теректер, жапырақ төгіп тұрған кезі екен, жазда көктегенде көрсеңіз, тамаша ғой, – дедім мен.

– Ие, мен де соны ойлап тұрмын, – деп, Алтынай Сүлейменова басын изеп, күрсініп қойды. – Әр нәрсенің жазы да, күзі де болады ғой.

Бұл сәтте осы талайды көрген үлкен ғалым әйелдің түрі «Қайран, өтіп кеткен он сегіз қайта оралса» деп, іштей тынып, қызыл орамал тартқан балғын шағын есіне алған кәдуілгі қарапайым қырғыздың әйелдеріне ұқсап кетті...

– Москваның поезы біздің станциядан түнгі он бірде өтеді емес пе? – деді.

– Ие, апа, он бірде өтеді.

– Онда менің қазір жүруім керек.

– Неге? Сіздің бір-екі күн осында болмақ ойыңыз бар емес пе еді? Ауылдастар сізді жібермейді, апа.

– Жоқ, менің шұғыл жұмыстарым бар. Бүгін жүрмесем болмайды, қазір кетуім керек...

Ауылдастарының ренжіп қиналғанына болмай, түсіргелі жатқан асқа да қарамай, айтқанынан қайтпай, кешірім өтініп, Алтынай Сүлейменова, ақыры, кетпек болды.

Күн ұясына отырып, әбден кеш түскен уақытта ауылдастар түгел жиналып, оны машинаға мінгізді. Алтынай Сүлейменованы станцияға жеткізіп салу үшін мен де машинаға отырдым.

Бұл кісінің дүйім жұрттың көңілін қалдырып, неге соншалықты асығыс, қауырт жүріп кеткенін ешқайсымыз түсінбей қалдық. Бір-екі рет мұның себебін сұрайын деп оқталып, ыңғайсызданып қала ма деп имендім. Және де қазір оның ешкімге ештеңе айтпайтынына да көзім жетті. Жол бойы Алтынай Сүлейменова бір ауыз сөз айтпай, өте қатты ойланып, қапа болып келе жатты.

Станцияға келіп, поезға мінер алдында, ақыры:

– Апа, бір нәрсеге кейіп, ренжіп келдіңіз, неге ашуландыңыз?

– Жоқ. Олай деп ойлама. Неге ашуланайын? Ашулансам да, өзіме ашуланамын, өзімнің білместігіме... Көңілдеріңізге еш нәрсе алмаңыздар, – деді. – Қайта сіздердің маған ренжулеріңіздің жөні бар...

Сонымен Алтынай Сүлейменова Москваға жүріп кетті. Мен қалаға қайтып оралғаннан кейінгі күндердің бірінде Алтынай Сүлейменовадан ойламаған, күтпеген жерден хат алдым. Өзінің ғылым жұмыстарымен Москвада ұзақ уақыт болатынын жазып, одан әрі хатында былай депті: «Қымбатты інім, қаншама шұғыл жұмыстарым болса да, барлығын жиып қойып, мен осы хатты жазуды мақұл көрдім... Егер осында айтылғандар сізді қызықтырса, онда өз творчествоңызда пайдалануыңызды өтінемін, өйткені бұл мен үшін ғана емес, біздің ауылдастар үшін ғана емес, біздің жалпы жұмысқа, көпшілікке, әсіресе, жастар үшін қажет қой деп ойлаймын. Бұл менің көп толғаныстан кейін түйген пікірім. Бұл менің жұрт алдында жүрегімді ұсынып тарту еткен сырым, сондықтан мұны қанша көп адам білсе, мен сонша бақытты боламын, жұрт алдында соншалық парызды өтеп, соншалық күнәмнан арыламын... Егер қағаз бетіне түсіретін болсаңыз, мені ыңғайсыз жағдайда қалар деп кібіртіктемеңіз, ештеңесін жасырмай, турасын ашық жазыңыз...»

Мен осы хаттың негізінде бұдан әрі қарай академик Сүлейменованың өз атынан әңгімені жалғағым келеді.

...Бұл оқиға 1924 жылы болған. Ие, менің әлі есімде, дәл сол жылы болған...

Ол кезде қазіргі біздің ауылымыз тұрған жерде он-он бес үй жатақ түтін түтететін. Онда мен – он төрттегі жетім қыз, аталас тумаларымның қолында жүретінмін. Сол жылы күзде малды-жандылар қыстауға көшіп кеткеннен кейін, біздің ауылға мен бұрын көрмеген, үстіне әскери шинель киген бейтаныс жігіт келді. Елден, жолдан жырақ тау баурайындағы шағын қырғыз ауылына бұл бір үлкен оқиға болды. Ә дегенде оны – әскери басшылықта жүріп, енді ауылға мықтының өзі болып оралыпты десіп, кейіннен: – Жоқ, ойбай, бұл баяғы темір жолға тентіреп кеткен Тастанбектің баласы Дүйсен деген екен, өкімет оны әскерден босатып, мұғалім етіп жіберіпті, мектеп ашып, бала оқытады екен», – десіп, жұрт бұл оқиғаны әр саққа жүгіртті. Мектеп, оқу деген ұғымдардың өзі ол кезде бізге онша таныс емес, жаңа сөздер. Бұл алыпқашпа сөздер рас па, әлде жалған ба, не болады, қалай болады деп жүргенде, «Ауыл ортасындағы дөңге жиналсын» деген хабар айтылып қалды. «Ой, сұмдық, бұл тағы қандай жиналысы еді!» деп, ағам жаман атына мініп, жүріп кеткенде, басқа балалармен қосылып, мен де оның артынан бардым. Бес-алты атқа мінген, қалғаны жаяу шағын топтың ортасында үстіне көнетоздау қара шинель киген, көзі бажырайған, қатқан қара жігіт сөйлеп тұр екен, біз жетіп барған кезде ердің үстінде шалқая, шіреніп тыңдап тұрған аттылардың бірі оның сөзін бөліп жіберді:

– Әй, балам, – деді ол аптыға сөйлеп. – Біз сенің ата-тегіңді ғой білеміз: біз сияқты қара табан кедей еді. Ал сен қайда жүріп молда болдың?

Дүйсен кейін бұрылып, жауап берді:

– Мен молда емеспін, ақсақал. Мен комсомолмын. Қазіргі кезде хат танығанды мұғалім дейді. Мен әскерде жүріп, хат танып келдім. Менің молдалығым осындай.

– Ө-ө, бөлі.

– Оның дұрыс екен, – десті.

– Комсомол мені мұғалімдікке дайындап, бала тәрбиеле деп жіберді. Мектепті сіздердің көмектеріңізбен анау төбеде бос тұрған жаман тамды оңдап, ашамыз деген ойым бар. Қалай дейсіздер, ақылдарыңызды айтыңыздар.

Баяғыдан мысықша аңдып, бір көзін жұмып, үндемей тұрған Сатымқұл шырт түкіріп, сөйлеп кетті:

– Оныңды қоя тұр, оқудың бізге керегі қанша?

Дүйсен не дерін білмей, алаңдап жан-жағына қарады.

– Бәрежелді, дұрыс айтады! – деп, бер жақтағылар дүрліге, қозғала бастады. – Біз жер емшегін емген диқандармыз. Ал біздің балаларымыз оқу оқып, ел сұраған өкімет болатын ба еді? Қой, айналайын, басымызды қатырма!..

Қатқыл үндер шыға бастағанда, өңі қашып даусы дірілдеген Дүйсен жиналғандарды көзімен бір шолып өтіп:

– Сіздер бала оқытуға қарсысыздар ма? – деп сұрады.

– Ал қарсы болғанды сен зорлайсың ба? Қазір халықтың өз еркі, бостандыққа шыққанбыз! – деді арғы жақтан бір дауыс.

Шинелінің ілгегін жұла жаздап ағытты да, Дүйсен төсқалтасынан төрт бүктелген қағазды суырып алып, оны жоғары көтеріп, айқайлай сөйледі:

– Сіздер жер, суды алып берген кеңес өкіметінің бала оқытсын деп, мөр басып берген мына қағазына қарсы шығасыздар ма? Кәне, кеңес өкіметінің мизамына кім қарсы, кім? –

Оның «Кім?» – деп, айқайлай айтқан сөзі күзгі тымық ауаны атылған оқтай тіліп, жақпар тасқа шақ-шақ етіп тигендей болды. Ешкім үндемей, бәрі тым-тырыс бола қалды. – Сіздер кедейсіздер, – деді Дүйсен шаршаған кісідей даусын бәсеңдете сөйлеп, – біз өмір бойы аяқ астында езіліп, есіміз кеткен елміз. Өкімет енді бізге көзін ашсын, хат танып, білімге қолы жетсін деп жатыр. Міне, сондықтан балаларды оқытуымыз керек.

Демі тарылған Дүйсен сөйлеп болғанда, әлгінде оның молдалығын сұраған кісі:

– Мейлі ендеше, істер жұмысың болмаса, қайтеміз, оқытсаң, оқытарсың, – деп қойды.

– Мен сіздерден жәрдем сұрап тұрмын. Байдан қалған ана жаман ат қораны оңдайық, көпір салу керек, отын керек...

– Ой, жігіт, қоя тұршы! – деді әлгі Сатымқұл тағы да шырт түкіріп, жұмған көзін ашып.

– Мектеп ашам деп айқайлайсың, үстіңде тоның жоқ, астыңда атың жоқ, айдап қойған жерің жоқ, айдауда малың жоқ, немен күн көресің?

– Ептеп күн көрермін, өкімет маған көмек береді.

– А, солай десейші! – деді Сатымқұл рақаттана ыржия күліп, төсін қайқайтып, ерден көтеріліп.

– Сөздің шыны жаңа айтылды ғой! Сен ол өкіметтің қаржысымен жұмыстарыңды бітіріп, балаларды оқыта бер. Ал бізді қинама, өз тауқыметіміз жетіп жатыр.

Сөйтіп, Сатымқұл атының басын бұрып, жүріп кетті. Оның артынан басқалар да тарай бастады. Қағазын қолына ұстаған бойы Дүйсен көпке дейін орнынан қозғалмай тұрды.

Мен оған қадала қалған екенмін, қасымнан өтіп бара жатқан ағам:

– Ой, сен бұл жерде неғып жүрсің, қайт үйге ербимей, – дегенде, балалардың артынан жүгіре жөнелдім. – Қарай гөр, бұлар да жиыннан қалмайтын болып алыпты...

Ертеңіне суға барғанмызда, кетпен, күрек, балта көтерген Дүйсеннің суды кешіп өтіп, төбе басындағы жаман тамға қарай кетіп бара жатқанын көрдік. Осы күннен бастап күнде таңертеңгісін үстіне қара шинелін киген Дүйсеннің қарасы жоғары бір өтіп, күн батарда төмен бір түсіп жүрді. Кейде сабан арқалап, кейде қурай құшақтап тасыды. Ауылдағылар оны көргенде, бұл кім болды екен деп, көзін көлегейлеп қарап, әңгіме қылатын:

– Ой, мынау отын арқалаған Дүйсен мұғалім емес пе?

– Ие, дәл сол.

– Ой, бейшара-ай, мұғалімдік қызмет дегенің рақат жұмыс емес екен ғой, тегі...

– Қарашы, байдың тоқалындай отын арқалап бара жатқанын. Өстіп жүріп, оның нығыз сөйлейтінін қайтерсің?

– Қолында мөр басылған қағазы бар да. Күш сонда...

Мұғалімнің ол жерде не істеп жүргенін білуге қызығып, бір күні адырдан тезек теріп келе жатқан үш-төрт қыз сонда қайырылды. Бұл жаман там о баста бір байдың ат қорасы болған. Қыстың көзі қырауда құлындаған биелер құлындарымен осында бағылады екен. Кеңес үкіметі орнап, бай қашып кеткен соң, ат қора қаңырап қалып, айналасын жантақ-тікенек, жусандар басып, кісі барудан қалған болатын. Дүйсен тікенектерді кетпенмен қопара шауып, тамның құлап қалған жерлерін жөндеп жүр екен. Дәл өзіміздің бойымыздай үлкен ала қаптарды арқалап, біз осы жерге дем алуға отыра қалғанмызда, үсті-басы лай, жеңін түрініп алған Дүйсен тамнан шыға келді де, бізді көріп, бетінің терін сүрте, жымып күлді:

– Ие, қыздар, келіндер. Тезек теріп келесіңдер ме?

Біз ұялғаннан үндемей, бір-бірімізге қарап, қап-қаптың түбінде отырған жерімізден «Ие» дегендей, басымызды изеп қойдық. Біздің ұялып отырғанымызды бірден түсіне қойған Дүйсен тағы да жымыя күліп сөйледі:

– Келгендерің жақсы болды ғой, қыздар! Міне, мектептерің даяр десе де болады. Жаңа ғана бір бұрышына пеш сияқты бірдеңе орнатқан болдым... Көрдіңдер ме, моржасы да үстінде көрініп тұр. Енді қыстық отынымызды тамның бір жағына жиып аламыз да, жерге сабанды қалыңырақ төсеп тас-

тап, оқуды бастай береміз. Қалай, мектепке келесіңдер ме, оқығыларың келе ме?

Қыздардың ішіндегі естияры мен едім, балалар үндемей қалған соң:

– Жеңгем жіберсе, келемін, – дедім.

– Ө, дұрыс. Жібермегенде қайтер дейсің. Атың кім сенің?

– Алтынай, – дедім мен тіземнің жыртығын етегіммен көлегейлеп.

– Алтынай – жақсы екен. Сен өзің ақылды бала екенсің, – деді ол, мені еркелете сөйлеп. – Алтынай, сен басқа балаларды да мектепке оқиық деп ертіп кел, жарай ма?

– Мақұл, аға!

– Мені ағай дегейсің. Мектептің ішін көргілерің келе ме? Кіріп көріңдер, қыздар, қорықпаңдар.

– Жоқ, біз кетеміз, кетеміз! – деді қыздар.

– Өздерің біліңдер, оқуға келгенде, көрерсіңдер, бара қойыңдар. Мен күн батқанша, отынға тағы бір барып келе қояйын, – деп, Дүйсен орақ, жібін алып, далаға жүріп кетті.

Ол кеткенде біз де қаптарымызды арқалап, жүріп кеттік. Былайырақ барған соң, менің басыма бір ой келді де:

– Тоқтаңдар, қыздар, тұра тұрыңдар, – дедім. – Мектепке отын керек екен, тезегімізді тамның түбіне төгіп кетейік, ішке өзі кіргізіп алар.

– Онда үйге құр қол барамыз ба, ақылдысын мұның!

– Қайта барып, тағы теріп келейік.

– Қойшы әрі, күн кешкіріп қалды, шешелеріміз ұрысады, – деп, қыздар маған қарамай, қаптарын мықшия көтеріп, жорыта жөнелді.

Мен сонда не үшін сөйткенімді осы күнге дейін түсінбеймін. Әлде қыздар менің сөзіме көнбей қойғанына намыстандым ба, я болмаса, қаршадайымнан сорым қайнап, қағу-соғу көріп, жалтақ өскендіктен, мені бұрын көрмеген, білмеген адамның жүрегімді жылыта мейірлі қарап: «Сен өзің ақылды бала екенсің», – деп, екі ауыз сөз айтқаны жүйкемді босатып кетті ме, айта алмаймын. Бірақ қазір ойлап-ойлап отырып, менің нағыз тағдырым осы бір қап тезектен басталды ма деп те қаламын. Өйткені сол күні бұл жорығымның аяғы не болар екен деп тартынбай, бел байлап, өмірімде алғаш рет өзім дұрыс деп тапқан ойымды орындадым. Өйтеуір, жолдастарым тастап кеткеннен кейін, мен кейін қарай жүгіріп отырып, Дүйсеннің мектебіне келдім де, қаптағы тезекті там түбіне төге салып, жүгірген бойда адырдың қойын-қолтығын кезіп, тезек теруге асықтым.

Өлдеқандай үлкен ерлік көрсеткендей, жүрегім алып ұшып, әдепкіде бет алды жүгіріп кете бердім. Адыр үстінде ойнаған күн сәулесі күзгі ши-

лердің сида басына жалын ойнатып, боз топырақ жерді қызылсұр түске бояп, біреуге болмашы ғана жақсылық істегеннен атша тулаған жүрегімде қаншалық қуаныш бар екенін білгендей, менің тылтиған бешпетімнің күміс түймелеріне шағылысып, жүзіме, маңдайыма еркелетіп нұрын төгіп тұрды. Алғаш рет өзімнің күшімді сезініп, менің де қолымнан бір нәрсе келеді екен ғой деген оймен, көз көрген жер, аспан, самалға: «Біліп қой! Мен енді, сөзсіз, мектепте оқимын! Өзім ғана емес, басқа балаларды да ізіме ертемін» деп, көңілім тасып, мақтанып келе жатырмын. Өстіп жүгіріп бара жатқанда, бір уақыт есіме түсті де, жерден тезек іздей бастадым. Өлгінде ғана толып жатқан тезектер қазір неге екені белгісіз, құрып кетіпті. Алаңдаған көзіме тезектер анда-санда ғана бір шалынып, қараңғы түскенше, қабым толмай қалады-ау деп, одан бетер сасып, есім шықты. Айтқанымдай, қап ортасына келе бергенде, күн ұясына отырып, әп-сәтте айналаны қараңғылық басты. Мұндай иен далада жалғыз болып көрген жоқ едім. Елсіз меңіреу далаға түн қанаты жайылып, енді мен бұл жерде бір нәрсе ұстап алардай қапты иығыма лақтыра салып, ауылға қарай тұра жүгірдім. Қорыққанымнан бақырып жылағым келді, мүмкін жылап та жіберер едім, бірақ Дүйсеннің әлгінде айтқаны есімнен кетпей, ол мені көріп тұрғандай, ұялғанымнан шамырқанып, үн шығармай келе жаттым.

Қара терге малынып үйге келгенімде, ошақ басында от жағып отырған жеңгем ұшып тұрды. Ол өзі ұрысқақ, нашар адам еді.

– Сен қайда жүрсің, әй? – деді ол жұлқынып. Мен жауап қайтарып үлгіргенше, қолымдағы қапты жұлып алды:

– Түн ортасына дейін сандалып жүріп, тергенің осы ма?

Қыздар айтып қойса керек. – О, өлігіңе ғана отырайын, мектепте сенің нең бар еді!

Жеңгем менің құлағымды жымқыра ұстап, көк желкемнен төмпештей бастады. – Ит жетім, көк жетім! Бәрі күшігі ит болмайды деген осы. Жұрттың баласы үйіне тасыса, бұл үйден тасиды! Ендігәрі сол жаққа аяғыңды басып көр, сирағыңды сындырып, табаныңды тіліп, тұз құяйын! Мектепшілін мұның!..

Мен тіс жарып үндеген жоқпын. Ошақтың басында бүкшиіп, жылап отырдым. Ол ақымақ қатынның ұрған-соққанына жыламас едім-ау, ондайға әбден көндіккенмін, менің жылағаным: жеңгем мені еш уақытта мектепке жібермесін түсіндім.

Өстіп жылап отырып, бүк түскен бойы ұйықтап кеткен екенмін, түсімде: қараңғылық басқан иен далада тезек теріп жүрмін, бір кезде шидің арасынан жеңгем болып, ақсифан қара қатын шыға келді де, маған қа-

рай ұмтылды. Қапты арқалай, қаша жөнелдім. Жүрегім аузыма тығылып, демім бітіп, аяғыма шөп оралып, жүрісім өнбейді. Байбалам салған қара қатын қуып жетті де, мені жерге алып ұрып, жұлмалап, тұншықтыра бастады. Ол менің қолымдағы қапқа жармасып жатты. «Бермеймін, тезекті мектепке апарып беремін! Қоя бер мені, қоя бер!» – деп, шыңғырып жатырмын.

Осыдан екі күн кейін, таңертеңгісін ауыл иттері дүрліге үріп, келе жатқан адамдардың дауысы естіліп қалды. Қарасам, Дүйсен ауылды үйме-үй аралап, балаларды мектепке жиып жүр екен. Онда ауылда көше жоқ еді, әр жерде сылағы түскен қотыр тамдар ретсіз орналасқан-ды. Он шақты баланы ізіне ерткен Дүйсен ана үйге бір кіріп, мына үйге бір кіріп, аралап жүрді. Біздің үй ең шетте болатын. Жеңгем екеуміз есік алдында келі түйіп, ағам шойын жолдың базарына астық апарып сатамын деп, қора ішінде ұра ашып жатқан. Зілдей ауыр келсапты ентіге жоғары көтергенде, ылғи көзімнің қиығымен Дүйсендер жаққа қараймын. Олар біздің үйге келмей, кері бұрылып кете ме деп те қорқып тұрмын. Жеңешемнің мені мектепке жібермесіне көзім жетіп тұрса да, әлденеден үміттеніп, еш болмаса, мұғалім мұнда келіп, менің осында екенімді көрсе екен деп, тақатсыз күтіп, «Келтіре гөр, Құдай, келтіре гөр», – деп, іштей жалбарынып тұрмын.

Дүйсен үйлерді кезегімен аралап отырып, бізге де келіп жетті.

– О, жеңгей, ісіңіз өнсін! Мына балалар бөріміз қонаққа келдік! – деп, Дүйсен жайдары күліп амандасты. Жеңгем: «Келіңдер!» – деп, оның келгенін жақтырмай, амалсыз күңк етті. Ағам болса, ұра қазған бойы басын көтерген де жоқ.

– Бүгін оқу басталады. Қыздарың неше жаста? – деп, Дүйсен есік алдында жатқан тасқа отырып, қолына тізім жазған қағазын алды. Жеңгем ләм-мим деп жауап қатпай, ашумен келсапты күрс еткізді. Енді не болар екен деп, ішімнен қыпылдап тұрмын, зәре жоқ. Дүйсен маған қарап, баяғыдай жүрегімді жылыта күліп қойды:

– Алтынай, жасың нешеде?

Мен зәре-құтым қалмай, үндеген жоқпын.

– Мұның жас-пасын не қыласың? – деді жеңгем алқына.

– Бұған ұқсаған жалаң аяқ қу жетімек түгіл, нанды «нана» деп, ерке өскен ата-анасы барлар да оқымай-ақ жүр ғой. Ана ертіп жүрген балаларыңды оқыта бер, мұнда шаруаң болмасын.

Дүйсен орнынан ұшып тұрды. Өңі қуарып, бүркіт қанат қастары жиырыла түсті:

– Бұл не дегеніңіз? Жетімнің Құдайға жазығы не?! Жетім қыздар оқы-масын деген закон бар ма екен?

– Закон-паконыңмен ісім жоқ.

– Байқап сөйлеңіз. Бұл бала сізге керек болмаса, кеңес өкіметіне керек! Жауапқа қалып жүрмеңіз!

– Ой, сен қаяқтағы дөкейсің? Бағып жүрген қызымды мен білемін бе, я болмаса, жеріңнен ауып, тентіреп жүрген сен білесің бе?

Бұл істің аяғы немен бітерін Құдай білсін, дәл сол кезде ұрадан ағам шыға келді. Ол әйелінің билік айтып, сөз таластырғанын жақтырмайтын. Оны ылғи сабайтын. Бұл жолы да оның осы шорт мінезі ұстап кетті білем:

– Әй, қатын! – деді ол ұрадан шыға сала айқайлап. – Сен қашаннан бері билік айтатын білгіш болып кетіп едің? Көп сөйлемей, шаруанды бітір. Айда, Тастанбектің баласы, дау-шарынды тоқтат, алып кет қызды мектебі-ңе, оқытасың ба, шоқытасың ба, ерік өзіңде, шатағың керек емес, алып кет...

– Мұны мектепте талтаңдатып қойып, мен не күн көремін, келіні кім түйеді, диірменді кім тартады?! – деп, жеңгем тағы бұлқынып еді, ағам оның аузын баса қойды.

– Жап аузыңды оттамай! Дегенім деген, айттым, бітті!..

Міне, сөйтіп мен бірінші рет мектепке бардым.

Осыдан бастап Дүйсен күнде ауылды үйме-үй кіріп, бізді мектепке алып барып жүрді.

Алғашқы күні ол бізді жерге төселген сабанға отырғызып, қолымызға бір-бір дәптер, бір-бір қалам, әрқайсымызға әдейілеп жасалған кішкене тақтайша берді де:

– Мұны тізелеріңізге қойып, хат жазасыңдар, – деді.

Онан кейін қабырғаға ілініп қойылған суретті көрсетіп:

– Мына кісі – Ленин, – деді. – Біз осы кісінің айтқан, көрсеткен жолы-мен жүреміз...

Лениннің сондағы суреті менің әлі есімде. Кейінірек мен мұндай суретті кездестіре алмадым. Реңі жүдеу Ленин ол суретте жаралы қолын мойнына асып, артын жапыра киген кепканың астынан жұбау қарап: «Ештеңе емес, балалар, сендер де үлкейіп, жетілесіңдер. О, сендердің келешектерің қандай тамаша!..» дегендей, терең ойға шомып тұрған еді. Дүйсен бұл суретті көптен алып жүрген болуы керек, шамасы, қағазы ескіріп, шеттері жыртылып қалған болатын. Бұдан басқа мектепте еш нәрсе жоқ еді.

– Мен сендерге, балалар, әріп жазуды, сөз, сан жазуды үйретемін, өзім не білсем, соны оқытамын, – деген еді Дүйсен.

Айтқанындай, Дүйсен білгенін аямай, әрқайсымыздың үстімізге үйіріліп, қалам ұстаудан бастап үйретіп, біз түсінбеген саяси сөздерге шейін түсіндіріп, жанын сала оқытуға әрекеттенді. Қазір ойласам, қолында әліппесі де жоқ бұл шала сауат, екі сөзді өзер қосып, ежіктеп оқыған жас жігіттің, әрине, онда оқудың тәртібі, жол-жобасы жөнінде ешқандай хабары да болмаған екен. Оқытудың жөні осы деп, өз білгенінше, өз топшылауынша, оқыта берген екен. Бірақ оның ақ пейілімен істеген әрекеті, меніңше, босқа кеткен жоқ. Өйткені сонда біз үшін, ауылдың шетіне шығып көрмеген тау қойнындағы қырғыз балалары үшін сол мектеп деп аталған, тесігінен жел азынаған, есігінің саңылауынан сонау алыстағы ақ қар жамылған тау шоқылары көрінген, ысқа малынған қотыр тамда құлақ есітіп, көз көрмеген жаңа дүние басталды. Біз сонда Әулиеата, Ташкенттерден де зор Москва деген Ленин тұрған қала бар екенін, теңіздерде таудай кемелер жүзіп жүретінін, шамға құйылатын жермайдың жер астынан шығатынын білгенбіз. Халық байып, тұрмыс түзелгенде, біздің мектеп столдар қойылған үлкен ақ там боларына біз сонда-ақ сенгенбіз.

Ештеп қара танығаннан кейін, «ат», «таға» деген сөздерді жаза алмай жатып, біздің алғаш аузымызға алған сөзіміз Ленин болған. Біздің саяси әліппеміз: «бай», «кедей», «батырақ», «кеңес» деген сөздерден тұрған. Осының бәрін Дүйсен бізге қолынан келгенінше үйретіп, түсіндіріп оқытып жүрді.

Дүйсеннің әкесімен бірге шойын жолда істеп жүріп, Михаил Семенович деген қарт мұғалімнің қолында екі қыс оқып жүргенін, әскерге барғандағысын, ақтармен соғысқандағысын ұйып тыңдайтын едік. Ал енді Ленин туралы Дүйсен өз көзімен көріп келгендей айтатын еді. Бірқатары ауыздан-ауызға ауысқан халықтық аңыз болса да, біз үшін оның бәрі тап-таза, қоспасы жоқ шындық болатын. Біз ешбір күмән келтірмей, кейде: «Ағай, Ленинге сәлем бергенде, қолынан алдыңыз ба?» – деп сұрап қалатынбыз. Онда біздің оқытушы басын шайқап: «Жоқ, балалар, жүз көрісіп, жолыға алған жоқпын» – деп, соған өкініп күрсінетін.

Ол әр айдың аяғында «болысқа» барамын деп, жаяу кетіп, екі-үш күн жол жүріп келетін. Сол арада біз оны кәдімгідей сағынып қалатынбыз. Жанымнан артық көретін туысым келердей, жеңгеме білдірмей, ауық-ауық жолға қарап, мұғалімнің қоржын көтерген қарасы қай жерден көрінер екен, жайдары мінезі мен күлкісіне қашан кенеліп, жүрегімді жылыта қараған көздерін қашан көрер екенмін деп, тағатсыз күтер едім.

Дүйсен оқытқан он шақты баланың ішіндегі естияры мен болатынмын. Сондықтан сабақты дұрысырақ білгені де мен болдым ғой деймін. Тек

бұл ғана емес. Оқытушының әрбір сөзін, көрсеткен әріп, таңбаларын мен ұқыптылықпен қағып алып, барлық ықылас-ынтамды салып оқитынмын. Мен үшін бұдан үлкен, бұдан артық жұмыс болған емес. Дүйсеннің берген дәптерін қимай, қай жерде жүрмейін, орақтың ұшымен жерді шимайлап, қабырғаға, қар үстіне әріп салып, сөз жазып оқығанмын. Өз ойымда менің үшін Дүйсеннен артық, онан білімді кісі болған емес.

Сөйтіп жүргенде, қыс та түсті. Суық түскенше, төбенің етегін орай аққан суды қол ұстасып, кешіп өтіп жүрдік. Кейін сирағымыз қақсап, майда балалар шыдағысыз болғанда, Дүйсен олардың бірін арқалап, бірін құшақтап өткізіп жүрді...

Көпір салуға ағаш жоқ, аттағыш қоялық деген оймен бір күні майда балаларды үйге ұзатып салып, Дүйсен екеуміз суға тас салып, тастың үстіне шым қойып, іске кірістік.

Қазір ойлап отырсам, сонда ауылдағылар-ақ екі ағаш тастап, бітіре қоятын жұмыс, бірақ онда оқудың мәнісін түсінбеген жұрт Дүйсенді істейтін ісі жоқ әпендідей көріп, шыдасаң, оқыт, болмаса, қой дегендей, ат кешіп өткен жерге көпір салып көрмеген немелер өздеріне керегі жоқ болған соң, біздің жайымызды естеріне де алмапты. Бірақ олардың: неменеге осынша азап шегіп, мазақ болып, біреуден артық болмаса, еш кем емес, осы жас жігіт қолынан келген барлық әрекетін істеп, жұрттың балаларын оқытып жүр екен дегенді ойланулары керек еді.

Біз аттағыш салып жатқанда, қар жауып кеткен еді. Тас төбеден шыққан мұздай суда қазандай тастарды көтерген Дүйсеннің қалай шыдап жүргенін білмеймін, бір уақытта тіземнің тамыры тартылып, я үн шығара алмай, я жағаға шыға алмай, көзім қарауытып, құлап бара жатыр екенмін, Дүйсен мені көре салып, қолындағы тасын ырғытып жіберді де, мені қағып алып, жиекке жүгіре шықты. Жерде жатқан шинеліне отырғызып, түйілген тамырды уқалап, көгерген аяқтарымды жылылап орап қымтады.

– Қой, Алтынай айналайын, мен өзім-ақ қазір бітіремін, отыра бер.

Аттағыштарды қойып болғаннан кейін, етігін киіп жатып, Дүйсен менің үрпиген түріме қарап, жымып күліп қойды.

– Жылындың ба, Алтынай?

Онан кейін: – Баяғыда тезекті сен төгіп кетіп пе едің? – деді.

– Ие, – дедім мен.

«Мен де солай деп ойлап едім» дегендей Дүйсен мұртынан күлімдеп қойды. Сол бір болар-болмас нәрсені ұмытпай, есінде сақтап жүргеніне мен іштей әбден риза болып, төбем көкке жеткендей қуандым. Екі бетім жанып дуылдап кетті. Дүйсен менің сүйсінгенімді сезген тәрізді:

– Жайнаған көзіңнен айналайын, – деді ол мені еркелете. – Оқуға өте құштарсың. Өттең, қолымнан келіп, сені үлкен шаһарлардың бірінде оқытсам, ә-ә! Адам боп шығар едің! – деді де, орнынан тұрып, сылдырлай аққан мөлдір судың жиегінде, әлі көз алдымда, екі қолын желкесіне салып, көкірегін кере, сонау жақта қиялап көшіп бара жатқан шарбы ақ бұлтқа қарай ойға шомып тұрды. Сонда не ойлады екен ол? Әлде қиялында мені ер жеткізіп, үлкен шаһарға алып барып, оқуға түсірді ме екен? «Ай-и-и, Құдай, Дүйсен менің туған ағам болсайшы. Мойнына асылып еркелеп, көзімді жұмып, қатты-қатты құшақтап, бар жақсы сөзімді құлағына сыбырлап айтсам!» – деп тіледім мен сонда.

Біз оның білімінен гөрі, осындай адамгершілігін, біз үшін деген ілгері ниет, жақсы тілегін, бала болсақ та, бағалап, қатты құрметтейтінбіз. Әйтпесе, бізді тізеден қар кешіп, сақылдаған сары аязда, қақаған борасында жетелеп, ауылдан шеткері мектепке барасындар, жаман тамда көк бұрыштай көгеріп отырып, сабақ оқисындар деп, қыстаған ешкім болған жоқ. Үсті-басымызды қырау басып кетсе де шыдап, ылғи кезектесіп, біріміз пешке от жағып, қол-аяғымызды жылытып жатқанда, қалғанымыз бас алмай, Дүйсеннің айтқанын тындап, көрсеткенін үйреніп, оқып отыратынбыз.

Осындай ызғарлы күндердің бірінде, кейін есіме түсірсем, январьдың аяқ шені екен, Дүйсен бізді әдетінше мектепке ертіп шықты. Бұл жолы ол тіс жарып үндемей, сұсты қабағының астынан ұрлана қарап, құба жүзі тот басқан темір тәрізденіп келе жатты. Мұғаліміміздің бұл ренішті түрін бұрын көрген жоқ едік. Әлдеқандай бір тосын нәрсе болды ма дегендей, ибамен біз де, әшейінде шулап ойнап кететін балалар үнсіз бола қалдық. Қалың қарға келгенде, Дүйсен ылғи өзі жол бастап, оның артынан мен, менен кейін кішкене балалар сүрлеуге түсті. Бұл жолы да төбеге жеткенде, Дүйсен алға түсіп, жол салды. Кейде адамның арқасынан қарап та, іштегісін білуге болады ғой. Басына қара күн түскендей еңкейіп, аяғын сүйрей басып, қиналып келе жатыр. Сондағы бір көрініс әлі де есімде: қара шинелінің астынан бұлтылдаған Дүйсеннің жоны, онан жоғарыда – Дүйсеннің жоны тәрізді төбенің өркештенген қырқалары, онан да жоғары – бозғылт аспан, салбыраған жалғыз қара бұлт.

Мектепке кіргеннен кейін Дүйсен күндегідей от жаққан жоқ.

– Бастарыңды жоғары ұстап тұрындар, балалар, – деді. – Бас киімдеріңді алындар, – өзі де шапкесін қолына алды. Біз не болғанын ойлағанша, Дүйсен қарлыққан үнмен:

– Біздің Ленин атамыз дүниеден қайтыпты, балалар, – деп естіртті. – Қазір бүкіл адам баласы аза тұтып жатқанда, сендер де орындарыңнан қозғалмай, үнсіз, мына суретке қарап тұрыңдар. Естеріңде қалсын бұл күн.

Бөлме іші жым-жырт бола қалды. Сыртта азынаған жел тұс-тұстағы тесіктерден ішке қарды айдап тығып жатты. Шаһар-шаһары мен аймақ-аймағы қара жамылып, жер солқылдата жұмыс істеген заводтар тоқтап, дала танабын қуыра жүйткіген поездар тоқтап, жүріп бара жатқан жұрт тоқтап, дүние аза тұтқан күні, ешкім білмейтін, мектеп деп аталған жалғыз жаман кепеде мұғаліміміз бас болып, демімізді шығармай, біз де, қалың елдің кішкентай ұшқынының ұшқыны, көңілімізде ең жақын жанашыр адамы боп Ленинмен қоштасып жаттық. Ал енді біздің Ленин болса, баяғысындай еді: сақал-мұрты өскелеңдеу, жүдеу, жаралы қолын мойнына асып алып, кейінгі жағын жапыра киген кепкасының астынан бізге жұбаулау қарап: «О, сендердің келешектерің қандай тамаша келешек!» – дегендей, алысқа ой жіберіп, бізге жанды бейнедей қарап тұрды.

Дүйсеннің екі көзінен мөлтілдеп аққан жас бетін жуып, омырауына домалап түсіп жатты. Бірауықтан кейін ол жасын сұртты де, бізге қарап:

– Мен бүгін болысқа кетемін, балалар. Онда барып, партияға өтуге арыз беремін. Мен үш күн өтіп, төртінші күнге қарағанда, қайтып ораламын, – деді.

Сол үш күн табиғаттың ең долы, ең қаһарлы күндері болды ма деймін. Қаза болған ұлы кісінің жер бетінде орны толмай, жаратылыс арман күйін боранға беріп, өкси ысқырған желге беріп, ішін өртеген күйігін түтеген аязға беріп, жанын қоярға жер таппай, жарға соғып, тасқа ұрынып, дөңбекши берді.

Біздің ауылдың қотыр тамдары аннан-мыннан жалындай түтін шығарып, бұйыққан ұлы таудың етегінде, ел інге кіріп кеткендей, сыртқа қыбыр етіп шыққан тірі жан жоқ. Ауылды қасқыр торып, қағыс қалған малпұлды күндіз-ақ тартып кететін болды. Әсіресе, қараңғы түсісімен қасқырлар ауылға кіріп, ауызға ілінер ештеңе таба алмай, таң атқанша төңіректі торуылдап, ұлып жүрді.

*(Жалғасы бар)*



## СӨЗДІК

**Жұбау** – жүдеу, мұңды, қайғылы.

**Ұра** – жерден қазылған астық сақтайтын, жасырын, жабық көмбе.



## *Артық болмас білгенің*

Шыңғыс Айтматовтың шығармаларын қазақ тіліне аударғандар:

«Ақ кеме» – Қалтай Мұхаметжанов

«Бетпе-бет» – Қалжан Нұрмаханов

«Алғашқы ұстаз» – Қалжан Нұрмаханов

«Шынарым менің, шырайлым менің» – Айқын Нұрқатов

«Қызыл алма» – Зейнолла Қабдолов

«Ботагөз» – Шерхан Мұртаза

«Байдамтал бойында» – Баламер Сахариев

«Сыпайшы» – Айқын Нұрқатов

«Ақ жауын» – Қалжан Нұрмаханов

«Жан пида», «Боранды бекет» романдары, т.б. – Шерхан Мұртаза



1. Шыңғыс Айтматов туралы не білесіңдер? Оның қандай шығармалары бар?
2. Әлем әдебиетіндегі Ш.Айтматовтың алар орны қандай?
3. Ш.Айтматовтың қазақ халқымен және әдебиетімен достық байланысы туралы әңгімелендер.
4. «Алғашқы ұстаз» повесі не туралы? Жазушы қандай мәселелерді қозғайды?



1. Ойы таза, сезімі мөлдір Алтынай бейнесі арқылы жазушы әйелдерге тән қандай қасиеттерді суреттейді?
2. Адамның ішкі жан дүниесін таныту Алтынайдың бейнесінде қалай көрініс тапқан?
3. Жазушы шығарманы бастар алдында ауыл көрінісі мен биік теректерді суреттеуден бастайды. Бұдан қандай сырды аңғаруға болады?
4. Жазушыны неліктен «Адамзаттың Айтматовы» деп атайтынына жауап іздеп көріңдер.



1. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелдеңдер
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

2. Дүйсен ұстазы Алтынайдың болашақта үлкен ғалым болатынын қалай сезген?
3. Автор шығарманы «Дүйсеннің мектебі» деп айта келе, уақытты неге өткен өмірмен байланыстыра суреттейді?



1. Повестегі кейіпкерлер жүйесін жинақтап, даралап, Дүйсен мен Алтынайға мінездеме беріп, қандай қасиеттері ұнағанын көрсетіңдер.

Дүйсен

: \_\_\_\_\_

Алтынай

: \_\_\_\_\_

2. Табиғатты суреттеудегі жазушы шеберлігін көрсетіп, мысалдар келтіріңдер.
3. Алтынай неге Дүйсен ұстазымен кездеспеді? Оны хат үлгісінде баяндаудың себе неде?
4. Автордың кейіпкер әлемін ашуда суреттеу, монолог, диалог сияқты көркемдік тәсілдерді қолдану ерекшелігін көрсетіңдер.



1. Мына сұрақтарға жауап беріп көріңдер:
  - а) Қазіргі таңда Дүйсен ағайдың екен үш ағашы әлі бар ма екен?
  - ә) Дүйсеннің аты қойылған мектеп бар ма екен?
  - б) Өзінің тәрбиелеген шәкіртінің арасында Алтынайдан басқа үмітін ақтаған шәкірті болды ма?
  - в) Дүйсен ағайдың жолын қуып, ісін жалғастырған балалары бар ма екен?

## 2. Салыстырыңдар:

Кейіпкерлеріміз	Жетістіктері	Кемшіліктері
Дүйсен		
Қазіргі ұстаздар		

## 3. Шығармада дәуір шындығы қалай көрсетілген?



1. «Менің алғашқы ұстазым» деген тақырыпта эссе жазыңдар.
2. Шығарманың прологі мен эпилогінде суретшінің сала алмай жүрген туындысы жайында сөз болады. Егер сен суретші болсаң, қандай сурет салар едің?
3. Академик Алтынай Сүлейменова үшін қарапайым, білімі де онша жоғары емес Дүйсен ұстаздың орны неге ерекше?
4. Шығарманың негізгі бөлімі Алтынайдың хаты түрінде жазылған. Сендер де шығарма кейіпкерлері Дүйсен мен Алтынайға өз пікірлеріңді білдіріп, хат жазып көріңдер.



## Оқу сауаттылығы

- 1) – Жайнаған көзіңнен айналайын, – деді ол мені еркелете. – Оқуға өте құштарсың. Өттең, қолымнан келіп, сені үлкен шаһарлардың бірінде оқытсам, ө-ө! Адам боп шығар едің! – деді де, орнынан тұрып, сылдырлай аққан мөлдір судың жиегінде, әлі көз алдымда, екі қолын желкесіне салып, көкірегін кере, сонау жақта қиялап көшіп бара жатқан шарбы ақ бұлтқа қарай ойға шомып тұрды.

*Сұрақ:* Ақ шарбы бұлт қандай бұлт?

- a) Апшақ бұлт дегені.
  - b) Шарбы – селдір, сирек бұлт.
  - c) Шарбы деген қалқып бара жатқан бұлтты айтқаны.
  - d) Шарбы деген шағын деген сөз.
- 2) Құдайдың құдіреті, мейлі, ол болмаса, сені де құтқармайтын еді, ойбай! Ақсарыбас, айналайын, ақсарыбас! Қой енді, шешініп, қоламтаға жылын, отыр, етігіңді шешейін, – деп, бейшара Қартаңбай қалбаңдап жатты.

Сұрақ: Қоламтаға жылыну деген нені білдіреді?

- a) Қораға кіріп, сонда жылын дегені.
- b) Шағын бөлмеге кіріп, сонда жылын дегені.
- c) Қоламта – жанып біткен оттың ыстық күлі, яғни пешке жақындап, бойын жылытсын дегені.
- d) Самаурынның қасына келсін дегені.

3) Осыған ілесе үйге кіріп келгенімде, сөз тыйыла қалды. Тәрде қызара бөртіп отырған тығыншықтай жуан кісі қазандай түлкі тымағының астынан маған жалт қарады да, жөтелгісі келгендей, тамағын қыр-нап қойды.

– И-и, қыз, келе ғой, зекетім! – деп, жеңгем жалбақтай бұрылды.

Сұрақ: Алтынайдың жеңгесі «Зекетім» деген сөзді қалай айтты?

- a) Аяушылық танытқаны.
- b) Жақсы көргені.
- c) Зекет – құрбандыққа шалатын мал. Ал шығармада ауыспалы мағынада, яғни Алтынайдың балалық шағын ойламай, оны «сатып» отырған жеңгесі.
- d) Жақсылық жасайтынын білдіргені.



### Оқушы күнделігі

*Шыңғыс Айтматов өзінің «Алғашқы ұстаз» повесінде:*

*«Әлбетте, менің бұл еңбегім біздің ауылдың бірінші мұғалімі, тұңғыш коммунисті, қазіргі кезде хат тасушы болып жүрген Дүйсен ақсақалға арналады. Қайткенде бұл шындықты суретке сыйғызып, қайткенде оның естен кетпес елесін жоғалтпай, қайткенде сол кездің күреске толы ұстасқан адамның тағдырын көз алдыма келтіріп, оны көркем шығарма есебінде елге тарту ете аламын? Мен бұл суретті салмауға хақым жоқ», – деп жазған. Бұл шығарма сендерге қандай ой салды? Өздеріңнің мектеп пен ұстаздарың туралы қандай сурет салар едіңдер? Сол туралы жазыңдар.*



### Ғаламтор

Ғаламтордан Шыңғыс Айтматов повесінің желісімен түсірілген «Алғашқы ұстаз» көркем фильмін көріп, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.



**Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ**  
(1954 жылы туған)

Ұлықбек Есдәулет 1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген. Ол – көрнекті ақын, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының (1986), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (2002) лауреаты, «Құрмет» орденінің, т.б. марапаттардың иегері. Бүгінде Ұлықбек Есдәулет – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы.

Ұлықбек Есдәулеттің «Қанат қақты» «Көздеріне ғашықпын» (1974), «Жұлдыз жарығы» (1977), «Алтайдың алтын тамыры» (1970), «Ұлыстың ұлы күні» (1982), «Ақ керуен» (1985), «Жаратылыс» (1989), «Жүректегі жарылыстар» (1996), «Заман-ай» (1999), «Киіз кітап» атты өлеңдер жинақтары жарық көрді.

Ақынның шығармалары көптеген шет елдерде жарияланды.

Ұ.Есдәулеттің өлеңдеріне композиторлар көптеген өн жазуда. Солардың ішінде «Заман-ай», «Біз түркілерміз» өндері халықтың рухын көтеріп, елге кең тарады. «Заман-ай» – Семей полигонына байланысты халықтың қасіретін жеткізуден туған өн. Ал «Біз түркілерміз» – тағылымды тарихымызды ұмытпауға, қайсар, намысты болуымызға үндейтін, дер кезінде жазылған шығарма.

Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітабы» бірден аты аңызға айналды. «Киіз кітап». Аты да қызық. Ешқашан сырын түгел ақтарып бітпейтін дүниенің дәл өзі сияқты тылсым ұғым. Тау мен жазықтың, қала мен ауылдың, байырғы қыр тұрмысы мен осы заманғы үрдістің, бодандық пен бостандықтың бел ортасында туып, ер жетіп, жігіттіктен жігіт ағасы жасына қарай жақындап келе жатқан естияр ақынның ет жүрегін мына дүние мен мына тірліктің қай қылығы алаңдатпайды дейсіз, қай сырына қанығып, қамырықпайды дейсіз...

Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітабы» ескі ауылдың төсек қабы сияқты. Іздеген нәрсеңнің бәрін табуға болады. Бәрінен де жиырма ғасыр бойы талай қапысы кетіп, жиырма бірінші ғасырдың өзіне қапияда тап болып отырған қазақ тұрмысы мен қазақ жан дүниесінің талай табын таба аласыз, талай қатпарына үңіліп, ой жүгірте аласыз.

*(Әбіш Кекілбаев. Өркені өсер өнер, өрісі шалқар өлең / Есдәулет Ұ. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. Киіз кітап. Ел мен жер жырлары. – Алматы: Жазушы, 2006, 8-бет.)*

## БІЗ ТҮРКІЛЕРМІЗ<sup>1</sup>

Біз түркілерміз...  
Біз түркілерміз!  
Көк аспандай жарқылдап, күркірерміз,  
Көк аспанның бұлтындай сілкінерміз,  
Көкбөріден туғанымыз рас болса,  
Көк Тәңірден қуат ап, бір түлерміз.

Кеудемізді билеген асқақ арман,  
Тарихымыз дастан боп таста қалған,  
Тірсегіміз тілінген кездерде де  
Жан жүректі жерім жоқ жасқа малған.

Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін,  
Айға қарап ұлыған көк бөрімін.  
Атқа мінсем, кетемін аруақтанып,  
Арасында желік бар ет-терінің.

Атқа мінсем, кетемін айбаттанып,  
Қылыш көрсем, кетемін қайраттанып.  
Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан  
Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық!

Намысымдай ешкімге таптатпаған,  
Түркістанның күмбезі асқақтаған.  
Бабаларым жатыр ғой бата беріп,  
Аруақтар аманатын ақтап бағам.

Көк Тәңірден көңілге нұр тілерміз,  
Көк аспандай әлі де күркірерміз.  
Көкбөрілі көк байрақ көкке шықса,  
Қай дұшпанның алдында іркілерміз?  
Біз түркілерміз!  
Біз түркілерміз!!  
Біз түркілерміз!!!

1994

<sup>1</sup> Есдәулет Ү. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 том: Киіз кітап. Ел мен жер жырлары. – Алматы: Жазушы, 2006. 38–39-беттер.



1. Ақын Ұлықбек Есдәулеттің өмірі мен шығармашылық жолы туралы не білесіңдер?
2. Ұлықбек Есдәулеттің сөзіне жазылған «Заман-ай» өнінің ерекшелігі қандай? Өн не туралы?



1. «Тарихымыз дастан боп таста қалған» деген жолдарда не туралы айтылып тұр? Тасқа жазылған ескерткіштеріміз туралы не білесіңдер?
2. Шығармадағы түркі халықтарының бейнесі қалай көрінеді?



1. «Біз түркілерміз» өлеңінің идеясы қандай? «Мәңгілік Ел» идеясымен қандай үндестігі бар?
2. Өлеңде асқақ сезіммен жырлаудағы автор көзқарасы қалай көрінеді?
3. Өлеңнің тарихын жүз сөзбен әңгімелеңдер.
4. «Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық» деген тақырыпта шығарма жазыңдар.



1. «Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық!» деген жолдар бойынша қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері туралы әңгімелеңдер.
2. Қазақ халқына тән батырлық пен қайсарлық, ержүрек-батылдық мінездер суреттелген жолдарды табыңдар.
3. Өлеңде қандай көркемдегіш құралдар қолданылған?
4. Өлеңде айтылған ойлардың Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңіндегі ойлармен қандай үндестігі бар?



1. Рухы биік, қайсар халқымыздың ұлттық болмысы, мінезі өлеңде қалай көрінеді?
2. «*Көкбөріден туганымыз рас болса,  
Көк Тәңірден қуат ап, бір түлерміз*» деген жолдарда қазақтың ежелгі тарихына қатысты қандай ойлар берілген?



1. Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітап» атты жинағынан қазақ елінің тарихы мен Тәуелсіздік алу жолындағы күрестері суреттелетін өлеңдерін оқып, пікір алмасыңдар.

2. «Біз түркілерміз» деген тақырыпта туған халқымызға асқақ сезімдерінді жеткізе отырып, әдеби эссе жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

- 1) Көк аспандай жарқылдап, күркірерміз,  
Көк аспанның бұлтындай сілкінерміз,  
Көкбөріден туғанмыз рас болса,  
Көк Тәңірден қуат ап, бір түлерміз.

*Сұрақ:* «Көк Тәңірден қуат ап, бір түлерміз» деген қолданыста түлеу нені білдіреді? Құстың түлеуімен байланыс бар ма?

а) Түлеу тек құсқа ғана байланысты айтылмайды, жүні, қабығы түсетін жан-жануардың бөріне қатысты айтылады. Ал адамдарда тері сыпырылып түскенде ғана айтылады.

б) Көк Тәңірден қуат алып, халықтың рухы көтеріледі деген мағынады айтылған. Жаңару деген мәнде айтылған. Құспен тура байланыс жоқ.

с) Өлеңде бөрінің түлеуі туралы айтқан сияқты.

д) Құстың қауырсындары жаңаратын сияқты, сонымен байланыстырған болу керек.

- 2) Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін,  
Айға қарап ұлыған көк бөрімін.  
Атқа мінсем, кетемін аруақтанып,  
Арасында желік бар ет-терінің.

*Сұрақ:* «Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін» дегенде ақын нені айтқан?

а) Ғасырлардың өктем үні деп айту уақыт өтіп кетті дегенді білдіреді.

б) Қазақ тарихында небір жағдайлар болған, бірақ олар туралы ақпарат сақталмай қалды. Ақын осыны айтқысы келді.

с) Бөрінің даусы естілмейді дегені.

д) Өктем үн деп қатал тағдырды айтқаны.

- 3) Атқа мінсем, кетемін айбаттанып,  
Қылыш көрсем, кетемін қайраттанып.  
Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан  
Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық!

*Сұрақ:* Шумақтағы соңғы екі жолға мән беріп, «Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық» дегендегі қаймақ халық тіркесі қай мағынада айтылғанын анықтаңдар.

- a) Ғасырдан ғасырға жетуді айтқаны.
- b) Қандай қиындық көрсе де, бәрінен аман өткен мықты, қайратты, намысты халық дегені.
- c) Қаймақ – сүттің қоюы, майы деген, сондықтан байланыс жоқ.
- d) Ғасырлардан аман өткен халықты айтқаны.



### *Оқушы күнделігі*

*«Ұлықбек Есдәулет – біздің замандасымыз. Мен оны білемін» деп бастап, ақынның шығармашылығы өздеріңе қандай ой салды, тағы да басқа қандай ойларың бар екенін жазыңдар.*



### *Ғаламтор*

Ғаламтордан Ұлықбек Есдәулетке арналған хабарларды тауып, қараңдар. Ақын туралы ақпараттарыңды жинап, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар. Ақын сөздеріне жазылған әндерді тауып, тыңдаңдар.

## **МӘҢГІЛІК АНА БЕЙНЕСІ**



Ұлықбек Есдәулетұлының «Зере» драмасынан көрініс.

Ұлы Абай Құнанбайұлының әжесі Зере бейнесін сомдаған Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының актрисасы, Қазақстанның халық артисі Гүлжан Әспетова. Қоюшы режиссері: Нұрқанат Жақыпбай.

### III бөлім БОЙЫНША ТЕСТ

#### АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМ СӨЗ

1. *«Аңшы атамның екі үйір жылқы, бір келе түйесінен қалғаны – қара бура мен кер жорға ат еді, оның өзін сәскеде сұрадың... Қамысы қандай зор бұл Қапшағайдың...».*

Бұл үзінді қай шығарманың қай бөлімінен алынды?

- A) «Ақбілек» романындағы «Мұқаш»
  - B) «Аңыздың ақыры», үшінші бөлімі
  - C) «Шақан-Шері» романындағы «Жолбарыстың жымы»
  - D) «Шақан-Шері» романындағы «Қамыстағы үй»
  - E) «Махаббат мұнарасы», төртінші бөлімі
2. *«Келешегім не болады деп көп қайғыра берме, ... оның да жолын та-бармыз. Бүрсікүні, я онан арғы күні екеуміз болысқа барып, сенің оқуың туралы әкімдермен сөйлесіп келсек қайтеді? Мүмкін, олар сені қалаға жіберер?»*

Көп нүктенің орнына тиісті сөзді тауып, бұл сөздерді айтқан кім, дұрыс жауапты сөйкестендіріңдер.

- 1) Ақбілек
  - 2) Сара
  - 3) Алтынай
  - 4) Қартқожа
  - 5) Ажар
  - B) Мамырбай
  - C) Дүйсен
  - D) Қартқожа
  - E) Сатымқұл
- a) 1B
  - b) 3C
  - c) 2A
  - d) 4E
  - e) 5D

3. Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесінің кейіпкерлерін та-быңдар.

- A) Ажар, Алтынай, Сүлеймен, Шақан, Жантай.
- B) Алтынай, Дүйсен, Ақбілек, Бекболат
- C) Сайқал, Қартаңбай, Дүйсен, Сатымқұл, Алтынай
- D) Сатымқұл, Қартаңбай, Алтынай, Ажар.
- E) Алтынай Сүлейменова, Мамырбай, Дүйсен, Ескендір

4. *Кеудемізді билеген асқақ арман,  
Тарихымыз дастан боп таста қалған.  
Тірсегіміз тілінген кездерде де,  
Жан жүректі жерім жоқ жасқа малған.*

Бұл үзінді қай шығармадан алынған? Оның авторы кім? Дұрыс жауапты сәйкестендіріңдер.

- |   |                      |
|---|----------------------|
| 1) «Мен жастарға сенемін»               | А) Мағжан Жұмабаев   |
| 2) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» | В) Абай Құнанбайұлы  |
| 3) «Біз түркілерміз»                    | С) Ұлықбек Есдәулет  |
| 4) «Оян, қазақ»                         | Д) Міржақып Дулатұлы |
| 5) «Түркістан екі дүние есігі ғой»      | Е) Мағжан Жұмабаев   |

- a) 1a
- b) 3c
- c) 2d
- d) 4b
- e) 5e

5. Ұлықбек Есдәулеттің өлеңдері бойынша жазылған композиторлардың өндерін көрсетіңдер.

- А) «Қанат қақты»
- В) «Жаратылыс»
- С) «Заман-ай»
- Д) «Ұлыстың ұлы күні»
- Е) «Киіз кітап»

6. Кеше Саурық батырдың үзеңгісін ұстаған, Алмалы Сайдағы қанды ұрыста қаза тапқан Масақ мергеннің жалғыз ұлы кім?

- А) Алғадай
- В) Бекболат
- С) Жамбыл
- Д) Қарасай
- Е) Шақан

7. «Қанат қақты», «Көздеріңе ғашықпын», «Жұлдыз жарығы», «Алтайдың алтын тамыры», «Ұлыстың ұлы күні», «Ақ керуен», «Жаратылыс», «Жүректегі жарылыстар», «Заман-ай», «Киіз кітап» атты кітаптардың авторы кім?

- A) Жүсіпбек Аймауытов
- B) Ахмет Байтұрсынов
- C) Ұлықбек Есдәулет
- D) Міржақып Дулатов
- E) Әбіш Кекілбаев

8. «Сара ... кішкене Күлікенін көтеріп...»

«Ақбілек» романы бойынша көп нүктенің орнына тиісті сөздерді тауып, Күлікен қай кейіпкердің баласы екенін анықтаңдар.

- A) Мұқаштың
- B) Бекболаттың
- C) Балташтың
- D) Ақбілектің
- E) Төлегеннің

9. Шақанның баласының аты кім?

- A) Ескендір
- B) Сара
- C) Қажымқан
- D) Сәмен
- E) Ажар

10. *«Аяқ-қолына кісен салынып, айдалып әкелінген ... Әмірші тергеп-тексерген де жоқ. Сақал-шашы бір түнде ағарып кеткен ... жүзіне тесіле қарап отырды да, әлдене дегісі кеп, кемсеңдей бастағанда, қасындағы сақшыға дереу аузын байлатып:*

*– Файбатшыл неменің басын пәлеге душар қылған сасық тілін кесіңдер де, зынданға апарып қамандар. Сонда шіріп өлсін! – деп әмір етті».*

Көп нүктенің орнындағы кейіпкерді анықтаңдар.

- A) Кемпір
- B) Қазынашы, бас шебер, уәзір
- C) Бас шебер
- D) Ұлы ханым, бас шебер, кемпір
- E) Кіші ханым, ұлы ханым, бас шебер

## IV бөлім

# ЗАМАН, ДӘУІР ТҮЛҒАСЫ

---

---

Әр дәуірдің, әр заманның өз айтары бар. Қай ел болса да, оның айтар ащы шындығы да, тамсанып, мақтанып айтар жеңісті сәттері де бар. Халқы үшін қасқайып, озбыр саясатқа көнбеген ұлт мақтаныштары бар. Олар туралы міндетті түрде жазылу керек, айтылуы керек. Жазушылар осы қағиданы берік ұстанады. Сонымен бірге қоғамдағы теріс әрекеттерге де баға бере білу керек. Сын, сатира – адам ойының жетістігі, мақтан сүйер сәби деңгейден өтіп, саналы қоғам құруға, салтанатты өмір сүруге деген ниет әуелі сыннан бастау алады. Сонда ғана мін түзеледі. Осының бәрі көркем сөздің құдіретінде, құзырында бола бермек. Солайша заманға, қоғамға ой салмақ. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын», – деген әдебиетте таразы басы тең ұсталады.



**ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ**  
(1936 жылы туған)

Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24 сәуірде Қытай Халық Республикасындағы Шыңжаң өлкесіндегі Тарбағатай аймағы Шәуешек ауданында дүниеге келген. Ол – Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері (1990), Қазақстанның халық жазушысы (1998), т.б. марапаттары бар көрнекті жазушы.

Шәуешек гимназиясын бітірген соң, ол жолдамамен 1956 жылы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түскен. 1958 жылы оны Қытай үкіметі кері шақырып алған, кейін 1962 жылы Бақты шеғарасын бұзып өткен қазақ жастарымен бірге ол елімізге біржола орнығып, Қазақ ұлттық университетін тәмамдаған.

Қ.Жұмаділовтің алғашқы өлеңдері 1954 жылдан бастап жарық көрген. Ал тырнақалды әңгімесі «Жамал» деген атпен Үрімжіде жарық көретін «Шұғыла» журналында жарияланған. Содан бері Қабдеш Жұмаділов шығармашылық жұмыста. Оның «Қаздар қайтып барады» (1967) атты әңгімелер жинағы, «Көкейкесті» (1969), «Соңғы көш» (1974–1981), «Атамекен» (1985), «Тағдыр» (1988), «Таңғажайып дүние» (1998), «Қылкөпір» (2003) романдары, сонымен қатар «Соңғы көш» және «Дарабоз» дилогиялары жарық көрді.

Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» дилогиясы екі үлкен мемлекет – Ресей мен Қытай елдеріне көрші болып, көршілер жер бөліскен кезде Қытай жағында қалып қойған қазақтардың ХХ ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдарында бастан кешкендерін суреттеген тарихи туынды.

Жазушының шығармалары көптеген шет тілдерге аударылды.



## *Артық болмас білгенің*

**Шыңжаң өлкесі** – негізгі атауы – Шығыс Түркістан, бірақ саяси қарсылыққа байланысты ол атау ресми қолданыста аталмайды.

### **ТАҒДЫР**

*(Роман. Басы. Бұлжамдалған)*

#### **Бірінші бөлім**

#### **ЖОЛ ТОРАБЫ**

– Демежан! Әй, Демежан! Демежан деймін... Тұрмайсың ба енді, өстіп шалқар түске дейін жата беруші ме ең?.. Айтпақшы, бүгін сенің ұлықтарға баратын күнің емес пе? – деген Бибінің өзіне таныс назды үні алыс бір жақтан еміс-еміс естілгендей болады...

Жасы жиырма төртке жаңа келген, денсаулығында титтей ақау жоқ, үйленгеніне әлі жыл толмаған бұла жігіттің таңғы ұйқысынан төтті не болушы еді бұл дүниеде?! Ол сырықтай ұзын бойымен там төбесін тірей жаздап, орнынан тұрғаннан кейін де керіліп-созылып, буындарын бырт-бырт үзіп, үй ішінде біраз жүрді. Сол бетінде босағада ілулі тұрған ашпалы календарьдың қасына барып, бір парағын тарих қойнауына қарай аударып

тастады. Жаңа бетте: «1884 жылдың 25 мамыры. Император Гуансюйдің таққа отырғанына 10 жыл» деген қытайша жазу түр еді...

Демежан аймақтың губернаторы Ши-амбының қарауында тілмаш болып қызмет істейтін. «Несі бар, бүгін кеңсеге осыны киіп барып, бір көрінейін. Қызық болсын, – деп түйді ол ішінен. – Іші күйгендер тұз жаласын»...

Көп күттірмей, босағадан Бибі көрінді. Жасы он тоғыз-жиырмаларға енді келген атжақты, екі бетінің ұшында қан ойнап тұрған, тана көз сұлу келіншек есіктен аттай бере, күйеуіне көзі түсті де, аңырып тұрып қалды.

– Ой, Демежан, сен қазір кімге ұқсайтыныңды білесің бе? – деді таңданғанынан аузына басқа сөз түспей.

– Иә, кімге ұқсап тұрмын?

– Аумаған консул болыпсың да қалыпсың... Саған баяғыдан бері осылай киіну керек еді.

Демежан қарқылдап күлді. Анадә қытайдың шағын мейрамы кезінде Ши-амбы берген қонақасыда бұлар орыс консулы Балкашинмен дастарқандас болғаны бар еді. Бибі соны еске алып тұр.

– Мен Ши-амбы да, консул да емеспін. Мен кәдімгі Бибінің күйеуі Демежанмын, – деді жас жігіт лепіре дауыстап. – Қалай мына киім ұнамай ма саған?

– Ұнағанда қандай! Бұрын ана бір сөлбірейген киімдерің қалмақтың келеңіне ұқсатып, кісінің ішін пыстырушы еді. Міне, нағыз сері болдың да шықтың...

Өткен жылы Демежан Рамазан байға аймақ территориясын емін-еркін аралап, сауда жасауға губернатор Ши-амбыдан рұқсат алып берді де, екеуі содан бері достасып кетті. Қаланың шет жағында жұпынылау үйде тұратын Демежанды қоярда-қоймай қолқалап жүріп, ақыры, өзіне көрші етіп алды...

Император Цяньлунның тұсында, яғни 1758 жылы Цин империясы мол әскермен келіп, Шығыс Түркістан мен Жоңғарияны өзіне қаратып алған шақта, жолындағы жұртты топан судай таптап өткен қалың қолдың, жаңа өлкеге ішкерілей еніп, ат басын тіреген бір жері – осы Тарбағатай өңірі болатын. Одан бұрын Құлыстай аталатын бұл өлке қазақ пен қалмақтың итжығыс түсіп жүрген кезінде, бір-бірінен кезек тартып алып, алма-кезек қоныстанып келген жайылым-мекені еді. Қазіргі Шәуешектің орнында алыс сапарға шыққан сауда керуендері тоғанақтарын түсіріп, түйенің белін суытып, түнеп аттанатын шағын ғана бекет үй тұратын-ды. Шығыстан селдей қаптаған Маншың әскері осы араға дейін келді де, бұдан ары батысқа қарай баса-көктеп жүре беруге батылы жетпей, тым құрыса,

Тарбағатайда табан тіреп қалайық деген оймен жеделдетіп бекініс салуға кірісті.

Жаңа салынған бекіністі Маньчжур өкіметі өз тілінде «Сунцзай-чан», яғни «жаңғырған қала» деп атаған екен. Алайда жергілікті халық өзі түсінбейтін бөтен сөзге тілін сындырып, әуреге түсіп жатсын ба, жаңа мекенжайға өздерінше «Шәуешек» деп ат қойып алған. «Шәуешек» – түрік-монғол тілінде тостаған деген мағына береді. Былай ойлап қарасаң, шындығында да, айдалаға келіп орнаған шарааяқтай ғана шағын бекініске бұдан артық қандай ат қоюға болады?..

Орыс елшілігінің алдынан өтерде Демежан жүрісін сәл баяулатып, ашық қақпадан іш жаққа бажайлап көз жіберді. Ондағы ойы өзінің жаңа танысы, консулға таяуда тілмаш боп келген қазақ жігіті Әріп Тәңірбергенов көріне ме дегені еді. Ондай ешкім көзіне шалынбады. Қақпаның алдында аппақ шалбары бұтына жабысқан, үстінде шолақ етек жасыл мундир, басына сол түстес қоқырайған қалпақ киіп, мылтығын құшақтап, сенделіп жүрген мұртты солдаттан өзге тіршілік белгісі білінбейді.

Демежан көп бөгелмей, ілгері жүріп кетті. Орыс елшілігі мен жергілікті жұрт жамбыл деп атайтын қытай бекінісінің екі арасы бәлендей қашық емес. Елшіліктен сәл қиыс өтсең болғаны, төрт бұрышында қарауыл мұнаралары бар, қақпасының алдында айдаһар бейнелі, сарғыш ту ілінген көне қорған мен мұндалап көрініп тұр. Ежелден бері баққұндес боп келе жатқан екі империя өкілдігі бірінің-бірі төбесін көріп отырмаса, сағынып қалатындай, бұлайша иық тіресіп, қатар жайғасуы, тіпті де, тегін емес. Біреуі шығысқа, екіншісі батысқа қарай ентелей ұмтылып, еміне қол созғанда, әр екі жақтың да бұдан ары жылжуға мүмкіндігі болмай, төс тіресіп тұрып қалған бір жері – осы қала екені анық. Бұрын бұл өлкені бір ғасырға жуық емін-еркін, дара билеп келген Цин өкіметі соңғы жылдары шалжиып жатқан жерінен сәл ығысып, көршісіне орын босатқандай болып еді.

Қазір Шәуешектегі қос қорғанның ішіне тығылып отырған екі елдің өкілдігі – бейне таразының екі басы іспетті. Түбінде қайсысы басым түседі? Екі басты самұрық пен төрт тағанды аспан айдаһарының қайсысы жеңеді? Оны алдағы уақыт көрсетеді.

\* \* \*

Қамал қақпасының кіре берісінде қарулы күзет тұр. Сұр кенептен тігілген әскери формасы бар, жас мөлшерін айыруға болмайтын, қайыстай қат-

қан пәкене шерік бүгін Демежанға күндегідей иіліп сәлем берудің орнына, түсін суыққа салып, алдын кес-кестей берді. Қытайша дауыс көтеріп:

– Қайда барасыз? Рұқсат қағазыңызды көрсетіңіз! – деп қалды.

Демежан «Әлдебір өзгеріс болды ма?» деп, басында қатты абыржып қалған. Бірақ іле-шала ананың шатасып тұрғанын сезіп, көңілі орнына түсті.

– Сен не, ақымақ, тағы бірдеңе тартып алғаннан сауымысың? Амбының өз қызметкерін танымай, қара басты ма сені? – деп ақырып жіберді.

Киім үлгісі өзгерген Демежанды шерік, байғұс, шынында да, шатастырып алса керек. Кенет басы жерге жеткенше иіліп, құлдық ұрды да қалды.

– Кешіріңіз. Дүңші мырза! Бүгін Құдай ұрып, сізді танымай қалғаным рас... Ал апиын жөніне келсек, өткендегі қатал бұйрықтан кейін мен, тіпті, ауызға алуды қойғанмын...

Демежан оның сөзін шала-шарпы тыңдап, ішке қарай өте берді. Ана сорлының апиын дегенде, жан ұшыра шошығанына күлкісі келді. Бұл күнде қытай-маньчжур зиялылары мен әскери қауымды жайлап алған бір дерт бар. Ол – жаппай апиын тарту. Сол пәле шалғайдағы Шәуешекті де жайлап бара жатқан соң, Ши-амбы биыл жыл басында құмарпаздарға қарсы қатал заң шығарған. Әскер арасында апиын тартады делінген елу-алпыс адамды қамалдың ішіне тізіп қойып, шетінен дүрелеткен... Әлгі шеріктің зөре-құты қалмай, қорқып тұрғаны сол еді.

Демежанның соңғы он шақты жыл өмірі осы бекініс-қамалдың ішінде өтіп келеді. Әкесі Керімбай қолынан жетелеп әкеліп, Ши-амбыға аманатқа тапсырғанда, бұл он үштегі бала болатын. Ол жылдары жалғыз Керімбай емес, қол бастап, өкіметке қарсы бүлікке қатысады-ау деген ру көсемдерінің көбі-ақ өз балаларын бауырынан жырып, ұлыққа әкеп беруге тиіс болған. Демежан Ши-амбының қолында қытай-маньчжур балаларымен мектепте бірге оқыды. Гимназияны бітіріп шыққан соң, мырза қамаудан енді құтылармын деп дәмеленген. Бірақ басқа бір киілген тағдыр ноқтасынан босану оңай емес екен, Ши-амбының шырмауынан шыға алмай, осы төңіректе қалып қойды.

Бұдан бір ғасырдай бұрын асығыстау соғылған қамал-бекіністің қабырғаларын қазір жауын шайып, жел қағып, мүжіліп бітуге айналған-ды. Онысыз да тозығы жетіп тұрған дүниені алпысыншы жылдары басталған дүнген көтерілісі кезінде бүлікшілер дуалдың түбіне су қаптатып, оқ-дәрімен атқылап жүріп, мүлдем сілікпесін шығарды. Сол кезде шұрқ-шұрқ тесілген, құлаған дуалдардың орны әлі де үңірейіп көрініп тұр. Қабырғалары да мүжіле-мүжіле аласарып, бұл күнде бала-шаға өрмелеп шығып кететіндей күйге жетіп еді. Алайда қытай-маньчжур билеушілері қай қалада болсын

бекініс-қорғансыз отыра алмаған ғой. Соңғы жылдары қаланың шығыс шетінде жаңадан қамал салынып жатыр. Сол жаңа құрылыс біткенше, амал жоқ, осы көне қамалды паналай тұруға тура келеді.

Ескі жамбылдың алып жатқан аумағы пәлендей үлкен емес, қабырғаларының ұзындығы екі жүз елу, үш жүз метрден аспайды. Қазір мұнда губернатор-амбы кеңсесі мен аймақтың тағы бірнеше мекемесі иін тіресіп, зорға сыйып отыр. Үлкен ұлықтардың тұрғын үйі, мекенжайы да осында. Қамалдың іші толған суырдың ініндей бұрма-бұрма көшелер, ығы-жығы үйлер. Мына бір сары шифермен жабылған имек шатырлы жатаған үй – будда храмы, ғибадатхана. Сонау көрінген көп терезелі, ұзынша ғимарат бір кезде Демежандар оқыған мектеп еді, қазір оқу орны қамалдың сыртына көшірілді де, мектеп үйі қала гарнизонының казармасына айналды. Ал төр жақтағы ежелгі қытай храмдарының үлгісімен салынған еңселі, биік үй – губернатор кеңсесі. Аймақтың әміршісі Ши-амбы осында отырады. Демежан қайшыласқан көп адамның арасынан сығылысып өтіп, жаңағы еңселі үйге қарай бұрылды да, ауыз жақтағы тілмаштар бөлмесіне келіп кірді.

Бөлмеде әр ұлт өкілінен бірнеше адам отыратын. Демежаннан басқа ұйғыр тілмашы Әсенажы, торғауыт Бадымжап және бар тілге бірдей жүйрік сібе жігіті Дабынтай бар. Демежан келгенде, сол үшеуі әлдене жайында қызу әңгімелесіп отыр екен. Есіктен кірген мұны көріп, су сепкендей басылып қалды. Бұл мекемеде бастан асып жатқан пәлендей көп жұмыс жоқ. Әлдеқалай үлкен ұлыққа қажеті болып шақырғанда не әлдебір құжат-қағаздар дайындағанда болмаса, жігіттер көбінше осылай әртүрлі әңгімемен уақыт өткізеді.

Қысқаша аман-сәлемнен кейін тілмаш жігіттер манағы үзілген әңгімені қайта жалғастырды. Бір қызығы, Шәуешектегі әр ұлт өкілдері бас қосқанда, бір-бірімен қазақша сөйлеп ұғысатын-ды. Қазақ тілі бәріне ортақ түсінікті тіл сияқты еді. Мыналар да сол үрдіспен қазақша сөйлесіп отыр. Дембелше келген, жалпақ бетті, қысық көз, қара жігіт – Бадымжап әңгімені суыртпақтап келді де, ендігі сөз төркінін Демежанға қарай бейімдеді.

– Демежан, сен естідің бе, жоқ па, мына Дабынтай бізден гөрі ұлықтарға бір табан жақындау ғой, осы жігіт бізге бір жаңалық айтып отыр...

– Иә, ол қандай жаңалық екен? Біз де тыңдайық, – деді Демежан орнына жайғасып отырып жатып.

– Осы жазда біздің Шыңжаң өлкесі мен орыс жерінің арасына ресми мемлекеттік шегара тартылады дейді. Ол үшін екі жақтың шегара комиссиясы келіп, осы Шәуешекте бас қосатын көрінеді... Біз манадан бері соны

әңгіме қып отыр едік. Бұл туралы сенің қандай естіп-білгенің бар? – деді Бадымжап, езуі көбіктеніп, сәл асығып сөйлейтін әдетімен.

Бадымжаптың айтып отырғаны, шынында да, маңызды хабар еді. Бірақ Демежан оған таңырқаған жоқ. Соған қарағанда, бұл оның көптен күтіп жүрген жаңалығы секілді. Жігіттер жауап күтіп отырғанын сезіп, сәл ойланып қалды да:

– Шегара мәселесі екі ел арасында бірталайдан сөз болып, тоқетер шешімін таппай, созылып келген әңгіме ғой. Демек оның да толғағы жеткені де, – деді баяу тіл қатып.

Осы тұста сөзге бір бүйірден Дабынтай араласты:

– Шегара сызығының түбінде бір тартылатынын бәріміз де білеміз. Бірақ сол сызық қай арамен жүреді? Мәселе сонда, – деді ол дауысын соза түсіп. – Мәселен, шегара Тарбағатай тауының теріскейімен жүре ме әлде күнгейін басып өте ме? Біздің Шәуешек қай жағында қалады? Міне, бізді қинап отырған жай осы.

– Оған бола, несіне бас қатырасыңдар, тым қатты қиналмаңдар, – деп күлді Демежан. – Екі жақтың да мықты білгірлері, ақыл иелері бар ғой, бір-біріне есесін жібере қоймас.

Бірақ өкпесі қабынып, желігіп алған Бадымжаптың жуық арада тоқтайтын түрі жоқ. Көз жанары мүлде жұмылып, екі көзінің орнында екі кішкентай сызық қалып, тырқылдап күліп алды да:

– Бізді қойшы, біздің жарамыз жеңіл. Түбінде басы қататын біз емес, мына сен боласың, – деді ол Демежанға еркін сөйлейтін әдетімен. – Ұйғырдың, сібе-солаң мен қалмақтың жайы белгілі. Біз үшеуміз шегара қай араны басып өтсе де, әйтеуір, соның шығыс жағында, Жуңго жерінде қаламыз. Ал мына сенің жағдайың не болады? Қазақ екіге бөлінейін деп тұр ғой. Тегінде, «Екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетеді» дейтін бе еді? Сонда Төртуылдар қай жағына бейімделмек? Ақ патшаға ма әлде Еженханға ма? Егер Демежан досым орысқа қарап кетсе, менің күнім не болады? Манадан бері менің қабырғама батып тұрған нәрсе осы, – деп, сөз аяғын өзілге шаптырды.

Мұндай ащы өзілге Демежан да шиыршық атып, сұқсұр көрген сұңқардай іліп түсуге дайын отыр еді. Көмейіне келген сөзді ірікпей, ол да айтып салды:

– Ой, тәйір-ай, соны да сөз деп айтып отырсың ба? Баяғыда мына Дабынтайдың аталары Жоңғар мемлекетінің күлін көкке ұшырып, жермен-жермен еткенде, Торғауыттан да тұқым қалып, солардың сарқытынан

бүгін, міне, өзің сияқты тілмаштар шыққан жоқ па? Қазақ та бірдеме қып күнін көрер... Біздің қазақ ежелден етек-жеңі кең халық қой. Бір қолын Ақ патшаға артса, екінші қолын Еженханға артып, ортасында жүре береді де, – деді өз сөзіне өзі сүйсінгендей сақ-сақ күліп.

Сөзден ұтылған Бадымжап құлағына дейін қан теуіп, күреңітіп кетті де:

– Ой, тіліңе шоқ түссін, тентек қазақ! Жайыма жүрмей, саған соқтығып нем бар еді? Өзіме де сол керек! – деп, кеңкілдеп күле берді.

Жалпы, Бадымжаптың Демежанға деген жат көңіл, жаман ойы жоқ-тұғын. Қайта оңаша қалған кездерінде «Қазақ-қалмақ – киіз туырлықты бір елміз» деп, жан тартып жүретін-ді. Сірә, жігіттердің арасына от жағып, түтін салып отырған – мына Дабынтай сұм секілді. Дабынтайда: «Мен – халдай тұқымымын, Маншың өкіметінің оң қолы, бел баласымын» дейтін бір сасық кеуде бар. Оның үстіне Демежанның бұратана жұрт өкілі бола тұра, Ши-амбыдай үлкен ұлықтың алдындағы еркіндігін, беделін өлердей қызғанып, сыртынан пыш-пыш өсек айтып жүретіні де жасырын сыр емес-ті. Дабынтай дәл қазір де өзінің сол жуандығын, ірге жаулығын көрсетпей қала алмады.

– Басқаны білмеймін, ал Шәуешек қолдан шығып кетеді екен деп, уайымдамай-ақ қойыңдар, – деді шойыннан құйылғандай шойқара денесімен орындықты сықырлата шірене түсіп. – Патшалардың патшасы, аспан астының бірден-бір билеушісі, көктің ұлы Еженхан өзінің иелік еткен жерінен бір адым кейін шегінбейді. Ал дәргейіндегі бұратана халықтардың қайсысын қуып, қайсысын алып қалам десе де, ұлы императордың өз қолында.

– Сонда бұл жерден көшіп кететін кім, сеніңше? – деді Демежан оған ажырая қарап.

– Егер біреулер кетуге тиіс болса, әрине, ең алдымен, қазақ кетеді, – деді анау да тайсалмай. – Біріншіден, қазақтар бұл өлкеге кейін келіп қоныстанды. Тегінде, сендердің атамекендерің батыста, орыс қарауында қалған жоқ па... Екіншіден, – деп, Дабынтай сәл іркіліп қалды, – екіншіден, қазақтар – ежелден-ақ мал соңында көшіп-қонып үйренген ел ғой. Оларға кімге қараса да, төрт түлік малын қайда апарып жайса да, бәрібір емес пе?!

Демежан манадан бері Дабынтайдың табақтай бетіне емес, күжірейген желкесіндегі тоқпақтай айдарына қарап отырған. Кенет ыстық қаны басына теуіп, орнынан қалай атып тұрғанын өзі де аңғармай қалды.

– Иттің баласы, осы отырған жерінде айдарыңнан ұстап тұрып, мойныңды бұрап, жұлып алайын ба?! – деді бойын буған ызадан қалш-қалш

етіп. – Бұл өлкеге кімнің бұрын, кімнің кейін келгенін айыратын – мына сенбісің? Сенің аталарың императорға жалдамалы әскер болып, осында аяқ басқанына, міне, жүз жылдан енді ғана асты. Ал, наймандар хандық құрып, Тарбағатайды мекендеп жүргенде, Шыңғысханның өзі тумаған болатын. Сен осыны білесің бе?

Осы кезде ойыннан от шығып кетер деді ме, Бадымжап пен Әсенажы араға түсіп:

– Қойыңдар, жігіттер.

– Ойынның аяғы шынға айналып кетіп жүрмесін, – деп, екеуіне басу айтқан болды.

Дабынтай әлдебір дауды бықсытып, бастауын бастағанмен, текетіреске келгенде, ішмерез арам адамдардың әдетінше, тез тайқып кететін. Бұл жолы да жылдам жуасып, айтар уәж таппай, жасыңқырап қалды.

– Менікі – жай сөз сырағысы ғой. Қазақтың көбі орысқа қарап кеткен соң, бұлар да туыстарынан бөлінбейтін шығар деп айтқаным да, – деді өз сөзін жуып-шайып.

Ойда жоқта оқыс басталған тартыстың арты немен тынары өлі де белгісіз еді. Дәл осы сәтте есік айқара ашылып, Ши-амбының алдында отыратын хатшысы – көзілдірікті кәрі қытай көрініс берді. Ол босағада сіресіп тұрған қалпы:

– Демежан мырза, сізді Тарбағатай және Алтай аймағының өміршісі, ұлы мәртебелі Ши-амбының өзі рақымы түсіп, құзырына шақырады, – деген сөздерді салтанатты түрде, балғамен ұрғандай етіп, нақпа-нақ айтып шықты...

Осы ғасырдың бас кезінде апиынды Қытайға әкеліп таратқан ағылшындар болатын. Дүниеде мұндай жұқпалы дерт болмас. Айналасы он шақты жылдың ішінде бүкіл елге індет боп жайылып, әскери қауым мен ақсүйектер ортасы көздері кілмиген апиынкеш болып шыға келді. Ұлт қамын ойлаған қытайдың көзі ашық зиялылары шеттен кірген бұл қызыл көз пәлеге қарсы шығып та көрді. 1840 жылы Шанхай портына апиын тиеп әкелген ағылшын кемесіне от қойып, өртеп те жіберді... Бірақ одан да еш нәтиже шықпады. Қайта соның сылтауымен ағылшындар Қытайға қарсы «Апиын соғысын» жариялап, оп-оңай жеңіске жетті де, мешеу мемлекеттің қыр желкесіне енді түспестей болып, біржола мініп алды...

Ши-амбы...:

– Менің досым Керімбай зәңгінің халі қалай? Ата-ана, туыс-жегжаттарың күйлі-қуатты жүріп жатыр ма? – деді әлден уақытта Демежанға қайта бұрылып. – Әкеңіз биыл қалаға келуді сиретіп кетті ғой.

– Көңіл бөліп, хал сұрағаныңызға рақмет, ұлы мәртебелім. Туыстарымның бәрі де өзіңіздің қамқорлығыңызда мал-жанын бағып, саушылықта жүріп жатыр. Біздің ауылдар жақында Еміл бойындағы қыстауларынан көтеріліп, Боздақ даласына көшіп келіпті деп естідім. Әкем, сірә, жылдағы әдетінше, жабағы жүндерін қырқып болған соң, ел жайлауға шығар алдында қалаға бір рет келіп қайтатын болар. – Демежан ішекше шұбатылған осы сөздерді өзін әбден мезі еткен ақсүйектер мәнерінде тоқталмай айтып шықты.

– Керімбай зәңгіге деген менің сый-құрметім ерекше екенін өзің де білесің, – деді Ши-амбы сөзін жалғастырып. – Сіздің әкеңіз алды-артын ойлайтын өте ақылды кісі ғой. Ал ақылды адамдар қашан да құрметтеуге татиды.

Ши-амбы бұдан ары кешегі алпысыншы жылдардағы дүрбелеңде Керімбайдың желіккен көтерілісшілерге қосылмай, бейтарап қалғанын атап өтті. Өз басы ғана емес, қоластына қараған бүкіл Төртуыл тайпасын желіктірмей, басып ұстаған да – сол Керімбай екен. Керімбайдың сондағы көрегендігін, өкіметке опалылығын империя жоғары бағалайды екен. Енді жергілікті Маншың өкіметі де Керімбайға зор сенім көрсетуге, оған ерекше праволар беруге өзір көрінеді.

Өз әкесі туралы айтылған жылы сөзге Демежанның көңілі өсіп, ұстап тұрған құрыс-тырысы сөл жазылайын деді. Бірақ сөз аяғы неге соғарын біле алмай, әліптің артын күтіп қалды.

– Ал сенің өз басыңа келсек, – деді Ши-амбы дауысын соза, сөз арасында ыңылдап алатын әдетімен. – Сен жеке Керімбай зәңгінің ғана баласы емессің, менің де туған балам сияқтысың. Қаршадайыңнан менің қолымда өстің. Ханзуша тіл үйреніп, осындағы бекзадалармен бірдей білім алдың. Мемлекеттің тілін, заңын білетін сен сияқты көзі ашық азаматтар біз үшін қашан да қадірлі.

Күні ертең осындағы қазаққа бас болатын сендер емессіңдер ме?!

Үлкен ұлықтың майда қоңыр үні мен жылы-жылы сөздері жанына қанша жаққанымен, «Апыр-ау, осының бәрін бұл кісі маған неге айтып отыр?» деген ой Демежанның басынан кетпей қойды. Бұдан ары үндемей қалуға тағаты жетпей, өз тарапынан бір сөзді қыстырып қалды:

– Мен су ішкен құдығыма түкіріп кететін адам емеспін, ұлы мәртебелім. Өзіме жақсылық жасап, тәрбиелеген сіздің құзырыңызда қызмет етуге әрқашан әзірмін, – деді толқи тіл қатып. – Тек кісінің намысына тиетін кейбір жайлар болмаса...

– Бөгелме, көмейіңде бірдеме түр ғой, айта бер, – деді Ши-амбы езу тартып.

– Айтсам, патшалардың патшасы, көктің ұлы Еженхан бейне аспандағы күн сияқты жер бетіндегі бағынышты құлдарын тегіс нұрландыруға тиіс. Мейірімді өке өз балаларын алаламай, бәрін тең көрмейтін бе еді...

Билеушілер туралы Конфуцийдің қағидасынан алынған бұл сөздерді Ши-амбы теріс дей алмады.

– Иә, дұрыс қой... Айта бер, – деді жұмсақ тақтаға оң жамбасымен аунап түсіп.

– Олай дейтінім, осы аймақта қазақ, қалмақ, маньчжур, сібе-солаң сияқты әр алуан ұлттың өкілдері жасайды. Бірақ солар ұлы императордың қамқорлығын бірдей көріп отыр ма? Біреулер үстем саналып, айрықша, артық құқықтан пайдаланса, енді біреулер бұратана, кірме атанып, кемдік, қорлық көріп отырған жоқ па? Айтыңызшы, ұлы мәртебелім, осы да әділдікке жата ма?

– Анығырақ айтқанда, – деп қалды Ши-амбы сұрлана ширығып. Өз сөзінің ұлыққа ұнамай қалғанын Демежан да сезді, әрине. Бірақ не де болса, басталған әңгімені аяқтауға бел байлады.

– Менің айтайын дегенімді өзіңіз де аңғарып отырған боларсыз, ұлы мәртебелім... Осындағы халдайлар Тарбағатайдан ағатын өзен атаулыны түгел иемденіп отырғанда, жаңағы өзіңіз мадақтаған менің өкем Керімбайдың бір құлақ суы, не егін салатын тұрақты жері жоқ. Бізге қарағанда, торғауыт қалмақтың жағдайы әлдеқайда жақсы. Олар, тым құрыса, алым-салықтан жеңілдік алып отыр... Ал сібе-солаң алпауыттары ағып жатқан өзеннен су бөліп бермек түгіл, қазақтар тоғандарынан малын суарса, айып төлетеді... Осындай жайлар халықтың намысына тимейді деп ойлайсыз ба?

Соңғы сөз Ши-амбының шымбайына батып кетті білем, судыраған көлдей шапанын сүйретіп, орнынан көтеріле берді...

– Жақында екі елдің шегара комиссиялары осы Шәуешекке келіп, бас түйістірмек, – деді Ши-амбы ойын ары қарай сабақтап. – Шегара бойының картасы баяғыда-ақ жасалып болған. Комиссияның ендігі міндеті – шегара сызығы жүретін межені нақты айқындап, әр жерге ала баған орнатып, белгі соғу ғана. Шегара бөлісіне біздің мекемеден де біраз адам қатынасып, көмектесетін шығар. Соның біріне өзіңді лайықтап отырмын. Бұған қалай қарайсың? – деп, алдында жатқан әлдебір тізімге үңілді.

– Өміріңізге құлдық, ұлы мәртебелім. Мұндай тарихи оқиғаға куә болудың өзі бір ғанибет шығар, – деді Демежан ойланбастан. – Комиссия қашан келмекші?

– Кешікпейді. Осы туар айдың ортасына қарай келіп қалатын шығар.

«Елге барып қайтуға рұқсат сұраудың сәті енді түскен шығар» деп ойлаған Демежан, ұлықтың мынадай көңілі түсіп тұрған кезін пайдаланып қалмақ болды.

– Ендеше, ұлы мәртебелім, маған бір он шақты күнге демалыс бересіз ғой деймін. Елге барып, әкейге сәлем бермегелі де біраз уақыт болды. Оның үстіне, әйелім қырдың қызы емес пе, ауылды сағындым деп, мазамды әбден кетіріп жүр.

– Жарайды, ауылыңа барып қайт, – деді Ши-амбы сөзге келместен.

\* \* \*

Ел жайлаудан түсіп, күзекке келіп қонғалы, қазақтың «ұзын құлағы» арқылы төрт тарапқа бірдей желмен жарыса тарап жатқан бір ғана әңгіме бар. Ол – жақын уақытта Шәуешекте өтетін үкірдайлар сайлауы.

– Жаңадан үкірдай деген мансап шығыпты...

– Үкірдайыңыз зәңгілердің енесін ұрып жіберетін көрінеді.

– Бірнеше зәңгі бірігіп, бір үкірдайдың қоластына қарайды екен, – десіп, бұл күнде күзекте отырған қалың ел гу-гу етеді.

Көрші мемлекеттер арасына шегара жүргізіліп, ел екіге айрылғаннан бері асау бастарына нөқта киіп, ендігі күндері тек Еженханға қарап қалған қазақтар, амал жоқ, алдағы тіршіліктің қамын ойластыра бастаған! Маншың әкімдерін бірде менсінсе, бірде менсінбей, Ақ патша мен Еженханның құзырына кезек ауытқып, екі ортада бұлғақтап жүретін баяғы заман өтті. «Тас түскен жеріне ауыр». Бұдан былай Ши-амбыны шырғаламаса, жергілікті ұлықтардың тілін таппаса, тағы болмайды. Алдағы сайлау, міне, осындай, қазақ руларының ұлық алдында бедел салыстырып қалатын, мол сыбаға, үлкен үлес қармауға тырысатын, аса маңызды оқиға болғалы тұр.

«Өз алдыңа жеке бір үкірдай ел болу үшін, қарауыңдағы түтін саны үш мыңнан асуы керек» деген хабарды да ру басшылары елеусіз қалдыра алмады. Өрқайсысы жер-жерге адам аттандырып, пашау шыққан руластарын қанатының астына алып, төңірегіне ел жинай бастаған...

Аймақ орталығы Шәуешек қаласына тақау орналасқан төртуылдарға түтін санын молайту оншалық қиынға түскен жоқ...

Әлде өз ауылдары Шәуешекке тиіп тұрған соң, арқасын кеңге салды ма, жұрттың бөрінен кейін қозғалған Керімбай болды. Оның бұл сапар басқалар сияқты бақталасы жоқ. Төртуылдан үкірдайлық орынға бірден-

бір кандидат өзі ғана. Жақында түгел төртуылдың ру басылары, ақсақалдары бас қосып, сол жиында бірауыздан осылай деп шешкен-ді. Керімбай қадірлі ақсақалдың алдынан өтпек болып, Сымайылға мезіреті жасап көріп еді, көрі зәңгі жаңа лауазымнан үзілді-кесілді бас тартты.

– Менің заманым өтті. Алжыған қарт бурадай күлге шөгетін күн туды. Өлерімнің шағында енді мені қайтадан атқа мінгізіп қайтесіңдер. Жауатаң баласы, бұл реткі жол сенікі, – деп, Керімбайға табан тіреген.

Сонан соң бұл елден сайланатын зәңгілер мен елубасылар жайы сөз болғанда, Сымайыл тағы бір батагөйлiк кесiм айтты.

– Үлкен ұлық алдында, жат-жаланың көзінше, қалаға барған соң, билікке таласып, біріңнің етегіңді бірің ашып жүрмеңдер. Мұндайда ер намысы ғана емес, ел намысы сынға түседі. Осы бүгін бөтуға келіп, өр рудан зәңгі, елубасылыққа ыңғайы бар, халық қамын ойлайтын бір-бір адамды атап-атап беріңдер. «Атасыздың аузы зор, енесіздің емшегі зор» дегізбей, басбасыңа би болып, құрық әкетуді қойыңдар, түге! – дей келіп, Байғара-Жауғаш, Баймұрат-Құтымбет, Шөтік, Кенжеғұл, Шоқан кісілеріне өз адамдарын күшпен ататтырған... Басқалар бөгеліңкіреп қалғанда, көрі зәңгі әдейі көш бастап, өзі бұл жолы орнынан түсетінін айтып, Қараменденің ендігі зәңгілігіне бертінде атқа мініп, көзге түсіп жүрген жас жігіт Көксегенді ұсынған. Осыдан кейін өзге рубасылары да күлкіл, күмілжуді қойып, өз адамдарын атап-атап берген-ді. Сонымен Төртуыл жағы ағайын арасындағы сөздерін күні бұрын бітіріп, алдағы сайлауға сақадай сай отыр еді.

Осылайша Төртуылдың өз жиыны тарап, Керімбай бастатқан біраз адам ертеңдер қалаға жүреміз деп отырғанда, ауылға Демежан келіп қалды. Көктемде Бибіні өкеп салғаннан кейін, жаз бойы шегара жұмысында жүріп, елге келіп отырған беті осы. Бибі де ел жайлаудан қайтар шамада төркінінен оралған-ды. Келіншегі олжалы қайтыпты. Құрман қажы төрт түліктің әрқайсысынан атап-атап, қызына енші берген көрінеді. Сол еншінің басы етіп, дәл аттанарда:

– Қызым, сенен тарайтын жұрағат бұл ауылға жиен атанады. Жиеннің нағашысынан алатын «қырық шұбар тайы» деген болады. Екі ел арасындағы шегара қиындап, жиендердің келіп-кетіп, тайларын мінуге мұршасы болмай жүре ме... Мынау – менің сол болашақ жиендеріме мінгізгенім болсын, – деп, құрамында меңсіз қырық қара байталы бар қысырақтың үйірін қызының алдына салыпты.

«Күлшелі бала сүйменді». Сөйтіп, сән-салтанатпен артынып-гартынып, екінші рет ұзатылып келген Бибіні Керімбай ауылы хан көтере қарсы алып еді. Келіншектің өзі де мөз, қағанағы қарық, сағанағы сарық. Тек

ата-ененің де, Демежанның көңілінде бір ғана қаяу бар. Үй болып, отау тіккендеріне үшінші жылға айналса да, жаңағы нағашы атасы берген қырық сәйгүлікті мінетін жиендердің төбесі әзірше көрінбей келеді.

Демежан келген күні Керімбай оны оңаша шақырып алып, бір мәселе жөнінде ақыл салды.

– Қаладан өзің де көріп-біліп келген шығарсың. Басқа елдер Ши-амбыға тоғыз-тоғыздан сый-сыяпат апарып жатқан көрінеді. Біз не істейміз? Жеп үйренген ауыз, тойымы жоқ түпсіз көмей бізден де бірдеңе дөметпейді дейсің бе? Не апарғанымыз мақұл? Мал айдатамыз ба, әлде күміс жамбы, асыл тастар сіңімді ме? – деді салалы саусақтарымен енді-енді бұрыл шала бастаған шоқша сақалын сауып отырып.

Демежан ойланып қалды. Сұңғыла әке қазақ жөніне жүйрік болғанымен, қаладағы ұлық жайын баласынан ұққысы келетін сияқты.

– Дәл қазір Ши-амбыны тарту-таралғымен таңырқата алмайсыз, көке. Қазірдің өзінде оның қала сыртындағы зәйімкесі төрт түлік малға толып кетті деп естідім, – деді Демежан қабағын кірбең шалып.

– Әй, балам-ай, тамағы тесік жан иесінің жемге қызықпайтынын көрмедім-ау. «Бүркіт аңды өзі үшін алады, тазы иесі үшін алады» дейді. Бірақ екеуінің де ойлағаны – қу құлқынның қамы, – деп, Керімбай терең тыныс тартты. – Ши-амбының қара қасқа атқа көптен көзі түсіп жүр еді. Соны бас егіп, бір үйір жылқы атасам, азырқанып жүрмей ме?

– Басқа не апарсаңыз да, өз ықтиярыңыз, бірақ қара қасқа атқа ти-меңіз, – деді Демежан. – Қара қасқа көрер көзге тым бадырайып көрініп тұрады ғой. Және ол ас пен тойда ел намысын қорғап жүрген ат емес пе? Ұлыққа малыңызды қисаңыз да, намысыңызды қолдан бермеңіз.

«Менің осы балам бұрын тым қарабайырлау сияқты еді... Биыл қазақ жөніне қатты жетіліп, есейіп қалыпты-ау» деп, Керімбай баласына сүйсіне қарады...

Аймақ әміршісі Ши-амбы да тұс-тұстан шұбырып, қала көшелерін керіп бара жатқан қыр қазағын ұзақ сарылтып, қамап отырғысы келмеді. Сайлау өтердің алдында әрқайсысына уақыт белгілеп, төрт үкірдай елдің рубасыларын қабылдады. Қасына тілмаштыққа Демежанды ғана алып, төр алдында, хан тағы секілді күлгін сары пүлішпен қапталған биік тақтада Ши-амбының өзі отыр. Оң жақ бұрыштағы дөңгелек үстелдің басында хатшылық міндет атқаратын көзілдірікті көрі қытай жайғасыпты. Одан төмен залдың екі бүйірінде қаз-қатар тізілген орындықтар.

Ең алғашқы кезекті іргелес отырған жақын ел – Төртуылға беріп еді. Бұлар болашақ үкірдай, зәңгі, елубасылары бар – жиыны отыздай адам

екен. Бұл ел үкірдайлыққа ұсынатын кандидаты біреу ғана болғандықтан, бөлініп-жарылмай, топырлап бір-ақ кірген. Ішке енген беттерінде тымақтарын қолына алып, үлкен ұлыққа сәл бүгіліп, төжім етті де, ошарылып тұрып қалды. Төртуыл ішінде Ши-амбының жақсы танитын адамдары Сымайыл мен Керімбай ғана болатын. Сымайыл бұл топтың арасынан көрінбейді. Ал Керімбай басқалардан бір адым озыңқырап, маңдайы қасқайып, ең алдында тұр. Маншың өкіметінің салтында, аймақ өміршісінің алдына кірген қарашы халық намаз оқығандай тізерлеп отырып, маңдайын жерге үш рет тигізіп, бас ұруы керек еді. Мыналарға ондай төртіпті ешкім үйретпеген бе, тізелері бүгілмей, жай бас иіп, төжім етумен ғана шектелді.

«Қазақтар ұлық түгіл, Құдайға құлшылық етіп те жарытпайды деуші еді, сол рас екен, – деп ойлады Ши-амбы, – ештеңе етпес. Үйренеді ғой... Әзірше асаусып тұрғаны шығар. Өз күні үшін ұлыққа бас ұрмай, қайда барады?»

Осы сөтте алда тұрған Керімбайдың саңқ еткен даусы естілді.

– Уа, ұлы мәртебелі Ши-амбы! Сау-сәлемет барсың ба? Сайлауға қатысатын Төртуыл елінің игі жақсылары саған сәлем беру үшін құзырыңа келіп тұр, – деді оның бетіне тура қарап.

Салт бойынша, аймақ өміршісі өз орнында тапжылмай отыруы керек еді. Бірақ жаңағы сөздердің балғамен ұрғандай айбынды естілгені соншалық, Ши-амбы орнынан қалай тұрып кеткенін өзі де аңғармай қалды. «Қой, қазақпен қазақша көріспесе болмас, – деді ішінен. – Әйтпесе, мүлде тіл табыса алмай қалармыз».

Орнынан тұрып кеп, Керімбайға қол берді де, қасындағы адамдарға:

– Кәне, отырыңыздар, мырзалар! – деп, бүйірдегі орындықтарды нұсқады.

Бұлармен арадағы әңгіме ұзаққа созылған жоқ. Өйткені Төртуыл кісілерінің арасында сайлауға байланысты ешқандай талас-тартыс жоқ екен. Әр рудың басшыларына сөз бергенде, болашақ үкірдай мен зәңгілерін, елубасыларын да бірауыздан атап-атап берісті. Хатшы аталған адамдардың аты-жөнін, руын, қай жерде тұратынын тәптіштеп жазып жатыр. Үлкен ұлықтың қасында Демежандай ұлдарының отырғанын арқа тұта ма, әлде Ши-амбы мен Керімбай арасындағы көптен жалғасып келе жатқан сыйластықты бел көре ме, Төртуыл кісілері қысылып-қымтырылмай, өздерін еркін ұстап отыр. Алдымен сөз бастап, көсем сөйлеп отырған – Керімбайдың өзі.

– Мәртебелі Ши-амбы, мен сенің құзырыңда бұрын да талай рет болғанмын. Бірақ екі ел арасына шегара жүріп, Еженханға біржола бодан болғалы, алдыңа келіп отырғаным осы, – деді ұлықтың жүзіне барлай көз салып. – Патшамыз Еженханның осы жердегі өкілі, біздің қарап отырған ханымыз – өзің ғой. Астыңдағы тағыңның көрімдігі деп, өз басым бір үйір жылқы айдап әкелдім. Алдымен сол сыйымды қабыл ет. Менің қасымдағы болашақ зәңгі, елубасылардың да қолдары құр емес, әкелген сыйлықтары бар. Аз да болса, көптей көріп, осыған разы бол.

Алғанды кім жек көрсін, Демежан осы сөздерді аударып болған кезде, Ши-амбы орнынан қозғалақтап, езуі жайылып, ырсыңдап күле берді.

– Рақмет, Керімбай зәңгі... Айтпақшы, бұдан былай сізді Керімбай үкірдай десем де болатын шығар. Жаңағы атаған сыйлықтарыңызды мен патшалардың патшасы, көктің ұлы Еженханға көрсетілген зор құрмет деп білемін, – деді әр сөзін мақамдай созып, ыңырана сөйлейтін әдетімен. – Ал енді маған айтар қандай тілектеріңіз бар?

Керімбай айтар сөзін күні бұрын дайындап, ойланып келген болуы керек. Біркелкі төселген қоңыр үнмен, жедел сөйлеп кетті.

– Қаза берсе, қазақтың мұң-мұқтажы таусылған ба? Оның бәрін жіпке тізе бермей, тек екеуін ғана айтайын, – деді, осы сөзімді толық жеткізші дегендей, Демежанға мәністі көз тастап. – Оның біріншісі, қазір Еженге қарайтын күнгеі Төртуылы бұрынғысынан екі есе көбейіп кетті. Сіз бір үкірдайға үш мың түтін қарасын деген екенсіз, қазір біздің ел бес мың түтіндей болды-ау деймін... Демек, бұрын бөлінген қыстаулық, жайлаулық жерлер енді бізге тарлық етеді деген сөз. Тарбағатайдың төсінен жаңа жайлау, Барлық тауынан қосымша қыстаулар алуға жәрдемдесіңіз. Қағаз жазып, мөр басып берсеңіз болғаны, ар жағын өзіміз реттейміз. Бұл – бір. Екінші айтарым, «Соқырдың сұрағаны – екі көзі». Еженханға қараған басқа халықтар секілді біздің де жер емшегін еміп, кәсіп қылғымыз келеді. Сондықтан елімізге тау өзендерінен тоған алып, егін салуға рұқсат беріңіз...

Ши-амбы сәл шытынып, ұнатпай қалған түр байқатты. «Қарай гөр өздерін... Есіктен кірмей жатып, төрге ұмтылады. Ең біртоға, момын ел деген Төртуылдың істеп тұрғаны мынау. Басқалары не жанды қояды?» деп ойлаған ішінен. Бірақ ол сайлау алдында ешкіммен түс жыртысып жатқысы келмеді.

– Қазір иен-тегін бос ағып жатқан су жоқ қой. Тау өзендерінің бәрі халдайлардың меншігінде. Олардың қолында императордың өзі мөр басқан құжат бар. Мен ол заңды бұза алмаймын ғой, – деді лажсыз адамдай екі

алақанын жайып. – Ал Барлық пен Тарбағатайдың төсінен қанша қоныс, қыстау керек болса, оны алып беруге болады.

Бұдан ары ұлықпен тіктесе беруге Төртуыл кісілері де бой тартып қалған. Әңгіме осымен аяқталып, Керімбай тобы қоштасып шығып кетті. Ендігі кезек – Керейлердікі еді...

Бір кезде есік айқара ашылып, кілең бір қаптал шапан, саптама етік киген, бастарында жаба салма, биік төбелі шошақ тымақтары бар, үлкен бір топ кіріп келе жатты. Айтса айтқандай, бөрі де қапсағай ірі денелі, сом тұлғалы, қандары бетінен тепкен, бөлек бітімді адамдар екен... Ши-амбы «Орнымда отыра берсем бе әлде жаңағыдай алдарынан шығып, амандасқаным жөн бе?» деп абыржып, қозғалақтай бастаған. Бірақ дәл осы кезде бұл күтпеген жағдай болды. Өлгі кісілер табалдырықтан аттап, кең залдың орта тұсына таман келді де, сәждеге бас қойғандай, кілемнің үстіне төрт тағандап жата-жата кетісті. Тек бір шетте жасы отыздың жуан ішін ара-лап кеткен, ұзын бойлы, қарасұр кісі ғана оң қолын кеудесіне қойып, сәл иілді де, өз орнында тік тұрып қалды.

Өлденеден жүрексініп, қобалжып отырған Ши-амбының арқасы кеңіп сала берген. «Е, мыналар жөн-жосықты білетін жұрт екен ғой» деп, разы боп қалды. Тек мына бір адамның тізесі бүгілмей, тік тұрып қалғанына таңырқап, ендігі бар назарын соған аударып еді.

– Мәртебелі тақсыр, қоластыңызға қарайтын Абақ Керейдің игі жақсылары сіздің мархабатты құзырыңызға келіп тұр, – деді өлгі адам ұлықтың бетіне қаймықпай тура қарап.

Демежан оның сөзін қолма-қол қытайшаға аударды. Ол сонау бір күндері Отыншының асында көрген Мамырбекті жазбай танып, оның мынадай кесек мінезіне іштей сүйсініп отыр еді.

– Білем. Өз құттыхана құзырымда Керейдің рубасыларынан қошемет көргеніме мен де қуаныштымын, – деді Ши-амбы болар-болмас езу тартып. – Ал өзіңіз кім боласыз? Сіз неге серіктеріңізден бөлініп, иілмей тұрсыз?

– Мен – Мамырбек төремін, мәртебелі тақсыр. Мен де өзіңіз сияқты асыл текті хан тұқымынанмын... Төренің сәл иілгені – қарашы қазақтың жерге бас қоюымен бірдей, – деді Мамырбек те байсалды қалпын бұзбай.

Бұл кезде бүк түсіп жатқан басқа қазақтар да бастарын көтеріп, өлдебір момақан, мүрит кейіпке түсіп, бейне намазға ұйығандай қолдарын қусырып тұрған-ды. Ши-амбы «Отырыңыздар» дегендей иегімен бүйірде тұрған орындықтарды нұсқады. Барлығы жайғасып болған кезде, қайтадан Мамырбекке бұрылған.

– Сіз сонда Абылай әулетінен тарайсыз ба? Әлде басқа хан-сұлтандардың бірінен бе? – деді оған жылы шырай білдіріп.

– Дұрыс айтасыз, мәртебелі тақсыр. Мен Абылай ханға алты атадан қосыламын...

– Абылай мекені Арқада ғой. Сіз Алтайға қалай барып қалғансыз?

– Алтайдағы Абақ Керейі біздің арғы атамыз Әбілпейісті хан көтеру үшін Абылайдан әдейі сұрап алған. Әбілпейістен – Көгедай төре, Көгедайдан Ажы төре мен Адеке туады. Мен – Адекенің ұлы Жанымханның баласымын.

– Солай деңіз... Демек, сіз де хан тұқымы екенсіз ғой...

Ши-амбы іштей күліп отыр. Мына қазақтардың мансап-билік үшін неге сонша жанын салатынына қайран қалады. Адам баласы өзінде жоққа құштар ғой. Әлде бұлар өмір бойы билікке, өкіметке жарымай келді ме екен? Өрқайсысы өзінше атқа мініп, ең кішкентай болса да, мансапқа ілініп, басқаларға үкім жүргізгісі келіп тұрады... Ал, шынтуайтқа келгенде, Маншың төрелеріне мына отырған сырт тұлғасы бір-бірінен айнымайтын, өңкей шошақ тымақты, жуан қонышты қазақтардың қайсысы зәңгі болса да, келер-кетері жоқ, бәрібір еді. Барып кел, шауып келге осылардың қай-қайсысы да жарап тұр. Қазақтың мансап таласы Ши-амбыға кейде баланың ойыны сияқты болып көрінеді. Ертеңгі сайлауда қай орынға кімді апарып қоям десе де, ұлықтың өзі біледі ғой. Соған бола ат арытып, тон тоздырып, дүниесін шығындап, неменеге шапқылайды екен?!

Билік таласынан туған алауыздық Мәмбет елінің ішінен де қатты білінді. Бұлар үкірдайлық орынның өзіне екі кандидат ұсынып отыр. Соған байланысты қабылдауға да екі жарылып, бөлек-бөлек топ болып енді. Бір тобын Жалбағай бастаса, екінші тобын Отыншы бидің немересі, жас жігіт Шәйі бастап келген. Бұл тартыс, негізінен, Барлық тауын бұрыннан мекендеген байырғы ел мен кейін көшіп келген рулар арасында секілді. Ру арасындағы жік шегара бөлісі кезінде жер, қоныс дауынан басталып, сайлау қарсаңында, тіпті, асқынып кетіпті...

Ши-амбы, әрине, бүгін ешкімге сыр алдырған жоқ...

Арада екі күн өткенде, ескі жамбылдың ішіндегі кең алаңда жұрт зарыға күткен сайлаудың өзі де өтті-ау, ақыры...

Алаңның дәл төрінде қызылды-жасылды бұлмен көмкеріп, әшекейлеп жасаған биік мінбе. Қарсы жақта қаздай тізіліп қатар тұрған халық. Тәртіп бойынша әр ел өз үкірдай, зәңгілерін өздері сайлауға тиіс еді. Дауыс беруге сол елдің бұрынғы зәңгі, елубасылары, әр рудың ақсақалдары, билері

қатысады. Ол үшін сайлаушылардың әрқайсысы кезекпен оңаша бөлмеге кіріп, кандидаттардың аты жазылған кардон қағазды урнаға тастауы керек. Былай қарасаң, бөрі де кәдімгідей, бөрі де заңды. Тек бір айырмашылығы, дауысқа түскен шарды санап, нәтижесін соңынан жариялайтын – Ши-амбының өзі еді. Әсілі, Цин империясында сайлау деген жоқ қой, мұнда бөрі де тағайындау жолымен, бұйрықпен шешіледі. Қазақтың дауынан құтылу үшін бұл әдісті ойлап тауып жүрген осындағы ұлықтардың өзі болатын...

Дауыс беру салтанаты мана, таңертең басталып еді. Енді, міне, түс ауа Еженханға қарайтын қазақтың алғашқы үкірдай, зәңгілері де белгілі боп қалды. Ши-амбының өзі мінбеге көтеріліп, қолындағы тізімді бір-бірден оқи бастаған. Төртуылдың үкірдайы – Керімбай, Жұмықтың үкірдайы – Еңсе, Керейдің үкірдайы – Мамырбек төре талассыз бірауыздан сайланыпты...

Сөйтіп, қазақ халқын екі айрық жолға салып, шегара бойындағы елді қатты дүрліктірген 1884 жылдың аласапыран, алқын жазы осылай аяқталды. Алғашқы сайлау талай шонжардың қолын мансапқа жеткізіп, Маншың төрелерінің қорасын малға, қалтасын пұлға толтырды. Бірақ тағдыр тауқыметі мұнымен тоқтаған жоқ. Бұл тек алыс та, азапты сапардың басы, тоғыз жолдың торабы ғана болатын. Өмірдің құз-қиясы да, ердің ері ғана шыдайтын тар жол, тайғақ кешуі де әлі алда жатыр еді...

*(Жалғасы бар)*



## СӨЗДІК

**Дүңші** – қытайша тілмаш деген сөз.

**Ежен хан** – Цин императорына жергілікті қазақтардың қойған аты.

**Жуңго** – қытайша «Орталық мемлекет» деген сөз.

**Зәңгі** – болыс дәрежесіндегі адам.

**Құлыстай** – моңғолша қамысты деген сөз.

**Маңшың** – Цин империясын қазақтар осылай атаған.

**Сібе** – маньчжур тектес халық.

**Халдайлар** – Цин империясы шегара күзеті үшін көшіріп әкелген сібе-солаң жұртынан шыққан жер иесі алпауыттар.

**Үкірдай** – аға сұлтан дәрежелі адам.



1. Қабдеш Жұмаділовтің өмірі мен шығармашылық жолы туралы не білесіңдер? Қандай шығармаларын оқыдыңдар?
2. Шығармада аты аталған Әріп Тәңірбергенов туралы не білесіңдер?



1. Хрестоматиядан романның жалғасын оқыңдар.
2. Роман неге «Тағдыр» деп аталған? Роман кімдердің тағдыры туралы?
3. Ши-амбы Демежанның сөзімен неге санасуға мәжбүр?
4. Романда Қытай жерінде қалған Шыңжаң қазақтарының ынтымағы мен бірлігі, бостандығы мен теңдігі үшін күресу жолында қан мен терін төккен бас кейіпкер – Демежан туралы не білесіңдер?
5. Романда қай кезеңнің оқиғалары суреттеледі?
6. Романдағы кейіпкерлер тағдырынан ұлттық мүддеміз қалай көрінеді?



1. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелдендер
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

2. Романда суреттелген тарихи ахуал жағдайында адамдардың өзара қарым-қатынасы мен көзқарастарына сипаттама беріңдер.
3. Романның толық нұсқасын оқып, тараулары бойынша негізгі оқиғалар желісін жазыңдар:

1	«Жол торабы»	
2	«Тағдыр»	
3	«Уақыт керуені»	
4	«Дар ағашы»	



1. Демежан кім? Мінездеме беріңдер.
2. Демежан өз ұлтының тағдыры үшін қалай күйзеледі және халықтың жағдайын жақсарту үшін қандай жұмыстар істеді?
3. Романда қолданылған көркемдегіш құралдарды тауып, тіл көркемдігі мен автордың портрет жасаудағы шеберлігіне мысал келтіріңдер.



1. Демежан мен Бибінің ауылға келіп, үлкендерге сәлем беруі сәтінен қандай ұлттық құндылықтарымызды байқаймыз?
2. Ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық ойын суреттері романда қандай қызмет атқарып тұр?
3. Халықтың тұрмыс-тіршілігі қалай суреттелген?
4. Романның тақырыбы мен идеясына сай әлем әдебиетіндегі құндылықтармен үндестігін талдап, өзіндік ой қорытыңдар.
5. Ресей мен Қытай арасында шегара сызығы жүргізіліп, алаштың ата қонысы болған сайын даланың екіге бөлінуіне байланысты туған айрықша ахуал романда қалай көрінеді?
6. Романды алдыңғы тоқсандарда оқыған тарихи шығармалармен салыстыра талдап, тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.



1. Шегара сызығының арғы бетінде қалған қандастарымыздың қазіргі тағдыры қалай болып жатыр?
2. Шығарманың автордың өмірімен қаншалықты байланысы бар? Пікір алмасыңдар.
3. Шығарманың неге «Тағдыр» деп аталуы және оқиғаның қазақ тарихымен байланысы жөнінде ізденіс жұмысын жүргізіңдер.
4. Жазушы шығармада қандай мәселелерді көтеріп отыр? Шетелдегі қазақтардың өмірі туралы не білесіңдер? Ой бөлісіңдер.

## *Әдебиет теориясы*

**Дилогия** (грек. di – екі және logos – сөз, әңгіме, баян) – бір-бірімен ойы да, идеясы да жалғасатын және басты кейіпкерлері ортақ екі шығармадан тұтасқан көркем туынды.



1) Демежан жайлап артына бұрылған. Ананың айтқаны рас екен, Абдыраның ар жақ қабағын кенерелеп, қалың нөпір қол келе жатыр. Бір өңкей баран атқа мініп, қараң киім киген, сайдың тасындай сайдауыл топ. Ұзын-ырғасы жетпіс-сексеннен кем болмас. Өлгілер арғы қабақтан бері түсіп, тау өзенінің жайылмалау бір тұсынан кешіп өтті де, осылай қарай тура тартты.

*Сұрақ:* Баран ат деген қандай?

- a) Боз ат дегені болуы керек.
- b) Семіз атты айтқаны.
- c) Арық атты айтқаны.
- d) Баран – жылқының түсі, қара қоңыр түсті білдерді.

2) – Я, аруақ!

– Қабанбай-Қабанбай!

– Баймұрат-Баймұрат!

– Ұрып таста! Сілейте соқ иттің балаларын! – деген айғай-сүрең құлақ тұндырады.

Бұл тек Абдыра тоғаны үшін болған айқас емес, ұзақ жылдан бері беріш боп жиналған ыза мен кектің, халдайлардан көрген қорлық пен зорлықтың атойлап сыртқа шығуы еді. Халық қаһары дәл қазір жолында не тұрса да, жапырып, таптап кетердей, селдей қаптап, жақындап келеді.

*Сұрақ:* Беріш деген нені білдіреді?

a) Беріш – рудың аты. Байланыс жоқ.

b) Беріш – тері астында қатып қалған ісік, халықтың ыза мен кегі көптен бері жиналып қалғанын айту үшін ауыспалы мағында, бейнелі түрде қолданылған.

c) Беріш боп жиналу дегені аз адам жиналғанды айтқаны шығар.

d) Беріш боп жиналу дегені көп адам жиналғанды айтқаны болу керек.

3) Бұл күндері Демежан аулы өз қыстауларына таяу келіп, Боздақтағы күзек жұртында отырған-ды. Ұлы сөске кезінде бір топ салт атты сол ауылдан шығып, көз ұшында қалың талы бұлдырап көрініп тұрған зәйімкеге қарай бет алды.

*Сұрақ:* Ұлы сәске деген қай мезгіл?

- a) Қасиетті сәске дегені болу керек.
- b) Күн ыстық дегенді айтқаны болу керек.
- c) Сәске деп түс мезгілін айтады, бірақ ұлы сәске деген тіркес қолданыста жоқ.
- d) Күн әжептәуір көтерілген мезгіл, түс мезгілі жақындаған уақыт.



## *Ғаламтор*

Ғаламтордан жазушыға арналған хабарларды тауып, қараңдар. Жазушы туралы ақпараттарыңды жинап, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.



## *Артық болмас білгенің*

### **ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**


ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың тоғыз кітабы қытай тілінде жарық көрді. Елшілік пен екі елдің ғылымдарының көмегімен, Қытай архивтері материалдарының және жазба деректерінің негізінде «Ежелгі Үйсін елі» (2005) және «Ұлы Түрік қағанаты» (2007), сондай-ақ Цин әулетінің кезеңіндегі (1644–1911) қазақ-қытай қарым-қатынастары туралы құжаттардың факсимильді<sup>1</sup> көшірмесі топтамасының 2-томы басып шығарылды.

Ынтымақтастық жөніндегі меморандумға сәйкес (2013 ж. маусым) ҚР Білім және ғылым министрлігі Р.Сүлейменов атындағы шығыстану институтының ғалымдары ҚХР-дың бірінші тарихи мұрағатымен қызмет істейді. Қазақстан осы архивте жұмыс істеу құқығын алған жалғыз ел болып табылады.

*(Ақпарат ҚР Сыртқы істер министрлігінің сайтынан алынды)*

---

<sup>1</sup> Факсимиле – қолжазба, құжат немесе қолтаңбаның дәл қайталанған нұсқасы.



## Шахмарден ҚҰСАЙЫНОВ (1952 жылы туған)

Құсайынов Шахмарден Қабиденұлы 1952 жылы 6 сәуірде Қарағанды қаласында дүниеге келген. 1975 жылы Қарағанды медицина институтын бітірген. Дәрігерлік тағылымдаманы Мәскеу қаласындағы ғылыми-зерттеу институтында өткен. Біраз жыл Қостанай, Алматы қалаларында мамандығы бойынша еңбек еткен. Алайда әдебиетке, шығармашылық жұмысқа қызығушылығы жеңіп, Мәскеудегі Әдебиет институтының драматургия факультетіне оқуға түсіп, оны 1988 жылы бітірген. Кейін елімізге оралып, «Қазақфильм» киностудиясында, әдебиет бөлімінің меңгерушісі, тағы да басқа басшылық қызметтер атқарған.

2000 жылдан бері Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында ұстаздық етеді, профессор. Драматургияға қатысты жазған оқулығы мен оқу құралдары жарық көрді (2017).

Шахмарден Құсайынов – филология ғылымдарының кандидаты, «Қазақстандағы агиография мен суфизм» тақырыбында ғылыми зерттеуін жариялады. Ол Қожа Ахмет Ясауи туралы алпыстан астам зерттеу мақалаларын жазған.

Шахмарден Құсайынов Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» және «Қартқожа» романдарын орыс тіліне аударған. Ол өз шығармаларын орыс тілінде жазады. Оның «Қала үстіндегі бақ» (1988), «Қазақтар» (1989), «Түркі ханы» (2015), т.б. кітаптары жарық көрген.

Ол сондай-ақ бірнеше драмалық шығарманың авторы. «Мазар» (Қалихан Ысқақовпен бірігіп жазған), «Қылкөпір», «Екі сағат ерлік», «Томирис» атты, т.б. пьесалары М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында, еліміздің басқа да өнер сахналарында қойылды.

Оның әдебиет пен өнер саласына қосқан еңбегі бағаланып, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2013) атағы берілді.

Ш.Құсайынов – «Қазақфильм» түсірген «Балкон» (1990, режиссер К.Салықов), «Балалық шағымның аспаны» (режиссер Р.Әбдірашев, 2012) кинофильмдерінің сценарий авторы.

## ТОМИРИС

### ШҰҒЫЛА<sup>1</sup>

(Драма)

#### **Басты кейіпкерлер:**

Томирис-Шұғыла – сақ патшасы  
Балхаш – Шұғыланың күйеуі  
Спаргапис бекзада, Шұғыланың ұлы  
Қир – парсының патшасы  
Елес – жәдігөй кемпір  
Амаға – сарматтар падишасы  
Мард – Қирдің кеңесшісі  
Ардашир – массақ көсемі  
Массақтар көсемі  
Жасауылдар, жендеттер, сарбаздар, игі жақсылар  
Амазонка би тобы  
Парсы сарбаздарының би тобы  
Сақ сарбаздарының би тобы  
Күзетші

## ПРОЛОГ

Тас қараңғы түнде жалпылдап тұрған от. Жәдігөй кемпір Елес жалынға алақанын аластап отыр.

ЕЛЕС. Ей, қасиетті Көк Аспан! Жер-ананы жараттың, жараттың да, тіршілікті жайнаттың: жұлдызбен тілдескен тау, жыртылып айрылған аң, жусанды жазира, жағасы жайсаң, дария – бәрі де сенің рақымың! Дүние ғажап! Дүниеде бәрінің де орны бар. Тек адамды неге жібердің? Жібердің де, махаббат сезімін сыйладың. Махаббат тек Тәңірге ғана еді ғой. Махаббат адам үшін азап, арсыздық, ажал. Бұл аз болғандай, ақыл бердің, жазуды үйреттің, оқуды үйреттің, мақтануды үйреттің, ақталуды да үйреттің. Енді келіп Тәңір ғана білетін жаратылыстың құпиясын қа-зып жатыр. Сен жаратқан дүниенің дүмін өзгертіп, өздерінше өмір құрып жатыр. Оның қақпасы да көп, қақпаны да көп, тіршілікті жалмайтын өрті де көп, тірісінен өлісі көп. Жер-анаға адаммен бірге арсыздық келді, азап келді, өшпенділік келді, өлім келді. Пенде біткен Тәңірмен теңескісі

<sup>1</sup> Автордың қолжазбасы бойынша ұсынылды.

келеді: Тәңірдің төкаппарлығын төж қып киіп, ақылын ышқырына қыстырып кетті. Ей, қасиетті Көк Аспан, адамның ақыл-есін қайтарып ал. Мақұлықша ғұмыр кешіп, малмен бірге күйіс қайырсын. Өлі де кеш емес. Адам шіркін Жер-ананың бар мәйегін емген жоқ, Жер-ананың бар қызығы семген жоқ. Көркі таз болмай тұрғанда, тазалығы саз болмай тұрғанда, тоқтат! Саған тіршілікті өшіріп тастап, қайта жаратқан оңай ма, әлде барды сақтап, есіріктен естиярды ақтап алған оңай ма?!

*Сақ көсемі Ардашир келеді.*

АРДАШИР: Әй, көрі қақпас! От сапырып, Көктен тағы не тілеп жатырсың? Әлде тағы да жүз жасағың келе ме?

ЕЛЕС: Мазамды алма, пендем!

АРДАШИР: Шұғыла патшайым маған қатын болса деп едім, соған сен дәнекер болсаң деп едім.

ЕЛЕС: Япырай, Көк Тәңірі менің тілегімді орындауға асықпаса неғылсын... Сенің ақыл-есің дұрыс па?

АРДАШИР: Немене...? Массақта менен бай ешкім жоқ. Жылқым Шұғыланың шашынан көп. Алтыным Шұғыланың бүкіл жасағын алтын сауытпен аптап шығуға жетеді. Мен...

ЕЛЕС: Сен аурусың.

АРДАШИР: Жағыңа жылан жұмыртқаласын!

ЕЛЕС: Дертіңнің түрі жаман. Оның атын Тәңірмен таласу дейді.

АРДАШИР: Қорқытпа! Көкке құзырым жүрмесе де, көпке билігім жүреді. Отыз мың түтін маған қарап отыр.

ЕЛЕС: Мейлі, сен құдірет болсаң, мен Тәңірі емеспін. Иілмегенді көндіретін, исінбегенді өндіретін сиқыр менде жоқ. Тек бір сауалым бар: сен Шұғыланы сүйесің бе?

АРДАШИР: Сүю деген не сөз! Шұғыла маған қатын болса, бүкіл Тұран менің алақанымға сыйып кетпей ме?! Соны да түсінбей тұрсың ба?

ЕЛЕС: Өзіңді құдірет санасаң, патша болудың қажеті қанша?

АРДАШИР: Алжасқан екенсің! Тақтың табанында талай байлық жатқан жоқ па! Маған ел керек емес, төсеніп жатар жер керек!.. Жер! Отыз мың түтін масыл баққанымша, мал баққаным артық. Жер қайысқан қол емес, жер майыстырған мал керек! Жау да тыныш, дау да тыныш, жан да тыныш! Ереуілдеп ел қорғап, етегімізге сүрінетін болған жоқпыз ба?! Едірендеп найза көтермесең, еріксіз саған ешкім тимейді.

ЕЛЕС: Жә, көп сөйлеп кеттің. Өзің бай болсаң, өзің батыр болсаң, маған несін жалынасың? Шұғылаға бар-дағы, маған қатын бол деп айта сал.

АРДАШИР: Солай екен-ау. Кергітетін сонша кім еді!.. Өзім де пенде екенмін-ау, ойыма қалай келмеген? Тек бір өтініш, жалғыз отырған кезде мені жалғастыра қой. Сый-сияпатты төбеңнен төмен қарай құямын!

ЕЛЕС: Пендеден сый-сияпат күтпейді.

АРДАШИР: Неге? Құлқының барда құмырсқаның сыбағасынан да құр қалма! Алтыннан ақымақ қана қашады!..

ЕЛЕС: Қорлағаным үшін құн сұрамаймын!..

### Бірінші көрініс

*Томирис-Шұғыланың шатыры. Екі адамға дастарқан жасалған. Шұғыла мен оның баласы Спаргапис кіреді. (Бұдан былай сақтар арасында Томирис тек Шұғыла деген өз атымен аталады).*

ШҰҒЫЛА: Қарғашым-ау, батырым-ау, мені мұнда несіне шақырдың?

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы падишам, балам демей-ақ, батырым демей-ақ, бір көрген бөтеннің көзімен маған бір қарашы!

ШҰҒЫЛА: Жә деген жігіттің көркемі сенен озған емес!

СПАРГАПИС: Бәрібір, бұл жерге мен өгеймін!

*Аяқ астынан Көктің құлы Елес кемпір шыға келеді.*

ЕЛЕС: Тәңірімнің Жерді жаратқаны кеше ғана, ол әлі баланың еңбегіндей былқылдап тұр әрі иен. Сонсоң да біз бір-бірімізге жатпыз!

СПАРГАПИС: Әй, қақпас кемпір, жоғал әрмән! Анашым, ұлы падишам, мына сұр жыланды қушы осы жерден!

ШҰҒЫЛА: Бұл кемпір – Тәңірдің құлы. Жермен бірге жаратылған. Жермен кіндіктес әнбиді қуа алмайсың. Елес, бара тұршы.

ЕЛЕС: Кетер едім-ау, бірақ Тәңірім маған о дүниеге барар жәннәттің жолын жауып тастаған. *(Елес бір бұрышқа отыра қалып, жерден әлденені тере бастайды.)*

ШҰҒЫЛА: Ей, Көк Тәңірі, ошақ басында, баламның қасында ана болып алаңсыз отыратын күн туа ма?! Қарғашым, хас батырым, сонымен маған не айтар едің?

СПАРГАПИС: Мен сізге тосын бір көңілашар дайындап едім. Ей, көне, бастандар!..

*Шұғыла мен Спаргапис жолбарыс терісі төселген сәкіге барып отырады. Қалқан мен найза көтеріп, он сарбаз кіреді де, билей жөнеледі. Бәрі де сауытпен тұмшаланып алған.*

ШҰҒЫЛА: Бұларың кім?

СПАРГАПИС: Осыдан жеті жыл бұрын өзің тас-талқан қылған бес мың соғдилықтың жұрнағы. Қырық қабат сауыт киіп, қырық қару асынған қы-

руар қолды ойсырата жеңді дегенге жат түгіл өз жұртымыз сенген жоқ. Бірақ сен жеңдің! Бұл – ақиқат! Өйткені әлемде сенен әйгілі патшайым жоқ, сенен Күн де қаймығады! Сенде арыстанның айбыны, Тәңірдің ақылы бар!..

*Сахнаға маска киген адамдар жүгіріп шығады: маскасы мүйізі қарағайдай өгіздің басы, соғдилықтарды іреп-сойып, шырқ үйіреді. Шұғыла мәз болып күлген.*

**ШҰҒЫЛА:** Хорезмнің бауында бармақтай-ақ құс бар. Сайрағанда үні балдан тәтті. Сенің де көмейің тыңдаушының көңілін суарғандай, мен де тіршілікті ұмытып, тіліңді ғана бағып отырмын. Сонымен мұның өтемі не? Сыйға – сый, сыраға – бал!.. Неге үндемейсің?.. Ат мінгізейін бе, алтын берейін бе, әлде құл керек пе?..

**СПАРГАПИС:** Анашым, ұлы патшайым, үнемі сенің қасыңда болсам, маған сол да жетіп жатыр!

**ШҰҒЫЛА:** Сен әрқашан менің жанымдасың! Сені жадымнан тастаған кезім болды ма?! Патшалар ат үстінде де биліктің мөрін көкірегінен тастамайды, ал менің жүрегімде тек сен болғансың! (*күледі*). Ұлпадай мап-майда, кіп-кішкентай алақаныңның табымен жүзімді жылытқанмын.

**СПАРГАПИС:** Жоқ, менің көңілімнің көксегені басқа.

**ШҰҒЫЛА:** Сөзіңнің төркіні көмескі. Сенен жақын маған кім бар: патшайымның төл ұрпағы, сақ патшаларының төл мұрагері.

**СПАРГАПИС:** Мен де таққа отыруға жарап қалдым.

**ШҰҒЫЛА:** Тақ деймісің? Тақ сенен қашпас. Әлде сақтардың патшайымы бар екенін ұмытып қалдың ба?!

**СПАРГАПИС:** Тәңірім саған Тәңірдің жасын берсін! Балхаштың сарбаздарын ертіп, сары даланы тастап кеткеніне бес жыл болды. Дай патшасының дүниеден қайтқанына жеті ай туып, жеті ай толды. Егер Балхаш тірі болса, ең құрыса, әкесінің асына келсе керек еді ғой. Балхашты содан бері көрген көз, естіген құлақ жоқ. Балхаш баяғыда өлген.

**ШҰҒЫЛА:** Мен көзім жетпей, күйеуімнің өлгеніне сенбеймін! Бұл туралы қайтып аузыңды ашпа! Балхаштың кіндігі екеніңді тағы ұмытпа!..

**СПАРГАПИС:** Тастап кеткен әкеден қайыр жоқ.

**ШҰҒЫЛА:** Балхаш болмағанда, тайпа көсемдері мені таққа жолатпайтын еді. Одан кейін де солардың басыма төнген найзасы мен нақағынан қорғап қалған. Талай рет жауды жасқап, жаттың пысын басып, ел тыныштығын сақтауда тізе түйістірген жоқ па еді? Егер Дай-Дахтар болмағанда, ешкім бізді ел деп мақтап, ешкім мені патша деп жақтап жатпас еді!..

**СПАРГАПИС:** Бекер айтасың. Ұлы патшаның тағына шыққан да, ұлы патшаның атағын шығарған да өзіңсің. Хорезмдіктерді жебенің ысқыры-

ғымен жер қылған сен емес пе едің! Көсемдердің көк ми ұрық-шарқын қуып шығып, қара тобырдың хас батырларынан жасақ құрған сен емес пе едің?! Сарматтардың Амагу патшайымына табаныңды жалатып, жеңілмейді дейтұғын қыздарын табанда таптаған сен едің ғой!

ШҰҒЫЛА: Сонымен тілегің не, соны айтшы.

СПАРГАПИС: Маған керегі – Дай патшалығының тағы. Жетісудан жаушы келіп, біздің елге патша бол деп, тілек айтты.

ШҰҒЫЛА: Ендеше тілегін орында. Сенің атаң, менің әкем, Спаргапис, әкеден мирас қалған патша тағын бермейміз дегенде, массақ көсемдерінің шатырын ат тұяғымен таптап, билік таңбасын тартып алған. Сонда тура сенің жасыңда еді.

СПАРГАПИС: Айтарға бәрі оңай. Балхаштың інісі дайлықтардың жаңа жасағын құрып, мені Жетісуға жолатпауға бұйрық беріпті.

ШҰҒЫЛА: Дұрыс істеген. Жетісу – соның елі, ол да патшаның мұрагері.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, маған жасақ берсең, мен де тақты тартып аламын! Тақ менен кетпесін, бақ басқаға жетпесін десең, осыны істе.

ШҰҒЫЛА: Жоқ, балам! Қырық ру болсақ та, жатырымыз бір. Ағайын арасындағы қырғын мүлдем тоқтаған. Әкем әлер алдында семсерін маған ұстатып тұрып, осыны тапсырған. Аманатты ұмытсақ, ант ұрады. Бір кездегі ұлы Тұраннан не қалды? Көсембіз деп көкітін көрсоқырлар билік үшін тайпа-тайпаға бөлініп, бірінің кеңірдегін бірі орып, сайын жазираны қанға бөктірді. Ағайын ағайынды талады, қарындас қарындастың қанын ішті! Бабаларымыздың өсиеті аяққа тапталды. Әбилердің көсемі туған қызы Сары-Ененің массақ патшасы Спаргаписпен некесін мойындаудан бас тартты. Екі бірдей ұлының махаббат куәсі боп дүниеге мен келгем. Нағашымның есіл-дерті менің әкемнің көзін жою еді. Ақыры, оның шаңырағын өртеп тынды да, менің кіндігім от ішінде кесілген. Анам, байғұс, тілсіз жаудың құрбаны болды. Ұлы Тұранды өрт жалмаған! Жаудың өрті емес, даудың өрті, бақталастың пен бақастықтың, тойымсыздық пен топастықтың өрті жалмаған. Жетісуға барсаң, қару ұстап емес, қарындастығыңды алға тартасың! Мансап іздеп емес, қан аңсап емес, ағайынды аңсап баруың керек! Қызылбастың Кир патшасы түстігімізді түгел жаулап, енді бізге көз алартып отыр. Ағайынмен одақ болмасақ, омақаса құлаймыз.

СПАРГАПИС: Ол әншейін өсек. Өсек өрттен жаман. Оны тек тыңдамау керек. Қызылбастың патшасы бұл өңірге аяғын да аттамайды. Қойдың құмалағынан басқа құт қонбаған құ даладан не алады? Бұл далада

ғимарат та жоқ, инабат та жоқ, биші де жоқ, күйші де жоқ. Шешінбей ұйықтап, шешінбей тамақ жеп, аттан түспейтін адыра қалған халықты неғылсын!..

ШҰҒЫЛА: Есіңде болсын, аттан түспесең – сақтығың! Шешінбей ұйықтасаң – жауыңның көптігі! Шешінбей ас жесең – дауыңның көптігі! Тағы айтарым – тамағыңды өзің тауып отырсың! Бөтеннің қолынан емес, бөтеннің қолына телміріп емес, өз талқаныңды өзің талшық қылып отырсың.

ЕЛЕС: Қызылбастар тастан тау қалап жатыр. Ол неме керек бопты? Жер-ананың жонын тіліп, дән сеуіп жатыр. Ол неме керек бопты? Тәңірім адамды малшы бол, жауынгер бол, жәдігөй бол деп жаратқан. Тәңірдің жазғанын тәркі етуге бола ма?! Жерді жаралап, елді қоралағаны несі?!

СПАРГАПИС: Мені елші қып қызылбастарға жібер, көзіммен көріп қайтайын. Бұл да маған таңсық...

ШҰҒЫЛА: ..Ренжіме, қарғашым. Жол алыс әрі қауіпті.

СПАРГАПИС: Қорыққан – қор, қорқақтық – сор!

ШҰҒЫЛА: Ойланайын. Бара ғой.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, ерке десең де, ер десең де, еркің, мен сенің ұлыңмын. Мен саған құл болуға да бармын. (*Кетеді*) Мен кеттім. Мен бұл шатырға өгеймін. Қажетім де жоқ шығар.

ЕЛЕС: Шұғыла, мен тас қамалдарды көріп қайтайын.

ШҰҒЫЛА: Тәңірім мұны қаламаса қайтесің? Баршы, тыныштық бер.

ЕЛЕС: Тәңірге тас қамаудың ешқандай қажеті жоқ. Көріп қайтайын. Мүмкін, жалған мен жарық дүниені жалғастырар қылкөпір сонда шығар, ажал дейтұғын арманға мен де жол табармын.

ШҰҒЫЛА: Тас қорған?.. Соны көру үшін жер түбінен азап іздеу адасқанның, не алжасқанның ісі. (*Екі қолын алдына созып, бір адым аттайды да, әлденеге тірелгендей болады.*) Сенің тас қамалың қашанда көз алдында...

ЕЛЕС: Патшайым, саған тағы бір адам келіп тұр.

ШҰҒЫЛА: Кім?

ЕЛЕС: Жас озды, жанар тозды, жүзін анық байқамадым. Көсем бе, көкми ма, кім де болса, әйтеуір, саған ынтық біреу.

ШҰҒЫЛА: Ынтық деймісің?! Кірсін. Біз де көрелік.

*Ардашир кіреді.*

ШҰҒЫЛА: А-а, Ардашир, сенбісің? Сөйле. Не айтпақ едің?

АРДАШИР: Мен?.. Мен... өріске мал толды... Ен далаға сыймай жатыр... ел қуанышты, жеті жыл соғыссыз ғұмыр кешіппіз... жылқы тағы боп барады...

Шұғыла Ардаширге қадалып қарайды. Патшайымның оқты жанарынан қысылған Ардашир онан сайын қуыстанып, бүрісіп, аузына сөз түспей, көткеншекті береді.

ЕЛЕС: Бейшара-ау, бар айтпағың осы ма еді?..

АРДАШИР: Жоқ-ө! Менің айтпағым... Иә, мен енді түсіндім... Арсыз болғың келмесе, аруақты жерге артыңмен кірме!.. Пенденің орны – иткірме!.. Иткірме!.. *(шатырдан атып шығады)*. Қорлағаны үшін ешкім күн сұрамайды!..

ШҰҒЫЛА: Елес, әлгі неге келді, не деп кетті?

ЕЛЕС: Оны пенденің өзі біледі. Ханшайым, тасқорғандарды мен көріп қайтайын. Тасқорған соны көру үшін.

### Екінші көрініс

*Кир патшаның сарайы. Биік тақ. Тақ алдында еденге жайып қойған қалалардың, ғимараттардың макеті. Залға басын қос қолдап қысып, Кир келеді. Бетіне алтын маска киген. Соңында көлеңкесіндей сүмеңдеген кеңесшісі Мард.*

КИР: Ау, құдіретті күшті Ахурамазда, Құдайлардың құдіреттісі, мені осыншама қинағаның неткенің, маған деген мейірімің қайда? Қу жаным бір мезет тыныштық неге бермейсің?! Сенің құдіретіңді құрметтеп, сарай біткеннің бөріне шырақ қойдырдым, барған жер, басқан тауыма да сарай салдырып, құдіретіңді қастерлеп, үш-үштен қасиетті шырақ қойдырайын!..

МАРД: Оу, патшалардың патшасы, Ұлы Кир, жан біткеннің бөріне сенің тілеуіңді тілесін деп, Ахурамаздаға, құдайларға жалбарынсын деген бұйрық бердім. Аяқ басқан қалаға, атымен жеткен далаға шырақ сарайларын салдырып жатырмыз.

КИР: Мард, сенбісің?.. Мен тағы да ұйықтай алған жоқпын. Күнәһар Гаршаспе секілді арам қолмен шырақ сөндіріп, жерді нәжіспен былғап, өзенге өңез төккен жоқ едім ғой. Ұйқымды алып, ұйыққа батырғандай Құдайға не жазып едім?!

МАРД: Ұлы патшам, Мидия мен Хорезмнің қақпасын қақыратып ашқаннан бері сен патшалардың патшасы болдың. Бұдан былай мен сені осылай атайтын боламын.

КИР: Менің ұйқы көрмегеніме алты күн, алты түн. Ұйқы қашқалы миым көже, жүрегім тілім-тілім, қайдағы бір Құдай атқан қажетсіз ойлар қамайды да тұрады.

МАРД: Патшалардың патшасы Ұлы Қир, бұл жалғанда сенен артқан айбынды патша жоқ. Ел біткен сенің атыңды естігеннен-ақ, тізе бүгіп, бас идім деп, сәлем жолдауда. Сенің атыңмен атапты жаһандағы әр шаңырақ жаңа туған сәбиін. Сенің жеңілмейтін жер қайысқан жасағың жорыққа өзір тұр. *(Макеттерді саусағымен нұсқап)*. Батыста Вавилон мен Лидия патшалығы. Одан әрі Иерусалим мен Мысыр. Қайсысын таңдасаң, қазір аттанып кетеміз.

ҚИР: Иә, жорыққа аттану керек! Семсердің шыңқылы мені сергітетін шығар. Жат жердің шаң қаппаған ұлтаны менің сәйгүліктерімнің тұяғын сағынып қалған болар. Анау Хорезмнің терісінде не бар?

МАРД: Жейхундарияның сыртында сақ даласы. Олар егін екпейді, демек болашақтың ұрқын сеппейді. Ермегі – даярды тонау, дат дегенді талау. Тәңірге табынады, Тәңір үшін құрбандыққа мал шалады.

ҚИР: Құдайлардың құдіреттісі Ахурамазда қанды қаламайтын еді ғой. Олар соны да білмей ме?

МАРД: Олар құдайларға құлшылық етпейтін, таққа табына бермейтін тағы халық. Бізге ең жақын жатқаны – Томирис патшайымның массақтар елі. Үш жыл болды, бес мың қолымен Балхаш батыр саған қызмет етіп жүр.

ҚИР: Білем. Талай рет алтынға бөлеп, талай-талай құл бердім, талай рет дастарқаныма шақырдым. Бірақ ол массақ емес, тиграхауд.

МАРД: Құдай емес, Құдайдан да былай емес патшалардың патшасы ұлы Қир, массағың не, тиграхаудтың да сақ дейтұғын бір халық, түбі – Тұр, бәрі – тағы.

ҚИР: Демек қауіпті деші. Басшысы Балхаштай болса, жасағы жүрек жұтқан жауынгер болса, мен ту сыртымды беріп, отыра алмаспын.

МАРД: Қауіпті болып қыра қоймас, бірақ жібек елі Чинге тура жол Тұран арқылы өтеді. Массақ жері, бәрібір, сенің найза арбаңның астында қалмақ.

ҚИР: Ендеше сол Тұранды жақсылап білгім келеді.

МАРД: Патшалардың патшасы Ұлы Қир, сенің тілегіңді орындамайтын бұл жаһанда тірі жан жоқ. Массақтар патшайымның елшісі есік алдында тұр. Кіргізейін бе, әлде өзім қабылдайын ба?

ҚИР: Келсін алдыма. Бәрібір, ұйқы жоқ. Шақыр бишілерді.

*Музыка. Бишілер шығады. Қир оларға мән берген жоқ, сенделіп барып, тағына отырады да, алақанымен бетін басады. Екі жендеттің қоршауында Шұғыла мен Елес кіреді. Қир басын көтереді. Мард бишілерді шығарып жібереді. Музыка тоқтасымен екі жендет те Елесті жетелеп, шығып кетеді.*

МАРД: Тізеңді бүк, басыңды и патшалардың патшасы Ұлы Қирдің алдында!

ШҰҒЫЛА: Қалғып отырған патшаға қара да бас имес! Тік тұрғанымның өзі де артық құрмет!

ҚИР: *(басын көтеріп)* Мынауың қатын ғой!..

ШҰҒЫЛА: Шешем қыз тапса, Тәңірім жатырқамас. Мен Томирис патшайымның елшісімін! Атым – Шұғыла, тегім – массақ!

*Қир тағы да бетін алақанымен басып, тұқырайып отырып қалған, шамасы, ұйықтап кеткен тәрізді.*

МАРД: Патшалардың патшасы, тиграхауттың сардары Балхашты сарайға шақырттым. Кіруге рұқсат ет. *(Қолын сермеп, күзетшілерге белгі береді).*

ҚИР: Кірсін.

МАРД: Балхаш!

*Балхаш кіреді. Шұғыламен көзбе-көз шабысып қалады да, теріс бұрылады.*

БАЛХАШ: Парсылардың патшасы, келіп тұрмын алдыңа!

МАРД: Балхаш, мына қатынды танысың ба?

БАЛХАШ: Киімі сақпын дейді, таңбасы массақпын деп тұрған жоқ па? Тағы не сұрайсың?

МАРД: Аты-жөні?

БАЛХАШ: Атын әлгінде айтқан жоқ па? Ұрғашы біткеннің есімін жаттауды менің маңдайыма жазып па?!

ШҰҒЫЛА: Мен сені танып тұрмын, Балхаш. Ұмытпасам, Томирис патшайым сені Тас Төбет деп атаған еді-ау! Ел шетіне жау жолатпай, ерлігіңмен атағың шыққан. Массақта да жер қайысқан жау ғана емес, жер майыстырған арулар да жеткілікті. Бірінің есімін есінде сақтамағаның өкінішті-ақ!..

БАЛХАШ: Парсылардың патшасы...

МАРД: Бүгіннен бастап Ұлы Қирді патшалардың патшасы деп атағайсың!

БАЛХАШ: Патшалардың патшасы, оны жәдігөйден сұрарсың. Кешір, патшалардың патшасы, мен асығыспын. Үш бірдей сарбазым әл үстінде. Жандары жаһаннамға кеткенше, жандарында болайын.

ҚИР: *(басын көтеріп)* Бар.

*Балхаш кетеді.*

ҚИР: Сонымен атым Шұғыла деші. Томирис ханша етектерінің көркемі деуші еді. Бірақ көрік жағынан сенімен теңдесер ме екен?

ШҰҒЫЛА: Екеуміз бір ананың сүтін ішкен емшектес, теліме туыспыз. Сонан да болар, бір-бірімізге ұқсаспыз.

КИР: Патшайымға айта бар. Патшалардың патшасына бас исін, жерін сауғаға беріп, елі етегіме келіп тығылсын!

ШҰҒЫЛА: Жер көшпейді, Халық өшпейді. Байтақ жер, байтақ ел сенің етегіңе сыя қояр ма екен? Ұлы патшайымды сенің етегің жылыта қояр ма екен?..

КИР: Біз – арийліктер, Құдайдың сүйікті құлымыз. Қанымыз қасиетті, діліміз таза. Тағы тайпаның игі-жақсылары бізге қызмет етсін. Сарбаздары сапқа тұрады. Қойшы-қолаңы құл болуға жараса да, жетіп жатқан жоқ па?!

ШҰҒЫЛА: Бұл сенің ойың, оған Томирис патшайым көне қояр ма екен?

КИР: Жаратқанның бұйрығы осы. Жазмыштан ешкім қашып құтылмайды.

ШҰҒЫЛА: Жаратқанның Тәңірге тән шығар, саған салсақ, ғұмырлықтың құдайы бір басқа, зұлымдықтың құдайы бір басқа. Сол құдайдың қайсысы, патшалардың патшасы?

КИР: Біздің құдайымыз – Ахурамазда, жарық дүниенің құдайы соның құзырында.

ШҰҒЫЛА: Ендеше, Томирис патшайымның таңдауға еркі бар екен ғой. Егер ол зұлымдықтың тілін алса ше? Демек біздің елге зұлымдықпен келсең, зұлымдық қарсы алады.

КИР: Патшайымның ақылы мен айласына тәнтімін. Елшілікке ерді емес, ер таппайтын ләззатты жібергенін қарашы. Мен сенімен айтыса алмаймын, өйткені сен тым көрікті екенсің!..

ШҰҒЫЛА: Патшалардың патшасы, егер ұрғашының көркі семсердің жүзін жасытса, онда сен тым әлсіз екенсің. Мұндай еркекті бізде баланың бесігіне, қатынның балағына байлап қояды.

КИР: Жер жаһанда менен аруағы асқан адам жоқ! Ал қатын тіресемін десе, қағынғаны шығар. Жау да, дос та қарсы келіп көрген жоқ, өмірде жасқанып, өлімнен қорыққан емеспін!

ШҰҒЫЛА: Солай ма, ал қаннан ше?

КИР: Қан деймісің?.. Кенезесі кепкен жерді қанға тойғызғаным соншалық, үш жүз жыл дәнмен көктеп, халқымды нанмен асырайды.

ШҰҒЫЛА: Жоқ, мен өз қанымды айтып тұрмын. Қанжарынды маған бер.

КИР: Оны қайтесің?

ШҰҒЫЛА: Патшалардың патшасы, менде қорқыныш сезімі жоқ дегенің қайда?

КИР: Мейлі. (*Қанжарын береді*).

*Шұғыла алақанын кесіп, қанын құтыдағы шарапқа тосады.*

ҚИР: Қансырап өлсең, ажалыңа араша түспеймін.

ШҰҒЫЛА: Біздің дала жұртында осындай бәс бар. Бәске тек жүрек жұтқандар ғана түседі. Мә, қанжарыңды ал да, қолыңды кес, кім бұрын тамырын басып, қанын тоқтатар екен, күтелік.

*Кир қанжарын алып, алақанын кеседі де, қолын шарап құйған құтыға тосады.*

КИР: Егер ерегеспен екеуміз де тамырды баспай-ақ қойсақ ше?

ШҰҒЫЛА: Онда екеуміз де өлеміз.

ҚИР: Қызық ойын екен.

ШҰҒЫЛА: Қанның қызыл екені рас. Қызылға құмар адам қызық көрінуі мүмкін.

КИР: Құты толды. Енді ішу ғана қалды. Ыдысымызды айырбастаймыз ба?

ШҰҒЫЛА: Өз қаныңды өзің ішпейтін шығарсың?..

КИР: Байға тиіп пе едің? Жарың кім?

ШҰҒЫЛА: Жоқ. Бай қызығын көріп, бала сүюге уақытым болған жоқ.

*Кир алтын маскасын шешіп, келбетіме қызығар ма дегендей, Шұғылаға қырындай қарайды. Шұғыла ескіріп қалған бір танысын көргендей мән бермейді.*

КИР: Тіршілікте әркімнің отбасы бар: құста ұя, тышқанда ін деген сияқты.

ШҰҒЫЛА: Ұшқанның бәрі құс емес. Инге тығылғанның бәрін санаттан шығарып тастау керек! Бір пенденің бойында қабыландық та, қашырлық та қасиет болуы мүмкін.

КИР: Екі құты да қанға толды. Үшінші құты кімдікі?

ШҰҒЫЛА: Ажалдікі.

ҚИР: Менің ажалым ба?

ШҰҒЫЛА: Ажалдан соң да өмір бар. Үшінші құты – ажалдың сыбағасы. Енді, міне, екеуміз қанмен де бір-бірімізге байландық.

ҚИР: Тек қанмен ғана ма?

ШҰҒЫЛА: Көк Тәңірі де осыны қалап тұр.

ҚИР: Құдайдан басқаға табынып көрмеген басым, саған құлап қалғаныма өзім де таңмын. Екеуміз ежелден бірге туған, бірге тұрған жандар сияқтымыз.

ШҰҒЫЛА: Сен қашан да жалғызсың.

ҚИР: Оны қайдан білесің?

ШҰҒЫЛА: Білуге тиіспін.

КИР: Еліңде бөстен өлгендердің моласы қанша?

ШҰҒЫЛА: Қанды соғыстарда жер қапқандардан көп емес.

КИР: Ғажап. Қансыраған адам әлсіресе керек еді, менің бойым жеңілдеп, сергіп қалдым, қарақұсымның қақсағаны да сап тыйылды.

ШҰҒЫЛА: Болды. Қолыңды әкел.

КИР: Тоқта. Аға түссін.

ШҰҒЫЛА: Ойынды бастаған мен, аяқтайтын да мен.

*Шұғыла беліндегі шаршысын шешіп, Кирдің қолын таңады.*

КИР: Сен ше?

ШҰҒЫЛА: Шаршының жармысын маған да қиярсың.

КИР: Ала ғой. Жоқ, мен өзім. Қолыңды әкел.

*Кир шаршының екі шетімен Шұғыланың қолын таңып байлайды.*

КИР: Маталды деген осы. Сақтың елшісі, парсыларда ежелгі заң бар: ер алдында қыз белін шешсе, төсек суытқанша кәнізек боп қалғаны!

ШҰҒЫЛА: Мен – сақтың қызымын. Сақ дәстүрінен басқаға бас имеймін!

КИР: Мен анадан қайта туған секілдімін. Сонымен бұл ойыннан кім ұтты?.. Сенің шипалы қолыңнан жаным енді ғана жай тапқан сияқты. Шұғыла десе – Шұғыла: аппақ жүзің он төртінде туған айдың шапағындай, алақаның ақ қауырсын балапанның ұяпасындай мап-майда, сәбиді лебімен жылатпай ұйықтатып, естиярды жылуымен мас қылып құлатқандай екен. Кетпе менің қасымнан!..

ШҰҒЫЛА: Патшалардың патшасы, сен шаршадың, жатып демал (*алақанымен Кирдің самайын сипап, салтанат ложасына жатқызады*).

КИР: (қалғып бара жатып) Құдай куә, мен сендей көркем жанды көрген емеспін. Сен төр шаңыраққа бәйбіше болып кіресің. Айдай жүзіңе телміріп, ақ сөзіңнен ләззат тапсам, маған сол да жетіп жатыр... Кетпе менің қасымнан...

*Авансценна. Патша сарайының кіреберісін күзеткен жендет. Мард келеді.*

МАРД: Ей, күзетші, бері кел!.. Жасауыл! Бері кел деймін!

ЖАСАУЫЛ: Құзырыңызға құлмын, патшалардың патшасы ұлы Кирдің ұлы ақылшысы, кемеңгер кеңесшісі!..

МАРД: Сарайға ешкім кірген жоқ па?

ЖАСАУЫЛ: Сақ патшайымының елшісінен басқа ешкім аттап басқан жоқ.

МАРД: Бұл маңда қазір де ешкім жоқ па?

**ЖАСАУЫЛ:** Тірі пенде жоқ! Патшалардың патшасы және соның қонағы мен қосшысынан басқа бір адамның бұл маңда жүруге қақысы жоқ. Онда да өзі шақырса ғана. Бұл жерден бүрге де өтпейді!

**МАРД:** Жарайды. Бұрыл да, орныға бара бер.

*Жасауыл бұрылып кете бергенде, Мард жауырынынан пышақ салып алады. Жасауыл өкіріп құлайды. Мард пышақтың қанын оның киіміне сүртіп, тығып тастайды.*

**МАРД:** Ақымақ! Бүргені аңдығанша, жатқа жауырыныңды тоспауды үйренсең-етті! Ей, сақшылар! Тез жетіңдер! Дабыл қағыңдар! Сарайда жаудың жансызы жүр!

*Бір жақтан тапырлап жендеттер, екінші жақтан Балхаш шығады.*

**САҚШЫЛАР:** Құзырыңызға құлдық, патшалардың патшасы ұлы Қирдің данышпан ақылшысы, кемеңгер кеңесшісі!

**БАЛХАШ:** Не боп қалды, мәртебелі Мард?

**МАРД:** Сарайда жаудың жансызы жүр. Сақшыны мерт қылып, енді патшалардың патшасы ұлы Қирдің өзін өлтірмек!

**БАЛХАШ:** *(Семсерін қынабынан суырып):* Мард, сақшыны өлтірген кім?

**МАРД:** Тұраннан келген Томирис патшайымның елшісі Шұғыла деген зымиян! Одан басқа сарайда тірі жан болған жоқ.

**ЖАСАУЫЛ:** Дұрыс айтады, одан басқа біздің қасымыздан бөтен адам өткен жоқ.

**МАРД:** Балхаш, патшалардың патшасы ұлы Қирге сенімді деген тұрандықтың бірі сенсің! Мен де саған сенемін. Шұғыла сарайдан шығысымен тұтқында да, зымиянды зынданға алып түс. Ар жағын өзін тындырам.

**БАЛХАШ:** Ал сақшыны өлтірген басқа біреу болса ше?

**МАРД:** Солай ма? Солқылдап тұрсың ғой. ...ішінде екен ғой. Сақшылардың не айтқанын естіген шығарсың?

**БАЛХАШ:** Естідім. Өтірігі жоқ. Елшіден басқа мен де ешкімді көрмедім. Бірақ сарайға кіретін екі дәліз бар емес пе, бірі – тура, екіншісі – қалтарыс. Екіншісінен сен, сосын мен ғана өте аламын.

**МАРД:** Сонда қалай, қастандыққа мені де қосқың келіп тұр ма?

**БАЛХАШ:** Жоқ, мәртебелі Мард. Саған патшалардың патшасы ұлы Қирдің өзі де күдік келтірмейді. Бірақ мен сақшыны өлтірген кім екенін білемін.

**МАРД:** Сонда кім болды?

**БАЛХАШ:** Мен.

**МАРД:** Сен бе? Өтірік. Оған, тіпті де, себеп жоқ. Патшалардың патшасы ұлы Қирдің қанатының астында отырып, оны өлтірем дегенің ақылға

сыймайды. Дегенмен тұрандықтарға сенім бар ма, бұларды таптап тастау керек деп, талай айттым. Сатқын, сені не күтіп тұрғанын білемісің?!

БАЛХАШ: Білемін. Патшалардың патшасы ұлы Қирдің сый-сияпаты.

МАРД: Не дейді?! Сақшысын өлтіргенің үшін бе?.. Байлаңдар мынаны!..

БАЛХАШ: Асықпа, Мард! Патшалардың патшасы ұлы Қирді өлтірмек болған мына аяқтың астында жатқан сілімтік.

МАРД: Жоқты айтпа. Бұл сақшы бір емес, сан жыл қызмет еткен. Бір емес, сан сынақтан өткен. Аузына алтын, артына күміс, қойнына көнізек та салғанбыз. Сонда да антынан қайтқан жоқ. Парсының қаны, арийдің тегі екенін танытқан.

БАЛХАШ: Оны да білемін. Бұл сорлының кінәсі де жоқ. Сатқын да емес. Бірақ патшалардың патшасын өлтіруді мақсат еткені рас. Өйткені мұның санасы мен есіл-дертін Агро-Майню құдайы дуалап тастаған.

МАРД: Бұл да әншейін сандырақ! Мүмкін емес!

БАЛХАШ: Дүниенің төрт құбыласын жайлаған қантөгіс қырғын неліктен? Жақсылықтың жаршысы, жарқын дүниенің пірі Ахурамазда мен қара түнек қасіреттің отын үрлеуші Агро-Майнюдің арасындағы бітіспес арпалыс емес пе!..

САҚШЫЛАР: Дәл солай! Агро-Майнюдің зілінен сақтай гөр!..

БАЛХАШ: Мына сорлының қасынан өтіп бара жатып естігенім: «Бүгін ұмытылмас ұлы күн! Бүгін маған Агро-Майню пірімнің дуасы қонған күн! Бүгін мен Қирді өлтіремін, бүгін жаһандағы жарығының сөнетін күн!» – деп есірді.

САҚШЫЛАР: Ей, Ахурамазда, сақтай гөр бізді зауалдан!

МАРД: Пышақты ту сыртынан салыпты. Сонда қалай, бұл сенімен теріс қарап тұрып сөйлескен бе?

БАЛХАШ: Мен мұны бас салып, құртпақ едім, бұл сытылып шығып, сарайға тұра ұмтылғанда, кездікті жауырынынан қадауға тура келді.

САҚШЫ: Қай жерінен қадалса да, сеспей қатқан екен!

МАРД: Жоғалыңдар өрман!

*Сақшылар табан астында тайып тұрады.*

МАРД: Мен сені қара күштің қайраты ма десем, қулығыңа да құрық бойламайды екен ғой. Шылғи өтірікті соғып тұрсың, мен соған сеніп тұр деп ойлаймысың?

БАЛХАШ: Ендеше мені зынданға қама да, жон терімді сыпыр! Қолыңнан келсе! Тек бес мың қол дайлықтардың патшасы екенімді ұмытпа! Бес мың қолдың сарай түбінде тұрғанын да ұмытпа!..

МАРД: Саған патша тағын кім беріпті? Бар болғаны жалшысың! Алтын үшін білегін сатқан құл! Тұраннан шыққан тұрпайының біріне сенбе деп сан айтқам, әлі де айтамын. Ошағыңды ұмытсаң да, орманыңды ұмытсаң да, бізге сіңбейсің! Сол үшін де Кирді сақ даласына айдап салам! Бабаңның моласын талқандап, бесіктегі балаңды талқан қып түймей, менің жаным жай таппайды!..

*Екеуі үн-түңсіз екі жаққа кетеді.*

ШҰҒЫЛА: Елес! Көк куә, Жер куә!.. жігіттің көркемі. Кир патшадай-ақ болсын! Көңілімен ұялап қалғаны соншалық, жүрегім күн қарыған көк мұздай елжіреп барады. Ол ұйықтап жатыр. Мен оған барайын. Көп болса, түсіне енермін, бір түні түсін бөліп-жарайын!.. Жәдігөйім, Төңірден сұрашы!..

ЕЛЕС: Не деп, Шұғыла? Төңірді төлкек қылма!..

*Залға қайтып келіп, ұйықтап жатқан Кирді құшақтайды.*

### **Бірінші акт соңы.**

## *Әдебиет теориясы*

**Авансцена** (франц. *avant* және франц. *scene*) – сахнаның алдыңғы жақ бөлігі. Кейде авансцена спектакльдің бөлімдері арасында сахналық жиһаздардың орнын алмастыру кезінде актерлердің жабық шымылдық алдында шағын сахналық көрініс, интермедияны орындауында пайдаланылады.



### **СӨЗДІК**

**Дүниенің төрт құбыласы** – ежелгі дәуірде адам дүниенің төрт құбыласы деп әлемді тегіс шарлаумен байланысты қабылдаған.

**Кәнізек** – жаугершілік заманда қолға түскен қыз бала немесе сұлу әйелдерді топтап хан сарайында ұстау дәстүрі.

**Қарақұс** – бастың желке жақ шығыңқы тұсы, шүйде.

**Қашыр** – есектің айғыры мен биеден туған будан мал.

**Қойшы-қолаң** – қойшы, малшы-жалшы.

**Шылғи** (жерг.) – ылғи.



1. Сақ дәуірі қай ғасырларды қамтиды?
2. Дайлар, сарматтар кімдер?
3. Трагедияда қай кезеңдегі оқиғалар суреттеледі?
4. Томирис (Тұмар ханым) туралы басқа қандай аңыздарды білесіңдер?



1. Хрестоматиядан жалғасын оқып, драмада көтерілген тақырыпты анықтаңдар.
2. Тәуелсіздік жылдарында тарихи тақырыптарға жазылған басқа қандай туындыларды білесіңдер?
3. Ежелгі дәуірдің тұрмыс-салтында басты қандай наным-сенімдер болды?
4. Ангро-Манью деген не? Қазақ шығармасында оның аталу себебі неде?
5. Спаргаписке өлім жазасы кесілгенде, «Өлім!» деген сөз неше рет айтылды? Мұның себебі неде?



1. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелдеңдер
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

2. Драмада суреттелген тарихи ахуал жағдайында адамдардың өзара қарым-қатынасы мен көзқарастарына сипаттама беріңдер.
3. Драма желісі бойынша Томириске мінездеме беріп, кластер жасаңдар.
4. Жазушы Томирис туралы аңыз желісін қалай пайдаланған?



1. Шығарма кейіпкерлерінің байланыстарына назар аударыңдар да, Томирис – Спаргапис – Балхаш қарым-қатынасының ерекшеліктерін талдаңдар.
2. Шығарманың басты кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер:

Томирис	Балхаш	Спаргапис

3. Драмалық шығармада қолданылған көркемдегіш құралдарды табыңдар.
4. Драма желісін сақтай отырып, әңгіме жазып көріңдер.



1. Ұлы Тұран елінің тағдырын шешкен қандай жағдайлар? Автор драмасындағы басты идея қандай?
2. Шығармада тарихи шындық қалай суреттелген?
3. Драматург шығарманы жазуда қандай өзекті мәселені қозғады?



1. «Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, қызы – қайратты, халқы – қаһарман» деген тақырыпта эссе жазыңдар.
2. *«Тәуелсіздікті қорғау – ұлттың ұйтқысын сақтау, еліңнің жеріне жау жуытпау, халқыңның азбай-тозбай мәңгі өмір сүруіне өз үлесіңді қосу»* деген тақырыпта ой бөлісіңдер.



## Оқу сауаттылығы

- 1) Ей, қасиетті Көк Аспан! Жер-ананы жараттың, жараттың да тіршілікті жайнаттың: жұлдызбен тілдескен тау, жыртылып айрылған аң, жусанды жазира, жағасы жайсаң, дария – бәрі де сенің рақымың! Дүние ғажап! Дүниеде бәрінің де орны бар. Тек адамды неге жібердің?.. Бұл аз болғандай, ақыл бердің, жазуды үйреттің, оқуды үйреттің, мақтануды үйреттің, ақталуды да үйреттің. Енді келіп Тәңір ғана білетін жаратылыстың құпиясын қазып жатыр. Сен жаратқан дүниенің дүмін өзгертіп, өздерінше өмір құрып жатыр.

*Сұрақ:* «Сен жаратқан дүниенің дүмін өзгертіп, өздерінше өмір құрып жатыр». Осы сөйлемдегі дүм қандай мағынада қолданылған?

- а) Дүм – мылтықтың иыққа тірейтін жері, сондықтан байланыс жоқ сияқты.

- b) Дүм – бір нәрсенің түп жағы, сондықтан «Сен жаратқан дүниенің түп мәнін өзгертіп, бұзып жатыр» дегені.  
c) Дүм – қалың дүние дегені болу керек.  
d) Дүм мылтыққа қатысты, беймәлім нәрсе дегені болуы мүмкін.

2) Пенде біткен Тәңірмен теңескісі келеді: Тәңірдің төкаппарлығын тәж қып киіп, ақылын ышқырына қыстырып кетті. Ей, қасиетті Көк Аспан, адамның ақыл-есін қайтарып ал. Мақұлықша ғұмыр кешіп, малмен бірге күйіс қайырсын. Өлі де кеш емес. Адам шіркін Жер-ананың бар мәйегін емген жоқ, Жер-ананың бар қызығы семген жоқ. Көркі таз болмай тұрғанда, тазалығы саз болмай тұрғанда, тоқтат!

*Сұрақ:* Жердің мәйегі деген не? Сему деген не?

- a) Мәйек – маяк, мұнара шамды айтқаны шығар. Сему семген деген сөзге жақын.  
b) Мәйек – ұйытқы, қор, яғни Жер-ананың беретін барлық пайдасын, жемісін көріп болған жоқ деген мағынады айтылған. Сему – солу, өшу, таусылу, Жердің бар қызығы таусылған жоқ дегенді айтқаны.  
c) Сему – қатып қалу, мәйек – семіру.  
d) Мәйек ескі сөз. Сему – солу.

3) – Мард, сенбісің?.. Мен тағы да ұйықтай алған жоқпын. Күнөһар Гаршаспе секілді арам қолмен шырақ сөндіріп, жерді нәжіспен былғап, өзенге өңез төккен жоқ едім ғой. Ұйқымды алып, ұйыққа батырғандай Құдайға не жазып едім?!

*Сұрақ:* Өңез деген не?

- a) Нәжіс дегені болу керек.  
b) Су төккен жоқпын дегені сияқты.  
c) Өңез – көп тұрып қалғандықтан ыдыстың ішінде, жиегіне бозданып тұрып қалған жұғынды. Сондықтан лас нәрсе төккен жоқпын дегенді айтқаны.  
d) Өңеш



«Youtube» арқылы Шахимарден Құсайыновтың сценарийі бойынша түсірілген «Балалық шағымның аспаны» атты фильмді тамашалап, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.



**Шерхан МҰРТАЗА**  
(1932–2018)

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы Жуалы ауданы Талапты ауылында дүниеге келген. Ол – Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1978), Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984), Қазақстанның Халық жазушысы (1992), т.б. көптеген марапаттардың иесі.

Шерхан Мұртаза 1955 жылы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде тілші болып, кейіннен бұл басылымдарға бас редактор болған. «Жұлдыз» журналының да бас редактор қызметін және басқа да лауазымды қызметтер атқарған.

Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолы аудармадан басталған. Ол студент кезінен-ақ Л.Лагиннің «Хоттабыч қарт», М.Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Өзінің тұңғыш очерк жинағы 1958 жылы «Құрылысшы Дәуі» деген атпен жарық көрген. Кейін 1976 жылы «Қара маржан» романы жарық көріп, оған ҚР Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Қызыл жебе» Қалихан Ысқақовпен бірге (1987), «Сталинге хат» (1988), «Бесеудің хаты» (1989) атты пьесалар жазған. Жазушының бұл шығармалары республика көлемінде театр сахналарынан әлі түскен жоқ.

Жазушының әр жылдары «Табылған теңіз» (1963), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969), «Ахметжанның анты» (1973), «Мылтықсыз майдан» (1977) повестері, «41-жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974) әңгімелері, «Қара маржан» (1976, 1977, 1978), бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» (1999) романдары, шығармаларының төрт томдығы (1990–2000), «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда» (К.Смайыловпен бірге) (1998), «Бір кем дүние» (2008) кітаптары жарық көрген.

Шерхан Мұртаза өз шығармаларын жазумен бірге аударма жұмыстарын да жалғастырған. Ол Г.Х. Андерсеннің, венгр ертегілерін, Ш.Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» повестерін, «Боранды бекет», «Жан пида» романдарын, т.б. қазақ тілінде сөйлетті.

«Тәуекел той» әңгімесінің атының өзі айтып тұрғанындай, шығармаға қазіргі замандағы бәсеке тойы арқау болған. Бақталастық пен күндестіктің шегінен асқынғандығы сонша – той десе жанын салатын қазақ бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, тойдың өзін бәсекеге айналдыра бастады. Даңқ пен дақпыртқа мастанған жандардың өзгеден асып түсу мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы – бүгінгі күннің шындығы жазылған.

**Жазушылықтың ең басты қасиеттері – дүние құбылысынан жазуға керектісін, яғни тақырыбын сараптап алу, оның табиғатын, сипатын білімділікпен зерттеу, бұл екеуінен соң, табиғат берген талантпен ол материалды көркем дүниеге айналдыру. Ол үшін, әрине, шеберлік, тіл әсемдігі, қапысыз дәлдік, мергендік, сөз жітілігі керек. Шерхан Мұртаза шығармашылығы осы шарттардың бәріне толық сәйкес келеді. Осыған оның биік азаматтығы, шынайы, адалдығы, суреткерлік қайсарлығын қосу керек.**

*(Қазақстанның халық жазушысы  
Ғафу Қайырбеков)*

## **ТӘУЕКЕЛ ТОЙ** *(Әңгіме. Басы)*

Аталас ағайыны Төкеннің үйіне Керімқұл жетіп келді. Жүрісі алқын-жұлқын. Терлеп кетіпті.

– Байғұс-ау, тыныштық па? Әлде қатының ұл тапты ма? – деді төсекте сырқаттанып жатқан Төкең.

– Ұлды таба-таба қартайды ғой. Енді сол ұлдардың үлкенін үйлендір-мекшімін.

– Әй, әлгі Нүркенің бе? Ол әлі студент емес пе еді?

– ...Он үшінде отау иесі деген. Қазір жиырмаға келді.

Ағайыны ойланып қалды. Өзінің әкесі, жарықтық, Құттыбекті баяғыда он үшінде-ақ үйлендірген екен Есей бай. Мына Керімқұлдың әкесі Қарағұл мен Есей бай бір атадан – Тоқсанбайдан туған.

«Мұныкі де дұрыс-ау, – деп қойды ішінен ағайыны.

– Адам бейшараның ғұмыры қысқа, жүзге келсе де, аз ғой. Қарға екеш қарға да үш жүз жыл жасайды дейді. Менің Ботажаным отызға таяды. Әлі бойдақ. Жоқ, бұл Керімқұлдікі де дұрыс бір жағынан.

– Тойды қайда өткізбексің? Үйіңде ме?

– Жоқ, – деді Керімқұл шоқ басып алғандай шошып кетіп. – Үйге кім сыяды? Мен бес жүз адам шақырамын.

– Не дейді? – деп, жайшылықта сабырлы Төкең жастықтан басын көтеріп алды. – Бес жүз ағайын, жегжатты қайдан таптың?

– Таптым. Мына жағы – Жасылкент, мына жағы – Мәуелі. Сен сияқты үйде омалып отырып алмаймын. Үш облысты аралап жүріп, ағайын, құда, жегжат – бәрін таптым. Тоқсанбай бабамыздан тараған үрім-бұтақтың өзі жүзден асады. Біз өніп-өскен тұқымбыз ғой. Енді сол үрдісті ары қарай дамыта беру керек емес пе? Әрі десе той шашырап кеткен туыстың басын біріктіреді. Ей, Төке, бұл той деген дәнекер, біле, білсең.

– Байғұс-ау, қарға тамырлы қазақта не көп, жегжат көп. Санай берсең, мыңнан асады. Маған десең, мың адам шақыр. Бірақ ақшаны қайдан табасың? Әлде баяғы Есей байдың Қыршынды тауына тығып кеткен алтынын тауып алдың ба? – деп, Төкең күйіне бастады.

– Былай өзі, есебін шығардың ба? Калькулятор деген болады.

– Ой, Төке-ай, – деп, Керімқұл сасырдың сояуындай қолын бір-ақ сілтеді.

– Бес жүз адам әрқайсысы, ең құрығанда, бес мыңнан теңге әкелмей ме? Қайта, менің есебім бойынша, ресторанның төлемінен артылып, өз қалтамда қалады.

– Ау, сонда сол тойға шақыратын ағайынның бәрі бай деп ойлайсың ба?

Керімқұлдың сояудай сидаң қолдары ербендеп кетті. Құрықтай мойнының тамыры білеуленіп:

– Байы да бар, бақуаты да бар. Сорлы емес. Мысалы, ана Жасылкенттегі Жеңіскүлді ал. Үш баласы үш фирма ұстайды. Бір келіні – банкир. Жеңіскүл өзіміздің жиен қарындасымыз ғой. Жақында Лондонға барып қайтты. Меккеге қажылыққа барып келген. Ол үшін бір мың доллар, піш-ту, шемішке шаққан ғұрлы емес. Соның өзі-ақ ресторанның жарты ақысын атқарады... – деп екіленіп, екпіндеп барып, өрең тоқтады.

Бір-екі жас үлкендігі бар, майдангер немере ағасы Төкең қатты ойла-нып, басын ұстап, отырып-отырып:

– Қайдам, – деді. – Қай ресторанды алмақшысың?

– Қай ресторан болушы еді – «Аспантау»! Қаладағы ең мықтысы – сол. Төкең басын шайқады.

\* \* \*

Зеңбірек көшесіндегі «Аспантау» рестораны шаһарға көрік беріп, шырайын кіргізіп тұратын бірегей ғимарат. Алды-арты зипа терек, жасыл

шырша. Кемеліне келген раушан гүлдің хош иісінен бас айналып, ішпей-жемей масаң тартқызғандай. Іргесінен Талас өзенінің бір саласы ағып жатыр. Өзенді жағалай тігілген қызыл-жасыл шатырлардың астында сыра ішіп, кекіріп отырған адамдар. Сексеуілдің шоғына қақталған кәуаптың иісінен сілекейің шұбырғандай.

Күндізгі ыстықтың аптабы қайтып, өзеннен жаныңды жай тапқызар леп ескенде, алғашқы қонақтар келе бастады.

Сидаң бойлы, сіріңке қоңыр реңді, бурыл шашты Керімқұл ақ костюм, ақ көйлек, қара галстук тағып алып, егде тартқан жасына қарамай, үш-қыр аттай лыпылдап, жайраңдап, құрметті меймандардың алдынан шығып, аймаласып, құшақтасып, құрмет көрсетіп-ақ жүр.

Кейбір сәті – өзен жағасында кәуап пісірген жерді торып, әркімнің аузына жаутаң-жаутаң қарап, құйрығын бұлғаңдатып, көздері мәлие қалатын, өмірі бүйірі томпаймайтын, сұрғылт сидаң қаншықты көзге елестеткендей.

Құшақтасып, құтты болсын айтқан адамдардан болар-болмас көзқараспен өлдене дәметкендей кейпі бар.

Алыстан:

– Ассалаумағалейкум! – деп дауыстай сәлемдесіп, ақсаңдай басып, майдангер жездесі Төрегелді келді.

– Той құтты болсын, Керімқұл шырағым!

Керімқұл екеуі төс түйістіріп, ұзақ құшақтасты. Жездесінің ішкі төс қалтасы томпақтау екен. Керімқұлдың бүйрегі бүлк етіп, мол дүниеден дәм етіп қалды. Жездесі бір қолымен бурыл шоқша сақалын сипалап, бір қолын ішкі қалтасына салды.

– Шырағым Керімқұл, жаман жездеңнің тойыңа қосқаны – осы. Сенен аярым жоқ. Пензионердің бергенін азырқанбассың.

Осыны айтып, Төрекең кіршеңдеу томпақ конвертті Керімқұлдың қойнына сүңгітіп жіберді.

Риза болған Керімқұл қаншырдай шағын шалды құшырлана құшақтады.

– Жанашырдың жақсылығы осындайда сыналады, жездеке. Баяғыда әпкемді қалыңмалсыз алып кетіп едің. Мына бергенің соның есесі ғой деймін, – деп, Керімқұл жездесін қағыта, күліп алды.

– Оның рас. «Ер мойнында қыл арқан шірімес» деуші еді. Мойнымдағы қарызымнан құтылдым-ау деймін. Енді риза шығарсың. Әпкеңнің қалыңын енді дауламассың.

Қаншырдай қара шал құтыңдай күліп, аяғын сылти басып, басқа кісілерге қарай бұрылды.

Қазақтың тойы өзіл-қалжыңмен жарасымды. Қонақтардың алды сол қалжың көркімен қауқылдасып, өзен жағалай өскен сүмбіл шаш өрімталдың көлеңкесіне топтана бастады.

Ала көңіл Керімқұл жездесі беріп кеткен конверттің ішінде қанша ба-рын біле алмай, білгісі келіп қипақтап, жұрт көзінше ашып қарай алмай, оңаша шығып та кете алмай, тыпырши берді.

Таластан бөлініп аққан ботана су сылқ-сылқ күлді.

Жақындағы жегжаттан біраз дәмесі бар еді. Бірақ бұл қаланың қақа-тұяқтары, биттің қабығынан биялай тоқыған өккілер жарытпады. Көбісі бір-бір уыс гүл ұстап келді.

– «Ата дәстүрін білмеген албастылар, – деді ішінен Керімқұл, – қай қа-зақ бұрын тойға гүл ұстап келуші еді? Гүл дегенің кәдімгі шөп. Аш сиыр болмаса, мұндайды мал да жемейді. Бірер күннен кейін өрт шалғандай бүрісіп, қарайып қурап қалады. Көп қабатты үйден шығарып, қоқысқа тастап, құр бекер әуре боласың».

Сөйтіп, сырты бүтін, іші түтін болып тұрғанда, ресторанның алдына шаң-шаң болып бір грузовик тоқтады. Шофердің қасынан қоңқақ мұрын, тыртық тақыр бас, балуан тақылеттес, гүржиген біреу түсіп, шоферға:

– Кузовты аш, – деді екпіндей сөйлеп. Шофер кузовтан төрт аяғы шан-дулы бір қойды түсіріп жатқанда, әлгі дәу Керімқұлды бас салып құшақ-тап, құтты болсын айтты. Бұл сонау Ойпаңбелдегі нағашы Сарыбай көк-паршы еді.

Керімқұл дәудің құшағында тұншығып бара жатты. Дәу терлеген екен. Теке сасықтан демі тарылып, мұрнын басайын десе, қолы босамай, пұшай-ман болды. Ақ костюмге қара май жұғып қалғандай:

– Оу, нағашы, босат енді, – деп бұлқынды.

– А, жиен, тойың құтты болсын. Сенен немді аяйын, тойыңа құнан қой өкелдім, қабыл ал, – деп күркіреді Сарыбай.

Құйрықты қазақы қой екен, Керімқұл ішінен: «Он мың болып қалар» деп, есепке салды. Ораза кезі болса, бағасы одан да жоғары көтерілер еді, бірақ Ораза айы әлі алыста.

Керімқұлдың ішінде ызғар. Іші уілдейді. Шақпақтың боранындай. Жұрт алдында көңілді көрінген болады. Бірақ көңілі түскір аласапыран. Тыпырши береді. Адамдар оны өзінің алақұйын, алыпқаш мінезіне ба-лап қойды. Қаланың шетінде тұратын базаршы Күләй қарындасы қазақ-байшылап леген көтеріп келіпті. Онысы бірер уыс өрік-мейіз, бірер уыс бауырсақ, бірер уыс арзан кәмпит.

– «Осыларды да бауыр, жанашыр дейді-ау, – деп күйінді Керімқұл. – Атаңа нәлет, саудагер. Жұмыртқадан жүн қырыққан иттер. Бұларды туысқан деп несіне шақырдым?»

Ендігі үміті, ендігі зарыға күткені – Жеңіскұл. Жасылкенттен жеткенше біршама алыс жер. Кешігіп жатқан шығар. Керімқұл кешкі аспанға қарады. Қаланың аспаны тозаңданып, сұрғылт тартып тұр екен. Аспаннан ақ періште бейнесінде Жеңіскұл ұшып келіп, той тобына топ етіп түсе қалатындай, аспаннан алтын жаңбыр жауатындай жауаң-жауаң қарады.

Керімқұлдың ауылынан шыққан әнші, облыстық филармонияның артисі, аталас болып келетін Сәтек серіні той иесі тамада боласың деп шақырған. Бадырақтау бақа көз, бұйрабас Сәтек сері Керімқұлға:

– Қонақтар тұрып қалды. Бастамаймыз ба, көке? – деп сыбырлады.

Керімқұл оны танымай қалғандай бір түрлі таңдана қарап барып, лезде есін жиып:

– Кісілер келіп болған жоқ. Сен ән салып, домбыра тартып, жұртты алдаңқырата тұр, – деді.

– Көке, өзіңіз айтқан соң, екі әншіні ерте келіп едім, әрине, ақысын жемейсіз ғой.

Күйіп тұрған Керімқұл:

– Миды ашытпай қоя тұршы, – деп тағы да аспанға қарады. Аспаннан алтын артып келе жатқан керуен көрінбеді.

Керімқұл мына кешкі қапырықтың өзінде жаурағандай қалтырай бастады. Той емес, әлдекімнің жаназасын шығарып жатқандай түтігіп кетті. Бірер конверт түскен қалтасын сипалай береді.

*(Жалғасы бар)*



## СӨЗДІК

**Ботана** – тынық емес, лай су.

**Зипа** – көрікті, шырайлы, сұлу, сымбатты.

**Қаншыр** – 1) арыстанның ұрғашысы; 2) далалы жерде тіршілік ететін, кішірек келген жіп-жіңішке сұр түсті құс.

**Сою** – сүйектен істелген ине.

**Жер-су атауы:**

**Талас** – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы – 661 км. Қазақстандағы бөлігі – 453 км. Негізінен, Жамбыл облысының Байзақ, Талас, Сарысу аудандары жерімен ағады.



1. Жазушы, драматург Шерхан Мұртаза туралы осы кезге дейін не білетін едіңдер? Оның қандай шығармалары бар?
2. Өңгіме неге «Тәуекел той» деп аталған? Өңгіменің мазмұнымен танысып, не туралы екенін айтыңдар.



1. Шығарманың тақырыбы мен идеясының бүгінгі күнмен қандай байланысы бар?
2. Керімқұл қандай кейіпкер? Оның қандай той жасағысы келді? Осы тойды өткізудегі мақсаты қандай?



1. Керімқұлдың той туралы пікірлерімен келісесіңдер ме?
2. Керімқұлдың сөзіне Төкеңнің көзқарасы қандай? Ол кісі неге бірден құптамады?
3. Тойға қатысты қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?
4. *«Кейбір сәті – өзен жағасында кәуап пісірген жерді торып, әркімнің аузына жаутаң-жаутаң қарап, құйрығын бұлғаңдатып, көздері мәлие қалатын, өмірі бүйірі томпаймайтын, сұрғылт сидаң қаншықты көзге елестеткендей. Құшақтасып, құтты болсын айтқан адамдардан болар-болмас көзқараспен әлдене дәметкендей кейпі бар».* Осы үзіндіден Керімқұлдың қандай бейнесі көрінеді? Керімқұлға мінездеме беріңдер.
5. Өңгімеде бүгінгі күннің шындығы қалай көрінеді?



1. Керімқұлға жездесі Төрегелдінің газет қиындыларына толы конверт сыйлауына қалай қарайсыңдар?
2. Жеңіскұл туралы пікірлер мен оның іс-әрекетін салыстырып, қорытынды жасаңдар:

Асабаның таныстыруындағы бейнесі	Тойға келгендегі және той үстіндегі іс-әрекеті	Қорытынды
<i>Түп-түқиянынан бері асыл затты, ақсүйек, тектілердің тұяғы, ай мен күндей ажарлы, жүрген жері құт-береке базарлы, қазақ әйелдерінің эталоны десе де болғандай Жеңіскұл ханым</i>		

3. «Бақалар да той тойлағандай мәз-мейрам. Олардың бриллианты жоқ, сондықтан жанжал да жоқ». Осы сөйлемде қандай көркемдік тәсіл қолданылған?
4. Авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтаңдар.
5. Әңгімедегі көтерілген мәселені негізге ала отырып, бүгінгі күнмен байланыстыра сатиралық шығарма жазыңдар.



1. Қазіргі замандағы тойлар қалай өтуде? Өздерің куә болған тойлар туралы айтыңдар.
2. «Тәуекел той» әңгімесінің заманауи құндылығы неде?
3. Төмендегі пікірлерді салыстырып, өз ойларыңды айтыңдар:

Жас баласы қайыр сұраған елдің тойы да жарасымсыз шығар.	Қаңғыбас иттің көзінде адам түбіне жетпес тұңғыық терең мұң болады.
--	---

4. Қайыр сұраған бала мен қаңғыбас ит тірлігінде қандай ұқсастық бар? Жазушы бұл эпизодты шығармаға не үшін кіргізген?



1. Осы шығармадағы Шерхан Мұртазаның айтпақ ойын оның басқа пікірлерімен салыстырыңдар.
2. «Басқа ешбір тойда болмаған қызыққа баттық». Осы тойдағы болған оқиға қызық па, әлде халқымыздың қасіреті ме? Әдеби эссе жазыңдар.
3. Сендердің пікірлеріңше, қазіргі той қандай болуы керек, қалай өткізген жөн? Бір тойдың сценарийін жазып көріңдер.



## Оқу сауаттылығы

- 1) Риза болған Керімқұл қаншырдай шағын шалды құшырлана құшақтады.  
– Жанашырдың жақсылығы осындайда сыналады, жездеке. Баяғыда әпкемді қалыңмалсыз алып кетіп едің. Мына бергенің соның есесі ғой деймін, – деп, Керімқұл жездесін қағыта күліп алды.
- Сұрақ:** Теңеуге алынған сөздің мағынасы нені білдіреді?
- a) Қаншыр қатып қалған дегенді білдіретін сөз болуы керек. .
  - b) Қаншырдай деп үлкен денеге теңеген. Қаншыр деп арыстанның ұрғашысын айтады.

е) Қаншыр деген далалық жерде тіршілік ететін кішкентай, жіңішке сұр түсті құс. Оның адаммен байланысы жоқ.

д) Қаншырдай деген теңеу қолданылған, қаншырдай деген сөз жіңішке дегенді білдіреді. Керімқұлды шағын денелі деп те айтқан, яғни шағын, жіңішке денелі адам дегені.

2) Қазақтың тойы өзіл-қалжыңмен жарасымды. Қонақтардың алды сол қалжың көркімен қауқылдасып, өзен жағалай өскен сүмбіл шаш өрімталдың көлеңкесіне топтана бастады.

*Сұрақ:* Өрімтал мен сүмбіл шаштың қандай байланысы бар?

а) Сүмбіл шаш деп қыздардың бұрымына байланысты айтылады. Ал өрімталдың көлеңкесі деп ағашты айтқаны.

б) Өрімтал деп жас ағашты айтатын сияқты, сүмбіл шаш деп жұқа шашты айтатын сияқты.

с) Қонақтар өрімталдың көлеңкесіне жиналған, яғни сүмбіл шаш сияқты жапырағы қалың өскен ағаштарды айтқаны. Демек сүмбіл шаш қалың өскен шашты айтумен байланыстырған.

д) Өрімтал дегені өрілген шаштар сияқты дегені болу керек.

3) – Осыларды да бауыр, жанашыр дейді-ау, – деп күйінді Керімқұл. – Атаңа нәлет, саудагер. Жұмыртқадан жүн қырыққан иттер. Бұларды туысқан деп несіне шақырдым?

*Сұрақ:* «Жұмыртқадан жүн қырқу» деген нені білдіреді?

а) Нәтиже бермейтін іспен айналысатын адамдарды айтқаны.

б) Бұзылған жұмыртқа ататын адамдарды айтқаны.

с) Маңызы жоқ шаруалармен алданып жүретін адамдарды айтқаны.

д) Пайдакүнем адамдарды айтқаны.



Шерхан Мұртазаның шығармашылығына арналған хабарларды тауып, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.

**IV бөлім БОЙЫНША ТЕСТ**  
**ЗАМАН, ДӘУІР ТҮЛҒАСЫ**

1. Қабдеш Жұмаділовтің шығармаларын табындар.
  - A) «Ақбілек», «Томирис»
  - B) «Алғашқы ұстаз», «Қартқожа»
  - C) «Аңыздың ақыры», «Бесеудің хаты»
  - D) «Дарабоз», «Тағдыр»
  - E) «Шақан-Шері», «Тәуекел той»
  
2. «Тағдыр» романының бас кейіпкері кім?
  - A) Бибі
  - B) Шәнішев
  - C) Бөке
  - D) Демежан
  - E) Шихалдай
  
3. *«Берік бол, балам! Сен үшін мен де құрбандық шалғам! Ел үшін сен де бүгін құрбансың! Ең болмаса, еркек боп өл! Ақылға сыймайтын, атаққа көнбейтін іс қылдың. Соғыстың аты соғыс! Оның заңын ана да, патша да бұза алмайды. Кешір мені».* Бұл сөздерді кімге айтты?
  - A) Балхашқа
  - B) Ардаширге
  - C) Спаргаписке
  - D) Мардқа
  - E) Шұғылаға
  
4. Спаргаписке өтірік айтып, оны өз әке-шешесіне қарсы қойған кім?
  - A) Кир
  - B) Мард
  - C) Балхаш
  - D) Жәдігөй
  - E) Ардашир
  
5. Қазіргі замандағы ысырапшылдық қай шығармада сатираға толы суреттелген?
  - A) «Ақбілек»
  - B) «Қартқожа»

- C) «Томирис»
- D) «Тәуекел той»
- E) «Шақан-Шері»

**6. Шерхан Мұртазаның шығармаларын көрсетіңдер.**

- A) «Бесеудің хаты», «Сталинге хат», «Өмірзая», «Ұяластар»
- B) «Кездеспей кеткен бір бейне», «Қара маржан», «Дәку»
- C) «Қара маржан», «Қызыл жебе», «Бесеудің хаты», «Сталинге хат»
- D) «Боранды бекет», «Алғашқы ұстаз», «Қара маржан», «Мылтықсыз майдан»
- E) «Тағдыр», «Дарабоз», «Таңғажайып дүние»

**7. Шегара бөлінісі кезінде Қытай жағында қалып қойған қазақтардың өмірі суреттелген шығарма мен авторын табыңдар.**

- A) «Шақан-Шері» М.Мағауин
- B) «Ақбілек» Ж.Аймауытов
- C) «Тағдыр» Қ.Жұмаділов
- D) «Аңыздың ақыры» Ә.Кекілбаев
- E) «Томирис» Ш.Құсайынов

**8. Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» және «Ақбілек» романдарын орыс тіліне аударған қаламгер.**

- A) Шерхан Мұртаза
- B) Шыңғыс Айтматов
- C) Шахимарден Құсайынов
- D) Қабдеш Жұмаділов
- E) Мұхтар Мағауин

**9. Шахимарден Құсайыновтың «Томирис» драмасында жоқ кейіпкер жазылған тізбекті белгілендер.**

- A) Ардашир, Балхаш, Амаға, Шұғыла
- B) Мард, Ардашир, Спаргапис, Балхаш
- C) Томирис, Ардашир, Амаға, Елес
- D) Амаға, Елес, Күлөнда, Ардашир, Шұғыла
- E) Кир, Балхаш, Мард, Спаргапис

**10. «Бұл суретті мен әлі салып бітірген жоқпын. Сондықтан оның қалай болып шығарын күн бұрын айту да қиын. Күнде таң сәріден**

*тұрып, бұрын әр кезде жасаған түрлі вариант-эюдтарды қайтадан екі-үш рет қарап шығамын да, елең-алаңдағы тыныштықта әрі-бері жүріп тынымсыз ойланамын. Жоқ, мен әлі ойдағыны тапқан жоқпын, істің бәрі алда. Бұл сурет әзірге көңілдегі тілек, жүректе толқыған, қан тамырында жүрген елес, үміт, қиял ғана...»*

**Бұл үзінді қай шығармадан алынған?**

- A) «Ақбілек»
- B) «Біз түркілерміз»
- C) «Томирис»
- D) «Алғашқы ұстаз»
- E) «Аңыздың ақыры»



## *Артық болмас білгенің*

### **«ТОМИРИС» ФИЛЬМІ**

Сақ патшайымы жайындағы «Томирис» ауқымды тарихи жобасы 2017 жылдың сәуірінде басталған еді. Фильмді ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ «Сатайфильм» кинокомпаниясы түсірді. Бас продюсер – Әлия Назарбаева. Фильмнің қоюшы режиссері – Ақан Сатаев.

Картина біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырдағы оқиғалар жайында сыр шертеді. Ол кезеңде сақ тайпалары ұлы даланы жаулап алуға келген парсы патшасы II Кирге ойсырата тойтарыс берді. Сақ әскерінің қолбасшысы, массагеттердің патшайымы Тұмар (Томирис) болды. «Бұл шайқас, меніңше, халықтар арасындағы ең сұрапыл соғыс болды», – деп жазды ежелгі грек тарихшысы Геродот. Фильм сценарийін әзірлеген кезде оның еңбектері де пайдаланылды.

([https://www.inform.kz/kz/akan-sataev-tomiris-fil-mi-tusirilip-bitkenin-aytty\\_a3402419](https://www.inform.kz/kz/akan-sataev-tomiris-fil-mi-tusirilip-bitkenin-aytty_a3402419))

## БІЛІМДЕРІНДІ ТЕКСЕРІНДЕР!!!

### I. Ұсынылған үзінділер бойынша поэзиялық шығарманың атын және оның авторын анықтаңдар.

1. Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,  
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.  
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,  
Жіберсем, өкпелеме, көп жамандап.
2. Бола ма дәулет, нәсіп, бұл?  
Еңбек қылсаң ерінбей –  
Тояды қарның тіленбей.
3. Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап –  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.  
Терең ой, терең ғылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.
4. Тағы бүйтіп кеттің деп  
Қозғау салар, қолға алар.  
Қатты қысым қылған соң,  
Басым сотқа айналар.  
Кірлі болып түскен соң,  
Көрген күнім не болар?  
Өзіне мәлім, тентектер  
Өз бетімен не табар?  
Қағаз берер, қарманар,  
Аяғында сандалар.
5. Өлеңге өркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?
6. Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін,  
Айға қарап ұлыған көк бөрімін.  
Атқа мінсем, кетемін аруақтанып,  
Арасында желік бар ет-терінің.

7. Ағайын жоқ нәрседен етер бұлтың,  
Оның да алған жоқ па Құдай құлқын?  
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.  
Баста ми, қолда малға талас қылған,  
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың.

## II. Ұсынылған прозалық үзінділер бойынша шығарманың атауын, авторын және қай кейіпкердің сөзі екенін анықтаңдар.

1. «Ал адам... адам өмірі жалғаса бермек. Туған топырағына терең тамыр тартқан халық жаңғырады, жаңарады, бірақ жоғалмайды. Өйткені ол... ол – төрт аяқтылар қауымы емес. Өзі де, ізі де сақталуға тиіс. Тасқа қашалған мың жарым жылдық көне ескеркіште айтылғандай, Анамыз – Қара Жер, Атамыз – Көк Аспан, Кісі ұлы, яғни мына Біз – осы екеуінің ортасында, алғашқы Күн шапағымен бірге жаралыппыз»

2. «Демежан түрме қоршауынан құтылғанымен, енді асу бермес биік қорған – жамбылдан қалай шығамыз деп, соны уайымдап келе жатқан».

3. «– Ескендір, бері келші! – деп, тағы шақырып алып:  
– Құлыным-ау! – деп, бауырына қысып, құшырланып тағы сүйді.  
– Өлтіретін бала емес екен-ау! Жақсы қыпсың ғой, жеңеше! – деп, Үр-қияны сүйді. Аналық сезім Ақбілектің жүрегін қорғасындай балқытты.  
– Мен кісі қанын жүктедім бе деп жүруші ем. Жеңешетай-ай! Мен шын бақытты екем ғой! Оқуға жараған соң, өзіме бересің ғой? – деді»

4. «– Ұлым, сезімді де тежей білген жөн. Қуанып тұрып, қайғы ойла, егер елің соны қаласа. Қайғырып тұрып, қуана біл, егер елің шаттықта жараса. Сен – патша тағының мұрагерісің, сенің қуанышың мен қайғың қара басыңдікі емес, халқыңдікі!»

5. «Кей уақытта адамның жүрген іздері өмір бақи өшпейтін болсайшы. Егер де қазір Дүйсен екеуміздің тау мен ауылдың арасында сол кезде жүріп өткен жолымыз табылар болса, жерге жата қалып, іздерді сүйер едім. Мен үшін ол – тарихи жол, мен қайта тіріліп, өмірге қайта бет бұрып, келешегіме көміл сеніп, белді бекем байлаған жол. Адырларды аралап, сылдырап аққан суға жеткенімізде, Дүйсен менің жүзіме еркелей қарап:

– Аттан түсіп, беті-қолыңды жуып алшы, – деді де, қалтасынан сабын алып, маған ұсынды»

6. «– Жаратқан ие, ата-баба, желеп-жебеуші әулие-әмбие бар-бар уақытта пендесінен не дәмететінін ашып айтпайды. Ал мүсіркесе, ақыл қосса, ол тұспалдары соқырға таяқ ұстатқандай сайрап тұрады. Кие үркіткен, аруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан, – деді де, тыйылып қалды»

7. «– Саған айтар көп сөзім жоқ, балам. Ұзақ тірлікте ұғар көңіл, естір құлақ болса, өзім білген өнегені айтқан шығармын. Ал айтып үлгермеген ақылды соңғы сағатта сөз етудің не орны бар... Тек мына отырған туыстарыңның көзінше айтарым: артта қалған ел-жұртқа өзің ие бол. «Ендігі басшыларың Демежан болады. Соны тыңдасаңдар, аштан өліп, көштен қалмайсыңдар» деп, мына ұлдарыма да өсиет қалдырдым, – деп, сөл үнсіз жатты да, кеберсіген ернін жалап, қайтадан тілге келді.

– Осыдан бір апта бұрын, әл-қуатымның барында, Ши-амбыға хат жазып жібергем. Ел туралы, сен туралы...»

8. «– Тоқтатыңдар! Тақсыр, мұның еті сенікі болғанымен, сүйегі – менікі! Аңғал жасты алаяқ біреу адастырды. Спаргапис, айт, кім сені адал жолдан тайдырған?..»

9. «–Ескендір, бері келші, қалқам! Ой, бауыр болғаныңнан айналайын! – деп, шақырып алып, бетінен сүйді.

– Жеңеше-ау, осының атын Ескендір деп қайдан қойып жүрсің? Орыстар Александр дейді ғой, – деп сұрады»

10. «Бөкенің бәйбішесі Қамқа бастатқан қартаң әйелдер мұндай жақсылыққа шашуларын да ала келген екен. Солар көңілді жарқын үнмен:

– Уа, су иесі Сүлеймен, өзің қолдай гөр!

– Қара қазан, сары баланың тілеуіне осылай жөңкіліп аға бер, жарықтығым!

– Жерімізге құт-береке бер! – десіп, дастарқанға түйген құрт-ірімшіктерін тоған бойлата шашып жатты»

## МАЗМУНЫ

Алғы сөз .....	3
----------------	---

### I бөлім. ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ.....	4
ӨЛЕҢДЕР.....	18
Сегіз аяқ .....	18
Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.....	29
Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да.....	34
Сабырсыз, арсыз, еріншек.....	38
Қалың елім, қазағым, қайран жұртым .....	42
Болыс болдым, мінеки .....	45
Лай суға май бітпес қой өткенге .....	51
Қарасөздер .....	55
Он жетінші қарасөз .....	56
Отыз екінші қарасөз .....	60
Отыз үшінші қарасөз .....	65
Поэма .....	68
Ескендір.....	68
I бөлім бойынша тест .....	78

### II бөлім. ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМ ОЙ

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ .....	81
Ақбілек ( <i>Роман. Басы. Біқшамдалған</i> ) .....	84
Әбіш КЕКІЛБАЕВ .....	107
Аңыздың ақыры ( <i>Роман. Басы. Біқшамдалған</i> ) .....	111
II бөлім бойынша тест .....	131

### III бөлім. АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН КӨРКЕМ СӨЗ

Мұхтар МАҒАУИН.....	134
Шақан-Шері ( <i>Роман. Басы. Біқшамдалған</i> ).....	135
Шыңғыс АЙТМАТОВ.....	151
Алғашқы ұстаз ( <i>Повесть. Басы</i> ) .....	152
Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ.....	174
Біз түркілерміз .....	175
III бөлім бойынша тест.....	179

### IV бөлім. ЗАМАН, ДӘУІР ТҮЛҒАСЫ

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ .....	182
Тағдыр ( <i>Роман. Басы. Біқшамдалған</i> ).....	183
Шахмарден ҚҰСАЙЫНОВ.....	205
Томирис ( <i>Драма. Басы</i> ) .....	206
Шерхан МҰРТАЗА .....	224
Тәуекел той ( <i>Әңгіме. Басы</i> ) .....	225
IV бөлім бойынша тест .....	233
Білімдеріңді тексеріңдер .....	236

*Учебное издание*

**Қаскабасов Сеит Асқарович  
Алмуханова Риза Тасқынғалиевна  
Раушанов Есенғали Абдижапбарович  
Қайырбай Канат Сатыбалдыұлы**

**КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА**

Учебное пособие общественно-гуманитарного направления  
для 10 классов общеобразовательных школ

*(на казахском языке)*

Редакторы  
Техникалық редакторы  
Мұқабаның дизайнері  
Дизайнын жасаған және  
компьютерде қалыптаған

***Ғұсман Жандыбаев  
Зайра Бошанова  
Ермек Мейірбеков  
Гүлмира Өтенова***

ИБ № 7396

Басуға 29.04.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 70×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсетті басылым.

Баспа табағы 15,0. Шартты б.т. 17,55.

Таралымы 350. Тапсырыс №



«Жазушы» баспасы  
050009, Алматы қ., Абай даңғылы, 143-үй,  
тел. (727) 394 41 55; факс: (727) 394 41 64.  
e-mail: zhazushi@mail.ru

ISBN 978-601-200-636-0



9

7 8 6 0 1 2 0 0 6 3 6 0